

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, СТУДЕНТТЕР МЕН
МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

1 ТОМ

**ПАВЛОДАР
2012**

ӘОЖ 001+373
КБЖ 72
О - 59

Редакциялық алқаның бас редакторы:
Өмірбаев С.М., э.ғ.д., профессор.
Жауапты редакторлары:
Қадысова Р.Ж., т.ғ.д., профессор.
Елмұратова А.Ф., тех.ғ.к., профессор.
Жауапты хатшы:
Мейірманов А.Б., п.ғ.к., ПМУ доценті.

О - 59 Жас ғалымдар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХІІ Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. 4 Том. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2012. – 349 б.

ISBN 978-601-238-245-7

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001+373
КБЖ 72

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2011 ж.

Құрметті мектеп оқушылары, студенттер, магистранттар, қонақтар және оқытушылар!

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде дәстүрлі түрде 12 рет өткізілетін «Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференцияға қатысуларыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Қ.И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашаңырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізіп, жалпы Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Ол кісі соғыстан кейінгі қиынқыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды. Осының бәрінің негізін қалап, ұйымдастыруға білікті мамандарды топтастырып, болашағын болжай білуге айрықша дарын-қабілет керек еді.

Қазақ ғылымының бағына туған Қаныш Имантайұлының бойынан ондай қасиеттер табыла білуі кездейсоқтық емес. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті.

Кереку өңірі- Қаныш Сәтбаев бастаған әйгілі ғалымдардың қасиетті мекені. Аймағымыздан Әлкей Марғұлан, Шапық Шөкин, Әбікен Бектұров, Серікбай Бейсембаев, Ермұхан Бекмаханов, Хамза Жұматов, Әбілқас Сағынов сынды қазақ ғылымының алыптарымен мақтана аламыз.

Ғылымға бет бұрған жастар қатарынан асылдың сынығы Қанекендей болашақ ғалымдар шығып жатса, нұр үстіне нұр болмақ. «Бейнет түбі зейнет» деген сөз бар. Білім-ғылым инемен құдық қазғандай ауыр жолындағы ізденістерге сәттілік тілеймін.

С. Торайғыров атындағы
ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор  С. Өмірбаев

1 Секция. Академик Қ.И. Сәтбаев және оның білім беру мен ғылымдағы рөлі

1 Секция. Академик К.И. Сатпаев и его роль в развитии науки и образования

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ АКАДЕМИГИ

Н. АМАНТАЙ

«7» А сынып оқушысы, № 190 орта мектебі, Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылы

С. ӨТЕПБЕРГЕНОВА

география пәнінің мұғалімі, жетекші, № 190 орта мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылы

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты.

Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш.Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген.

1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У.Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ.Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында кара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған.

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазған кең-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды

арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты.

Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп және көптеген ғалымның ескерткіштері бар. Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, бір қала мен ғаламшарға, еліміздің ең ірі техникалық оқу орны Қазақ ұлттық техникалық университетіне берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған.

4 мәрте Ленин, 2-ші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Дереккөзі:

Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 7 том.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы. Туған жері – бұрынғы Семей губерниясының Павлодар үйезіндегі Ақкелін болысы (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы).

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі

Қ.Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеологиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихта да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көргендіктің белгісі еді.

Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зертеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы – кезінде осы кеннің жоспарлары түрде кен масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аударып зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрлысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді.

Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді, Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол-геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі, бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәріжелі Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кенметаллургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен

шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964), академик, геолог-ғалым. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Арқаның сұлу төрінің бірі-(бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының 4-ші ауылында) қазіргі Павлодар облысының, Баянауыл ауданының Қ.И.Сәтбаев атындағы совхозында 1899 жылдың 30 наурызында (12 сәуір) Сәтбаевтардың үлгілі - өнегелі ауылында дүниеге келді.

Қаныштың жерлесі әрі досы Әлкей Хақанұлының мәліметтері бойынша, революциядан (1917ж.) бұрынғы қыр қазақтары арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. “Қаныштың әкесі Имантай - ақылды, момын, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын...”. “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің” демекші, табиғатынан зерек Қаныш 1909-1911 жылдары өзінің туған ауылындағы орыс - қазақ мектебінде оқып, 1918 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді. Одан кейінгі бірер жыл Семей қаласында, өз ауылында мұғалімдік қызмет атқарып, 1920-1921 жылдары Баянауыл ауданындағы 10-шы учаскесінің халық соты болды.

1921 жылы жазда Қаныш Имантайұлы Баянауылға емделуге келген сол кездегі Сібір өңірінің ірі, мәдени орталығы Томск қаласының технология институтының профессоры (кейін академик болған) Михаил Антонович Усовпен танысады. Қанышқа М.А.Усов Қазақстанның геологиясы мен тау-кен байлықтары туралы көптеген қызықты әңгімелер айтады.

Өзі өмірден озғанша ұстаз санаған профессор М.А.Усовтың ықпалымен 1921 жылы Қаныш Имантайұлы Томск технология институтының кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне оқуға түседі.

Қаныш Имантайұлы студент болған жылдарда профессор М.А.Усов басқарған палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы болған В.А.Хохлов (кейін ғылым докторы, профессор) “Студент Қаныш” атты естелігінде былай деп жазды: “Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А.Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады... Екінші курстан кейін ол М.А.Усовтың дала жұмыстарына қатысты...”

Институтты бітіргеннен кейін Қ.И.Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өмірінің басым көпшілігін оның геологиясын зерттеуге

және туған өлкесінің минералдық шикізат негізін жасауға арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізуге, республикамызда индустрия алыптарын салуға зор үлес қосты. Ол 1920-1930-шы жылдары кең көлемді барлау жұмыстарына басшылық жасап, оларға тікелей қатынасуымен бірге Жезқазған-Ұлытау, Қарсақпай, Қаратау полиметалл кендері жөнінде іргелі ғылыми еңбектер жазды.

1926-1941 жылдары Атбасар, Қарсақпай трестерінде геологиялық бөлімінің жетекшісі және бас геолог болған Қаныш Имантай ұлы Жезқазғанның одақтағы ірі мыс рудалары бай аудандар қатарына жататынын бұлжытпай дәлелдеп, минералды шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударды. Академик Қ.И.Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі - ол, ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы - іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады.

Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды.

1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ.И.Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді. 1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Академияның тұңғыш толық мүшелері болып 14 адам - Қ.И.Сәтбаев; М.О.Әуезов; Ә.Б.Бектұров; Н.Т.Сауранбаев т.б. бекітілді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән беріп отырды. Ол өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының 1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті.

Қаныш Имантайұлының пайдалы кендердің болжам карталарын құрастырудың методологиялық теориялық негіздерін айқындауға қосқан үлесі зор.

1958 жылы Қ.И.Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарға Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық және болжам карталарын

жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сол елуінші жылдардың өзінде-ақ кешенді металлогениялық болжам карталарды өндіріске енгізуге айтарлықтай нәтижелер берді: Сарыарқа аймағында қара, түсті, сирек металдардың жаңа кендері ашылды. Ашылған кендер мен руда белгілерінің 90%-і айтылмыш болжам карталардың негізінде анықталды.

Қ.И.Сәтбаев сол кездегі Кеңес елінің жоғарғы марапат белгісі Ленин орденінің төрт рет иегері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері. Алайда осындай атақ-дәрежелерге қарамастан Қ.Имантайұлы әкімшілдік-өміршілдік жүйе орнатқан қоғамдық тәртіпке сенімсіз адам болып та саналған.

1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші саяси қуғын-сүргін кезінде Қ.И.Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады.

1964 жылы 31 қаңтар күні Москваның Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатты.

Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қ.И.Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей т.б. қалалардағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қ.Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы, жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған “Сатбаевит” минералы “Академик Сәтбаев” гладиолус гүлі аталған.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы таланттың, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Белгілі қоғам қайраткері І.Омаровтың сөзімен айтсақ, “Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шенберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды.

Ұсыныс:

1. Мектептерде Қ.И.Сәтбаевқа арналған бұрыштар, мұражайлар ашу
 2. Жыл сайын Қ.И.Сәтбаев оқулары ғылыми практикалық конференциялар ұйымдастыру
 3. Қазақтың тұңғыш Академигі Қ.И.Сәтбаев туралы деректер жинау
- Нәтижелілігі:
Елін, жерін сүйетін, білімді ізденімпаз Қ.И.Сәтбаевтың ізбасарларын даярлау
Туған елін сүйетін патриот азаматтар даярлау.

САН ҚЫРЛЫ ТАЛАНТ ИЕСІ

Д.М. БАЙБОСЫН
9 сынып оқушысы, №25 Т. Рысқұлов атындағы мектеп гимназиясы,
ОҚО, Шымкент қ.
К. НАҚЫШОВА
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, ғылыми жетекші,
№25 Т. Рысқұлов атындағы мектеп гимназиясы, ОҚО, Шымкент қ.

Қандай ұлы тұлға болса да әр адам өз халқының бір кішкентай бөлігі. Мұндай тұлғаларды зерделегенде олардың ғылымның белгілі бір саласына сіңірген еңбектерін негізге аламыз, бір жақты бағалаймыз. Меніңше, бұл дұрыс емес. Бүгінгі жастардың, біздің, тарихымыздағы санаулы тұлғалар туралы қалыптасқан өз көзқарас, пікірлеріміз болуға тиіс. Сондай ерекше тұлға – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушыларының бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының иегері – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Осыншама атақ-құрметке ие Қаныш Сәтбаев тек геология саласында ғана танымал болған жоқ. Басқа ғылымдарда, мәдениет, тарих салаларында қалдырған еңбектері де баршылық.

Бүкіл ғұмыры, тыныс-тіршілігі табиғат аясында өтетін қазақ халқынан жер асты кенін шебер білетін, өте білімді геологтың шығуы заңды еді. Ғалымның өмір баянының көбісі дерлік осы саладағы жетістіктеріне арналған. Әрине, Жезқазған кен-металлургия комбинаты, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттары, Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін, Қостанай мен Жезқазған, Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен байланысты. Ал елімізде тұңғыш рет Орта Азия геофизика тресін ұйымдастыруы, академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылуы, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің құрылуы, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастыруы, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлауы, ұлттық ғылыми кадрларды дайындауы бұл тұлғаның қай ісіне де аса жауапкершілікпен қарауының тағы бір дәлелі. Ғалымның қай ісінен де өз халқын сүйгенін, бүкіл күш – жігерін халқының игілігіне

арнағанын көреміз. Оған 1947жылы Англияға кеңес парламентарий құрамында барған сапарындағы Англияның экс премьер-министрі У.Черчилльмен арадағы әңгімесі дәлел. У. Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ. Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бір ауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады.

Иә, әр тұлғаның қалыптасуына қоғам мен ортаның тигізер әсері де ерекше. Сәтбаев өмір сүрген ХХ ғасырдың басы мен ортасы халқымыз үшін зауалды кезеңдерге толы болса да, дәл осы қиын сәт – елін сүйген, елі үшін аянбай еңбек еткен қазақтың зиялыларының бір тобын тарих сахнасына шығарды. Семей қаласы – сол зиялылар шоғырының топтасқан мекені болды. Сәтбаев та Семей мұғалімдер семинариясында Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды көрнекті тұлғалармен бірге оқыды. Қайрат-жігер бойларында тұнып тұрған жас Жүсіпбектің әншілігі, жас Мұхтардың сөзге шеберлігі Қанышқа да әсер еткені сөзсіз. Қаныш күрделі тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлымен де тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген.

Табиғатынан сабырлы халқының кеңпейілдік, жомарттық, ақжарқын аңғалдық қасиеттерін бойына сіңірген осы жанның сол кездегі саясат туралы өз ой-пікірі болғаны сөзсіз. Кім білсін, талантты халқының жақсы өмір сүруіне, қазақ жерінің шексіз байлығын игеруге арнауында да ғалымның бір өзіне ғана аян мүдде, мақсат болған шығар...

Қалай болғанда да туған жерінің жер асты байлығының тізгінінің әлдекімнің қолында болғанын қаламағаны анық...

Сондықтан бүкіл ғұмырын қазақ геология саласының қалыптасуына арнады. Ғалымның теңдесі жоқ бұл еңбегі бүгінгі егемен еліміздің экономикасының әр саласының тізгінін ұстаған қазақ азаматтарына үлгі болуға тиіс.

Халқымыздың мақтанышына айналған осы тұлғаның сан қырлы талантын ашып, одан тәлім алар уақыт жетті деп ойлаймын. Біз болашақта, еңбек еткенде, қандайда бір істі шешуде осындай тұлғаларды үлгі-өнеге тұтуымыз керек. Ол үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтай тұлғаның геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет, тарих салаларында қалдырған мұраларын білуге тиіспіз.

Қазақ халқының саз өнерінде музыка зерттеушісі А. Затаевичтің сіңірген еңбегі ерекше. Қазақтың әндері мен күйлерінің нотаға түсіп

әлемге танылуы осы адамның ерен еңбегінің нәтижесі. Басқа ұлттың адамы бола тұра, қазақтың саз өнеріне соншама құштарлығына, сіңірген еңбегіне еріксіз таңқаласыз. Сөзімізге оның «500 қазақ әндері мен күйлері» және «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинақтары дәлел. «500 қазақ әндері мен күйлері» атты жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап жаздырған екен. Әрбір өнге орыс тілінде ғылыми түсініктемені де өзі жазған. Бұл дерек Қаныш Сәтбаевтің музыка саласынан да сауатты болғанын көрсетеді. Семейде ғалым оқып жүрген кезеңде қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист Нәзипа Қожанованың ұйымдастыруымен көптеген мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып тұрған. Бұл іс-шараға мұғалімдер семинариясының талантты түлектері қатысып, өнерлерін көрсеткен. Жүсіпбек Аймауытовтың әншілігі мен домбырашылығы да осы кезеңде әйгілі болған. Өнерге жақын жас Қаныштың да бұл іс-шаралардан тыс қалуы мүмкін емес еді.

Қазақ дараматургиясының алғашқы қарлығашы – Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» драмасын Әйгерімнің киіз үйінде тұңғыш сахналағанда қоюшы режиссеры жас Қаныш болған еді. Міне, осы мәліметтер Сәтбаевтің өнер атаулыға, әдебиетке жаны жақын, рухани дүниесінің бай болғанын дәлелдейді. Әдебиет саласында да Сәтбаев өзіндік сөйлеу мәнерімен, қолтаңбасымен ерекшеленеді. Әлемге әйгілі Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы туралы кезінде келелі пікір айтқан да – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Қазақтың аса талантты ғалымы Шоқан Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініне грамматикалық жағынан түзету жасаған. Қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерін жыр мәтінінен алып тастап, қазақ тілінің жаңа орфографиясы негізінде қайтадан дайындаған. Бұл деректен ғалымның лингвистикалық сауаттылығын және әдебиет теориясынан хабардар екенін көреміз.

Ананың ақ сүтімен, атаның ақ батасымен дарып келе жатқан түркі халықтарының бойындағы білімге деген құштарлық ешқашан өз күшін жойған емес. Басты нысана жас ұрпақ болғандықтан оған білім нәрін шашатын кітапқа аса көп назар аударған. Ол қасиетті атамыздың бойынан да көре аламыз. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған сапалы «Алгебра» оқулығын дайындаған деген деректер де бар.

Қаныш Сәтбаевтың табиғатынан бойына берілген тағы бір ерекше қасиеті - оның шешендігі. Мемлекеттік мәні бар ірі жиындарда орысша, қазақша таза төгілдіре сөйлеуі баршаны тәнті еткен.

Ғалымның шешендігіне тоқталмас бұрын халқымыздың пешенесіне біткен ұлттық шешендік өнері туралы айта кетпекпін.

Халықтан рухани-мәдени өміріндегі ең бір аяулы, ең бір ардақты өнердің бірі – шешендік өнер. Осынау қасиетті өнердің туын асқақтата желбіреткен көсем ойлы, тапқыр тілді, сұңқар үнді ділмәр шешен-билер қазақ сахарасында демократияның жандануына, темірдей берік тәртіптің, имандылықтың, ізгіліктің қанат жаюына әсер етті. Осы уақытқа шейін шешен-билердің мейілінше дәл, ұтымды сөздері көркем сөз ретінде қарастырылып келгені белгілі. Негізінде, шешен-билер - мемлекет тағдырын шешетін шынайы тұлғалар. Мемлекеттің көсегесінің көгеруі, дамуы нағыз шешен-билердің тегеуірінді өнерімен, өнегесімен, қызметімен тамырлас. Шешен, би – тәртіптің тұтқасын ұстаушы, ұлтының салт-дәстүрін, рухани болмысының қасиеттерін, ерекшеліктерін бойына дарытқан текті тұлға, ереже-қағидаларына жүйрік әрі жетілдіруші дархан дарын, әлеуметгі ілгері сүйрейтін, қызғыштай қорғайтын, жақсылыққа үндейтін үлгілі ұйымдастырушы. Осындай шешен-билердің дәстүрлі мектебінен өнеге алған, оларды көрген, тыңдаған, рухын бойына жинақтаған атақты ғұлама Қаныш Сәтбаевтың шешендігі өз алдына жеке әңгіме. Бұған дейін қозғалмай келген осы тың тақырып туралы академик Қ. Жұмалиевтің естеліктерінде айтылған.

Бұл оқиға қаһарлы 1943 жылы болған екен. Ұлы Отан соғысының осы кезеңінде «Мосфильм» мен «Ленфильмдер» Алматы қаласына уақытша көшіп келген.

Бірде олардың Қазақстан жазушы, әдебиетшілерімен біріккен мәжілісі өтеді.

«Ленфильмнің» бас режиссеры Ф.М.Эрмлер өз сөзінде қазақ еліне ризашылығын білдіру мақсатында деректі фильм түсіретіндігін, ол үшін қазақ әдебиет өнерінде өндіріс жайлы не жазылғанын білу керектігін білдіреді. Мұндай алқалық топта қазақ әдебиеті мен өнеріндегі өндіріс тақырыбы туралы сөйлеу кімге оңай болсын?! Жұрт дағдарып қалса керек. Осы кезде Қаныш Имантайұлы тамағын бірер кенеп алды да, Эрмлерге қайырылып күле сөйледі:

Жазушы, әдебиет мамандары кейін сөйлер, оқушылар атынан бір-екі ауыз сөз айтуға рұқсат етіңіз, - дейді.

Имантайұлының дайындығы жоқ еді. Әйтседе, ол қысылған да жоқ, қымтырылған да жоқ. Өзіне тән әдемі баяу даусымен сөйлеп кетті. Отырғандар оның орысша тілінің тазалығына, логикасының мықтылығына, ойының терең, әр сөзінің мағыналылығына риза еді. Мәскеудің мықтыларын ұйытқан сол сөздерден үзінді келтірейін:

Қазақтың жері, асқар Алатауы, бұйра құмы, кең-байтақ жазығы – алтын мен күміс, жез бен мыс, көмір мен қорғасын. Бір кезде Бетпақтың шөлі атанған, «Құстың қанаты талып, аттың тұяғы күйетін» құлазыған қу дала, қазір сарқылмас кен қазынасы. Бүгінгі қойылып отырған мәселеге біздер осы тұрғыдан келсек, толғағы жеткен, халықтың ғасырлар бойы аңсаған ұлы арманы мен бүгінгі өрен ерлігін, қызықты келешегін экранда көрсетуге, қазақ өмірі, Қазақстанның ірі өндірістері мен онда істейтін сан мыңдаған еңбек ерлері адам баласы тарихында бірінші рет кездесіп отырған және ол тек совет елінде ғана мүмкін үздік құбылыс. Сондықтан бұл – дер кезінде қойылып отырған мәселе.

Риторика ғылымының паймдауы бойынша, шынайы шешен – жарқын тұлға. Оның ойлау, сөйлеу мәнері, кескін келбеті, рухы, тәжірибесі, ішкі мәдениеті, білім өресі, дүниетанымы, талант табиғаты, жан мен тән қуаты, мінбедегі тәртібі, ым-ишараттары, дауыс ырғағы қызықтырмай қоймайды. Сол сәтте Қаныш Имантайұлы риторика теориясы бойынша шешенге қойылатын алты талапты білмеген де болар, бірақ, табиғатынан берілген шешендігі мықты ортаны баурап алғаны сөзсіз. Оның сол сәтін Қ.Жұмалиев былайша суреттеген:

«Әрі ойлы, әрі мейірімді көзі, рақымды жүзі, кең мандайы- бәрінде де ерекше бір жылулық бар. Әсіресе, сонау қылау шалған әдемі қара бұйра шашы айрықша көз тартады. Қазір ол трибунада, көпшілік алдында да, өзінің дағдылы мінезін зәредей де өзгерткен жоқ.»

Менің қиялымда Қаныш Сәтбаевтің қазақ халқының кеңпейілділік, жомарттық, ақжарқын, аңғалдық, сабыр салмақтылық, бір нәрсе берілсе, құлай берілушілік еңбек сүйгіштік сықылды жақсы қасиеттерін бойына жиған, орыс, батыс, шығыс мәдениеттеріне де емірәңе барып, етегі толып қайтқан, олардың да тек жақсы жақтарын өз бойына сіңірген және осы қасиеттерін халқының игілігіне жұмсауға өзін-өзі іштей серт еткен, осы игі іске бел буған – ұлы тұлғасы көз алдыма елестейді.

Қ. Сәтбаев туралы шағын жұмысымды, қазақтың тағы бір ерен азаматы, ғалымның пікірлес, замандасы Ә. Марғұланның сөзімен аяқтамақпын: «Қаныш дүниеден көшпелі дәурен сияқты өте шықты. Бірақ ол өткенімен оның ұлы адамдық бейнесі халық көңілінен еш уақытта кетпек емес. Оның халық үшін істеп кеткен асқарлы ісі, ұрпағына мирас етіп қалдырған ғылым қазынасы халық есінде, тарихта мәңгі қалмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Базанова.Н Жарқын есім. Кітапта: «Қаныш аға». - Алматы: «Жазушы», 1989.
2. Нигимов С. Шешендік өнер. - Алматы: «Жазушы», 1999.
3. Әуезов М. Қазақ халқының зор ғалымы. «Вестник А.Н. КазССР» 1949.
4. Марғұлан Ә. Халықтың сүйген ұлы. «Қазақстан мектебі» 1964.

K.I. SATPAEV AND HIS PLAY IN DEVELOPING SCIENCE

A.S. BAUYRZHANKYZY, M.A. NURLANKYZY
9 сынып оқушылары, № 64 мектеп-лицейі, Астана қ.
D.M. TURARBEKOV
ғылыми жетекші, № 64 мектеп-лицейі, Астана қ.

Kanysh Imantaevich Satpaev 1899, Akmolinsky area, the Russian empire, nowadays an aul named after K.I.Satpaev in Bajanaulsky area of the Pavlodar area — on January, 31st 1964, Moscow) — a Soviet scientist-geologist, one of the founders Soviet metallogeny sciences, the founder of the Kazakhstan school metallogeny

The doctor of geologo-mineralogical sciences (1942), professor (1950), academician AN of the Kazakh Soviet Socialist Republic (1946), academician SA the USSR (1946), the first president of Academy of Sciences of the Kazakh Soviet Socialist Republic. Has received popularity, as the outstanding organizer of a science of Kazakhstan, and also the geologist who has opened the Ulutau-Dzhezkazgan deposit of copper, when was the world's largest one on predicted stocks opening.

Research of Dzhezkazgan

In 1926, having graduated from the institute and having received the qualification of mountain engineer, Kanysh Satpaev has been directed to Atbasarsky trust of nonferrous metals on a post of the chief of geological department, and in a year (in 1927), is selected to be trustee of the given trust.

Under the authority of Atbasarsky trust there was a copper deposit and in complete copper-melting factory Karsakpaj territory in settlement. Factory building has begun ten years ago when Englishmen took in concession at by Karsakpa and have begun copper search. They have constructed melting shop, have partially established the equipment, but they didn't manage to find. With approach of February revolution Englishmen have left factory which the Soviet power subsequently has

decided to complete. Kanysh Satpaev, as the main geologist of trust, has gone there to examine the district and to learn about advancement of construction. The experts who were engaged in exploration factory and administration were seep real prospect of the development of extraction of copper in the region. They considered that its stocks will suffice the next 10-15 years, no more. However, having examined the district, Kanysh Imantaevich disagreed with them. He considered that there are huge stocks of copper which haven't been found out before around Dzhezkazgan. Having achieved of allocation of one machine tool, from Satpaev began district research on metal presence. The management of Geolkom and experts who were familiar with the Dzhezkazgan region, considered idea of Kanysh Imantaevich to be doomed to a failure.

K.I. Satpaev in Dzhezkazgan in 1930th years

Nevertheless, a year later after the beginning of works, Satpaev came across a large layer of ore with the capacity more than ten meters. Results of the analysis done in Leningrad, showed that it was unknown layer of ore with the rich maintenance of copper. Thanks to this opening Satpaev managed to expand search works in 1928, having increased number of machine tools to two. Having found out three more major fields, the geologist increases the volume of research works for 1929 twice. And this year three more deposits and one new ore field were opened. Considering the given circumstances, Satpaev publishes in the magazine «the National economy of Kazakhstan» the article where he declares that potentially Dzhezkazgan represents one of the richest provinces of copper in the world, larger, than the majority of provinces of America. Basing on the assumptions, Kanysh Imantaevich comes to a conclusion that the Karsakpaj factory being nearby won't master the volume of the ore extracted in Dzhezkazgan. Also he assumes that the region it is necessary to construct a water basin and at a wide railway. With all these offers he regularly addresses the higher bodies, acts in printing editions, and even suggests includes region development in the five years' plan for development of economy of the USSR.

Offers of Satpaev cause negative reaction among the trust and Geolkom's management. Instead of the plan of development of Dzhezkazgan offered by the young geologist they suggest leaving volumes of research works for 1930 former. Then Satpaev, insisting on the correctness, achieves consideration of the offers at session of mountain-metallurgical sector BCHX. After long debate BCHX agrees with arguments of Geolkom and recognizes arguments of Satpaev frivolous. Without wishing to be reconciled with conclusions BCHX,

Kanysh Imantaevich in the spring of 1930 meets the chairman of the State Planning Committee of the USSR G.M.Krzhizhanovsky where proves the offers. After that the additional sum of money, the chisel technics and shots is allocated for investigation of Dzhezkazgan. Next two years volumes of research works continued to increase. The problem exciting Satpaev started to be solved with shortage in water region: he managed to agree about the beginning in the following, 1933 year, hydro-geological researches of area with a view of water search.

However in the beginning of 1933 Geolkom makes the decision on sharp reduction of financing of prospecting works in Dzhezkazgan only. One percent of the last year's sum was left there. The undeveloped infrastructure of region was the argument in favor of such decision: was neither iron, nor automobile roads, there was no water and many other conditions for life. With a view of preservation of work force and continuation of works of Kanysh Imantaevich was compelled to search additional sources of financing. He made the agreement with trusts "Add exploration" and "Lakokrassyryo" about investigation of deposits of minerals necessary for them. However available means was insufficient for preservation, especially for increase in research works. Satpaev addressed for the help to M.A.Usovu and his friend, professor V.A.Vanjukovu. With their help of him Kanysh Satpaev managed to act in Academy of Sciences of the USSR and to prove validity of the conclusions made concerning the stocks of copper ore of Dzhezkazgan. In the decision of the third session of Academy of 1934 it was told about necessity of building during the third five-years period in Dzhezkazgan copper-melting industrial complex. The session also supported the offer of Satpaeva on building of a railroad line Dzhezkazgan — Karaganda — Balkhash. Then Kanysh Imantaevich has proved the offers the people's commissar G.K.Ordzhonikidze before of the heavy industry. After that wide research works began in region. Subsequently it appeared that the Dzhezkazgan copper deposit was at that point in time the world's largest on predicted stocks. By 1940 in Dzhezkazgan the Dosmurzinsky water basin and the railway connecting Dzhezkazgan, Karaganda and Balkhash constructed. In 1940 he was awarded the higher award of the country — Lenin's awards for the opening of the Dzhezkazgan deposit of Kanysh Satpaev.

KazFan the USSR

In 1941, at the initiative of the 2nd secretary of Central Committee KP of Kazakhstan Z.Shajahmetov, Kanysh Satpaev was directed to Alma-Ata. He was appointed the director of Institute of geological

sciences and the vice-president of Presidium of the Kazakh branch of Academy of Sciences of the USSR (KazFAN of the USSR). As the head of branch I.F.Grigoriev lived in Moscow and could not fulfill the duties, Satpaev was executing the duties of the chairman of branch.

Soon after the Great Patriotic War beginning, in August, 1941, the German army has grasped Nikopol, the basic deposit of manganese in Soviet Union. In the end of November of the same year it cut a track to the Chiatursky deposit, the second in the importance rate after Nikopol. It almost completely stopped manganese extraction in the USSR as these two deposits gave 91,6 percent of manganous ore of Soviet Union. There was a critical question on search of new manganous deposits. Kanysh Satpaev saw manganous displays in Dzhezdy that is in the Dzhezkazgan area, in 1928. Having remembered it, he organized prospecting group with a goal of district exploration manganese presence. Under his commission preliminary was made in the shortest terms and sent a ferrous metallurgy Narcomat. In the autumn of 1941 in Dzhezdy there arrived the commission organized on the instructions of the people's commissar of ferrous metallurgy by I.F.Tevosjana. Satpaev, on an etiology, couldn't take part in commission work. Having studied the district for some days, the commission came to a conclusion that «manganese in Dzhezdy is available, but its stocks are necessary and the declared stock is based on an insufficient material». Nevertheless Satpaev lifted the question in Central Committee Kazakhstan. The management of Kazakhstan recognized correctness of Kanysh Imantaevich. It informed on the decision of state credit obligations which, in turn, considering huge deficiency of manganese in the country, charged to construct in Dzhezdy mine and to start to give out ore to the Ural factories. The commission has been executed within forty days, and on June, 12th, 1942 the Dzhezdinsky mine has started to give manganese. This day is considered official birthday of mine. By 1943 the mine gave out 70,9 percent of manganous ores of the country.

In 1942 Satpaev was awarded the Stalin award for the monography «Ore deposits of Dzhezkazgan area», generalizing the researches received by him for 15 years of studying of the region. Besides that by that moment Kanysh Satpaev published more than forty scientific works. On set of works on August, 17th, 1942 the Higher certifying commission appropriated him to the geologist degree of the doctor of geological-mineralogical sciences. In the summer of 1943 Kanysh Imantaevich was selected to be of a member-correspondent of Academy of Sciences of the USSR and confirmed to the post the chairman of Presidium KazFaN of

the USSR. In the same 1943 Kanysh Satpaev invited a young engineer Sh.Ch.Chokin to a post managing only the organized sector of power. Subsequently Chokin becomes outstanding scientist and one of the nearest associates of Kanysh Imantaevich. In the memoirs «Four seasons of life» he remembered:

Kanysh Imantaevich for me — an obsession example with science, an example of how it's necessary to live for the people. From its easy hand entered science that I consider to be a gift of destiny.

In the same year Satpaev, according to the advice of the first secretary of the Frunze district committee of party, put in the statement for an input in Communist party. He wanted to make it, still being in Dzhezkazgan, however then, having learned that he was the descendant of a biy, have refused to it. But this time, in 1944, the ticket of member BKPI has been given out in the same year Presidium of the Supreme body of KazSSR «the Honored worker of a science of the Kazakh Soviet Socialist Republic» appropriated Satpaev a rank of.

In 1945, considering fast rates of development of KazFAN of the USSR, its head Satpaev was awarded by Lenin's second award. Also he was given awards of Patriotic war of 2nd degree.

The first president of Academy of Sciences of the Kazakh Soviet Socialist Republic K.I.Satpaev and I. P.Bardin during visiting session of Academy of Sciences KazSsR. Karaganda, 1949

Kanysh Satpaev started to think of creation in Kazakhstan Academies of Sciences in 1944. Since August of that year there had begun preparatory measures. Correspondence with department of a science of the Central Committee of the CPSU was actively conducted. K.I.Satpaev regularly made business trips to Moscow where proved necessity of the organization of Academy of Sciences KazSsR for Council of bases and branches AN of the USSR, department of a science of the Central Committee of the CPSU and Academy of Sciences of the USSR. During the period from 1944 to 1946 11 new scientific research institutes were created. Also the project of the main building of the future academy architect A. V.ShChusev was developed.

On June, 1st, 1946 in a building of Abai's opera and ballet theater official opening ceremony of Academy of Sciences KazSsR took place. Two days later, on June, 3rd, at the first general meeting of the Academy which took place in a boardroom of Presidium of the Supreme body of KazSSR, Kanysh Satpaev was selected to be an academician and the president. The same year Satpaev was appointed by the academician of Academy of Sciences of the USSR and the deputy of the Supreme body of the USSR 2

convocations. In 1947 it has been appointed by a member of Presidium of committee on Lenin and State awards at Ministerial council of the USSR and remained it till the end of life. In 1949 Kanysh Imantaevich has been a member of Central Committee KP () Kazakhstan. In 1950 it has been confirmed in an academic status of the professor on a specialty "geology" and the deputy of the Supreme body of the USSR 3 convocations. In 1951 Satpaev, on the instructions of Presidium AN of the USSR, took part in organizational session of Academy of Sciences of the Tadjik Soviet Socialist Republic. At the given session, Kanysh Imantaevich was acknowledged to be a honorary member of the Tadjik academy.

АКАДЕМИК КАНЫШ ИМАНТАЕВИЧ САТПАЕВ

Д. ЕРКИН

ученик 11 «В» класса, средняя школа № 216 имени К.И. Сатпаева, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би

Д.С. КАТАЕВА

учитель русского языка и литературы, руководитель, средняя школа № 216 имени К.И. Сатпаева, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би



Сатпаев Каныш Имантаевич [30.3 (11.4).1899, аул бывшей Аккелинской волости, ныне Павлодарская область, — 31.1.1964, Москва, похоронен в Алма-Ате], советский геолог, академик АН СССР (1946; член-корреспондент 1943). Член КПСС с 1944. Ученик М. А. Усова. После окончания Томского технологического института (1926) работал в Атбасарском тресте цветных металлов; с 1929, будучи главным геологом Карсакапайского треста, проводил исследования Дзжеказганского меднорудного месторождения. В 1941—64 директор института геологических наук Казахского филиала АН СССР (с 1946 — АН Казахской ССР), с 1942 — председатель Президиума Казахского филиала АН СССР, президент АН Казахской ССР (1946—52 и 1955—64).

Основные труды посвящены геологии рудных месторождений и минеральных ресурсов Казахстана, в частности разработке

принципов составления прогнозных карт полезных ископаемых. В честь С. назван новый минерал — сатпаевит $6Al(OH)_3 \cdot 3V(O_2OH) \cdot 2V\{O(OH)_2\}$, Депутат Верховного Совета СССР 2, 3, 5 и 6-го созывов. Ленинская премия (1958) и Государственная премия СССР (1942). Награжден 4 орденами Ленина, Орденом Отечественной войны 2-й степени и медалями.

Академик Каныш Имантаевич Сатпаев был выдающимся ученым-геологом, известным не только в Советском Союзе, но и за его пределами. Его научные труды по геологии Казахстана имеют большое теоретическое и практическое значение. В них получили разработку многие вопросы теории рудообразования и металлогенической науки, одним из создателей которой он являлся. Каныш Имантаевич был родоначальником металлогенического направления в геологии Казахстана. Он разработал комплексный метод формационного металлогенического анализа, а также основные принципы и метод составления прогнозных металлогенических карт, которые получили всеобщее признание. Под его руководством такие карты были составлены для Центрального Казахстана.

Развитие минерально-сырьевой базы республики, а также черной и цветной металлургии в Казахстане всегда было предметом забот Каныша Имантаевича. Особое место в его деятельности занимали изучение и освоение крупнейшего Джезказганского меднорудного месторождения. К. И. Сатпаев сумел сделать важные выводы о закономерностях размещения меднорудных залежей на этом месторождении и обосновать его большую перспективность. Построенный на его базе Джезказганский медеплавильный комбинат является крупнейшим в стране. Полезным ископаемым Джезказган-Улутауского района К. И. Сатпаев посвятил специальную монографию, за которую ему в 1942 г. была присуждена Государственная премия. Наряду с изучением геологии Джезказгана Каныш Имантаевич принимал активное участие в развитии поисковых и разведочных научно-исследовательских работ на всей территории Казахстана, особенно в его центральных и восточных районах.

В 1942 г. К. И. Сатпаев был утвержден председателем Казахского филиала Академии наук СССР, а в 1946 г. избран президентом Академии наук Казахской ССР. Круг его интересов и забот еще более расширился. Помимо геологии Казахстана, он затрачивал много труда на создание и развитие в республике других наук — ядерной физики, астрофизики, химии, математики,

биологии, экономики, истории, литературы и многих других, на организацию новых институтов и лабораторий в системе Академии наук Казахской ССР.

Основные достижения науки в Казахстане, внедрение их в практику и дальнейшие задачи по развитию науки он освещал во многих статьях, опубликованных в журналах и газетах. Знаменательным датам в жизни республики и всей нашей страны он посвящал итоговые статьи, в которых отражались основные успехи в развитии естественных, технических и общественных наук в Казахстане. В своих выступлениях в печати Каныш Имантаевич рассматривал вопросы планирования и развития народного хозяйства и науки в свете общих государственных интересов, нацеливал ученых на решение актуальных задач хозяйственного и культурного развития республики, на укрепление связи науки с производством, на полное и правильное использование природных ресурсов. Основное количество научных трудов К. И. Сатпаева посвящено вопросам геологии. Из 240 опубликованных работ 42 касаются геологии и минеральных ресурсов Джезказган-Улутауского района. Труды по геологии представляют первый и основной раздел его научного наследия.

Второй раздел литературного наследия К. И. Сатпаева, характеризующий его как организатора и пропагандиста науки, а также общественного деятеля, включает 298 статей, из них на русском языке опубликовано 242, на казахском — 51, на английском — 5.

Значительную часть научного наследия К. И. Сатпаева представляют неопубликованные рукописи в количестве более 500. Их полный учет, систематизация и обработка представляют неотложную задачу ближайшего времени.

КАНЫШ ИМАНТАЕВИЧ САТПАЕВ

Каныш Имантаевич Сатпаев родился 12 апреля 1899 г. в семье казаха-кочевника в ауле № 4 Аккелинской волости Павлодарского уезда Семипалатинской области (ныне Баян-Аульский район Павлодарской области Казахской ССР). Начальное образование он получил в двухклассной аульной русско-киргизской школе, где проявились его незаурядные способности и необычайная память. В 1911 г., после окончания школы, Каныш Имантаевич поступил в Павлодарское двухклассное русско-киргизское училище, которое успешно закончил весной 1914 г.

Огромная тяга к знаниям привела Каныша Имантаевича в том же 1914 г. в Семипалатинскую учительскую семинарию —

Академик Қ.Сәтбаевты ХХ ғасыр басында ұлы Абайдың ізгілікті және демократиялық идеялары мен өсиеттері ықпалымен қалыптасқан жоғары білімді қазақ философтарының, саясаткерлерінің, ғалымдары мен педагогтарының ғажайып шоғырының нағыз патриоттық және ағартушылық бастамалары мен атқарған істерінің тікелей ізбасары және істерін жалғастырушы деп батыл айтуға болады. Аса қатыгез әрі аяушылықты білмеген большевиктік террор жылдарында өзінің аға буын әріптестері мен достары саяси қуғын-сүргін құрбанына айналғанда, оның туған ағасы Бөкеш Имантайұлы Сәтбаев, немере ағалары Әбікей Зейінұлы мен Әбдікәрім Жәминұлы Сәтбаевтар репрессияға ұшырағанда және сталиндік түрмелерде қаза тапқанда жас тау-кен инженері Қ.Сәтбаевтың ондай зұлматтан аман қалуы бақытты жағдай еді. Бірақ та 50-ші жылдардың бас кезінде партияны басқарғандардың Қазақстанда жүргізген “буржуазиялық ұлтшылдар мен тексіз космополиттерге қарсы күрес науқанында” Қаныш Имантайұлы да қуғын-сүргіннен тыс қалған жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұлы ғалымның 90 жылдық мерейтойында былай деп атап көрсеткен болатын: “Көптеген талантты, өзгеден ерекшеленіп тұратын адамдар тәрізді, Сәтбаевқа да өмірде оңай бола қойған жоқ: ғалымның білімдарлығы мен батылдығын айтпағанның өзінде, оған бірнеше рет өзіне азаматтық өрлікті жоғары қоюына тура келді. Сонымен қатар, ол біздің арамыздан мәңгілікке кеткеннен кейін де қазақстандық ғылымның сәтбаевтық кезеңін үнсіздік аймағына айналдырғысы келген жөнсіз әрекеттер жасалды. Бұл алып адамды өздерінің әлсіз ғылыми тұлғаларымен иілткісі келген бейшаралардың текке әуреленуі еді”. Тәуелсіз Қазақстанның ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктерін бағындырмай, экономикалық және мәдени гүлденуге жетуі екіталай. Ал мұның өзі жас қазақстандықтардың өз ғылымының тарихына және оның даңқты есімдеріне, инженерлік-техникалық шығармашылығын бүкіләлем мойындаған ұлы ғалымның және ғылымды ұйымдастырушының тұлғасына үлкен қызығушылық туғызып, бағыт-бағдар беретіні сөзсіз, өйткені

Қаныш Сәтбаевтың өмірі – Отанымыздың болашағы, халқымыздың игілігі жолындағы ерен еңбектің ғажайып үлгісі.

ЕЛІМІЗДІҢ НАР ТҰЛҒАСЫ

А. НҰРҒАШ

4 сынып оқушысы, № 103 Қ. Пірімов атындағы қазақ орта мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қ. Пірімов ауылы

А. ЖОЛМЫРЗАЕВА

бастауыш сынып мұғалімі, жетекші, № 103 Қ. Пірімов атындағы қазақ орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қ. Пірімов ауылы

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш.Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген. 1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы өміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған. 1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің

ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У. Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұнғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ.Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың

ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш.Вәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп және көптеген ғалымның ескерткіштері бар. Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, бір қала мен ғаламшарға, еліміздің ең ірі техникалық оқу орны Қазақ ұлттық техникалық университетіне берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шын, Қаратаудағы ваннадий кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. 4 мәрте Ленин, 2-ші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған. Дереккөзі: Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 7 том Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы. Туған жері – бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы). Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қ.Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер геологиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихта да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көргендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе,

Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы – кезінде осы кеннің жоспарлары түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аударар зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрлысы, металлогениясы, геохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске өндіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді, Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол-геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі, бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәріжелі Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кенметаллургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964), академик, геолог-ғалым. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Арқаның сұлу төрінің бірі- (бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының 4-ші ауылында) қазіргі Павлодар облысының, Баянауыл ауданының Қ.И.Сәтбаев атындағы совхозында 1899 жылдың 30 наурызында (12 сәуір) Сәтбаевтардың үлгілі - өнегелі ауылында дүниеге келді. Қаныштың жерлесі әрі досы Әлкей Хақанұлының

мәліметтері бойынша, революциядан (1917ж.) бұрынғы қыр қазақтары арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. «Қаныштың әкесі Имантай - ақылды, момын, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын...» «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» демекші, табиғатынан зерек Қаныш 1909-1911 жылдары өзінің туған ауылындағы орыс - қазақ мектебінде оқып, 1918 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді. Одан кейінгі бірер жыл Семей қаласында, өз ауылында мұғалімдік қызмет атқарып, 1920-1921 жылдары Баянауыл ауданындағы 10-шы учаскесінің халық соты болды. 1921 жылы жазда Қаныш Имантайұлы Баянауылға емделуге келген сол кездегі Сібір өңірінің ірі, мәдени орталығы Томск қаласының технология институтының профессоры (кейін академик болған) Михаил Антонович Усовпен танысады. Қанышқа М.А.Усов Қазақстанның геологиясы мен тау-кен байлықтары туралы көптеген қызықты әңгімелер айтады. Өзі өмірден озғанша ұстаз санаған профессор М.А.Усовтың ықпалымен 1921 жылы Қаныш Имантайұлы Томск технология институтының кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне оқуға түседі. Қаныш Имантайұлы студент болған жылдарда профессор М.А.Усов басқарған палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы болған В.А. Хохлов (кейін ғылым докторы, профессор) «Студент Қаныш» атты естелігінде былай деп жазды: «Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А. Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады... Екінші курстан кейін ол М.А. Усовтың дала жұмыстарына қатысты...» Институтты бітіргеннен кейін Қ.И. Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өмірінің басым көпшілігін оның геологиясын зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат негізін жасауға арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізуге, республикамызда индустрия алыптарын салуға зор үлес қосты. Ол 1920-1930-шы жылдары кең көлемді барлау жұмыстарына басшылық жасап, оларға тікелей қатынасуымен бірге Жезқазған-Ұлытау, Қарсақпай, Қаратау полиметалл кендері жөнінде іргелі ғылыми еңбектер жазды. 1926-1941 жылдары Атбасар, Қарсақпай трестерінде геологиялық бөлімінің жетекшісі және бас геолог болған Қаныш Имантай ұлы Жезқазғанның одақтағы ірі мыс рудалары бай аудандар қатарына жататынын бұлжытпай дәлелдеп, минералды шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударды. Академик Қ.И.Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі - ол, ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға

қалдырған қазынасы - іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады. Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды. 1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ.И.Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді. 1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Академияның тұңғыш толық мүшелері болып 14 адам - Қ.И.Сәтбаев; М.О.Әуезов; Ә.Б.Бектұров; Н.Т.Сауранбаев т.б. бекітілді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән беріп отырды. Ол өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының 1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті. Қаныш Имантайұлының пайдалы кендердің болжам карталарын құрастырудың методологиялық теориялық негіздерін айқындауға қосқан үлесі зор. 1958 жылы Қ.И.Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарға Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық және болжам карталарын жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сол елуінші жылдардың өзінде-ақ кешенді металлогениялық болжам карталарды өндіріске енгізуге айтарлықтай нәтижелер берді: Сарыарқа аймағында кара, түсті, сирек металдардың жана кендері ашылды. Ашылған кендер мен руда белгілерінің 90%-і айтылмыш болжам карталардың негізінде анықталды. Қ.И.Сәтбаев сол кездегі Кеңес елінің жоғарғы марапат белгісі Ленин орденінің төрт рет иегері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері. Алайда осындай атақ-дәрежелерге қарамастан Қ.Имантайұлы әкімшілдік-әміршілдік жүйе орнатқан қоғамдық тәртіпке сенімсіз адам болып та саналған. 1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші саяси қуғын-сүргін кезінде Қ.И.Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады. 1964 жылы 31 қаңтар күні Москваның Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатты. Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы

тұлға Қ.И.Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей т.б. қалалардағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қ.Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы, жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сәтбаевит» минералы «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы талантын, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Белгілі қоғам қайраткері І.Омаровтың сөзімен айтсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды.»

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ АКАДЕМИК, ГЕОЛОГ-ҒАЛЫМ

Б. РАХМАНБЕРГЕНОВА

11 «А» сынып оқушысы, Абай атындағы № 90 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Абай ауылы

А. РАХМАНБЕРГЕН

бастауыш сынып пәнінің мұғалімі, жетекшісі, Абай атындағы № 90 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Абай ауылы



Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Арқаның сұлу төрінің бірі-(бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының 4-ші ауылында) қазіргі Павлодар облысының, Баянауыл ауданының Қ.И.Сәтбаев атындағы совхозында 1899 жылдың 30 наурызында (12 сәуір) Сәтбаевтардың үлгілі - өнегелі ауылында дүниеге келді.

Қаныштың жерлесі әрі досы Әлкей Хақанұлының мәліметтері бойынша, революциядан (1917 ж.) бұрынғы қыр қазақтары арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. «Қаныштың әкесі Имантай - ақылды, момын, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын...»

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші, табиғатынан зерек Қаныш 1909-1911 жылдары өзінің туған ауылындағы орыс -

қазақ мектебінде оқып, 1918 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді. Одан кейінгі бірер жыл Семей қаласында, өз ауылында мұғалімдік қызмет атқарып, 1920-1921 жылдары Баянауыл ауданындағы 10-шы учаскесінің халық соты болды.

1921 жылы жазда Қаныш Имантайұлы Баянауылға емделуге келген сол кездегі Сібір өңірінің ірі, мәдени орталығы Томск қаласының технология институтының профессоры (кейін академик болған) Михаил Антонович Усовпен танысады. Қанышқа М.А.Усов Қазақстанның геологиясы мен тау-кен байлықтары туралы көптеген қызықты әңгімелер айтады.

Өзі өмірден озғанша ұстаз санаған профессор М.А.Усовтың ықпалымен 1921 жылы Қаныш Имантайұлы Томск технология институтының кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне оқуға түседі.

Қаныш Имантайұлы студент болған жылдарда профессор М.А.Усов басқарған палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы болған В.А.Хохлов (кейін ғылым докторы, профессор) «Студент Қаныш» атты естелігінде былай деп жазды: «Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А.Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады... Екінші курстан кейін ол М.А.Усовтың дала жұмыстарына қатысты...»

Институтты бітіргеннен кейін Қ.И.Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өмірінің басым көпшілігін оның геологиясын зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат негізін жасауға арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізуге, республикамызда индустрия алыптарын салуға зор үлес қосты.

Ол 1920-1930-шы жылдары кең көлемді барлау жұмыстарына басшылық жасап, оларға тікелей қатынасуымен бірге Жезқазған-Ұлытау, Қарсақпай, Қаратау полиметалл кендері жөнінде іргелі ғылыми еңбектер жазды.

1926-1941 жылдары Атбасар, Қарсақпай трестерінде геологиялық бөлімінің жетекшісі және бас геолог болған Қаныш Имантай ұлы Жезқазғанның одақтағы ірі мыс рудалары бай аудандар қатарына жататынын бұлжытпай дәлелдеп, минералды шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударды

Академик Қ.И.Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі - ол, ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы - іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады.

Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды.

1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ.И.Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді.

1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Академияның тұңғыш толық мүшелері болып 14 адам - Қ.И.Сәтбаев; М.О.Әуезов; Ә.Б.Бектұров; Н.Т.Сауранбаев т.б. бекітілді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән беріп отырды.

Ол өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының 1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті. Қаныш Имантайұлының пайдалы кендердің болжам карталарын құрастырудың методологиялық теориялық негіздерін айқындауға қосқан үлесі зор.

1958 жылы Қ.И.Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарға Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық және болжам карталарын жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сол елуінші жылдардың өзінде-ақ кешенді металлогениялық болжам карталарды өндіріске енгізуге айтарлықтай нәтижелер берді: Сарыарқа аймағында қара, түсті, сирек металдардың жаңа кендері ашылды. Ашылған кендер мен руда белгілерінің 90%-і айтылмыш болжам карталардың негізінде анықталды.

Қ.И.Сәтбаев сол кездегі Кеңес елінің жоғарғы марапат белгісі Ленин орденінің төрт рет иегері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері. Алайда осындай атақ-дәрежелерге қарамастан Қ.Имантайұлы әкімшілік-әміршілдік жүйе орнатқан қоғамдық тәртіпке сенімсіз адам болып та саналған.

1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші

саяси қуғын-сүргін кезінде Қ.И.Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады.

1964 жылы 31 қаңтар күні Москваның Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатты.

Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қ.И.Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей т.б. қалалардағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қ.Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы, жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сатбаевит» минералы «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы таланттың, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Белгілі қоғам қайраткері І.Омаровтың сөзімен айтсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды». Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы. Туған жері – бұрынғы Семей губерниясының Павлодар үйезіндегі Ақкелін болысы (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы). Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қ.Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеологиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихта да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көргендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зертеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы – кезінде осы кеннің жоспарлары түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын

ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрлысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді, Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол-геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі, бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрижелі Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кенметаллургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сатбаевит) оның атымен аталады. Оған арналған бірнеше мұражайлар бар. Қазақ ғылыми академиясының тұңғыш президенті геология ғылымының 20-ғасырдағы аса көрнекті оқымысты академик Қаныш Сатпаевымыз ең алғашқы педагог-мұғалімдерінің бірі. Семейдегі педагогикалық техникумды тәмамдағаннан кейін 1918-1919 жылдары Семей қаласындағы қазақ мұғалімдеріне арналған 2 жылдық педагогикалық курстарға жаратылыстану пәнінен сабақ берді. 1919-1920 жылдары Семей губерниясындағы Павлодар уезіне қараған Ақ келін болысындағы ата жұрты №4 ауылда мұғалімдік қызмет атқарады. Мұғалім болып қызмет істеген кездегі

оқулықтарға тапшылықты өз басынан кешіргендіктен, 1919-1924 жылдар аралығында тұңғыш «алгебра» оқулығын құрастырыпты. Ұлы ұстазымыз Ахмет Байтұрсыновтың ұсынысымен 1924 жылы Қ.И.Сәтпаев құрастырған осы «алгебра» оқулығы комиссариатының тиісті комиссияларында баспаға қабылданып, авторға аванс берілген көрінеді. Енді кітаптың жарық көріп, ел қолына жетуі ғана қалған секілді еді. Қ. Имантайұлы қазақ тілінің үлкен қамқоршысы екенін «ер Едіге» эпосын қазақ тіліне мұқият түсіріп бергендігімен дәлелдесе, математикалық және ғылыми-техникалық терминология жасаудағы ең алғашқы ірі авторларының бірі екендігін осы аталып отырған оқулық арқылы біліп отырмыз. Бұл кітаптың құндылығы қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушысы Б.М.Қасанов ғылыми тұрғыдан дәлелдеп отыр. Көлемі 1642 беттен тұратын осы қолжазба болашақ ғалымның 20 жасында жазған тұңғыш ғылыми еңбек екен. Бұл кітап А.П. Киселевтің алгебрасы негізінде жазылған. Бірақ бұл жалаң аударма емес. Қаныш аға аудармамен қатар осы негіздей қазақ мектептеріндегі оқушылардың білімі мен талап деңгейін ескере отырып, шөп, мал түрлерін санауға, сол кезеңдегі саудасаттық ұғымдарына байланыстырып көптеген жаңа мазмұнды оқу бағдарламасына сәйкес есептерді құрастырған. Қолжазбаның соңында 220 математикалық терминдердің қазақша байланысын енгізген. Қолжазбаның ішінде араб графикасымен жазылған 592 бет, латын графикасымен жазылған 1440 бет, 30-35 баспа табақ болатын математикалық қолжазбалары Қазақстан Республикалық мемлекеттің орташа мұражай қорында сақталған. Б. Қасановтың айтуынша Қ.И.Сәтпаевтың қазақ тіліндегі тұңғыш «алгебра» оқулығының қолжазбасын Қазақстан халық ағарту комиссариатына 1924 жылы тапсырған хәм қолжазба Комиссариаттың ғылыми-әдеби кеңесінде математикалық оқулығы ретінде мақұлданып, баспаға ұсынылғандығы жайындағы құжаттар сақталған екен. Қаныш Сәтпаев ұсынған алгебралық жазбалардың белгілейтін шрифтер мен матрицалардың болмауына байланысты «алгебраны» басып шығару сөзбайламға түскен көрінеді. 1927 жылы оқулықтың Мәскеудегі «Центриздатқа» жіберілген жөніндегі қағаздар айқын екен. Бірақ, «Центриздат» пен «Қазиздат» арасындағы түсініспеушіліктердің салдарымен кітаптың басылуы күрдымға кетеді.

Автор ретінде Сәтпаев заңды аландаушылық білдіріп, бұл баспаларға бірнеше нәтиже шыға қоймапты. Қазақстан жазуының 1929 жылы латын алфавитіне ауысуына байланысты Қ.И.Сәтпаев

оқулықтағы формулаларын бастан аяқ латын әріптерімен түзеп шығып 1928 жылы наурыздың 3 күні латыншаға көшіріп, қайтадан баспаға өткізеді. Осыған байланысты қолжазбаның тағы бір құндылығын аша түседі. Қаныш аға қазақша оқулыққа тұңғыш рет халықаралық емес тілін яғни теңдеу өрнектерін латын әріптерімен белгілеуге ұсынды. Сонан бері ешқандай өзгеріссіз күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Мәне осындай Қаныш ағаның кеменгерлігі, данышпандылығы, жан-жақты ғылыми иесі екенін тағы да дәлелдей түскендей. Бірақ бұл оқулық 30 жылдардан бастап Кеңестер Одағында бірыңғай ортақ оқулықтарға көші басталып кетеді де, Қ.И.Сәтпаевтың «Алгебра» оқулығын баспадан шығару ісі аяқсыз қалады.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы. Туған жері – бұрынғы Семей губерниясының Павлодар үйезіндегі Ақкелін болысы (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы). Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қ.Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеологиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихта да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көргендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы – кезінде осы кеннің жоспарлары түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аударып зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрлысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске ендіру

арқылы Сарыарқа аймағында кара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді.

АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВ - ҰЛЫ ҒЫЛЫМ-ГЕОЛОГ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Ф.Е. САБАГАТОВ

9 сынып оқушысы, Қазы ЖОББ мектебі, Павлодар облысы, Аққу ауданы

Е.Т. МАРЗАТАЕВ

тарих пәнінің мұғалімі, Қазы ЖОББ мектебі, Павлодар облысы, Аққу ауданы

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899 жылы 4 ақпанның 12 жұлдызында, Павлодар облысы Баянауыл ауданы дүниеге келді) - ұлы ғалым-геолог, қоғам қайраткері, геология-минерал ғылымының докторы. 1942 профессор 1950 жылы Қазақстан ҒА-ны ұйымдастырушылардың бірі және тұңғыш президенті. Қазақстан ҒА-ның академигі, Тәжікстан ҒА-ның құрметті мүшесі. Сәтбаев қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженер-геолог, Қазақстан ғылым атасы, Қазақстан ғылым мектебінің және қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы. Сауатын ауыл молдасынан ашқан Қаныш 1911-1914-жылы Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алды. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Онда Ж.Аймауытов, М.Әуезовтермен бірге оқыған. Сол жылдары Семейде ұйымдастырылған мақсаттағы шараларға қатысты. Шәкәрім Құдайбердіұлымен тығыз байланысты болып, оның шығамашылығын жоғары бағалады. Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың зор еңбегін ескере отырып және 1989 жылы оның туғанына 90 жыл толуына байланысты Қазақ ССР Министрлер Советі Қазақ ССР Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде академик Қ.И. Сәтбаевтың мемориалдық музейін ашу туралы, жаратылыстану ғылымдары жөніндегі таңдаулы ғылыми зерттеулер үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы екі сыйлық белгілеу туралы республика Ғылым академиясының ұсынысын қабылдауға қаулы етті. Сыйлықтарды беру правосы Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумына беріледі. Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми сессиясының өткізу ұйғарылды. Алматы қалалық атқару комитетіне мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, конкурстық негізде Ал-

матыда Қ.И. Сәтбаевтың ескерткішін жасап, орнату тапсырылды. Оқудағы, ғылыми және қоғамдық қызметтегі табыстары үшін техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарының студенттері үшін жыл сайын беріліп отыратын Қ.И. Сәтбаев атындағы үш стипендия белгілеу туралы Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің ұсынысы қабылданады. Қаныш тек қазақ халқының ғана мақтанышы емес, ол-бүкіл совет ғылымын шырқау биікке шығарғандың бірі. 1944 және 1970 жылдар аралығында академия 1500 шамасында ғылым кандидаттарын, 150-ге жуық ғылым докторын даярлап шығарды, Қанекеннің үлкен қамқорлығы арқасында Қазақстанда геологиялық проблеманың қандайын болмасын көтеруге және оған байланысты мәселелерді шеше алатын қабілетті ғылым докторлары даярларды. Қ.И. Сәтбаев халық тәжірибесін қорытып, іс жүзінде қолдана білу-басқарушы адамдарға керекті ең басты қасиет деп түсініп, өзі сондай басшының үлгісі болды. Ол өмір жолының алғашқы күндерінен бастап-ақ халықпен біте қайнасты, өзінің кең байтақ даласына, ондағы кен орындарына үлкен сүйіспеншілікпен қарап, оларды жиі аралайтын, инженер, жұмысшылармен, сол маңайдағы дикандармен ықыласпен әңгімелесіп, олардың тілектеріне, мұқтажына қамқор болатын. Қ.И. Сәтбаев өзімен кенесушілердің жасына қарамай бәрін үлкен ықыласпен, бар көңілімен тыңдап, ақыл-өсиетін айтатын, үлкен-кішімен бірдей сыпайы сөйлесетін. Қазақ халқының Шоқан, Ыбырай, Абайлар арқылы айтылған өткендегі арман-ойының советтік дәуірде жүзеге асуы жөнінде ерлік істер жасаған адамның бірі - Қаныш Сәтбаев. Ол өзінен бұрынғы Шоқан, Ыбырай, Абай секілді дана адамдардың өсиетін еске ала отырып, халық мүддесін іске асыруды ойлап, орыстың ғылымын үйренуге, сол арқылы халқына шат өмірдің нұрын шашуға бел байлады. Бұл үшін орыс мектебіне түсіп оқиды. Тұлан бойын талант кернеген, жүрегін халыққа қазмет ету ардақты міндет деген сезім билеген Қаныш орысша оқып, білім алады, болашағына көз жібереді.

Халқына қызмет ету үшін білім керектігін сезген Қаныш 1921 жылы Томск қаласындағы технология институтына оқуға түседі де оны 1926 жылы бітіріп шығады. Жоғары дәрежелі білім алған жас инженер барлық ынта-жігерін, күш-қуатын, білімін халыққа қазмет етуге арнайды.

«Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та бар қалан» - деп, Абай айтқандай жас инженер Қаныш жоғары оқуды бітіргеннен кейін халқы үшін қызмет етуге кіріседі. Аса ірі геолог-ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімін тек біздің еліміздегелер ғана емес, онан тысқыры жердегілер де мықтап құрмет тұтады. Қ. И. Сәтбаев мемлекет көлеміндегі үлкен адам әрі қайраткер болды. Ғалымның мүдделері ешқашан өз мамандығы шеңберінде ғана шектелмеуші еді. Ол еліміздің және, әсіресе, Қазақстанның халық шаруашылығын өте жақсы білетін. Онымен кездескендердің бәрі, тіпті еліміздің ең ірі ғалымдарының өздері де Қ. И. Сәтбаевтың білімінің кеңдігіне, ғылымның көптеген саласынан оның ғылыми мағлұматының молдығына әрқашан таң қалушы еді. Қандай проблеманы болса да әрқашан егжей-тегжейіне дейін талдай білу және қолма-қол нақты шешімге келу Қаныш Имантайұлының қызметіндегі ерекше қасиет болатын.

Қазақстан Халық шаруашылығын дамытудың маңызды шараларының бәрі Қ. И. Сәтбаев тікелей қатысуымен шешілді. Ол республиканың өнер кәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға айрықша көңіл бөлді. Республикада жүзеге асырылған шаруашылық шараларының көпшілігін ол жанын сала жақтады. Үлкен ақыл мен ой – пікірдің иесі – ол ірі проблемаларға айрықша назар аударды. Қандай да болса бір маңыз алатын халық шаруашылығы шараларының ол қатыспаған біреуін табу қиын.

СССР және Қазақ ССР Жоғарғы Советтерінің депутаты ретінде Қаныш Имантайұлы зор жұмыстар жүргізді. Оның алдына қойылған өтініштердің бірде біреуі жауапсыз қалған емес. Қарапайым адамға қамқорлық, сергектік пен кішіпейілділік Қаныш Имантайұлының бойына тән қасиет болды. Халықтың оны сүйіспеншілікпен Қаныш аға деп атағаны да сондықтан еді. Сәтбаевтән аса көрнекті еңбектерінің ең шоқтығы биігі – оның қазақстандық геологтар мектебінің негізін салуы. Біздің отандық геология-инженерияда Сәтбаевтың сол қолтаңбасы әлі күнге дейін көрініс бөіп жүр деп нық сеніммен айта аламыз. Қазақ КСР Ғлым Академиясының ашылуының арқасында елімізде көптеген ғылыми-академиялық институттар ашылды. Ядролық физика, математика мен механика, гидрология мен гидрофизика, Атырау мұнай мен табиғи тұздар, Қарағанды металлургиялық институттары, Өскеменде-Алтай тау-кен металлургиялық, Балқашта-хтиология мен балық шаруашылығы институттары, эксперименттік биология, экономия, философия

мен заң, әдебиет пен өнер, тіл, тағы басқа институттар есігін ашты. Сәтбаев ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. 1926-1929 жылы кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасаған Сәтбаев бұл кеннің ауданның кен көлемдегі геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеді. Сәтбаев өз зерттеулерінің нәтижесінде Жезқазған кенінде кентас қалыптасуының кейіннен дәлелденген 4 белгісін (тектоникалық, стратиграфиялық, литологикалық-петрографиялық және құрылымдық) ұсынды. Жезқазған свитасының жоғарғы және төменгі бөлігіндегі кентас денелері бір-біріне көлденең жарылыстарды қуалай орналасқан. Кентас сыйыстырушы осы жарылыстардағы гидротермальдық ерітінділердің таралуына бөгет болған қызыл түсті шөгінділермен жабылған. Сәтбаевтың қағида-белгілері Жезқазғанның мысты құмтас кендеріне және кентас белгілеріне өндірістік-экономикалық баға берілгенде негізге алынатын болды. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды каналын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын - Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін, Қостанай мен Жезқазған-Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Сәтбаевтың бастамасымен 1940 жылдан КСРО ҒА-ның қазақ бөлімінде декторантура жұмыс істей бастады. Онда жүздеген ғылым кандидаттары мен докторлары даярланып шықты. Оның 50-ден астамына Сәтбаев тікелей жетекшілік етті. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, тарих, мәдениет, әдебиет саласында қалдырған істері жеткілікті.

Сәтбаев халық ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенінде бастап, студент шағында одан әрі жалғастырды Ш.Ш. Уалиханов жазып алған, әйгілі Едіге батыр жайындағы «Ер Едіге» эпосын қазақ тіліне аударғанда, үш қасиетін ашып берді: 1) тілді сақтауға, дамытуға пайдалы; 2) эпостағы шебер тілмен берілген ескі толғауларға назар аударды; 3) қазақ халқының өткен тұрмысы, салт-сана, әдет-ғұрпы суреттелген тарихын білуге құнды мағлұмат беретіндігін көрсетті. Жезқазған-Ұлытау өңірінде бұл талабын күрделі ғылыми-зерттеуге айналдырып, көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман

ескерткіштері» атты еңбегін жазды. Сәтбаев Ғылым Академиясының Президенті бола жүріп, өзінің ғылыми-ұйымдастыру қызметімен қатар, аса маңызды мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарды да белсенді жүргізді. Ол 1946-1964 жылдардың аралығында КСРО Жоғарғы Кеңесіне бірнеше рет, ал 1947-1959 жылдардың аралығында Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесіне делегат болып сайланды. 1962 жылдан 1964 жылға дейін алтыншы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Сондай-ақ, Қаныш Имантайұлы көптеген мемлекеттік комитеттер мен комиссиялардың, ғылыми журналдардың редакциялық коллегиясының, саяси және ғылыми қоғамдардың тұрақты мүшесі болды. Ұлы ғалым өзінің барлық күш-жігері мен қайратын Қазақстан Ғылым Академиясының аяғына нық тұруы мен оның халықаралық байланыстардың дамуына, оны одан әрі нығайта беруге жұмсады. Сәтбаевтың ғылыми еңбектерінің құндылығы сондай, 800-ден аса баспа еңбектері орыс, қазақ, ағылшын, араб, қытай, тағы басқа да тілдерге аударылып, жарық көрді. Қаныш Сәтбаев бітімі бөлек адам болғанымен қатар, қарапайым, кішіпейіл азамат еді. Табиғат оны сөзге шешен, сұңғақ бойлы, сымбатты етіп жаратқан. Сәтбаевтің сол кездегі мемлекетке сіңірген еңбегі ерекше бағаланып отырды. Ол, басқасын былай қойғанда сол кездегі ең жоғары марапат - Ленин орденімен төрт рет марапатталды. Оған Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар беріледі. Ол КСРО Ғылым Академиясы мен Қазақ КСР Ғылым Академиясының толық корреспондент мүшесі болды. Одан басқа көптеген шет елдердің ғылым академияларының құрметті академигі атанды. Қаныш Сәтбаев - өте зор дарын иесі. Ол - Шығыстан шыққан тұңғыш президент ғалым. Бүкіл әлем оны Орталық Азияның ең бірінші металлогендік болжау картасының негізін салғандығын мойындады. Тамаша ойшыл-ғалым, әрі ірі мемлекет қайраткері Сәтбаевтың көзі тірісінде шексіз даңқ пен атаққа бөленді. Ғалым ұзақ жылдар бойы елге сіңірген ерен еңбегіне сай өз халқының назарында болды. Қаныш ағаның есімін сол кездің өзінде елі елжіреп, айрықша бір сүйіспеншілікпен айтатын. Қазақтың нағыз ел сүйген Ұлы Қаныш еді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тек геология саласындағы ғана үлкен ғалым емес. Зор білімдарлығы нәтежиесінде ол республикамыздағы ғылымның көптеген салаларын дамытуға ықпал жасады. Қ.И.Сәтбаевтың басшылығымен және оның ой-пікірімен биология ғылымының ең басты салалары құрылды, зерттеу жұмыстарының басты бағыттары белгіленді, топырақ зерттеу, ботаника, зоология,

физиология институттары, тағы басқалары ұйымдастырылды. Оның басшылығымен негізгі ғылыми кадрлар шындалып шықты. Біздің кең байтақ республикамыздың топырақ-географиялық жағдайларын, өсімдік байлықтарын, жануарлар дүниесін зерттеудің басты инициаторы болған да академик Сәтбаев республиканың барлық облыстарының топырақ картасын жасап көп томдық «Қазақ флорасы» басылымын шығаруымен, оның аса бай фаунасын егжей-тегжейлі суреттеп жазумен аяқтады. Қаныш Имантайұлы медицинаның ғылыми дамытуда зор ықпал жасады. Оның жәрдемімен ұйымдастырылған эксперименттік хирургия институты мен өлкелік патология институты қазіргі кезде республикамыздағы медицина институттары арасында жетекші институт болып отыр. Қ.И.Сәтбаевтың ауыл шаруашылығын өркендетудегі рөлі де баға жеткісіз. Оның басшылығымен малды әртіннен будандастыру жөніндегі жұмыс басталды. Қаныш Имантайұлының ықпалымен республикада генетикалық ой даму алды. Биологтардың барлық негізгі басшы кадрлары өздерін Қаныштың шәкірті санады. Біз Қаныш Имантайұлы Сәтбаевті республиканың шарушылық құрылысына сыбығылы үлес қосқан ірі мемлекет қайраткері, жайсаң жан, табанды, қажырлы, ұлы Отанымызды гүлдендіру ісіне, елімізде коммунизм орнату ісіне шексіз берілген азамат, коммунист ретінде білеміз. Оның алып бейнесі орыс және совет ғылымының ұлы дәстүрлерінің, республика ғылымы коллективтерінің, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне берік топтасқандығының көрінісі еді. Қаныштың өмірі-халықтың өмірі, оны одан бөліп алып қарауға болмайды. Қаныш – совет заманында ғана өсе алатын халық өкілі, оны қоғам өмірінен бөлек қою мүмкін емес.

Қазақ халқының біртуар ұлы, үлкен ойшыл-ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1964 жылы қаңтардың 31-де Мәскеу қаласының ауруханасында 65 жасында көз жұмды. Оның көпқырлы ғылыми еңбегінің жүзеге асқан жетістіктері ретінде Үлкен Жезқазған мен Жезді ғана емес, сондай-ақ республиканың Шығысы мен Оңтүстігінде және Орталық Қазақстанда орналасқан тау-кен кешендері болды. Бүгінде Қаныш ағаның Қазақстанның бүкіл аумағындағы табиғи қоймалардың байлығын зерттеуге қосқан аса зор үлесі лайық бағалануда. Оның есімі ғаламшарға, ЮНЕСКО әйгілі академиктің 100 жылдық мерейтойын айрықша атап өтер датаға айналдырды.

КАНЫШ ИМАНТАЕВИЧ САТПАЕВ

М. СЕРИКБАЙ

ученик 7 «А» класса, средняя школа № 216 имени К.И. Сатпаева,
Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би

Г.Ж. ЕРБАТЫРОВА

учитель русского языка и литературы, руководитель, средняя школа №216 имени
К.И. Сатпаева, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би

Каныш Имантаевич Сатпаев (каз. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев; 31 марта (12 апреля) 1899, Акмолинская область, Российская империя, ныне аул имени К. И. Сатпаева в Баянаульском районе Павлодарской области - 31 января 1964, Москва) - советский учёный-геолог, один из основателей советской металлогенической науки, основоположник казахстанской школы металлогении. Доктор геолого-минералогических наук (1942), профессор (1950), академик АН Казахской ССР (1946), академик АН СССР (1946), первый президент Академии наук Казахской ССР. Получил известность, как выдающийся организатор науки Казахстана, а также геолог, открывший Улутау-Джезказганское месторождение меди, на момент открытия являвшееся крупнейшим в мире по прогнозируемым запасам.



Детство и юность

К.И. Сатпаев родился в ауле № 4 в Акмолинской области Российской империи (ныне Баянаульский район Павлодарской области) в семье бия. Он был младшим ребёнком: у него были старшие брат и сестра.

С 1909 по 1911 годы Каныш Сатпаев учился в аульной школе. В 1911 году поступил в русско-киргизское училище в городе Павлодар, которое окончил в 1914 году с отличием. После окончания училища Каныш Сатпаев, несмотря на возражения отца Имантая, отправился на обучение в учительскую семинарию в Семипалатинске, где в связи с туберкулёзом у него возникли трудности со здоровьем. Тем не менее он получил диплом об окончании семинарии в 1918 году, сдав экзамены экстерном.

Каныш Имантаевич намеревался продолжить обучение с целью получения высшего образования, однако с аттестатом семинарии в то время в вузы принимали только при условии сдачи экзамена по математике и одного иностранного языка. Следующие полтора года Сатпаев готовился для поступления в Томский технологический институт. Параллельно с учёбой Сатпаев работал учителем естествознания двухгодичных педагогических курсов в Семипалатинске.

Работу и обучение пришлось отложить в связи с обострением туберкулёза. Почти год Сатпаев провёл в родном ауле, принимая лечение и восстанавливая силы. Врачи считали, что он уже никогда не сможет продолжить учёбу, и сможет жить только в родном ауле, на свежем воздухе, принимая кумысолечение.

В 1920 году Сатпаев был назначен первым в Баянауле председателем Казкультпросвета (отдел по проведению культурно-просветительной работы среди трудящихся), созданного с укреплением советской власти. Тогда же постановлением Павлодарского ревкома он был назначен народным судьёй 10-го участка Баянаульского района.

Исследование Джезказгана

В 1926 году, окончив институт и получив квалификацию горного инженера, Каныш Сатпаев был направлен в Атбасарский трест цветных металлов на должность начальника геологического отдела, а через год (в 1927), избран членом правления данного треста.

В ведении Атбасарского треста находилось медное месторождение и недостроенный медеплавильный завод в посёлке Карсакпай. Строительство завода началось десять лет назад, когда англичане взяли в концессию у бая Карсакпая территорию и начали поиски меди. Они построили плавильный цех, частично установили оборудование, но много меди найти им не удалось. С наступлением Февральской революции англичане покинули завод, который впоследствии решила достроить советская власть. Каныш Сатпаев, как главный геолог треста, отправился туда, чтобы осмотреть местность и узнать о продвижении строительных работ. Специалисты, занимавшиеся месторождением, и руководство завода относились к перспективе развития добычи меди в регионе очень скептически. Они считали, что её запасов хватит на ближайшие 10–15 лет, не более. Однако, осмотрев местность, Каныш Имантаевич с ними не согласился. Он считал, что в районе Джезказгана имеются огромные запасы меди, которые прежде не были обнаружены. Добившись от Геолкома выделения одного станка, Сатпаев начал

исследование местности на наличие металла. Руководство Геолкома и эксперты, которые были знакомы с Джезказганским регионом, считали идею Каныша Имантаевича обречённой на провал.

К.И. Сатпаев в Джезказгане в 1930-х годах

Тем не менее, уже через год после начала работ, Сатпаев наткнулся на крупный пласт руды мощностью более десяти метров. Результаты анализа, проведённого в Ленинграде, показали, что это был прежде неизвестный пласт руды с богатым содержанием меди. Благодаря этому открытию Сатпаеву удалось расширить поисковые работы в 1928 году, увеличив число станков до двух. Обнаружив ещё три крупных месторождения, геолог увеличивает объём исследовательских работ на 1929 год вдвое. И в этот год открываются ещё три залежи и одно новое рудное поле. Учитывая данные обстоятельства, Сатпаев публикует в журнале «Народное хозяйство Казахстана» статью, в которой заявляет, что потенциально Джезказган представляет собой одну из богатейших провинций меди в мире, более крупную, чем большинство провинций Америки. Основываясь на своих предположениях, Каныш Имантаевич приходит к выводу, что находящийся неподалёку Карсакапайский завод не осилит объём добытой в Джезказгане руды. Также он предполагает, что в регионе необходимо построить водохранилище и проложить ширококолейную железную дорогу. Со всеми этими предложениями он регулярно обращается в вышестоящие органы, выступает в печатных изданиях, и даже предлагает внести развитие региона в пятилетний план развития экономики СССР.

Предложения Сатпаева вызывают отрицательную реакцию среди руководства треста и Геолкома. Вместо предложенного молодым геологом плана развития Джезказгана они предлагают оставить объёмы исследовательских работ на 1930 год прежними. Тогда Сатпаев, настаивая на своей правоте, добивается рассмотрения своих предложений на заседании горно-металлургического сектора ВСНХ. После длительных дебатов ВСНХ соглашается с доводами Геолкома и признаёт аргументы Сатпаева несерьёзными. Не желая мириться с выводами ВСНХ, Каныш Имантаевич весной 1930 года попадает на приём к председателю Госплана СССР Г. М. Кржижановскому, где обосновывает свои предложения. После этого на разведку Джезказгана выделяется дополнительная сумма денег, буровая техника и кадры. В следующие два года объёмы исследовательских работ продолжали увеличиваться. Начал решаться волновавший Сатпаева вопрос с нехваткой в регионе

воды: ему удалось договориться о начале в следующем, 1933-м году, гидрогеологических исследований района в целях поиска воды.

Однако в начале 1933 года Геолком принимает решение о резком сокращении финансирования разведочных работ в Джезказгане. Был оставлен лишь один процент от прошлогодней суммы. Аргументом в пользу такого решения была неразвитая инфраструктура региона: не было ни железной, ни автомобильной дорог, не было воды и многих других условий для жизни. В целях сохранения кадров и продолжения работ Каныш Имантаевич был вынужден искать дополнительные источники финансирования. Он заключил соглашение с трестами «Золоторазведка» и «Лакокрассырьё» о разведке месторождений необходимых им ископаемых. Однако имевшихся средств было недостаточно ни для сохранения, ни тем более для увеличения исследовательских работ. Сатпаев обратился за помощью к М.А. Усову и его другу, профессору В. А. Ванюкову. С их помощью Канышу Сатпаеву удалось выступить в Академии наук СССР и доказать обоснованность сделанных им выводов касательно запасов медной руды Джезказгана. В постановлении третьей сессии Академии 1934 года говорилось о необходимости строительства в течение третьей пятилетки в Джезказгане медеплавильного комбината. Сессия также поддержала предложение Сатпаева о строительстве железнодорожной линии Джезказган - Караганда - Балхаш. Затем Каныш Имантаевич обосновал свои предложения перед наркомом тяжёлой промышленности Г. К. Орджоникидзе. После этого в регионе начались широкие исследовательские работы. Впоследствии оказалось, что Джезказганское медное месторождение было на тот момент крупнейшим в мире по прогнозируемым запасам. К 1940 году в Джезказгане было построено Досмурзинское водохранилище и железная дорога, соединяющая Джезказган, Караганду и Балхаш.

За открытие Джезказганского месторождения Каныш Сатпаев в 1940 году был удостоен высшей награды страны - ордена Ленина.

КазФАН СССР

В 1941 году, по инициативе 2-го секретаря ЦК КП Казахстана Ж. Шаяхметова [9], Каныш Сатпаев был переведён на работу в Алма-Ату. Он был назначен директором Института геологических наук и заместителем председателя Президиума казахского филиала Академии наук СССР (КазФАН СССР). Так как глава филиала И.Ф. Григорьев жил в Москве и не мог полноценно исполнять свои обязанности, Сатпаев был исполняющим обязанностей председателя филиала.

Вскоре после начала Великой Отечественной войны, в августе 1941 года, немецкая армия захватила Никополь, основное месторождение марганца в Советском Союзе. В конце ноября того же года она перерезала железнодорожный путь к Чиатурскому месторождению, второму по значимости после Никополя. Это практически полностью остановило добычу марганца в СССР, так как эти два месторождения давали 91,6 процента марганцевой руды Советского Союза. Встал критический вопрос о поиске новых марганцевых месторождений. Каныш Сатпаев увидел марганцевые проявления в Джезды, что в Джезказганской области, ещё в 1928 году. Вспомнив об этом, он организовал геологоразведочный отряд в целях изучения местности на наличие марганца. По его поручению предварительные расчёты были составлены в кратчайшие сроки и отправлены в Наркомат чёрной металлургии. Осенью 1941 года в Джезды прибыла комиссия, организованная по поручению наркома чёрной металлургии И. Ф. Тевосяна. Сатпаев, по причине болезни, не смог принять участие в работе комиссии. Изучив местность за несколько дней, комиссия пришла к выводу, что «марганец в Джезды имеется, но его запасы нужно доразведать, а заявленный запас основан на недостаточном материале». Тем не менее Сатпаев добился того, чтобы вопрос об открытии рудника подняли в ЦК КП(б) Казахстана. Руководство Казахстана признало правоту Каныша Имантаевича. Оно сообщило о своём решении ГКО, который, в свою очередь, учитывая огромный дефицит марганца в стране, поручил построить в Джезды рудник и начать выдавать руду уральским заводам. Поручение было выполнено в течение сорока дней, и 12 июня 1942 года Джездинский рудник начал давать марганец. Этот день считается официальным днём рождения рудника. К 1943 году рудник выдавал 70,9 процента марганцевых руд страны.

В 1942 году Сатпаеву присудили Сталинскую премию за монографию «Рудные месторождения Жезказганского района», обобщавшую исследования, полученные им за 15 лет изучения региона. Помимо этого, к тому моменту Канышем Сатпаевым было опубликовано более сорока научных трудов. По совокупности работ 17 августа 1942 года Высшая аттестационная комиссия присвоила геологу степень доктора геолого-минералогических наук. Летом 1943 года Каныш Имантаевич был избран членом-корреспондентом Академии наук СССР и утверждён в должности председателя Президиума КазФАН СССР. В том же 1943 году Каныш Сатпаев приглашает к себе молодого инженера Ш. Ч. Чокина на должность

заведующего только организованным сектором энергетики. Впоследствии Чокин станет крупным учёным и одним из ближайших сподвижников Каныша Имантаевича. В своих мемуарах «Четыре времени жизни» он вспоминал: Каныш Имантаевич для меня - пример одержимости в науке, пример того, как надо жить для своего народа. С его лёгкой руки я ушёл в науку, что считаю даром судьбы.

В том же году Сатпаев, по совету первого секретаря Фрунзенского райкома партии, подал заявление о входе в Коммунистическую партию. Он хотел сделать это, ещё будучи в Джезказгане, однако тогда, узнав о том, что он потомок бия, ему отказали. Но на этот раз, в 1944 году, ему был выдан билет члена ВКП(б). В том же году Президиум Верховного Совета КазССР присвоил Сатпаеву звание «Заслуженный деятель науки Казахской ССР».

В 1945 году, учитывая быстрые темпы развития КазФАН СССР, его руководитель Сатпаев был награждён вторым орденом Ленина. Также он был удостоен ордена Отечественной войны 2-й степени.

Первый президент Академии наук Казахской ССР

К. И. Сатпаев и П. Бардин во время выездной сессии Академии наук КазССР. Караганда, 1949 год

Каныш Сатпаев начал задумываться над созданием в Казахстане Академии наук ещё в 1944 году. С августа того года были начаты подготовительные мероприятия. Активно велась переписка с отделом науки ЦК КПСС. К.И. Сатпаев регулярно совершал командировки в Москву, где доказывал необходимость организации Академии наук КазССР в Совете баз и филиалов АН СССР, отделе науки ЦК КПСС и Академии наук СССР. В период с 1944 по 1946 годы было создано 11 новых научно-исследовательских институтов. Также был разработан проект главного здания будущей академии, автором которого был архитектор А. В. Щусев.

1 июня 1946 года в здании театра оперы и балета им. Абая состоялась официальная церемония открытия Академии наук КазССР. Два дня спустя, 3 июня, на первом общем собрании Академии, состоявшемся в зале заседаний Президиума Верховного Совета КазССР, Каныш Сатпаев был избран её академиком и президентом. В том же году Сатпаев был избран академиком Академии наук СССР и депутатом Верховного Совета СССР 2 созыва. В 1947 году он был избран членом Президиума комитета по Ленинским и Государственным премиям при Совете министров СССР и оставался им до конца жизни. В 1949 году Каныш Имантаевич был избран членом ЦК КП(б) Казахстана. В 1950 году он был утверждён в учёном звании профессора по специальности

«геология» и избран депутатом Верховного Совета СССР 3 созыва. В 1951 году Сатпаев, по поручению Президиума АН СССР, принял участие в организационной сессии Академии наук Таджикской ССР. На данной сессии Каныш Имантаевич был избран почётным членом таджикской академии.

Освобождение от должности

«Сгущение туч» над Академией наук и её руководителем Сатпаевым началось в конце 1946 года, когда была организована комиссия ЦК КП Казахстана для проверки деятельности Института языка и литературы АН КазССР. Комиссией было принято постановление о том, что институтом были допущены грубые политические ошибки в оценке творчества многих деятелей прошлого и извращения националистического характера. Далее постановление гласило:

«...это могло произойти потому, что руководство Академии наук Казахской ССР...нарушило большевистский принцип подбора кадров, в результате чего институт оказался засорённым социально чуждыми и случайными людьми... Президиум Академии наук КазССР не обеспечил должное руководство Отделением общественных наук и, в частности, Институтом языка и литературы...»

В последующие годы Академия наук испытывала большой наплыв комиссий и проверок в научных учреждениях биологического профиля. Также Академия подверглась крупным проверкам в рамках «Дела врачей». В 1951 году учёные Х. Д. Джумалиев, Е. Исмаилов, писатель М. О. Ауэзов и композитор А. К. Жубанов были обвинены в национализме. Канышу Сатпаеву было сказано о необходимости уволить данных людей. В ответ Сатпаев сказал: «Вот мой ответ: я не дам согласия на такую бесосновательную чистку ни в одном из вверенных мне научных учреждений, во всяком случае, пока я руковожу ими». В том же 1951 году острой критике подвергся и сам Каныш Сатпаев. Его обвинили в сокрытии социального происхождения при вступлении в партию, опеке националистов и сокрытии того, что в 1917 году он был агитатором партии «Алаш-Орда». Затем Бюро ЦК КП Казахстана своим решением от 23 ноября 1951 года сняло его с поста президента и члена президиума Академии наук Казахской ССР.

Президент Академии наук Казахской ССР

В 1954 году сменилось руководство ЦК Компартии Казахстана. Первым секретарём стал П. К. Пономаренко, вторым - Л. И. Брежнев.

Они пересмотрели дело, связанное с обвинением Сатпаева в 1951 году, и признали учёного невиновным. В июне 1955 года Каныш Имантаевич был вновь избран президентом Академии наук Казахской ССР. В 1956 году он был избран членом ЦК КП Казахстана.

К. Сатпаев и Ш. Чокин в перерыве между заседаниями по обоснованию строительства канала Иртыш-Караганда. Москва, Кремль, 1958 год

В феврале 1956 года, в рамках шестой пятилетки, перед республикой была поставлена задача увеличить сбор зерна в пять раз, а также ускорить развитие промышленности. В целях осуществления задач, Каныш Сатпаев составил план работ по наиболее важным отраслям науки. Для эффективного контроля за выполнением поставленных задач был создан Совет по изучению производительных сил при Академии наук Казахской ССР (СОПС). За короткий срок был выполнен большой объём научных исследований по изучению природных ресурсов республики и разработке эффективных методов их использования. В 1957 году Сатпаев был награждён третьим орденом Ленина за мобилизацию Академии наук КазССР на освоение целинных и залежных земель.

Ещё в конце 1940-х годов учёные поняли серьёзность проблемы дефицита воды в Центральном Казахстане. Через территорию Казахстана протекают 2174 реки, среди которых полноводные Иртыш, Ишим, Урал, Сырдарья, Или и другие. Однако лишь 5,5 процента воды рек приходилось на долю Центрального Казахстана. В 1949 году, во время выездной сессии Академии наук КазССР, Ш.Ч. Чокин предложил сооружение канала, перебрасывающего в Центральный Казахстан воды Иртыша. Его идею одобрили К.И. Сатпаев и присутствовавший на сессии академик И.П. Бардин.

В 1958 году Каныш Имантаевич был избран депутатом Верховного Совета СССР 5 созыва. В 1959 году он был избран делегатом XXI съезда КПСС, а в 1961 году - делегатом XXII съезда КПСС. В том же 1961 году Сатпаев был избран членом Президиума Академии наук СССР и оставался им до конца жизни. В 1962 году Президиумы АН Казахской ССР и АН СССР выступили с инициативой присвоить Сатпаеву звание Героя Социалистического Труда, однако 1-й секретарь ЦК КП Казахстана Д. А. Кунаев в присвоении звания отказал. В 1962 году Сатпаев был избран депутатом Верховного Совета СССР 6 созыва и заместителем председателя Совета Союза Верховного Совета СССР 6 созыва.

В 1963 году Каныш Имантаевич был награждён четвёртым орденом Ленина за заслуги в развитии геологической науки.

Вклад в науку

Общие исследования

Научные исследования Каныша Сатпаева охватывают в основном такие отрасли, как геология, история и культура.

Одной из самых примечательных заслуг Сатпаева в области геологии является то, что он, несмотря на несогласие с ним ряда крупных специалистов, таких как И.С. Яговкин, В.К. Котульский, А.А. Гапеев и др., продолжил изучение Джекказганского района и в 1930-х открыл Улутау-Джекказганское меднорудное месторождение, на момент обнаружения считавшееся крупнейшим в мире по прогнозируемым запасам. К заслугам Сатпаева также относится то, что по его поручению и под его руководством в 40-е годы в Казахстане было открыто и разработано Джездинское месторождение марганцевых руд, позволившее Советскому Союзу в годы Великой Отечественной войны, несмотря на потерю украинского Никополя и Чиатурского месторождения в Грузии, продолжить выпуск броневой стали. В годы войны 70, 9 процента марганцевой руды СССР были получены на данном месторождении.

Разработанный Сатпаевым в 1950-х «Комплексный метод формационного металлогенического анализа и прогноза месторождений» был лучшим в стране по точности, и служил основой для комплексных металлогенических исследований в СССР.

В 1935 году, исследуя Джекказганскую область, Каныш Сатпаев обнаружил камень с надписью, оставленный Тамерланом в 1391 году, во время похода в казахскую степь. Осенью 1936 года данный камень был отправлен в Эрмитаж.

В период с 1919 по 1924 годы Каныш Сатпаев написал учебник по алгебре, состоящий из 1642 страниц. Данный труд вошёл в историю как первый школьный учебник по алгебре на казахском языке.

За свою жизнь Сатпаев написал свыше 640 научных работ

Государственной премии СССР.

Организация науки

Помимо научных исследований и воспитания научных кадров, Каныш Сатпаев получил известность как крупный организатор науки Казахстана.

Во время войны, в целях безопасности, Президиум АН СССР вместе с многими учёными разных областей науки был эвакуирован

в Алма-Ату. Каныш Сатпаев, воспользовавшись появившейся возможностью, подключил эвакуированных учёных к научной деятельности КазФАН. В результате филиал за короткое время вырос в крупный научный центр. В 1941 году, когда Сатпаев был назначен и. о. председателя Президиума Казахского филиала АН СССР, КазФАН состоял из 100 научных сотрудников, из которых 14 были кандидатами наук, и три — докторами. Однако к 1945 году КазФАН СССР насчитывал уже 500 научных сотрудников, среди которых 18 докторов наук и 44 кандидата. Через пять лет после назначения Сатпаева на должность руководителя КазФАН СССР, в 1946-м, мелкий филиал стал Академией наук Казахской ССР. К 1964 году АН КазССР стала одной из крупнейших республиканских академий в СССР.

Возглавляемый Сатпаевым в 1941–1964 годы институт геологических наук стал центром развития геологической науки республики. К концу Великой Отечественной войны, через 4 года после его основания, институт стал одним из крупнейших научных организаций геологического профиля в стране. Постановление бюро геолого-географического отделения Академии наук СССР от 5 октября 1943 года гласит: Особо отметить... работу казахстанского Института геологических наук в период ВОВ в скорейшем открытии и разработке множества сырьевых ресурсов стратегических металлов для нужд обороны; ... по объёму научно-исследовательских работ и в комплектовании научными кадрами этот институт является одним из лучших и образцовым научным учреждением в системе филиалов АН СССР

Награды

Награждён следующими премиями, орденами и почётными званиями:

Сталинская премия (1942)

Ленинская премия (1958)

4 ордена Ленина (1940, 1945, 1957, 1963)

Орден Отечественной войны 2-й степени (1945)

Почётный гражданин города Жезказгана

Почётный гражданин города Сатпаева

Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ – ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

Г. ҰЛЫҚПАН

8 «А» сынып оқушысы, І. Қабылов атындағы № 12 орта мектебі, Қызылорда қ.
Г.Ж. КЕМАЛОВА
орыс тілі пәнінің мұғалімі, І. Қабылов атындағы №12 орта мектебі, Қызылорда қ.

*Достым, сіз ғалым адамның өлгеніне
қайғырдыңыз, оң қолыңызбен ашық
жатқан көзін жаптыңыз, жыладыңыз.
Туысқаным, жылама, сіз ғалым адамның
көзін жапқаныңызбен ол адам өлгеннен
кейін де ақыл-парасаты, еңбегімен
кейінгі буынның өмірге көзін аша береді,
өмір сүруді үйрете береді.*

Шығыс даналығы

Біздің халқымыздың Ұлы Октябрь революциясынан кейін тамаша тағдыры тудырған құбылыстардың бірі – еліміздің өндіргіш күштерін дамытып, өркендеуіне ықпал ететін кеңес ғылымының ғажап өкілдерінің өмірі мен қызметі. Коммунистік партия мен Кеңес өкіметі елімізде жаңа өмір орнатып, социализм құрылысы өрістей бастаған жағдайда кеңес ғалымдары тәрбиеленіп, қайнаған өмірге белсене араласты. Олар дарқын дарыны, өзгеден озық тірліктің арқылы өз бойына заманының тәжірибесімен жетістіктерінің ең құнды жақтарын жинақтады. Сондықтан да олардың өмірі де, ісі де, қызметі де қымбат қазына, маңызды мұра, сол мұраны бойына ілтипатпен сіңірген ұрпақ прогреске ұмтылу жолында жемісті нәтижелерге жетпек.



Аса көрнекті ғалым және қоғам қайраткері, СССР Ғылым академиясының және Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, Лениндік

және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – кеңес заманы тудырған ғажап құбылыстардың бірі. Ол сирек талант, дарын екендігімен қоса жаңа дәуір жемісі, елімізде социализм орнату мақсат-мұраттары дүниеге әкелген кеңес ғылымының тамаша өкілі, интернационалист ғалым. Қаныш Сәтбаев туған елінің игілігіне мол қабілетін, зерделі зйінін, сергек санасы мен қайсар қайратын аямай ерен еңбек етті. Бойындағы қадір-қасиетін, қажырлы қайрат-жігерін Отан үшін жұмсап, ұлан-ғасыр ғылыми және мемлекеттік қызметінің бар жемісін халық игілігіне арнаған, шарапатын көпке тигізе білген үлкен ғалымның өмір жолы, ерлік еңбегі – ғибрат тағлым. Ғалымның парасатты қызметі халқының көз алдында өті, оның әрбір әсерлі қадамы замандастарының есінде қалды. Сондықтан академик Қ.И.Сәтбаевтың ғажап өмірі, ғалымдық жолы тірі кезінде де өнеге еді. Енді оның дүние салған уақыты алыстаған сайын халқының ардақты адал перзентінің өмір жолының мәні мен ғибраттылығы, ұрпақ үшін қажеттілігі бұрынғыдан да ұлғая, биіктей түскен тәрізді. Оның бір дәлелі ретінде Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты өткізіліп отырған конкурсты атап өтсек болды.

Мен бұл жұмысты жазғандағы мақсатым, біріншіден, Сәтбаевтың өміріндегі жетістіктерін, бойындағы ерекше қасиеттерін жастарға жеткізу және өзіме де үлгі тұту. Екіншіден, аз да болса ізденіп жүрген оқушыларымыздың, студент замандастарымыздың қатарын көбейту. Сонымен қатар Қ.И.Сәтбаев сияқты сирек кездесетін ғалымдарымыздың өмірін талқылау мен үшін қызық дүние болып көрінді. Дегенмен, менің оқуымның бағыты экономика ғылымы болғандықтан, мұндай тақырыпта істелінетін жұмыстар өте аз, жоқтың қасы десек те болады. Міне, бұл жұмысқа бас ұрып отырғандағы мақсатымның бірден-бір себебі, осы деп ойлаймын.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Семей губерниясы Павлодар уезі Ақкелін болысының 4-ауылында (қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы ауыл) дүниеге келді. Заңғар биік жар тастары, көгілдір көлдері, жап-жасыл қарағайы бар, одан әрі бозғылт жусан, тікенекті боялыш басқан, саршұнақ жортқан, аспанында қыран ұшқан Қ.И.Сәтбаевтың туған жері туралы халық:

«Баянауыл басынан бұлт кетпес,

Қиядағы түлкіге құсым жетпес», - деп әлі күнге дейін ән шырқайды. Қаныш сәтбаев бала кезінде алуан түсті тастары бар тау мен жазық даланы

бірдей жақсы көрген. Ол өзінің теріден жасалған қапшығына әр алуан сұрғылт, қызғылт, сары тастарды жалықпай терген екен.

Қаныш мектеп есігін ашқаннан соң көп ұзамай – ақ қатарының алды болған. Хат танығаннан кейін – ақ кітаптан бас алмайтын, өте зерек бала болған. 1911 жылы Қаныш Павлодардағы екі жылдық училищеге түседі. Мұнда да алдына жан салмаған Қаныш, ұлы Абай бір кезде білім алып, өлең жазған Семейге аттанды. Онда мұғалімдер семинариясына түседі. Оқудың қиындығына қарамастан, мойымай, көз майын таусып көп оқиды. Кітапханада Абайдың жерлесі жас Мұхтар Әуезовпен кездесіп, достасып кетеді. Қаныш семейде қазақ ақыны Торайғыровпен де танысып, оның өтініші бойынша Карл Маркстың кітабын оқып, оны қазақ тіліне аударған көрінеді. Жас Сәтбаевтың әдеби қызметі, міне, осылай басталған екен.

1918 жылы Қаныш Сәтбаев Семейдегі екі жылдық педагогтік курске мұғалім болып орналасады. Ол қалт еткен бос уақытын кітап оқумен өткізеді. Оқыған кітаптарының басым көпшілігі тастар туралы болған көрінеді. 1919 Қаныш сәтбаев ауыл мұғалімі болып жұмыс істеген. Ол өзінің бұл жетістігімен ата-анасын риза қылумен қатар, бүкіл ауылының мақтанышы болған.

Қаныш Сәтбаев ұстаздық қызметін атқарып жүріп, өз білімін толықтыруды тоқтатпаған. Ол балаларды оқытып қана қоймай, өзі де қажымай-талмай көп оқыса керек. Бірақ, шамадан тыс еңбектену оның денсаулығын әлсіретіп, дәрігерлердің анықтаулары бойынша өкпе ауруына шалдығады. Дәрігерлердің таза ауада дем алып, қымыз ішу керек деп үзілді-кесілді талап қоюына байланысты, Қаныш өз үйіне келіп, шипалы қымыз ішіп емделеді.

Осындай өзгерістерден кейін, 1920 жылы жас Сәтбаев учаскелік халық сотының төрағасы етіп тағайындалады. Ол халықтың өмірімен, оның үлкенді-кішілі тартыс-таласымен танысты, сот жұмысында бір жазықсызды жалалағанша, көп жазықтыны жазасыз жібермеген жөн деген принципі қатаң ұстанды. Сөйтіп ешкімнің бығына жығылмайтын әділетті сот болған Сәтбаев, сол кездегі өз ауылының сүйіктісі болса, қазіргі кезде еліне адал қызмет ететін жастарға өнерге, үлгі екенін атап өткеніміз жөн.

Қаныш Сәтбаев көп еңбек студия салдарынан, қайтадан денсаулығын нашарлатып алады. Сол себептен қымыз ішіп емделуді қайта бастайды. Осы кезде тағдыр оны қымыз ішіп, емделуге келген орыс ғалымы, геолог, профессор Михаил Антонович Усовпен табыстырады. Бірі егде, бірі жас – ол екеуінің бар ықыласы геология ғылымы екені көп ұзамай белгілі болды.

Усов Сәтбаевқа Томскідегі Сібір технологиялық институтына түс деп ақыл береді. Сөйтіп, 1921 жылы Қаныш сәтбаев тау-кен факультетінің геологиялық барлау бөлімшесіне түседі.

Усовтың басшылығымен жаны қалаған геология ғылымын бар зейінін салып зерттейді. Усовтың екі сағаттық лекциясы оған аздай көрінсе керек, ол курстас жолдастарына – лекция неге тез аяқталады осы тегі қоңырауды ерте соғады-ау деймін, - деген екен.

Өзінің студенттік шағын еске алып жазған жазбаларында былай деген: «Томскідегі студенттік кезімде терең де тың геологиялық идеялары бар, геология мен туған Сібірінің табиғатын жанындай ккретін, жан дүниенді баурап алатын адамгершілігі зор ғалым академик Усовпен тығыз қарым-қатынас жасадым, ұлы орыс халқының лайықты перзенті болған нағыз ізгі адам маған зор әсер етіп, шексіз алғыс сезімімді туғызады».

Ол өз жұмысын Атбасар түсті металдар терісінің геологы болудан бастаған. Жезқазған және Атбасар түсті металдар терісінің геологы болудан бастаған. Жезқазған және Усовпен мыс кеніштеріндегі геологиялық барлау жұмыстарына қатысқан. Үлкен Жезқазған проблемасын ұсынып, осы ауданның ірі перспективалары туралы Ауыр өнеркәсіп халық комиссары С.Орджоникидзеге мәлімдеме жасаған, ал, ол бұған толық қолдау көрсетіп, Сәтбаевтың тікелей қатысуымен мыс өнеркәсібінің еліміздегі ең ірі орталығы бой түзеген.

Үлкен Жезқазған проблемасын шешу тұсында Қаныш сәтбаев юрск және миоцен жас мөлшеріндегі тас көмір кеніштерін зерттеу, бағалауға назараударған, темір, марганец, алтын, полиметалдар, отқа төзімді заттар, құрылыс материалдары жөніндегі мақалалар жарияланған, яғни геология ғылымының әр түрлі саласынан өзінің жан-жақты білімдарлығын танытқан.

Қаныш Имантайұлы сәтбаевтың аса үздік ғылыми жетістіктері деп Қазақстанның болжам карталарының принциптерін белгілеуді және жасауды айтуға болады. Қаныш Имантайұлы өз ұстаздарының идеяларын шебер дамытты. Болжам карталары Орталық Қазақстанның минералдық шикізат базасын игеруде өте-мөте зор пайдасын тигізді. Болжам карталарда белгіленген алаңдарда жүздеген жаңа кеніштер ашылды. Қаныш Имантайұлы көптеген, әрі сан алуан пайдалы қазбаларды ашуға жетекшілік еткен.

Қазақстанның экономикалық даму перспективаларының болашағы оның жер қойнауындағы орасан зор табиғи байлықтарымен байланысты екендігі жасырын емес десек, өткен ХХ ғасырдың

жиырмасыншы жылдарының ортасында геологиялық тұрғыдан Қазақстан аумағы «ақтандақ» болып есептелді және Қазақстанның жер қойнауында Менделеев кестесінің шын мәнінде барлығы дерлік бар екендігін дәлелдеу үшін Сәтбаевтың және оның мектебінде тәрбиеленген қазақстандық геолог-ғалымдар мен өндірісшілердің көп жылғы жанқиярлық еңбегі қажет болды. Бүгінде шетелдік инвесторлар өздерінің қаржыларын осы жер асты байлығымызға және біздің салыстырмалы түрде осы байлықтың дамыған өндіруші және өңдеуші өнеркәсібіне салуда. Осыдан жарты ғасыр бұрын-ақ Қаныш Имантайұлы: «Біздің табиғи байлықтарымызды ақылға қонымды пайдалану ғана халықтың материалдық әл-ауқатын және мәдени деңгейін, оның экономикалық және әлеуметтік дамуын айқындайды», деп айтқан болатын. 1926 жылдан бастап Жезқазғанда ресейлік академиктер Усов пен Обручевтің шәкірті болған жас тау-кен инженері Қаныш Сәтбаевқа зерттеушілердің шағын отрядымен рудалардың барланған қорын төрт жүз елу есе арттыруға мүмкіндік туып, әлемдегі ірі мыс кенішінің атағын әйгіледі. Ал 1934 жылы күзде ең алдымен Мәскеуде Жезқазған проблемалары бойынша КСРО Ғылым академиясының сессиясын өткізуге (сол кезде Қазақстанда ғылым әлі өркендей қоймаған кез), содан кейін сессия қорытындыларына сүйене отырып, КСРО ауыр өнеркәсібінің халық комиссары Серго Орджоникидзенің қабылдауында болып, Жезқазған мыс қорыту комбинатының, Жезқазған кеншілер қаласының және оған баратын темір жолдың құрылысы туралы мемлекеттік шешім шығартуға қол жеткізеді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ауылшаруашылығын өркендетудегі рөлі де баға жетексіз. Оның басшылығымен малды әр түрімен будандастыру жөнінде жұмыс басталды (қазіргі кезде малдың бірнеше тұқымы шығарылды). Қаныш Имантайұлының ықпалымен республикада генетикалық ой даму алды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы астрофизика институтының ғалымдары Күн жүйесінің бір планетасына белгілі Кеңес ғалымы, Лениндік және СССР Мемлекеттік сыйлықтарының иегері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімін беру жөнінде ұсыныс жасаған. Бұл ұсынысты АҚШ-тың Кембридж қаласындағы Халықаралық планета орталығы қолдап, бекітті. Бұл планетаны Астрофизикалық обсерваториясының аға ғылыми қызметкері Н.Черных ашқан. Планета Марс пен Юпитер аралығындағы «астероид белдеуінде» Күнді айнала қозғалады. Сыртқы түрі бұрышты, ойлы-қырлы келген, түсі қара сұр немесе қара қоңырлау келген. Аспан денесінің

көлемі шағын. Диаметрі шамамен 11 шақырымдай болады. Күн айналып шығу мерзімі- үш жыл төрт ай.

Халықаралық планета орталығынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, жаңа планетаның орбиталық элементтерін есептеп шығарды. Сөйтіп, оны кіші планеталардың халықаралық каталогына енгізді. Сонымен енді, міне, Жерден жүздеген шақырым қашықтықта космос төрінде Қаныш Сәтбаев атындағы планета ұшып жүр.

Қаныш Сәтбаев туралы жазба деректерде ғалымның замандастары жазған ой-пікірлер көп-ақ. Солардың бірі – 1. Омаровтың қолжазбасынан алынған материалда Қаныш имантайұлы туралы былай делінген: «Қаныш ер тұлғалы адам ғана емес, сырт суретінің өзі оның асқар ойлы ғалымдығына, ақыл-парасат, адамгершілігіне сайма-сай еді. Сол заңғар, батыр тұлғасы істеген ісінде, қоғамдық жұмысында, адамдармен қарым-қатынасында да байқалып, Лев Толстой айтқандай: асыл ақыл-ой асқар адамға тән, дегенді паш етіп тұрушы еді».

Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған, дүниежүзінде белгілі ғалым болды.

Қаныш Сәтбаев – кеңестік заманның асқар Алатауындай ғалымы: оған ешкімнің дауы жоқ, болмақ та емес.

Қ.И. САТПАЕВТЫҢ «АЛГЕБРА» ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ ЖОЛЫ МЕН ЗЕРТТЕУІ

А.Е. ШАЙХИНА

10 «Б» сынып оқушысы, № 21 жалпы орта білім беретін мектебі, Екібастұз қ.

С.Е. АМАНЖОЛОВА

математика пәнінің мұғалімі, ғылыми жетекші, № 21 жалпы орта білім беретін мектебі, Екібастұз қ.

Қазақ халқының дана перзенті, XX ғасырдың ғұлама ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жан-жақты жаратылған ерекше тұлға. Оның бай мұраларын атағанда Жезқазғаннан бастап, Ғылым академиясының геологиялық институтын құрғанымен қоса, Ғалымдар академиясының тұңғыш президенті, негізін қалаушысы деп мақтаньшпен айта аламыз. Бұл - мақтан тұтып айтуға тұрарлық дара тұлға. Академик Қ.И.Сәтбаев ғылымның әр саласына сүбелі үлес қосқан ғалым.

Академик Қ.Сәтбаевтың ғылыми мұрасында педагогика ғылымдарына қатысты еңбектері үлкен орын алады. Ол қызметтегі

алғашқы қадамын мұғалімдіктен бастаған. Ол 1914-1918 жж. Семей мұғалімдер семинариясында оқып, мұғалім мамандығын алып шыққанан кейін, Семейде қазақ мұғалімдері үшін ұйымдастырылған екі жылдық педагогикалық курстарда «Жаратылыстану» пәнінен сабақ береді. Мұнан кейін денсаулығына байланысты туған жеріне оралып, 1919-1920 жылдары Ақкелін болысының төртінші ауылында мұғалім болып жұмыс істеген.

Оның мақалалары мен хаттары, сондай-ақ естеліктерінде мектеп пен оқу ағарту, ұстаздар мен жастар мәселелері де қамтылған. Болашақ академикке баға берген халыққа аса танымал ақын, діндар-ағартушы Мәшхүр Жүсіп Көпейұлы 20-жылдары былай депті: «Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев - адамның жорғасы. Тірі болса, тірі жүрсе, бақты, талайлы болатын жігіт» («Көп томдық шығармалары», 13-том, 22-бет). Ал осы сөзден кейін Мәшхүрді, халық тілімен айтқанда, әулие емес деп көріңіз!

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1921 жылы Том қаласындағы технология институты тау-кен факультетінің геология бөлімшесіне оқуға қабылданды. Ғалым педагог ретінде тұлғаландыра түсетін еңбегі – «Алгебра» атты оқулығын дайындады. Ізденуші-әдіскер жас Қаныш бұл оқулықты Том қаласында студент болып жүрген кезде жазды. Мұнда үлгерімі үздік студенттердің бірі ретінде мемлекеттік стипендия иегері атанды. Математика оқулығын шығарып, ол үшін қаламақы алған. Жуырда Том институтының алдына ғалымға арнайы ескерткіш орнатылды. Бұл ұлы академикке көрсетілген құрмет деп білеміз.

Қ.И. Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығының тарихи жолы. Бұл еңбек Қ. Сәтбаевтің 1919-1924 жылдары 25 жасында жазып бітіріп, баспаға тапсырған «Алгебра» оқулығы. Тарихи мәлім, дана ағартушы А.Байтұрсынұлы Халық ағарту комиссары (министрі) болған жылдары белілі оқығандарға әр саладан оқулық жазу туралы тапсырма берген. Осы «Алгебра» оқулығы – сол бастаманың жемісі. Кітаптың қолжазбасы ҚР мемлекеттік архивінде сақталынып, әр түрлі себептермен осы уақытқа дейін жарық көрмеген.

Арада 85 жылдан кейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары аталған тарихи мұраны халықпен ағаш рет қауштырып отыр. Жұмыс барысында түпнұсқаның бірнеше бетінде кездесуге тиіс суреттердің болмағаны байқалды.

Оқулықтың тарихи құндылығын түсіне отырып, автордың жазған еңбегінің сол заманға сай жазылу стилін, қолданған математикалық терминдерін сақтауға тырыстық. Кітап жатық

дәл және түсінікті тілмен жазылған. Оқырмандардың танымдық ой өрісін кеңейтуге себін тигізген көптеген есептер және олардың шығару әдістемелері келтірілген.

Еліміздің Мемлекеттік орталық архивінде жинақталған академик Қ.И. Сәтбаев еңбектері ішінде қазақ тілінде «Алгебра» оқулығының қолжазбалары:

- араб графикасымен жазылған қолжазба (592 бет)

- латын графикасымен жазылған қолжазба (1400 беттен астам)

сақталған.арихи деректерде айтылғандай және Ғ.О. Батырбековтың, Б.М. Қосановтың зерттеулеріне қарағанда, Қ.И.Сәтбаев қазақ тіліндегі тұңғыш «Алгебра» оқулығының қолжазбасын Қазақстан халық ағарту комиссариатына 1924 жылы тапсырған. Қолжазба комиссариаттың ғылыми-әдеби кеңесі тарапына мектеп оқулығы ретінде мақұлданып, баспаға жіберілген. Алайда, «Казиздатта» Қ. Сәтбаев ұсынған алгебралық таңбаларды белгілейтін шрифтер мен матрицалардың болмауына байланысты «Алгебраны» басып шығаруға қиынға соғады. Сондықтан ол 1927 жылы Мәскеуге Центриздатқа жіберіледі. Бірақ Центиздат пен Казиздат арасындағы түсініспеушіліктер салдарынан оның басылуы кешеуілдей береді. Автор ретінде Қ. Сәтбаев алаңдаушылық білдіріп, бұл баспаларға бірнеше мәрте хат жолдағанымен, ешқандай нәтиже шыға қоймайды. Мұнан кейін 1929 жылы латын алфавитіне ауыстыруға байланысты Қ.И. Сәтбаев оқулықтағы формулаларды бастан-аяқ латын әріптерімен түзеп шығып, 03.03.1929 жылы латынша көшірушіге тапсырады. Бірақ 30-жылдардан бастап Қазақстанда біртіндеп кеңестер одағына бірыңғай, ортақ оқу бағдарламалары мен аударма оқулықтарға көшу басталып кетеді де, Сәтбаевтің «Алгебра» оқулығын басып шығару ісі аяқсыз қалады.

Біріншіден, ол сол кезең үшін ең үздік болып есептелетін оқулықтардан мазмұн жағынан да, сапа жағынан да Қ. Сәтбаевтың дайындаған нұсқасы деңгей жағынан төмен емес деп бүгінгі оқымыстылыр бағалап отыр. Автор «Сөз басында» оны дайындау барысында орыс тіліндегі үздік оқулықтардан басқа Тодгентер, Бертран және т.б. Батыс елдері профессорларының оқулықтарының пайдалы жақтарын таңдап алғанын қадап айтады. Есеп пәндерінің ішіндегі амал және әлпет белгіері мәдениетті жұрттарда қашанда ортақ түрде болып келе жатыр. Бұл ортақшылықтың ғылымда беретін пайдасы санап бітіргісіз, өйткені есеп пәндері тілінің өз белгілері бар екені мәлім. Есеп тілінің жалпылануы - біріншіден, пәннің кенеюіне, екіншіден, оны үйреніп білудің және әдістеу жолдарының

жетілденуіне көп себеп болатыны айқын. Есеп әлпеттерінің тілі Еуропа елдерінде латын (рум) әріптері болып келді. Сондықтан қай тілде болсын жазылған есеп кітаптарының тек ішіндегі сөздер бөлек болғанмен әлпеттері, өрнектері, пішіндері бәрінде бір түрде болып отырады. Өрнек пішіндерінің ортақ түрде болғандығы өз елінің ана тіліндегі мектептеріне қанағаттанарлықтай негізде білім алған шет жерлерге барып оқитын, әсіресе кезбе шәкірттерге ынғайлы болар еді. Мысалы, бұрынғы патша заманында үкіметтің қуғыншылағына ұшырап, орыс университеттерінен шығып қалған студенттер шет мемлекеттердің жоғарғы сатылы мектептерінің біреуіне түсерде, ол елдің ана тілін аса жетік білмесе де, есеп пәндеріне керекті емтихандарды тапсырып отырған. Бұл үшін сынаушы адам сұрайын деп отырған есеп ережесін класс тақтасының бетіне өрнек түрінде жазып, емтихан тапсырушы шәкірт сол тақтаға берілген өрнектер жүйесін, шешімін және зерттеу жолдарын ғана жазып шығады екен. Елдің қазақ елінің ана тілінде мектептеріне келсек, олардың ішіндегі оқылатын пәндердің тәртібі мен көлемі шәкірттерді толық қанағаттандырады деп айтуға болмайды. Оған түрлі себептер бар: оқытушылардың тапшылығы, оқу құралдарының кемшілігі, оқытушы адамдарға негіз боларлық ана тілінде жазылған маңызды ғылыми кітаптардың жоқтығы, тағы сол сияқтылар.

Екіншіден, оны қазақ оқушыларын мейлінше түсінікті болу жағынан ескеріп, көңілге қонымды ана тілімізге математика терминдерін ұсынылуы тұрғысынан ерекше бағалауымыз керек. Автор мында көптеген математика терминдеріне қазақша атаулар ұсынған. Онда қазіргі қолданып жүрген көптеген терминдерде кездеседі. Оның өзі сол терминдердің негізгі авторы Қ. И. Сәтбаев екеніне күмән келтірмейді. Сондай-ақ оқулықтарында пайдалануға сұранып тұрған көптеген терминдер де бар. Мысала, прогрессия-дәуірлеу, квадрат теңдеу-шаршылық теңдеу, куб түбірі-текше түбірі, т.с.с деп алынған. Егемен еліміздегі ғылыми тілімізді қалыптастырамыз деп жүргенде, бұл оқулықтың көп пайда келтілері сөзсіз, себебі Қ. И. Сәтбаев тек қана орыс оқымыстыларымен шектелмей өркениетті елдердің жетістіктерімен сусындап отыр.

1 кесте

Қ.И. Сәтбаев терминдерінің жалпы саны	Қазіргі оқулықтарда қолданысқа ие болған терминдер саны	Словарь ретінде өзгертілген терминдер саны
220	180	40

2 кесте

А.Байтұрсынұлы қалыптастырған ұлттық ғылыми терминдер			
қазақша	орысша	қазақша	орысша
әлпет	выражение	қосынды	сумма
қоспа	слагаемое	үдеме дәреже	восходящая степень
өрнек	формула	азба дәреже	нисходящая степень
шыңы	величина	тең ара	пропорция
түйін	теорема	дәуірлеу	прогрессия
берен	функция	өріс	радиус
белдік	ось	тек	элемент
жік	гран	өре	диаметер
нағыз	натуральный	жасалым	устройство
шоғыр	комплекс	қоршау	скобки
қос шарлы теңдеу	биквадратное уравнение	дербес мәні	частное значение
жайманың өрнегі	формула разложения	жарнақ	числитель
шаршылық теңдеу	квадратное уравнение	олқы түбір	приближенный корень с недостатком
Қалқы түбір	приближенный корень с избытком	Кесімді самымдар	срочные взносы
кесімді өтемдер	срочные уплаты	бірдейлік	тождество
үйлесім	симметрия	алмасу қасиеті	переместительное свойство
майыспа	кривая	теру қасиеті	сочетательное свойство
қараул белдіктері	оси координат	сан өсіргіш	коэффициент

Жұмыста кездесетін әлпет (выражение), қоспа (слагаемое), өрнек (формула), шыңы (величина), қосынды (сумма), үдеме дәреже (восходящая степень), азба дәреже (нисходящая степень), пропорция (тең ара), түйін (теорема), берен (функция), белдік (ось), жік (гран), дәуірлеу (прогрессия), өріс (радиус), тек (элемент), шоғыр (комплекс), өре (диаметер), нағыз (натуральный), жасалым (устройство) т.б. аталымдар А.Байтұрсынұлы қалыптастырған ұлттық ғылыми терминдердің өресінен табылады. Халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жиып өрнектеп қолданған қара сөзін «шекпен кигізіп, өзіне қайтарған» мұндай талап - дамуға бағыт

алған әлемнің барлық тіліне де ортақ қасиет. Осы жолда Ахмет көшбасшы болды. Қаныштар мұны салаландарды. Жас ғалымның Алашқа, елге адалдығы осыдан көрінеді.

1924 жылы жазылған «Алгебраның» бүгінгі кирил қарпіндегі нұсқасын оқыған адам рим және араб цифрларының кейінгі «ыншы», «інш шаларға да таңдануы мүмкін. Қазіргі жазуымызда «-» (дефис) осы қосымшалардың орнына жүреді және рим цифырынан кейін сызықша қойылмайды. Сондықтан жазуымыздың тарихын білу үшін де біз әлгі қосымшаларды сақтадық.

Үшіншіден, кітаптің тілі аса жатық, дәл және түсінікті, ол, негізінен, қазақ баласының ұғымына лайықталып жазылған. Жоғарғы кемшіліктердің бәрін бір күнде, не бір жылда оңай түзеп жіберуге болмайды. Бұл үшін әлде болса, кемінде 10 не 20 жылдық уақыт мезгілі және тынымсыз еңбек керек. Олай болса, қазіргі заманның және келешек буынның оқушы қазақ жастары кеп уақытқа шейін тәрбиесінің негіздерін орыстың және басқа жұрттың жоғарғы сатылы мектептерінен алуы керек екендігі туындайды. Мұнан қазақ тіліндегі есеп кітаптарында да әлпеттер мен өрнектер жүйесі бар халыққа ортақ түрде болатын латын әрпі мен белгіленуінің керек екендігі шығады. Олай болса да бұл кітаптың ішіндегі әлпет жүйелері латын әріптерімен көрсетіліп отыр. Есеп кітаптарындағы қолданылатын латын әріптері шынында әліпбүй ретінде емес, тек пән белгілері (знаки) мәнісінде болатындығы тақырыпты латын әріптерімен белгілеу мәселесі латын әліппесін Қазақстанда жалпыға қолданып-қолданбау жұмысынан бөлек өзгеше түрде қаралуына керек нәрсе. Сондықтан, әлі де болса, есеп белгілерінің мәселесі білім кеңесінде қайта зерттеліп, кейінгі басылатын есеп кітаптарындағы әлпеттер пішіні мәдениетті елдердікіндей болатынына сенім бар.

Төртіншіден, оқулық мазмұны жағынан қазақ өмірі, мәдениеті және тұрмысымен сабақтас. Сонымен қатар, автор оқу материалын қазақ баласының шағын, жергіліктікөлемді мүддесіне ғана байланысты тарылтпай, оның танымдық ой-өрісін кеңейтуге септігін тигізген материалдарды молынан пайдаланған, яғни, оқулықтың білімділік, тәрбиелік дамытушылық сипаты күшті.

Бесіншіден, автордың сөзімен айтқанда, «Бұл кітап мектептердегі шәкірттерге оқу құралы болумен қатар, оқушыларға да пәндік негізі болуына керек деген оймен...» жазылған, яғни, мұғалімдердің теориялық және әдістемелік дайындығын көтеру де көп пайдасы зор.

Алтыншыдан, оқулық алгебраның бастауыш ұғымдарынан бастап оның жүйелі курсының, яғни, мектеп бағдарламасындағы

алгебралық материалдың түбегейлі дерлік мәселелерін қамтиды. Көптеген материалдар «мәселен, теңдеулерді және олардың жүйелерін зерттеу, т.с.с.) аса түсінікті тілмен тереңірек баяндалған. Тіптен оқулыққа жоғары оқу орындарында қарастырылатын кейбір материалдар да (мәселен, комбинаторика элементтері, жоғары дәрежелі теңдеулер, комплекс сандар, үздіксіз бөлшектер, т.б.) енгізілген. Оқулықтың бұл сипаты оның жоғары оқу орындарына түсушілерге дайындық жасарлықпайда жақтарын көрсетеді. Бұлар оқулықтың артықшылықтарының ең негізгілері ғана. Сондықтан, біздің пікірімізше, бұл оқулықтың басылып шығуы, сөз жоқ, Қазақстандағы математикалық білімнің әріден басталатындығын дәлелдей түсетін тарихи куәлік ретінде айналамызға бізде де осы сияқты ұлы еңбектердің болғандығын жария етер келелі іс болар еді.

Енді әдістеу жағына келсек:

1) Есеп пәні төменгі мен жоғарғы сатылы екі жікке бөлінеді. Оның төменгі жағында үнемі өзгеріссіз болатын, қалыпты шамалар зерттеліп, олардың жүйесі толық көлемінде орта мектептерде аяқталады. Есептің жоғарғы жігінде тұрақты даму үстіндегі жоғарғы математика салалары кіреді.

2) Қазақстан Наркомпросының қаулысы бойынша бұл кітаптың ішіндегі әлпеттер дені латын әрпімен белгіленді, кітап латынша басылды, көбінесе өзгермей, қалыпсыз болатын шамалар өзгертіліп, олардың жүйесі толық түрде жоғарғы сатылы мектептерде қарастырылады. Есеп сатысындағы екі жіктің арасында көпір болмай, қалыпты шамамен өзгермей қосындылар жүйе негізгі екі бөлек болғандығы үшін, орта мектепке түсетін шәкірттер есеп жүйесінің кезінде зор қиыншылыққа кездесетін. Бұл кемшілікті жою үшін қазіргі уақыттағы әдістеу жолдары орта мектептің ішіне жоғарғы жіктегі есеп жүйелерінің алғашқы элементтерін кіргізуді қажет етіп отыр. Сондықтан бұл кітаптың ішіндегі бір бөлім (IV-бөлім) түгелімен сол өзгерме шамалардың бастауыш бөлімдеріне арналады. Төменгі жіктегі есеп пәнінің ішіне өзгерме сандардың жүйесін кіргізу кеңес заманында шыққан орыс кітаптарында да көріне бастады (мысалы, Кузеловтың 32-ші баспасы).

3) Есеп жүйелерінің есте қалуы қашанда машықталуға, ызылжандыққа байланыстылығы мәлім. Сондықтан, бұл кітаптың ішіндегі ережелер бірнеше тиісті мысалдармен пысықталып отырылды. Оқылған, тиянақталған ережелерді қолданып дағдылану үшін тиісті жерлерінде шәкірттердің өзіндік шешуіне 114 есеп беріліп отыр. Бұл есептердің көбі ел ішіндегі, жұрт ауызындағы

есептер. Мысалы, “торғай мен камыстар” есебі, “100 сомға 100 тері сату” есебі, басқа да сол сияқты. Кей жерлерде орыс негізінен алынды, бірақ олардың сұрау жөндері мен есеп шарттары қолдан келгенше қазақ тұрмысына жанастыруға қам істедік. Бұл жол арқылы есеп жүйелері түсінікті түрге еніп, қазақ шәкірттерінің ұғынуына, пайдалануына, білуіне қолайлырақ болар деген сенім бар.

4) Алгебра пәні бұл кітапта екі жікке бөлінді, оның бірі - “бірегейлі өзгерістерден” басталып түбір табу амалымен аяқталады. Бұл жіктің ішіндегі жүйелер барлық есеп пәндеріне негіз болып саналатындықтан, оның ішіндегі кездесетін ережелер шама келгенінше толық түрде зерттелді, сандық түйіндер көбінесе әріп түрінде жалпылама көрсетіліп отырылды (әсіресе алгебрадағы тендеулердің жүйесі мен зерттеу жолдары). Екінші жік: жоғарғы дәрежелі тендеулерден басталып “логарифмдеу” амалы мен аяқталады. Соңғы жіктің ішіндегі кездесетін ережелер алғашқы жіктегі жүйелерден жасататын ережелер болатындықтан, олардың жүйесі толық болса да, алғашқыдан көрі ықшамдырақ болып отыр. Бұл ықшамдылық жорта істелді, өйткені, бірінші жіктегі негізгі ережелерді үйреніп, тиісті жерлерінде оларды қалайша қолданудың жолына анық төселген шәкірттерге кейінгі жіктегі туынды ережелердің машық әдеттері қиын болмайды. Сондықтан, екінші жіктегі есеп жүйелерін зерттеу мен тиянақтау жақтарын, толық істеумен қатар, олардың қолдану жақтарын шама келгенше ықшамырақ істеуді қолайлы таптық. Бұл жолда қайшы қателік бар, оны келешек көрсетер.

Бұл кітап мектептегі шәкірттерге оқу-құрал болуымен қатар оқытушыларға да әзірше пәндік негіз болуына қажет деген оймен оның ішіне мектеп программасынан тыс кейбір есеп түрлері енгізіліп отыр. Қазақ әдебиетінде оқу құралдарымен қатар пәндік негіздерде толымды түрге келгенге шейін осы жолды қолданады деп білдік.

Орыстың орта сатылы мектептерінде құрал ретінде қолданылып жүрген түрлі алгебралық кітаптардан басқа, бұл кітапты жазуға басқа шетелде басылған алгебра курстары да негіз болды.

КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ШЫЛАУЛАР

А. НАҒАШЫБАЙ

9 сынып оқушысы, № 204 мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Б.А. АХМЕТКАЛИЕВА

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, жетекші, Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы

Тақырыптың өзектілігі. Тілдегі сөздерді түрлі семантика - құрылымдық топтарға жіктеу теориясының тіл білімінің тарихын айқындауда өзіндік орны бар. Мұнда сөз таптарын сөздерінің құрылымдық - семантикалық немесе лексика - грамматикалық топтары деп топшылайда да, олар бір – бірінен білдіретін мағыналары мен морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөгерімдік қасиеттері, сөйлемдегі синтаксистік қызметі жағынан ажыратылады. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – шылаулар. Шылау сөз табы атауыш сөздерден кейін қалыптасқан деген пікірдің бары шындық. Бірақ мұның дәрежелік деңгейі әлі зерттеуді қажет етеді. Жалпы көне түркі тілдеріндегі шылаулардың мәнін ашып, табиғатын тану, жүйелі анықтамалар мен дәлелді тұжырымдар жасау зерттеушілер тарапынан белгілі бір мөлшерде жүйеленген. Бүгінде көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың пайда болуы мен қалыптасуы, даму факторлары мен үрдісі, тарихи құрамы мен лексика – грамматикалық мағыналары, сонымен қатар өзге сөз таптарының шылаулануы және синтаксистік қасиеттері лингвистикалық тұрғыдан бағаланбақ. Көне түркі тіліндегі шылаулардың орнын белгілеу қажет.

Зерттеу нысаны. Көне түркі тілінде жазылған жазба ескерткіштері «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» газет материалдары.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Бітіру жұмысының негізгі мақсаты көне түркі тіліндегі шылау сөздердің лексика – грамматикалық сипатын қарастыру.

Көрсетілген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттерді шешу жөн деп есептедім.

Шылаулардың қалыптасу тарихын анықтау.

- Көне түркі тіліндегі шылау сөз табының мағыналық түрлерін ажырату.

-Көне түркі тіліндегі шылауларды қазіргі қазақ тілі шылауларымен салыстыру.

- Көне түркі тіліндегі шылаулардың лексикалық, грамматикалық мағыналарын саралау.

Жұмыстың жаңашылдығы. Шылаулану - өзге сөз таптарының шылаулар қатырына ауысуын білдіретін бірден – бір процесс. Шылаулану үрдісі көне дәуірде емес, одан әрірек болған да, категориялық мағынада топтасуы Орхон – Енисей жазбаларынан басталады. Бұл құбылысқа ғылымда жіті зер салынбай транспозициялық тәсілдің конверсия құбылысы анайы түрде айтылып, сөздердің грамматикалық формалары арқылы лексикалануы семантикалық мағынаның өзгеруі сияқты мәселелер толығымен қамтылмай келді. Сонымен қатар көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің синтаксисі де тіл білімінде өзін таныта алған жоқ. Осы мәселелер жұмыста шешімін табады.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу нысанын тілдің теориялық тұжырымдарымен негіздеу үшін де оларды құрылыс материал есебінде қарамай, дайын тілдік құрал ретінде алып қарастыру ғылым теориясы принциптерінің бірі. Жұмыстың нәтижелері мен деректері практикалық тұрғыдан көне түркі тілі, түркі тідернің салыстырмалы грамматикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, түріктануға кіріспе, жалпы тіл білімі курстарына жәрдемші құрал бола алады.

Жұмыстың құрылымы. Жұмыс кіріспеден, үш негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады. Зерттеу жұмысының соңында пайдаланған әдебиеттер тізімі, шартты қысқартулар берілген.

1 Көне түркі тіліндегі шылаулардың қалыптасуы және оны зерттеуші ғалымдар

Түркітану саласында осыған дейін руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер арнайы ғылыми зерттеу ретінде алынып қарастырылмаған. Дегенмен тіл ғылымындағы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап бой көрсете бастаған еңбектерде түркі танушы ғалымдардың азды – көпті пікірлерімен әртүрлі көзқарастары бар. Бірақ олар алғашқы зерттеулердің бірі болғандықтан, тіл даму эволюциясына байланысты кейбір пікір көзқарастары қазіргі түркі тілдес тілдер жүйесіне сәйкес келе бермейді. Себебі негізгі міндеті мен мақсаты белгілі бір сөз табын жан-жақты зерттеп, оған ғылыми тұрғыдан болжамдар мен дәлелдемелер жазып, елеулі еңбектер қалдыру емес. Мұнда тіл білімі саласындағы қайшылықтар мен басы ашылмаған мәселелерді

реттеу, қандай да бір халықтың тіл ерекшеліктерін айқындау, тілдік жүйесін бір ізге келтіру сияқты көпшілікке танымал грамматикалық оқулықтар жасау десек артық не кем айтқандық бола қоймас. Мәселен, И.Гиганов «Грамматика татарского языка», М.Казем –Бек «Общая грамматика турецко-татарского языка», «Алтай тілдері грамматикасы», П.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка», М.Терентьев «Грамматика турецкого, персидского, киргизского и узбекского языка» деген еңбектерде әрбір жеке сөз табын көбінесе ғылыми жағынан гөрі, жалпы сипаттамалық тұрғыдан қарастырған. Жалпы жоғарыда көрсетілген грамматикалық оқулықтарда көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер жайлы жекелей тарау болмағанымен, олардың табиғатына қатысты деректер жоқ деуден аулақпыз.

Қазақ тіл білімінің қай саласында болсын өз ізін қалдырған тілші ғалым А. Байтұрсынов сөзімен айтқанда «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жараяу » [1]. Ендеше, тілдің маңызды міндеттерін атқару үшін халықтың өзіндік рухани тәжірибесінен туындайтын жетістіктер мен тарихи атамұра жазба ескерткіштер тілін жан-жақты зерттеу қажет. Олай болса Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырып қана қоймай, оны әрі қарай дамыту – маңызды міндеттердің бірі. А. Саади қазақ тіліне қатысты ойын : «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол – қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек » деп бағалайды [2,б.18]. Осындай таза да бай тіліміздің бойындағы қасиеттері қаншалықты шұрайлы екендігін көрсету үшін тілдің тарихына жүгінеміз. Тілдің әрбір тарихи кезеңіндегі күйін білдіретін жазба материалдар тіл тарихының шежіресі және негізгісі болып саналады. Мәселен қазіргі қазақ тіліндегі бір шама шылау сөздердің архетиптері Орхон –Енисей жазба ескерткіштер тілінде кездеседі. Бұндағы айғақ – қазақтың ана тілі өзімен бірге туып, бірге өсіп, дамып келеді деген сөз. Жалпы зерттеу барысында қазіргі қазақ тіліндегі қолданылып жүрген кейбір шылаулардың тарихи таным өрісі кеңейген сайын бағзы бір күрделі немесе көмескі мәселелердің басы ашылып, толығып, өзіндік тілдік жүйеге еніп, меңгеріліп отырылады. Ендігі кезде, әсіресе көне мұралардың тілін зерттегенде «өрі тарт, бері тартқа салмай, өзінің қалпында, мұртын бұзбай, мызғытпай зерттеу

керек. Олар қазіргі заман мамандарының өзіндік ой-эксперименттері үшін жазылған емес» деген орынды ескертпеге де үн қосуысыз қажет [3, б. 30]. Зерттеу нысанын тілдің теориялық тұжырымдарымен негіздеу үшін де оларды құрылыс материалы есебінде қарамай, дайын тілдік құрал ретінде алып қарастыру ғылым теориясы принциптерінің бірі екендігін ескере кеткен жөн. Өз алдына бөлек категория болып қалыптаса бастаған көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің лексика – грамматикалық сипатын қазіргі қазақ тіл білімі даму дәрежесіндегі теориялық негіздермен тарзылаған уақытта, оның принциптік маңызы мен кумулятивтік қасиеті арта түспекші. Бұл ескертпелерді ескере отырып, атамұра жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің лексика-грамматикалық сипатын қарастыру зерттеудің басты принципі болса, қазіргі қазақ тіліндегі шылаудың сөз табылық дәрежесімен салыстырып, қаншалықты ұқсас - ерекшеліктері бар екендігін айқындау – зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты. Бұл тек қана қазақ тіл тарихын танудағы мәселе емес, жекелеген түркі тілдеріне де ортақ нәрсе. Негізінен шылаулар категориялық болмыс ретінде түп қазығы (ауызекі сөйлеу тілін есептемегенде) көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінен бастап қалыптасты десек артық айтқандық болмас. Мұны Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштер тілінде қолданылған шылау сөздер құптай түсері хак. Осы уақытқа дейін түбірінің мағынасын, жұрнағының және жалғауының қайсысы екенін айыра алмай келсек, енді оларды зерттеп, ғылыми баға беруді уақыттың өзі талап етіп отыр. Шылаулардың дербес сөз табы болып қалыптасуына байланысты айтылған пікірлерге келетін болсақ, жалпы тіл білімі саласындағы көптеген лингвистикалық түсініктер тәрізді сөз табы туралы ұғым өзінің шығу төркінін көне антикалық дәуірден бастайды. Сөз табы жөніндегі алғашқы түсінік біздің дәуірге дейінгі 4 ғасыр шамасында есім сөздер мен етістіктерге қатысты қалыптасқан деген пікір бар [4, б. 170]. С. Мұхтаров : «Үнділердің ұзақ мерзімдік тіл туралы толғамдарының нәтижесі біздің эрамызға дейінгі 4 ғасырда өмір сүрген Панинидің еңбегінде толық көрініс тапты. Ол еңбегінде санскриттің толық жүйесін бере отырып, алғаш рет сөз таптарын ажыратты. Кейінгі үнді ойшылдары Яска, Вапаруди, Катяанна, Патанджалилер Панини салған ізбен жүрді. Бұлар тілдегі сөздерді негізінен төрт сөз табына ажыратты: есім (nāman), етістік (akhyata), сөз алдына қойылатын көмекші сөздер (предлог - upasarga) және демеулік (частица – pīrata) » деп шылаулардың алғаш сөз табы

болғандығынан түсінік береді [5, б. 6]. Мұны Б. Базылханның алтайлық тектілердің дәуірлік долбарымен топшылсақ, «күрделі сөз дәуірінде» абстракт сөздер қалыптаса бастаған дегенімен тұспа-тұс келеді [6, б. 11]. Ал М. Оразовтың қазақ тілінің тақрихи даму жолын үш дәуірге бөлгенімен есептесек, соның біріншісі «тарихқа дейінгі дәуірмен» немесе Н.А. Баскаковтың «Алтай дәуірімен» сәйкеседі [7, б. 35]. Шылау сөз табы- даму барысында көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген туында тарихи категория. Олай дейтін себебіміз, қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір шылау сөздердің құрамындағы аффикстер шығу тегі жағынан алғанда, сөздің түбірінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жеткен де, түбірге сіңісіп бір тұтас бөлінбейтін бөлшек болып келеді. Осындай түбір мен қосымшаның жымдасуынан, яғни транспозициялық тәсілдің нәтижесінде шылаулар қалыптасқан. Тарихи шығу төркіні жағынан алып қарағанда, шылау сөздердің бәрі дерлік атауыш сөздерден, демек әуелдегі дербес мағыналы есімдерден, етістік формаларынан шыққан. Бұл процесс тілдің белгілі бір даму тарихында кейбір есім, етістік формаларынан бастапқы лексикалық мағыналары бірте-бірте қолданыста солғындап, әр алуан грамматикалық мағыналарға ие болуының нәтижесінде қалыптасады. Жалпы шылаулардың дамуында көне түркі, орта ғасыр, қазіргі түркі тілдеріне тін негізгі ортақтық – етістіктің көсемше формалары мен есімдерге тән формалар арқылы көнеленіп шылаулану процесіне өтуі. Содан барып, біртіндеп тіл дамуында өзінің қолданылу аясына байланысты шылау сөз табының құрамына енген. Бұл сөз табы ретінде түркі тілдерінде басқа сөз таптарынан кенже қалыптасқан. Олардың сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы тілдің ғасырлар бойындағы тарихи даму барысында әр түрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Бұдан жалпы сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи дамуы барысында біртіндеп жасалатындығын шылаулардың сөз табы ретінде қалыптасуынан – ақ айқын көруге болады. Осылайша дамудың, қалыптасудың барысында сөздердің топтары сараланып, грамматикалық тұрғыдан сөз таптарына бөлінеді. Олардың әрқайсысы өзіндік жалпы категориялық мағынаға ие. Себебі тіл - тілдегі әрбір сөздің белгілі бір мағынасы мен атауы болады. Сөздердің лексика – грамматикалық топтары бір – бірінен жалпы категориялық мағынасы мен белгілері жағынан ажыратылады. Шылау сөздердің лексикалық мағынасынан гөрі, грамматикалық мағынасы басым болатындығы тіл ғылымында айтылған пікір. Олар

тек тіл-тілде алуан түрлі грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілі ретінде қолданылады. Бұл- оның басқа сөз таптарынан ерекшелінетін басты қасиет. Екінші бір қасиеті көмекші сөздер қатарына шылау сөздерден басқа көмекші есім, көмекші етістік және бейтарап сөздер жатады. Бірақ солардың ішінен жалпы категориялық мағынаны иеленген лексемелер тек шылау сөздер ғана. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылауларды туыстас түркі тілдердегі шылаулармен салыстырып қарағанда, оның ішінде тең жартысының астамы қазақ тілімен сәйкес келетіндігі байқалады. Кейбір аздаған фонетикалық ерекшеліктері болмаса, лексика- грамматикалық сипаты жағынан сабақтасады. Тілдің басқа салалары сияқты синтаксистің құрылысы да заман өткен сайын бірден – бірге өзгеріп, толығып, жетіліп отырады. Бірақ тілдің бұл құрылысы басқа салаларға қарағанда құбылмалы емес. Алғашқы категориялық негізде дамып, кеңейіп отырады. Ал тіл фактілері оның ұзық жасайтын тұрақты грамматикалық сала екендігін байқатады. Тілімізде біраз сөздер сөзге қосымша мағына үстеу үшін жұмсалып, грамматикалық амал ретінде қызмет атқарады. Олардың өздеріне тән лексика – грамматикалық мағыналары бар. Олар тілдің бүкіл даму тарихында кейбір есім, етістік формаларының бастапқы лексикалық мағыналары бірте – бірте әр түрлі дәрежеде солғындап немесе жоғалып, әр алуан грамматикалық мағыналарды иеленіп қалыптасқан. Шылаулардың лексика – грамматикалық мағыналары жеке тұрғанда абстракты болғанымен сөз аралықтарында конкреттеніп отырады. Жалпы шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарына қарағанда әлдеқайда басым. Орхон – Енисей және Талас ескерткіштеріндегі шылаулардың атқаратын қызметтері өзіндік ерекшеліктерімен әр түрлі дәрежеде көрінеді. Олардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындаса, кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін не болмаса сөйлемді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру үшін және тағы басқа мксаттар үшін қолданылады. Көне түркі тілінде кездесетін көптеген шылау сөздер қазіргі тілімізде өздерінің грамматикалық тұлғасын өзгерткен. Кейбір шылаулардың грамматикалық мағыналары мен қызметтері өзгермей, тек фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Ал қазақ тіліндегі тұлғалық жағынан өзгерген шылау сөздерінің орнына сол мағынадағы басқа тұлғалар бар. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде қазақ тілінде жоқ формалары (коды, ұдү, азу) сақталынған. Мәселен,

коды сөзінің қызметін қазақ тілінде бойы тұлғалы шылау атқарады. Азу тұлғалы шылаудың орнына әлде формасындағы шылау жүретіндігі сияқты.

Орхон – Енисей жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің синтаксистік қатынаста қандай қызмет атқарғандығын сөз тіркесі тұрғысынан алып қарастырамыз. Себебі синтаксистік дәрежелерінің алғашқы сатысы болып есептелінетін бөлшек – сөз тіркесі. Синтаксистік қатынастың көрінісі ең алдымен жеке сөздердің тіркесінен байқалады. Ал жеке сөздер өзара тіркесімділік сипатта болу үшін бір – біріне бағына жұмсалуды қажет. Сөздердің осылайша үйлесімділігі ғана оларды тіркесімділік қабілетке түсіреді. Көне түркі жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың сөз тіркесінде лексика – грамматикалық мағынасы болады. Бұндағы синтаксистік қатынас дегенді жеке сөздер мен шылау сөздердің өзара байланысы, сөйлемдегі сөздердің аралық қатынасы және жеке- жеке сөйлемдердің үйлесе айтылуы тәріздес мәселелер төңірегінде қарастырылады деп ұғынуымыз қажет. Сөйлемдегі сөздердің байланысы түрліше грамматикалық амал – тәсілдердің негізінде жүзеге асады. Соның нәтижесінде өздері тіркескен сөзіне әр түрлі грамматикалық мағына туғызып сөйлем мүшелік, жалпы сөйлемнің қызметі анықталып, сөйлемнің қызметімен үндесе келеді. Шылау сөздер өзі тіркескен сөзін басқа сөздермен байланыстырып қана қоймай, сонымен бірге оған қосымша грамматикалық мағына реңктер беріп отыратыны мәлім. Бұл жөнінде М.И. Стеблин – Каменский: «Грамматическое значение следует рассматривать в связи с функцией слова в акте речи. Каждая группа значений играет различные функции в мышлении: лексическое значение даст материал для мыслительного процесса, а грамматическое значение формирует его» деп грамматикалық мағынаның қасиетін аша түседі. Көне түркі руникалық жазба тіліндегі шылау сөздерден бұндай қасиеттерді көруге болады. Мысал: Темір қапығқа тегі сүледім – Темір қақпаға дейін соғыстым. Бұл жерде сөйлемді синтаксистік және морфологиялық тұрғысынан алып қарағанда қазіргі тіліміздегі нормаларға сәйкес. Соның ішінде тегі септеулік шылау тіркесі арқылы жалпы шылау сөздерінің синтаксистік дәрежесін көрсету үшін немесе зерттеу үлгісі ретінде талдап, түсініктеме берелік. Сонымен біріншіден, «қапығқа тегі» тіркесі – есім сөз бен етістікті байланыстырушы аналитикалық формант. Екіншіден, барыс септікті зат есім сөзбен тіркесіп келіп, іс - әрекеттің таралатынын, жететін шегін білдіреді. Үшіншіден, тіркескен сөзбен бірге келіп, сөйлем

мүшесі қызметін атқарады. Төртіншіден, меңгеріле байланысады. Ең маңыздысы Темір қақпаға дейін соғысытым деген сөйлемді, Темір қақпаға соғыстым деп тегі шылауынсыз айтатын болсақ сөйлеміміз түсініксіздеу, тиянақсыз болар еді. Мұндағы ерекшелік қақпаға деген сөзді емес, екі компонент аралығындағы абстарктылық мағынауштастығына байланысты болып отыр. Қазіргі қазақ тілінде барыс септікті меңгертетін шылау сөз тек дейін тұлғасы ғана емес, тіпті контексте кейде шейін мен дейін шылауының бір – біріне мағыналық реңк жағынан айырмашылығы болады. Сол себептен бұлардың аффикстік байланыстан да, басқа сөз таптарынан да ерекшеленетін қасиеттерінің бірі – синтаксистік қатынастағы лексика – грамматикалық мағыналары. Мысалы: Мен үй келдім деген қосымшасыз тұрған сөйлемді алсақ, объектілігіне байланысты мен үйге келдім, м мен үйден келдім, ауыс мағынасында мен үйсіз келдім, мен үймен келдім деген сияқты әр түрлі грамматикалық көрсеткіштер жалғану арқылы сөйлем мағынасын тиянақтауға, үйлестіруге болады. Ал шылауларда олай емес. Олардың қызметін басқа сөз таптары түгіл шылаулардың өзі бірінің орнына бірі жүре бермейді. Мысалы: Мен үй үшін келдім. Мен үй арқылы келдім деген сөйлемдердегі үшін, арқылы септеулік шылаулардың орнына басқа шылау сөздер жүрмейді. Шылаулар сөз құрамында емес, тіркес құрамында келіп білдіретін грамматикалық мағыналармен ерекшеленеді. Бұнымен синтаксисінің маңыздылығын танытады. Әрбір шылау лексемасы сөз бен сөз аралығын ғана байланыстырып қоймайды немесе өзі тіркескен сөзіне ғана қатысты болып келмейді. Жалпы сөйлемнің қандай түрі болмасын олардың мағынасына тәуелді болмақ. Сөйлем «темір қақпаға дейін соғыстым» деп дейін шылауымен келген уақытында ғана айналасындағы басқа сөздермен тығыз байланысқа түсіп, белгілі бір мақсаттағы сөйлем құруда өз дәрежесіне қатынаса алады. Мұндай көрініс шылау сөздер мен дербес сөздердің тұлғалық және мағыналық жақтарынан тығыз байланысқа түсуінің нәтижесінен туындайды. Мағыналық ұғымның дұрыс болуы үшін сөздер, сөйлемдер арасында үйлесе алатын дұрыс грамматикалық байланыстың болуы қажет. Контекстік мағыналық ұғымның дұрыс болуы ең алдымен сөздер арасындағы шылаулардың мағына қиюласуы мен ұштасуына байланысты болып келеді.

Сөйтіп шылау сөздер жеке сөздер арасын байланыстыруда ерекше қызмет атақарады. Бұндай ерекшелікті шылаулар арқылы әр түрлі синтаксистік қатынасты білдірулерімен түсіндіруге болады. Ал синтаксистік қатынас – сөйлем бойына тән қасиет. Шылау

сөздер осындай ерекшеліктердің негізінен туындайтын сөйлемдерде алдыңғы қатарда жүреді. Себебі сөздер мен сөйлемдер арасын байланыстырудағы өрісінің кеңдігі олардың бойына тән өзіндік қасиеттерінен шығып жатады. Шылау сөздердің грамматикалық жүйеде алатын орны, оның өзге де категориялық мағынаға әсері синтаксистік қатынаста ғана жүзеге аспақ. Олар сөз тіркесі құрамында келіп, сөйлем құрауға қатысатындығы және құрмалас сөйлем түрлерінің құрамында болып, әр түрлі дәрежеде қызмет атқаруы аналитикалық формант есебінде саналады. Олардың құрылымдық сипатының өзі көпшілік жағдайда ондағы жетекші сөздің грамматикалық және лексикалық табиғатына негізделеді. Сөздің басқа бір сөзбен тіркесіп, белгілі бір күрделі номинативтік мәнге ие болуы ең алдымен, оның лексика – грамматикалық мүмкіндігінен туындайды. Сөз тіркесін ұзақ дәуірді басынан кешірген семантикалық және тұлғалық жағынан бір – бірімен үйлескен сөздер ғана құрай алады. Сөз тіркестерінің даму барысында тіркес құрау қабілеттілігі артып, тарихи өзгеріп, мағыналық жағынан толығып кеңейеді. Негізінен «сөз тіркестері тұрғысынан алып қарастыруда тілдегі әрбір жаңа құбылыс бұрыннан бар элементтердің негізінде пайда болатындығына көз жеткізіледі. Сол элементтердің жүйелі байланысы мен қатынастарына негізделеді» деген ғалымдардың пікірін басшылыққа алған жөн. Сөйтіп қазіргі қазақ тіліндегі шылаулардың толық лексикалық мағынасы бар сөздермен тіркесіп келуін Орхон – Енисей жазба ескерткіштер тіліндегісімен байланыстырамыз. Олар сөз тіркесі шеңберінде ғана емес, сөйлем, сөйлем мүшелері бойынша салыстырмалы түрде зерттелінетін болады. Сөз тіркесі аспектісінде қарастырылғанда тіркестің түрлері, формалық байланысы, сөйлем мүшелеріне қатысы анықталынады. Жалпы көне ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер қандай формамен тіркесетінін анықтау үшін сөйлем мағынасы мен мәтін мазмұны шеңберінде алып қарастырамыз. Себебі жатыс, барыс, шығыс, табыс септіктері бірінің қызметін бірі атқарады. Көне түркі тіліндегі септік парадигмада қазақ тіліндегідей қалыптасқан жүйелік жоқ. Мысалы «қондуқта кісре» тіркесі «қонғаннан кейін» түрінде болады. Әрі қарай талдауымызда «қонғаннан кейін» шылаулы тіркес етістіктің есімше формасынан кейін жалғанған шығыс септікті етіс тіркес екендігі көрсетіледі. Содан соң шығыс септікті есімше формалы етістік сөзгк кейін шылауы тіркесіп, белгілі бір фактінің соңынан болатын мекендік немесе мезгілдік ұғымды білдіретіндігі түсіндіріледі.

Көне түркі тілі: Ебі он күн өңре үркүп бармыш(МЧ.31) – Үйі он күн бұрын үркіп қашқан. Бұл сөйлемде есім сөзбен тіркесіп, мезгіл мағынасын білдіреді. Шылау қызметінде өңре тұлғасы бір – ақ жерде көрінеді. Көбіне үстеулік мағынада жұмсалған. Қазақ тілінде өңре – нің орнына бұрын септеулігі жүреді. Бұрын сөзінің де сөйлем ішінде орын тәртібіне және мағынасына байланысты бірде үстеу, бірде шылау қызметін атқарғандығы белгілі.

Қазақ тілі: Сірә, бір іргелі әңгіме болатын секілді колхозда да бір жұмадан бұрын түсіне бестады. Бұрын кеме қаздай қалқып он жеті күн жүретін жолын, енді сүүсырдай сүнгіп төрт – ақ күнде жүзіп өтетін болды. (Ғ.М.) Соңғы сөйлемде бұрын сөзі өз алдына жеке сұраққа жауап беріп, үстеу қызметінде көрінеді. Алғашқы сөйлемде шығыс септікті сөзбен тіркесіп, негізгі мағынасына қоса бір амалдың алдын – ала болатын мәнін үстейді. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер синтаксистік тұрғыдан кейбір қазіргі түркі тілдермен (қазақ, қарақалпақ, өзбек, түрік, түрікмен) салыстырылып қарастырылды. Соның нәтижесінде Орхон – Енисей және Талас жазбаларындағы шылаулардың сөз тіркесі және сөйлем аралығындағы грамматикалық мағыналары мен байланысу түрлері айқындалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шылау сөз табының пайда болу тарихы мен қалыптасу жолдарын айқындауда, зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, көне түркі тіліндегі шылаулардың лексика – грамматикалық сипатын саралады. Шылау сөздердің пайда болып қалыптасуы басқа сөз таптарындай емес. Олардың шылаулану процесіне түбір мен қосымшасы бірігіп, тұтас бір бөлінбейтін жаңа тұлға болып қалыптасты. Яғни толық лексикалық мағынасы бар сөздерге қосымшалар жалғанып, әуелгі мағыналарынан мүлде айырылып, жартыла лексикалық мағынасы бар лексемалар жасалынған. Жалпы айтқанда бұндай процесс негізінде пайда болатын туынды тұлға кездейсоқ құбылыс емес. Сөз жасауда болатын тарихи заңдылық. Шылаулану – басқа сөз таптарының шылауларға ауысатындығын білдіретін конверсиялық процесс. Түркі тілдеріндегі шылаулану үрдісі – тіл дамуында ежелден келе жатқан құбылыс. Көне тіліндегі шылау сөздер түгелдей өзге сөз таптарынан туындаған тұлғалар болып саналады. Бұл процесс олардың сөз табы ретінде қалыптасып толығының негізгі көзі болып отыр. Шылау сөздердің мағыналық түрлерін қазіргі жекелеген тілдердегі түрлерімен салыстыру барысында ерекшеліктер мен ұқсастықтары айқындалды. Статистикалық мәлімет бойынша өзара қолданыс

дәрежелері де көрсетілді. Соныме қатар бүгінгі күнге дейін шылау деп танылып келген кейбір тілдік единицалар жайлы толық мағлұмат берілді. Шылау сөздердің этимологиясының анықтау олардың қай сөз табы екендігін, оның құрамындағы қосымшалардың даму сатысы тілдің қандай кезеңіне дейін жеткенге дейін және қай дәуірде қолданыстан ығыстырылғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай талдаулар тек шылаулардың ғана емес, өзге сөз таптары мен оның грамматикалық көрсеткіштерінің пайда болу жолдарын айқындауға септігін тигізеді. Әрбір шылау сөзге жеке – жеке талдау жасап, олардың қандай жолмен және қандай формалардан жасалатындығы көрсетіліп отырды. Мағыналық, функциялық жақтан әбден сұрыпталып, ұзақ та күрделі қалыптасу жолынан өткен сөздер ғана шылаулар қатарынан көріне алады. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде етістіктің көсемше формалары жекелеген шылау сөздерді жасауда өнімді болған. Мұндай сөз жасаушылық қасиетінің барын қазіргі тіл жүйесінен де байқауға болады. Негізінен көсемше формаларымен лексикаланған шылаулар сөйлем ішінде тіркескен сөзбен бірге амал, мезгіл, мөлшер пысықтаушы қызметінде кеңінен қолданылады. Бір ерекшелігі көсемше формаларын қабылдаған сөздердің барлығы шылаулар қатарына өте бермеген. Олардың көбі етістікке және үстеулерге тән қасиетін сақтап қалған. Түркологияда құрамды қосымша есебінде танылып келген қару/керу, ғару/геру формаларына өзіндік этимологиялық талдау жасалынды. Сонымен қатар ча/че және бірле тұлғаларына да қатысты жаңа негіздер ұсынылды.

Шылаулардың басты қасиеті синтаксистік қатынаста ғана анықталады деген тұжырым басшылыққа алынды. Жалпы олардың қалыптасуына синтаксистік қатынас ықпал еткен. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі кейбір сөздер бірде шылау, бірде үстеу қызметінде көрінеді. Мұны тек синтаксистік тұрғыдан ғана анықтай аламыз. Түркі тілдеріндегі шылаулар – сөз бен сөз, сөз тіркес және сөйлем аралықтарындағы байланыстырушы қасиеттерімен бірге, тіркес аралығын күрделі оймен ұштастырудағы грамматикалық құбылыс. Негізінен, пысықтаушы пен анықтаушылық қатынаста болуы шылауларды өзге сөз таптарынан даралайтын басты ерекшеліктерінің біріне жатады. Басқа сөз таптарынан ажыратып тұратын тағы бір белгісі – түрленбейтін, өзгеріске түспейтін сөз табы бола тұра, түрленуші сөздердің барлығымен грамматикалық қатынасқа түсуі.

Жалпы көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың табиғатына қатысты мәселелер бойынша тілдік

талдаулар мен мәліметтер берілді. Сөйтіп көне түркі тіліндегі шылау сөздердің ешқайсысы қолданыстан шығып қалмағандығы анықталанып, олардың әрқайсысына жүйелі түрде тарихи – салыстырмалы тұрғыдан зерттеу жүргізіліп, қорытынды жасалынды.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

КТк. - Күлтегін кіші жазу ескерткіші
 КТү.- Күлтегін үлкен жазу ескерткіші
 Тон. - Тонйұққұк ескерткіші
 БҚ - Білге қаған ескерткіші
 МЧ - Мойын Чор ескерткіші
 КЧ - Күллі Чор ескерткіші
 ЫБ - Ырық бітік ескерткіші
 ТУГ - Түркістан уәлаяты газеті
 ДУГ - Дала уәлаяты газеті

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А.Ақ жол /А.Байтұрсынов.–Алматы: Жалын, 1991. - 493 б.
2. Саади А. Тіл, әдебиет, язу әм олардың өсулері / А. Саади. - Қазан: Татгосизд, 1926. - 127 б.
3. Жұбанов А.Қ. Куманша - қазақша жиілік сөздік / А.Қ. Жұбанов, А.Қ. Құрышжанов, А.Б. Белботаев. – Алматы: Қаз. ССР ҒА – Тіл білімі институты, 1978. – 277 б.
- 4.Тронский И.М. Учение о частях речи у Аристотеля / И.М. Тронский. – Уч.зап. ЛГУ, 1941. - 174с.
5. Мұхтаров С.С. Қазақ тілі біліміндегі сөз таптастыру териясының қалыптасуы / С.С. Мұхтаров. – Алматы: 1999. - 30 б.

THE PHILOSOPHY OF THE HISTORY

G. SABITOVA
 schoolgirl 11th class Kazakh-turkish Lycée
 N.K. ANAFINA
 research assistant of the PSU named after S. Toraighyrov
 Pavlodar city

Philosophy is the study of general and fundamental problems, such as those connected with existence, knowledge, values, reason, mind, and

language. Philosophy is distinguished from other ways of addressing such problems by its critical, generally systematic approach and its reliance on rational argument. The word “philosophy” comes from the Greek φιλοσοφία (philosophia), which literally means «love of wisdom».

Etymology the introduction of the terms «philosopher» and «philosophy» has been ascribed to the Greek thinker Pythagoras. The ascription is said to be based on a passage in a lost work of Herakleides Pontikos, a disciple of Aristotle. It is considered to be part of the widespread body of legends of Pythagoras of this time. «Philosopher» was understood as a word which contrasted with «sophist» (from sophoi). Traveling sophists or «wise men» were important in Classical Greece, often earning money as teachers, whereas philosophers are «lovers of wisdom» and not professionals.

Skepticism is the position that questions the possibility of justifying any truth. Münchhausen Trilemma states that the three options to soundly prove any truth are not satisfactory. One is the regress argument where, by infinite regression, each proof requires a further proof. Infinitism claims that the chain can go forever. Another is foundationalism, where justification eventually rests on unproven basic beliefs or axioms. Logical atomism holds there are logical “facts” (or “atoms”) that cannot be broken down any further. The other method of justification involves the circular argument, in which theory and proof support each other. Coherentism claims a belief is justified if it coheres with the larger belief system. More specifically, the coherence theory of truth states what is true is that which coheres with some specified set of propositions.

Rationalism is the emphasis on reasoning as a source of knowledge. Empiricism is the emphasis on observational evidence via sensory experience over other evidence as the source of knowledge. Rationalism claims that every possible object of knowledge can be deduced from coherent premises without observation. Empiricism claims that at least some knowledge is only a matter of observation. For this, Empiricism often cites the concept of tabula rasa, where individuals are not born with mental content and that knowledge builds from experience or perception. Epistemological solipsism is the idea that the existence of the world outside the mind is an unresolvable question.

Parmenides (fl. 500 BC) argued that it is impossible to doubt that thinking actually occurs. But thinking must have an object, therefore something beyond thinking really exists. Parmenides deduced that what really exists must have certain properties—for example, that it cannot come into existence or cease to exist, that it is a coherent whole, that it remains

the same eternally (in fact, exists altogether outside time). This is known as the third man argument. Plato (427–347 BC) combined rationalism with a form of realism. The philosopher's work is to consider being, and the essence (ousia) of things. But the characteristic of essences is that they are universal. The nature of a man, a triangle, a tree, applies to all men, all triangles, all trees. Plato argued that these essences are mind-independent “forms”, that humans (but particularly philosophers) can come to know by reason, and by ignoring the distractions of sense-perception.

Modern rationalism begins with Descartes. Reflection on the nature of perceptual experience, as well as scientific discoveries in physiology and optics, led Descartes (and also Locke) to the view that we are directly aware of ideas, rather than objects. This view gave rise to three questions:

Is an idea a true copy of the real thing that it represents? Sensation is not a direct interaction between bodily objects and our sense, but is a physiological process involving representation (for example, an image on the retina). Locke thought that a “secondary quality” such as a sensation of green could in no way resemble the arrangement of particles in matter that go to produce this sensation, although he thought that “primary qualities” such as shape, size, number, were really in objects.

Descartes tried to address the last problem by reason. He began, echoing Parmenides, with a principle that he thought could not coherently be denied: I think, therefore I am (often given in his original Latin: *Cogito ergo sum*). From this principle, Descartes went on to construct a complete system of knowledge (which involves proving the existence of God, using, among other means, a version of the ontological argument). His view that reason alone could yield substantial truths about reality strongly influenced those philosophers usually considered modern rationalists (such as Baruch Spinoza, Gottfried Leibniz, and Christian Wolff), while provoking criticism from other philosophers who have retrospectively come to be grouped together as empiricists.

Ethics or “moral philosophy”, is concerned primarily with the question of the best way to live, and secondarily, concerning the question of whether this question can be answered. The main branches of ethics are meta-ethics, normative ethics, and applied ethics. Meta-ethics concerns the nature of ethical thought, such as the origins of the words good and bad, and origins of other comparative words of various ethical systems, whether there are absolute ethical truths, and how such truths could be known. Normative ethics are more concerned with the questions of how one ought to act, and what the right course of action is. This is where most ethical theories are generated. Lastly, applied ethics go beyond theory

and step into real world ethical practice, such as questions of whether or not abortion is correct. Ethics is also associated with the idea of morality, and the two are often interchangeable.

One debate that has commanded the attention of ethicists in the modern era has been between consequentialism (actions are to be morally evaluated solely by their consequences) and deontology (actions are to be morally evaluated solely by consideration of agents' duties, the rights of those whom the action concerns, or both). Jeremy Bentham and John Stuart Mill are famous for propagating utilitarianism, which is the idea that the fundamental moral rule is to strive toward the “greatest happiness for the greatest number”. However, in promoting this idea they also necessarily promoted the broader doctrine of consequentialism. Adopting a position opposed to consequentialism, Immanuel Kant argued that moral principles were simply products of reason. Kant believed that the incorporation of consequences into moral deliberation was a deep mistake, since it denies the necessity of practical maxims in governing the working of the will. According to Kant, reason requires that we conform our actions to the categorical imperative, which is an absolute duty. An important 20th-century deontologist, W.D. Ross, argued for weaker forms of duties called *prima facie* duties.

More recent works have emphasized the role of character in ethics, a movement known as the *aretic* turn (that is, the turn towards virtues). One strain of this movement followed the work of Bernard Williams. Williams noted that rigid forms of consequentialism and deontology demanded that people behave impartially. This, Williams argued, requires that people abandon their personal projects, and hence their personal integrity, in order to be considered moral. G.E.M. Anscombe, in an influential paper, “Modern Moral Philosophy” (1958), revived virtue ethics as an alternative to what was seen as the entrenched positions of Kantianism and consequentialism. *Aretic* perspectives have been inspired in part by research of ancient conceptions of virtue. For example, Aristotle's ethics demands that people follow the Aristotelian mean, or balance between two vices; and Confucian ethics argues that virtue consists largely in striving for harmony with other people. Virtue ethics in general has since gained many adherents, and has been defended by such philosophers as Philippa Foot, Alasdair MacIntyre, and Rosalind Hursthouse.

Political philosophy is the study of government and the relationship of individuals (or families and clans) to communities including the state. It includes questions about justice, law, property, and the rights

and obligations of the citizen. Politics and ethics are traditionally inter-linked subjects, as both discuss the question of what is good and how people should live. From ancient times, and well beyond them, the roots of justification for political authority were inescapably tied to outlooks on human nature. In *The Republic*, Plato presented the argument that the ideal society would be run by a council of philosopher-kings, since those best at philosophy are best able to realize the good. Even Plato, however, required philosophers to make their way in the world for many years before beginning their rule at the age of fifty. For Aristotle, humans are political animals (i.e. social animals), and governments are set up to pursue good for the community. Aristotle reasoned that, since the state (polis) was the highest form of community, it has the purpose of pursuing the highest good. Aristotle viewed political power as the result of natural inequalities in skill and virtue. Because of these differences, he favored an aristocracy of the able and virtuous. For Aristotle, the person cannot be complete unless he or she lives in a community. His *The Nicomachean Ethics* and *The Politics* are meant to be read in that order. The first book addresses virtues (or “excellences”) in the person as a citizen; the second addresses the proper form of government to ensure that citizens will be virtuous, and therefore complete. Both books deal with the essential role of justice in civic life.

Nicolas of Cusa rekindled Platonic thought in the early 15th century. He promoted democracy in Medieval Europe, both in his writings and in his organization of the Council of Florence. Unlike Aristotle and the Hobbesian tradition to follow, Cusa saw human beings as equal and divine (that is, made in God’s image), so democracy would be the only just form of government. Cusa’s views are credited by some as sparking the Italian Renaissance, which gave rise to the notion of “Nation-States”.

Later, Niccolò Machiavelli rejected the views of Aristotle and Thomas Aquinas as unrealistic. The ideal sovereign is not the embodiment of the moral virtues; rather the sovereign does whatever is successful and necessary, rather than what is morally praiseworthy. Thomas Hobbes also contested many elements of Aristotle’s views. For Hobbes, human nature is essentially anti-social: people are essentially egoistic, and this egoism makes life difficult in the natural state of things. Moreover, Hobbes argued, though people may have natural inequalities, these are trivial, since no particular talents or virtues that people may have will make them safe from harm inflicted by others. For these reasons, Hobbes concluded that the state arises from a common agreement to raise the community out of the state of nature. This can only be done by the establishment

of a sovereign, in which (or whom) is vested complete control over the community, and is able to inspire awe and terror in its subjects.

Many in the Enlightenment were unsatisfied with existing doctrines in political philosophy, which seemed to marginalize or neglect the possibility of a democratic state. Jean-Jacques Rousseau was among those who attempted to overturn these doctrines: he responded to Hobbes by claiming that a human is by nature a kind of “noble savage”, and that society and social contracts corrupt this nature. Another critic was John Locke. In *Second Treatise on Government* he agreed with Hobbes that the nation-state was an efficient tool for raising humanity out of a deplorable state, but he argued that the sovereign might become an abominable institution compared to the relatively benign unmodulated state of nature.

Following the doctrine of the fact-value distinction, due in part to the influence of David Hume and his student Adam Smith, appeals to human nature for political justification were weakened. Nevertheless, many political philosophers, especially moral realists, still make use of some essential human nature as a basis for their arguments. Marxism is derived from the work of Karl Marx and Friedrich Engels. Their idea that capitalism is based on exploitation of workers and causes alienation of people from their human nature, the historical materialism, their view of social classes, etc., have influenced many fields of study, such as sociology, economics, and politics. Marxism inspired the Marxist school of communism, which brought a huge impact on the history of the 20th century.

Further information: Babylonian literature: Philosophy and Ancient Egyptian philosophy. There are authors who date the philosophical maxims of Ptahhotep before the 25th century. For instance, Pulitzer Prize winning historian Will Durant dates these writings as early as 2880 BCE within *The Story of Civilization: Our Oriental History*. Durant claims that Ptahhotep could be considered the very first philosopher in virtue of having the earliest and surviving fragments of moral philosophy (i.e., “The Maxims of Ptah-Hotep”). Ptahhotep’s grandson, Ptahhotep Tshafi, is traditionally credited with being the author of the collection of wise sayings known as *The Maxims of Ptahhotep*, whose opening lines attribute authorship to the vizier Ptahhotep: *Instruction of the Mayor of the city, the Vizier Ptahhotep, under the Majesty of King Isesi*.

The origins of Babylonian philosophy can be traced back to the wisdom of early Mesopotamia, which embodied certain philosophies of life, particularly ethics, in the forms of dialectic, dialogues, epic poetry, folklore, hymns, lyrics, prose, and proverbs. The reasoning and rationality of the Babylonians developed beyond empirical observation.

The Babylonian text *Dialog of Pessimism* contains similarities to the agnostic thought of the sophists, the Heraclitean doctrine of contrasts, and the dialogues of Plato, as well as a precursor to the maieutic Socratic method of Socrates and Plato. The Milesian philosopher Thales is also traditionally said to have studied philosophy in Mesopotamia.

Ancient Graeco-Roman philosophy is a period of Western philosophy, starting in the 6th century BC to the 6th century AD. It is usually divided into three periods: the pre-Socratic period, the period of Plato and Aristotle, and the post-Aristotelian (or Hellenistic) period. A fourth period that is sometimes added includes the Neoplatonic and Christian philosophers of Late Antiquity. The most important of the ancient philosophers (in terms of subsequent influence) are Plato and Aristotle. Plato specifically, is credited as the founder of Western philosophy. The philosopher Alfred North Whitehead said of Plato: “The safest general characterization of the European philosophical tradition is that it consists of a series of footnotes to Plato. I do not mean the systematic scheme of thought which scholars have doubtfully extracted from his writings. I allude to the wealth of general ideas scattered through them.”

The main subjects of ancient philosophy are: understanding the fundamental causes and principles of the universe; explaining it in an economical way; the epistemological problem of reconciling the diversity and change of the natural universe, with the possibility of obtaining fixed and certain knowledge about it; questions about things that cannot be perceived by the senses, such as numbers, elements, universals, and gods. Socrates is said to have been the initiator of more focused study upon the human things including the analysis of patterns of reasoning and argument and the nature of the good life and the importance of understanding and knowledge in order to pursue it; the explication of the concept of justice, and its relation to various political systems.

In this period the crucial features of the Western philosophical method were established: a critical approach to received or established views, and the appeal to reason and argumentation. This includes Socrates’ dialectic method of inquiry, known as the Socratic method or method of “elenchus”, which he largely applied to the examination of key moral concepts such as the Good and Justice. To solve a problem, it would be broken down into a series of questions, the answers to which gradually distill the answer a person would seek. The influence of this approach is most strongly felt today in the use of the scientific method, in which hypothesis is the first stage.

The Renaissance (“rebirth”) was a period of transition between the Middle Ages and modern thought, in which the recovery of classical

texts helped shift philosophical interests away from technical studies in logic, metaphysics, and theology towards eclectic inquiries into morality, philology, and mysticism. The study of the classics and the humane arts generally, such as history and literature, enjoyed a scholarly interest hitherto unknown in Christendom, a tendency referred to as humanism. Displacing the medieval interest in metaphysics and logic, the humanists followed Petrarch in making man and his virtues the focus of philosophy.

The study of classical philosophy also developed in two new ways. On the one hand, the study of Aristotle was changed through the influence of Averroism. The disagreements between these Averroist Aristotelians, and more orthodox catholic Aristotelians such as Albertus Magnus and Thomas Aquinas eventually contributed to the development of a “humanist Aristotelianism” developed in the Renaissance, as exemplified in the thought of Pietro Pomponazzi and Giacomo Zabarella. Secondly, as an alternative to Aristotle, the study of Plato and the Neoplatonists became common. This was assisted by the rediscovery of works which had not been well known previously in Western Europe. Notable Renaissance Platonists include Nicholas of Cusa, and later Marsilio Ficino and Giovanni Pico della Mirandola.

The Renaissance also renewed interest in anti-Aristotelian theories of nature considered as an organic, living whole comprehensible independently of theology, as in the work of Nicholas of Cusa, Nicholas Copernicus, Giordano Bruno, Telesius, and Tommaso Campanella. Such movements in natural philosophy dovetailed with a revival of interest in occultism, magic, hermeticism, and astrology, which were thought to yield hidden ways of knowing and mastering nature (e.g., in Marsilio Ficino and Giovanni Pico della Mirandola).

These new movements in philosophy developed contemporaneously with larger religious and political transformations in Europe: the Reformation and the decline of feudalism. Though the theologians of the Protestant Reformation showed little direct interest in philosophy, their destruction of the traditional foundations of theological and intellectual authority harmonized with a revival of fideism and skepticism in thinkers such as Erasmus, Montaigne, and Francisco Sanches. Meanwhile, the gradual centralization of political power in nation-states was echoed by the emergence of secular political philosophies, as in the works of Niccolò Machiavelli (often described as the first modern political thinker, or a key turning point towards modern political thinking), Thomas More, Erasmus, Justus Lipsius, Jean Bodin, and Hugo Grotius.

REFERENCES

1. Jenny Teichmann and Katherine C. Evans, *Philosophy: A Beginner's Guide* (Blackwell Publishing, 1999), p. 1: "Philosophy is a study of problems which are ultimate, abstract and very general. These problems are concerned with the nature of existence, knowledge, morality, reason and human purpose."
2. A.C. Grayling, *Philosophy 1: A Guide through the Subject* (Oxford University Press, 1998), p. 1: "The aim of philosophical inquiry is to gain insight into questions about knowledge, truth, reason, reality, meaning, mind, and value."
3. "Philosophia, Henry George Liddell, Robert Scott, 'A Greek-English Lexicon'", at Perseus". Perseus.tufts.edu. Retrieved 2010-08-22.
4. See Diogenes Laertius: "Lives of Eminent Philosophers", I, 12; Cicero: "Tusculanae disputationes", V, 8–9
5. "Aesthetics- definition". Merriam-Webster Dictionary. Retrieved 2010-12-14.
6. "Idealism". philosophybasics.com. Retrieved 2011-12-20.

5 Секция. Саясаттану және әлеуметтану
5 Секция. Политология и социология

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ

А.Б. АЯНОВА
оқушы, ЖОМ № 21, Павлодар қ.
Е.Ө. НЕФМАНОВ
ғылыми жетекші, ЖОМ № 21, Павлодар қ.

Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы ежелгі кезеңнен бастау алады. Атақты француз философы Шарль Луи Монтескье: «Көптеген ғасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам, қылмыс жасауға бейім тұрады және де тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасай береді», - деп айтқан. Сыбайлас жемқорлық құбылысын халықаралық заманауи тұрғысынан түсіну және оған қарсы күрес шараларын іске асыру жолдары қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс жүргізу жөніндегі БҰҰ-дың Сегізінші Конгресінің хатшылығы әзірлеген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша практикалық шаралар» атты нұсқаулықта көрініс тапты (Гавана, 1990 жылғы тамыз-қыркүйек). Осы құжатты талқылау нәтижесінде әлемдік қауымдастыққа сыбайлас жемқорлықтың мынадай ерекшеліктері ұсынылды: Осы ұғымның мағынасының сипатына қарай сыбайлас жемқорлыққа жататын барлық құқық бұзушылықтар енгізілуі тиіс, олар: этикалық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық бұзушылықтар, бұл сыбайлас жемқорлық жолына түскен субъектінің қызметтік бабын өз басының пайдасына асыра пайдаланып, заңды бұзғандығынан көрінеді. Мемлекеттік қызметтегі тұлғаларды сыбайлас жемқорлық жолына итермелейтін субъектілердің қызмет шеңберін шектеу. Бұған шенеуніктердің артықшылықтарды заңсыз пайдаланғанын жатқызуға болады, осындай қызмет көрсететін субъектілердің шеңберін жеке және заңды тұлғалар толықтырылып отырады. Өз қызмет жағдайын жемқорлық құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде заңға қайшы сипатта пайдалану. Жемқорлықтың көрініс табуының ең қауіпті екі түрі:

- мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктерді жемқорлық жолмен ұрлау;

- мемлекеттік қызметкерлердің әрекетінде ұрлық белгілері байқалмаса да, олардың қандай да бір артықшылықтарды заңсыз жолмен алу мақсатында өз қызметтік жағдайын теріс пайдалануы.

1979 жылы БҰҰ-дың Бас Ассамблеясы және сыбайлас жемқорлық мәселелері жөніндегі аймақаралық семинар (Гавана 1990 ж.) мынадай анықтаманы ұсынды: «Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы». Енді бір анықтама 1999 жылғы «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» атты Еуропа Кеңесінің Конвенциясында берілген, онда: «Сыбайлас жемқорлыққа – мемлекеттік, муниципалдық немесе өзге де қоғамдық қызметшілердің немесе коммерциялық не өзге де ұйымдардың қызметшілерінің өз мәртебесін кез келген мүлікті заңсыз алуы, оны иемденуге құқықты болуы, қызметті немесе жеңілдікті пайдалануы, сондай-ақ аталған тұлғалардың осындай мүлікті, оны иемдену құқығын басқа тұлғаға беру, қызмет көрсету және жеңілдіктер ұсыну жатады. Кейбір ғалымдардың пікірінше осы анықтама толық емес, себебі сыбайлас жемқорлық құбылысы құқық ұғымының шеңберінен әлдеқайда кең.

М.О. Нәукенов: «Сыбайлас жемқорлық» және «ұйымдасқан қылмыс» ұғымдарын бір-бірімен байланыстыра қарауды ұсынады. Оның пікірінше, сыбайлас жемқорлықты ұйымдасқан қылмыс өкілдері мемлекеттік органдар жұмысын «бақылау» құралы ретінде пайдаланады, бұндай жағдайда қылмысты әлеуметтік тұрғыдан бақылау бейтараптанады, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыс өкілдері билік органдарын өз мақсатына жету үшін пайдаланады және саяси шешімдер қабылдауда ықпал жасайды.

А.С. Қалмұрзаев сыбайлас жемқорлықты: «кез келген қызметкердің қызмет жағдайын пайда күнемдік мақсатында пайдалануы», - деп сипаттайды.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабына сәйкес: «Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды

құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес».

Қазіргі отандық әдебиеттерде: «Сыбайлас жемқорлық - (латын тілінен «conruptio» - пара беріп сатып алу, құқық бұзу, құлдырау деген мағынаны білдіреді) деп қоғамдық және саяси қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқындығын, оларды сатып алуды, яғни саяси, экономикалық, әскери және тағы басқа да салалардағы қызметкерлердің қолындағы билігінің мүмкіндіктерін және қызмет бабын жеке басын байыту мақсатында пайдалануын айтады».

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлық - бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

- сыбайлас жемқорлық құбылысының өзіне тән белгілері бар;
- сыбайлас жемқорлық - бұл, ең алдымен, әлеуметтік құбылыс;
- халықаралық құжаттарда жемқорлықтың нақты анықтамасы жоқ;

- әрбір мемлекет қазіргі құқықтық дәстүрлер негізінде өздерінің жемқорлыққа қарсы құралдар жиынтығын анықтайды;

- жемқорлық ұғымы қазіргі қоғамдағы жемқорлықтың құқықтық анықтамасына негізделмеген. Жалпы дүниежүзінде жемқорлық әлемдік масштабтарға ие болды. Сыбайлас жемқорлық мәселесін шешуге БҰҰ, Еуропа Одағы, Еуропа Кеңесі, Америка мемлекеттерінің ұйымы, сонымен қатар, Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы қосылады. Тарихи дамудың қазіргі кезеңінде жемқорлықтың трансұлттылығы бүкіл қоғамдастық қауіпсіздігі үшін төндіретін қауіпті бейтараптандыру үшін халықаралық деңгейде жаһандық шаралар қабылдауды талап етеді. Халықаралық жемқорлыққа қарсы мыналарға бағытталған құқықтық, саяси, ұйымдастырушы шаралар кешені ретінде стратегия қажет: 1) қоғамдық жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру; 2) жемқорлықтың зияны туралы хабардарлықты көтеру; 3) жемқорлық құқық бұзушылықтарды сыныптаудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз ету, заң құзыреті әділет

Арал теңізіндегі Барсақелмес аралына ғалымдар олардың тұқымын әдейілеп алып келді. Түрікменстаннан бірнеше жайран мен сонша құлан әкелді де, Барсақелместе еркіне қоя берді. Жануарлар жерсініп, өсті, көбейді. Табын ұлғайған соң, олардың бір бөлігі Алматы маңындағы Алтын Емел қорығына әкелініп, қоныстандырылды. Далада жыртқыштар да бар. Солардың бірі - шап-шағын да шапшаң түлкі, сосын қарсақ. Қасқыр да жетіп артылады. Мұнда кеміргіштер де кездестіруге болады. Аяққа оратылып жылмаң қаққан қосаяқтардан, саршұнақтардан, кірпікшешендерден бастап өте сирек кездесетін, сондықтан да республиканың Қызыл кітабына жазылған жайраға дейін бар. Барлық тұстан тасбақаларды кезіктіруге болады, қайдан көрсе де олар асықпай қорбандап, өздерінің тасбақа тірлігін жасау үшін арқасындағы тас қорабын сүйретіп бара жатады. Жылан өте көп, сүр ешкіемер, дала ағамасы және сары бауыр кесіртке. Таңғалдырар жайт мынау: тіршіліксіз шөлдаладан өте сирек және керемет әдемі көбелектерді ұшыратуға болады. Олар әлемнің басқа еш түкпірінде кездеспейді! Балқаш маңындағы сексеуіл тоғайларында қауырсынды пяденица дейтін жәндік көз тойғызады. Ол қоңыздарға көбірек ұқсайды, қанаттары жіңішке, қауырсыны бар. Ал бұлардың ұрғашыларында қанат атымен жоқ. Бұл көбелек қыста ғана ұшады. Ал өсімдік мүлдем өспейтін Каспий маңында басқа бір сирек көбелектің - Мирис-Айгүл көгілдірінің отаны бар. Оның аумағының бестен бір бөлігін таулар құрайды. Ал бұл - тұтас бір мемлекеттің жеріне тең. Қазақстандағы ең атақты тау - Алтайдағы Ақтау (Мұзтау, Белуха). Ол ең биігі емес, оның биіктігі бар болғаны төрт жарым мың метр. Бірақ оның басынан бірден төрт ел - Ресей, Қазақстан, Қытай мен Монғолия көзге шалынады. Бұл тауды бір кездері Алтайды мекендеген ежелгі халықтар жердің кіндігі деп есептеген болатын. Олардың наным - сенімі бойынша Ақтау - Белуханың шыңында аты аңызға айналған Шамбала деген ел орналасқан-тын, ал оның қақпасына бас сұғуға тек құдайлар мен еулиелерге ғана рұқсат етілетін делінеді. Қазақстанның басқа бір тауына - әйгілі Хан-тәңірі шыңына көтерілсең, үш елді - Қазақстан, Қырғызстан мен Қытайды көресің. Ежелгі түркілердің Көк үшін - Аспан үшін жауап беретін ең жоғарғы құдайының құрметіне бұл шынды бекерден-бекер Хан-тәңірі деп атай салмаған. Ол - Қазақстан тауларының ең биігі, бойы теңіз деңгейінен 7 мың метр болуға бес-ақ метр жетпей тұр. Сонымен бірге, ол ең қол жеткізбес шың, оның төбесіне алғашқы альпинистер тек XX жүз жылдықтың екінші жартысында ғана көтеріле алды. Хан-тәңірі шыңын ұдайы қар басып

жатады. Оның төбесінде күні-түні сұрапыл жел соғып тұрады. Бұл, сонымен бірге, Қазақстанның ең аязды, суық жері де. Шың басында температура кейде Цельсий бойынша - 60 градусқа дейін төмендейді. Ал Қазығұрт тауы халық арасында мынандай дерекпен атақты: жер жүзін топансу басқанда, кемемен қашқан Нұх пайғамбар (Таураттағы Ной), аңыз бойынша, осында тоқтаған. “Қазығұрттың басында кеме қалған” деген сөз оны сонау алыс заманмен байланыстырады. Қазақстан тауларын «үлкен муздатқыш» деп атайды, өйткені мұнда “консервіленген” (мұзға айналдырылған) судың аса үлкен қоры сақталып тұр. Қазақстанның ең мұз жапқан таулары - Жоңғар Алатауы. Бұған ұшақ терезесінен оның шыңдарына қарағанда көзің жетеді. Тауды шындап тану және олардың картасын жасау ісін зерттеушілер тек XIX ғасырда ғана қолға алды. П.П.Семенов-Тянь-Шанский, М.Н.Пржевальский, Шоқан Уәлиханов және басқа ғалым-саяхатшылардың маршруттары тау қырқалары арқылы өткен. 1929 жылы Алматы альпинистері Абай шыңына содан сәл кейін, 1930 жылы Комсомол (қазіргі Назарбаев) шыңына көтерілді. Өткен ғасырдың орта шенінде Іле сырты Алатауының ондаған шыңына тунғыш өрлеу жүзеге асырылды. Дегенмен Қазақстанның күлпі тауын бағындырып, шың біткенге есім беріп шығу үшін елі де әлденеше ондаған жыл қажет болады. Қазақстанда - 8 жарым мың өзен! Бірақ көпшілігі - таудан бастау алатын кішкене өзеншелер. Жазда көбісінің арнасы кеуіп қалады немесе құмға сіңіп, далада жоғалып кетіп жатады. Ең ұзын өзен - Ертіс. Оның ұзындығы - төрт мың шақырымнан да көп, оның ішінде 1400 километр бойы Қазақстан аумағымен ағады. Бұл өзен Монғол Алтайының батыс беткейінен Қара Ертіс деген атаумен басталып, Зайсан көліне құяды, ал одан ағып шығарда бәрімізге белгілі Ертіс атын иеленіп, терістікке беттейді. Оның бірнеше сапасы бар, олардың ішіндегі неғұрлым белгілілері - Есіл мен Тобыл. Ұзындығы жағынан екінші орында тұратын өзен - Жайық. Оны орыстар 1775 жылдан бері Орал өзені деп атайды. Ол Оңтүстік Орал баурайынан басталып, Каспий теңізіне құяды. Бұл өзенде кеме жүзеді. Онда балық көп. Соның ішінде бекіре сынды аса құнды балық та бар. Ертістен екі есе кіші өзен - Сырдария. Оның көрер қиындығы мол: жолы Қызылқұм үстінен өтеді. Бір кездері бұл өзеннің жағасында көптеген ежелгі қалалар мен қоныстар болған. Іле өзені ұзындығы жағынан Сырдариядан сәл-ақ кіші. Ол екі тау өзені: Текес пен Күнгестің құйылысынан басталады. Оған Балқаш көлінің «денсаулығы» қатты тәуелді. Іле оның басты асыраушысы, дұрысында, суарушысы. Кейбір өзендер

басқа, ірілеу суға құюға күші жетпей, құмға сіңіп жоғалып жатады. Шу, Сарысу, Талас және басқа да көптеген өзендер тағдыры сондай. Қазақстанда Жетісу деп аталатын жер бар. Оны осы аймақтың басты жеті өзені: Іле, Қаратал, Биен, Ақсу, Лепсі, Басқан, Сарқант сулары - құрметіне атаған. Қазақстандағы көлдер де өзендер сияқты көп-ақ - бес мыңдай. Солардың ішіндегі ең үлкендері - Арал теңізі, Балқаш, Зайсан, Алакөл, Теніз көлдері Жер шарындағы ең үлкен көл - Каспий теңізінің солтүстігінің көбірек бөлігі, оңтүстік жағалауының жартысы Қазақстанға қарайды. Бұл көлдердің көбісінен өзен ағып шықпайды, сондықтан тұзды, кермек немесе Балқаш тәрізді жартылай тұщы келеді. Ал Зайсан мен Марқакөл көлдеріндегі судың мөлдірлігі сондай, қанша ішсең де құмарың қанбайды. Каспий өзінің “теңіз сипатты” мөлшерімен де, балық қорымен (құнды бекіре тұқымдастарымен) де, өзінің деңгейлік орналасуымен (оның деңгейі Әлемдік мұхит деңгейінен 27 метр төмен) де, “тәртiбiмен” де (оның деңгейі керісінше, басқа көлдердің деңгейі жоғарылағанда, төмен түсіп кететін жағдайы бар) ғаламат ерекшелікке ие. Каспий - ірі мұнайлы аудан. Біздің еліміздің басты портты қалалары - Ақтау мен Атырау.

Арал теңізі де - көл. Кейінгі кезде оның аумағы қатты кішірейіп кетті. Оған құятын, сөйтіп айдынын көтеріп туратын үлкен өзендердің - Әмудария мен Сырдарияның суын адамдардың ойланбай пайдалануы салдарынан теңіз тартылып барады. Теңіздің құрғаған түбі «тұздалып» жатыр, яғни жер сортаңданды. Балхаш - бір ғажайып көл: оның батыс бөлігі - тұщы, шығысындағы бөлік - тұзды Олар жіңішке ғана жылғамен өзара жалғасып жатыр, көлдің екі бөлігін қосып тұрған осы жылғаның кендігі 8-аі метр, бүркіттің жайған қанатының ұзындығынан соншалықты аспайды да. Зайсан көлі өзінің әдемі көркімен ғана атақты, сонымен бірге оның даңқын реликт деп аталатын, қадым заманнан қаз - қалпында сақталып қалған тіршілік түрлері арттырып тұр — тек осы жерде, сондай-ақ шөлейт, сортаң, құмды аймақтарда ғана бар тораңғы тоғайлары сондай қатардан. Кәдімгі терек ағашының туысына жататын тораңғылар Олар, ерте бір замандарда, бұдан миллион жыл бұрын, Қазақстан аумағында өскен. Содан сақталып келеді.. Басқа еш жерде жоқ. Талас Алатауының етегінде еліміздің-байырғы қорықтарының бірі - Ақсу-Жабағылы бар. Бұл қорық 1926 жылы ұйымдастырылған болатын. Мұнда тек аң-құстар ғана емес, шөптер де, гүлдер де қорғалады. Ақсу-Жабағылының эмблемасы, яғни әлдебір түспалданатын ұғмның шартты белгісі

ретінде гүл таңдап алынған. Өте сирек гүл. Грейг жауқазыны. Бұл қызғалдаққа өзін тұңғыш зерттеген ғылымның аты-жөні берілген, сондықтан да оны Грейг гүлі дейді. Міне, осы таңдау мүлдем кездейсоқ жасалмаған, ол - қорықта өсімдіктердің де мемлекет қарауына алынғанын танытады. Қорықтың мақтанышы - алма ағаштар өскен тоғайлар. Алматы қорығы жас жағынан Ақсу-Жабағылыдан сел кіші. Ол Іле сырты Алатауының ортаңғы бөлігіне орналасқан. Мұнда Сібірдің тау текесін, маралды, елікті, сілеусінді, барысты және ақ тырнақ аюды кезіктіруге болады. Солтүстіктегі далалық аймақта Қорғалжың қорығы орналасқан. Мұндағы өзендер, көлдер мен батпақтар сан түрлі күс ұя салып, түнеп жүретін орын ретінде қызмет етуде. Қорықтың ең экзотикалық, әдеттегіден тыс қызық тұрғыны – қызғылт қоқиқаз болып табылады.

Барсакелмес - республикамыздағы кеуіп бара жатқан Арал теңізінің Барсакелмес атты аралына орналасқан жалғыз қорық, ол кезінде 300 бас қулан, жайран, бекенді аман алып қалған орын болатын. Ал еліміздің ең жас қорығы - Батыс-Алтай қорығы болып табылады. Онда тайгалық ағаштар өседі, сирек ұшырасатын орман аңдары, мәселен, марал мен аю тұрады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы 835 жануардың 22 түрі республиканың Қызыл кітабына енгізілген Ал құстың 500 түрінен - жүзден астамы Қызыл кітапта Қазақстанның өсімдік әлемі - флорасы қатарында жер үстінде өсетін өсімдіктердің 6000-дай түрі бар Солардың ішінен 400-дей түр Қазақстанның Қызыл кітабына кірді. Бұдан басқа, Қазақстанда - табиғат інжу-маржаны іспетті мақтан етілетін, бірақ сөйте тұра, қорғанышқа мұқтаж болып отырған жерлер аз емес Олар - Ақмола мен Павлодар облыстарындағы таңғажайып көлдер, Ерен абырғанын (Тянь Шань) әсем сұлбалы қырқалары, Қарқаралы, Баянауыл, Шығыс Қазақстан облысы аймақтарындағы қайталанбас орман алқаптары, әлі де әсемдігін сақтап қалған, көргенде көңілге қуаныш ұялатағын, ішіне буккен құндылығы жоғары өзге де көптеген тамаша орындар. Соларды және кіші туыс -жанжануарларды қорғау үшін мыналар құрылған болатын 10 қорық пен төрт мемлекеттік ұлттық табиғат парктері, 66 қорықша, республикалық мәні бар 26 табиғат ескерткіші, 3 хайуанаттар паркі, 5 ботаникалық бақ, сан алуан ағаш түр егілген бірнеше дендропарк, халықаралық мәні бар 2 су-батпақ көлшіктері, мемлекеттік ерекше мәнге ие және ғылыми құндылығы бар 150 су қоймасы”.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан елімен сиқырлы саяхат. Шымкент: “Шикула и К”, 2006.
2. Путешествие по Казахстану. Начальна школа Казахстана 2005г. № 6.
3. В Казахстане 9 заповедников и 7 национальных парков. Эко курьер. 2004. № 1.

ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Д.Қ. ЖОЛДАСБЕКОВА, А.С. ТОБЖАНОВА

№ 244 Ы. Жақаев атындағы орта мектебі, Қызылорда облысы, Шиелі кенті

Шиелінің әлеуметтік – экономикалық жағдайының демографияға әсері соңғы жылдары ауданның әлеуметтік жағдайы артып, өнеркәсіп дамыды. Ауданның өнеркәсіп орындары сегіз айда 9 млрд. 889 млн теңгенің өнімін өндірді. 2001 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 4422 адам жұмысқа тартылды. Аудан бойынша 32,5 шақырымдық автомобиль жолдары орташа, 22,5 шақырым күрделі жөнделуден өткізілді. Орталық «Оқшы Ата» мешіт – медресесі күрделі жөнделу арқылы жаңа кейіпке енді. Ауданда 8 мектеп, 7 бала – бақша күрделі жөнделуден өтті. Кент орталығында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 50 орындық мектеп – интернат салынды. Сыр өңірі – негізінен ауыл шаруашылығы бағытындағы аймақ. Десе де, жедел индустриялық – инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын және елді индустрияландыруға баса назар аударған жергілікті жұртшылық уақыт талабына бейімделіп, өндірісті де өркен жайдыра бастады. Сыр аймағындағы осындай аграрлық – индустриялық аудандардың бірі ғана емес, бірегейі – Шиелі ауданы. Шиелі – шикізат ресурстарына бай, сирек кездесетін және қымбат металдар мен уран шикізатын шығаратын аудан. Осындай қазба байлық көздерінің молдығы аудан экономикасын индустриялық бағытта дамытуға зор мүмкіндік беріп отыр. [9]

Шиелі ауданында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1998 жылы 748 млн. Теңге болса, 2009 жылы 15 094 млн. Теңгеге жетіп, өндіріс көлемі бар – жоғы бір жылда 20 есеге өскенін айтуға әбден болады. Ал, ағымдағы жылы ауданның өнеркәсіп орындары 5,8 млрд. Теңгенің өнімін өндіріп, өнім көлемі өткен жылмен салыстырғанда 13,8 пайызға өскен. Егер саралап айтар болсақ, тау – кен өндірісі

130,4 пайызға, өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі 113,5 пайызға, ал ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу 102,8 пайызға жетіп отыр. 2003 жылдан бері әлемдік стандарттарға сай жаңа технологиямен негізделген полиэтилен құбыр өндірісін дамытып келе жатырған «Полихимпродукт» ЖШС нің жұмысы көз алдында көлбеңдей тұра қалады. Уран өнімдерін өндіретін бұл іргелі кәсіпорында 129 адам төрт ауысымда жұмыс жасап жатыр. Бүгінде бұл зауыт ауыз су жүйелеріне пайдаланатын полиэтилен құбырларын шығаруды қолға алып, өндірісті кеңейтіп келеді. Мұндай құбырларға Сыр аймағынан ғана емес, Оңтүстік Қазақстан облысынан да сұраныс күн санап көбейе түсуде. Сондай – ақ еліміз Кеден одағына кіргеннен соң әлемдік стандартқа сай жаңа технологияға негізделген өнімдерге сырт елдерден сұраныс болуы әбден мүмкін. Шиелі ауданының 40 пайызы қоғамдық өндірісте жұмыс істейді, 11,8 пайызы зейнет ақы мен жәрдем ақымен күн көреді екен. [10]

2009 жылдары Шиелі ауданында мемлекет аралық миграциялық айналымға 775 адам қатысқан. Республикалық облыстарға көшіп кетушілер де бар. Оның басты себебі тұрмыс жағдайының төмендігі мен экологиялық зардаптың әсері. Халықтың көбі әсіресе Алматы, Астана, Оңтүстік Қазақстан облыстарына көшіп кетті. Басқа облыстарға көшіп кетушілердің көбісін ауыл тұрғындары құрайды. Эмигранттардың 3 бөлігіне жуығын ғана ауылдық елді мекендер халықтары құрады. [8]

Еліміз өз адына дербес мемлекет болып, тәуелсіздік салтанат құрғалы атамекенге бет бұрған қандастарымыздың қатары көбейді. Олардың бірі квотамен келсе, екіншісі өз бетімен туған жерге оралуда. Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында «Оралмандарды арнаулы орталықтарда алдын ала дайындау, оларды қоғамымызға бейімдеу мен кіріктіру үшін жағдай туғызуға көбірек зер салуымыз керек», деп атап көрсеткен болатын. [4]

Туған жердің топырағын аңсаған қандастардың атамекенге ат басын бұруы уақыт өткен сайын жиілеп келеді. Олардың жаңа жағдайға тезірек бейімделуі үшін арнайы кәсіпке баулу қажеттігін Елбасы сол Жолдауында атап айтқан да болатын. Осыған орай, Көші – қон комитетінің облыстық департаменті бірқатар шараларды жүзеге асырды. [5]

Еліміз тәуелсіздік туын тіккелі облысқа квотамен құрамында 17314 адамы бар 3542 отбасы оралыпты. Оларға заң талаптарына сай жәрдемақы төленіп, тиісті органдарға орналасырылды. Ал өткен жылдың өзінде ғана облысқа бөлінген квота аясында 300 от-

басы оралмандар қатарын толықтырды. Елге оралғандардың дені Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия мен Тәжікстаннан. Арасында алыстағы Ауғанстаннан, Иран мен Қытайдан келгендер де кездеседі. Бұның өзі тәуелсіз еліміздің әлем жұртшылығы алдындағы беделінің өскенін айғақтайды. Еліміздің еңсе тіктеп, дамыған елдер қатарына қосылуға деген талпынысы оң нәтиже беріп жатқандығын осындан – ақ аңғаруға болады. Оралмандарды арнаулы орталықтарда алдын ала дайындау, қоғамға бейімдеу мен кіріктіру барысында түрлі шаралар жүзеге асырылуда. Жаңа оларды жұмыспен қамтып, кәсіби оқыту мен бейімдеу, қайта даярлау ісі департамент міндеттеріне кіреді. Отанына оралған қандастардың өздерінің әлеуметтік құқықтарын тұрғылықты халықпен бірдей пайдалануына күш салынады. Мәселен, оралмандардың оқу жасындағы балаларының мектепке толықтай тартылуы қамтамасыз етілген. [1]

Дүние жүзіндегі жұмыс жасының шегі

Ұлыбритания	
Еркектер	16 – 64
Әйелдер	16 – 59
Ресей	
Еркектер	16 – 59
Әйелдер	16 – 54
АҚШ	
Еркектер	16 – 64
Әйелдер	16 – 64
Франция	
Еркектер	15 – 59
Әйелдер	15 – 59
Жапония	
Еркектер	15 – 64
Әйелдер	15 – 64
Қазақстанда	
Еркектер	15 – 64
Әйелдер	15 – 64

Еңбек етуге қабілеті бар адам, халықтың ресурстарын құрайды. Нарықтың экономикалық елдерде экономикалық белсенді халық (ЭБХ) деген ұғым кеңінен қолданылады. Экономикалық белсенді халық бұл қоғамдық өндіріспен айналысатын немесе оған қатысуға тілек білдірген жұмысқа жарамды халық. Экономикалық белсенді халық жұмыс істейтін адамдар мен жұмыссыздар жатады. Экономикалық белсенді емес қызметкерлердің, үй шаруашылығы адамдардың есебінен жанарып отырады.

Халық – елдің тек басты өндіргіш күші ғана емес, сонымен бірге көптеген ұлттардың белгілері. Халық ұғымының бірнеше мәні бар. Халықтардың шығу тегін, тартылып орналасуын, мәдениеті мен тұрмыс жағдайын жеке ғылым – этнография зерттейді.

Қазақстан әлемдегі көп ұлттық мемлекеттердің бірі. Онда тегі, тілі, мәдениеті, әр түрлі бірақ, тарихи тағдыры ортақ 130 ұлт пен ұлыстар өкілдері мекендейді. [3]

Олардың санына

1. Негізінде біздің елімізде тұратын қазақтар ;
2. КСРО – ның бұрынғы Республикасына жататын адамдар тобы (мыс: орыс, украин, беларус, молдаван) ;

3. Алыс шет елдерге жататын адамдар тобы (неміс, кәріс, поляк, еврей, гректер) халықтардың өкілдері – келімсектер болып табылады. Олар Шиеліге әр түрлі себептермен және белгілі бір тарихи кезендерде көшіп келді. Осыған байланысты облыс халқының көп ұлтты (полиэтностық) құрамы жаппай көші қонының нәтижесі соның әсерінен байырғы ұлты қазақтар этникалық жағынан азайып қазақ тілі қолдану аясы тарылды. 21 ұлт өкілен тұрады. Аудан тұрғынының негізінен 95,7 % қазақ, 1,9 % орыс, 1,4 % кәріс қалған 1,0 % басқа ұлт өкілдері құрайды.

Этносарлық татулықты сақтап, нығайту – мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Осы ретте, тұрғындар санасында ел бірлігі, қазақстандық патриотизмді сіңіру мақсатындағы кешенді ақпараттық – насихаттық жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылуда. Облыстың этникалық картасы салыстырмалы түрде біркелкі. Статистикалық мәліметтерге сәйкес облыс халқының саны 678,7 мың болса, оның 95,3 пайызын қазақ ұлты, 2,3 пайызын орыс ұлты құрайды. Облыс аумағында бұдан басқа өзбек, кәріс, дүнген, шешен, неміс, тәжік, поляк, қырғыз, белорус, украин, т.б ұлт өкілдері тату – тәтті тіршілік етуде. Этно – мәдени бірлестіктер мемлекеттік органдар тарапынан ұйымдастырылған шараларға белсене араласады, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары туралы позитивті пікірлер топтардың статистикалық мәліметтері мен диаспоралардың негізгі қызметтері, диаспоралар көшбасшылары олардың қысқаша өмірбаяны, қоғамдық қызметі, әлеуметтік мәселелері жинақталған этносаяси мониторинг жүргізіледі. [12,46 б] Қызылорда облысы, халқының денсаулығы мен жағдайы ерекше толғандырады. Әлемдік денсаулық сақтау бірлестігінің (ВОЗ) мәліметтері бойынша адамның денсаулығы 10 % - ке ғана медицинаға 20 %

тұқымқуалаушылыққа , 50 % өмір сүру жағдайына және 20% қоршаған ортаның жағдайына тәуелді екен. Халықтың жалпы ауруға шалдығуы 100 мың адамға 64016,1 адамнан келеді екен, ішек инфекцияларымен 5547 адам ауырады. Мұнда республика халқының ішек ауруларына шалдығушылармен 40 % - ы біздің облыстың үлесіне болып отыр. [7]

Әйел, аналардың 85 % - інде анемия байқалып отыр, олардың 45,0 % - і бүйрек ауруымен ауырады. Әрбір көрсеткіші жүкті әйелде экстрогениталь патология анықталуда. Жоғарыда көрсетілген аурулар жүктілік және туу кезінде келеңсіздіктердің өсіміне, түсік тастаудың көбеюіне, өлі туудың және тағы басқаның өліміне әкеп соқтырады. Өз кезегінде , жасы үлкен адамдар арасында бронхиалды астманың, вазомоторлық аллергиялық рениттің сандық көрсеткіштерінің артуы. Бұл балалар мен жасөспірімдер арасында олардың өсімінің байқалуы жергілікті халық организмінің аллергияциясы жайында дәлелдейді. Қоршаған ортаның ластануы мен олардың денсаулық жағдайларының төмендеуі арасындағы байланыстың бары ешқандай шүбә келтірмейді. Алғашқы мүгедектің неғұрлым үлкен көрсеткіштері Арал маңында белгіленген, оның негізгі себептері – туберкулез, ісіктер және қан айналымы мүшелерінің аурулары. Бүгінгі Егеменді Қазақстанның көп ұлттас халқы болашаққа деген сеніммен өмір сүріп , жаңа күлшыныс алдында тұр. Өз денсаулығын қорғап, салауатты өмір кешіп, темекі тарту, ішімдік ішу және нашакорлық сияқты зиянды әдеттерден өздерін барынша аулақ ұстап, жеке басының ғұмыры мен отбасы бақытын сақтай отыра, барлық көп ұлтты жаңа қоғамымызға беріктігі мен ынтымақтығын, жасампаздығын арттырмақшы . [6]

Демографиялық саясат – бұл мемлекеттік тұрғыдан қоғамның ең өміршең және бастапқы қажет тіршілігін, атап айтқанда – халықтың өсіп өнуі мен сақталып дамуын, өлім – жітімімен көші – қонының және мекен жайға дұрыс орналасуын қамтамасыз ететін бір тұтас жүйесі болып табылады. Демографиялық саясат әртүрлі, атап айтқанда әлеуметтік, экономикалық, денсаулық , экологиялық, құқықтық, білім мен мәдениет сияқты саясаттармен жүйелі түрде тығыз байланысты. Демографиялық саясаттың негізгі мақсаты – мемлекеттік дамуды, қоғамдық ахуалды және ұлттық мүддені қамтамасыз етуге арналған өзіне ғана тән, қажетінше тиісті, әрі тікелей тиімді жолдармен жетуді нысана етіп алады. Сол биік мақсаттарға жетудің үш бірдей әдісі бар. Олар : ел тұрғындарының демографиялық ой пиғылына және миграциялық мінез – құлқына

қоғамдық психологиялық заң – құқықтық және әлеуметтік экономикалық әдістермен тиісінше әсер ете алады. Елбасымыздың Жолдауына сай 2015 жылы халық санын 20 миллионға жеткізу осы демографиялық саясат арқылы жүзеге асыруымыз қажет. Қызылорда облысы халқының саны 1999 жылғы санақ нәтижесінде 595,5 мың адамды құрады. Оның ішінде аудан орталықтары мен Қызылорда қаласы халқын қоса есептегенде қала халқы 360,7 мың, ал ауыл халқы 234,8 мың адам. Олардың 297,2 мыңыер адамдар, 298,3 мыңы әйелдер. Ал , орталықтары мен Қызылорда Қызылорда қаласы халқын қоса есептегенде қала халқы 368118 адамдарға қарағанда аз екенін көреміз. Бұл жағдайда негізгі себеп – біріншіден туылыуы жағынан ер балалардың саны көп болғанымен өлім – жітім жағынан жоғары болып отыр . Сонымен бірге ер адам мен әйел адам арасында орташа өмір ұзақтығын, ер адамдардың ауыр жұмыстарға көптеп тартылуынан екенін айта кету керек . [2]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Халық санын қалай көбейтеміз ?» \ Егемен Қазақстан , 2004. 5 шілде.
2. «Демографиялық саясат » \ Егемен Қазақстан, 2003. 14 маусым .
3. Қызылорда облысының әлеуметтік экономикалық дамуы. Қызылорда облысының статистика басқармасы. Қызылорда 2007.
4. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Егемен Қазақстан , 2003. 5 сәуір .
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы , Қызылорда «Тұмар» 2008.
6. Қазақстан халқының әл – ауқатын арттыру мемлекеттік саясатқа басты мақсаты Қызылорда облысы қысқаша статистикалық жылнамалығы ,Қызылорда, 2008.
7. Қазақстан және оның өңірлері №3 Астана, 2007 жыл Қазақстан Республикасы халқы ұлттың құрамы 4 том.
8. Статистикалық жинақ. - Алматы, 2001. (Редакциялық басқармасынан Ә. Смайлов).
9. Маржаны Сырдың Шиелі , ЖШС, «Жебе» баспа үйі , 2009.

СЫР ТУМАСЫ ЭКС-МИНИСТР ҚҰДАЙБЕРГЕН САРЖАНОВТЫҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫ

С.Қ. ҚАНАЛЫ

7 сынып оқушысы, Аманөткел № 73 орта мектебі,

Қызылорда облысы, Арал ауданы

Н. ДОСЫМОВА

география пәнінің мұғалімі, жетекші, Қызылорда облысы, Арал ауданы

Халқымыз дарынды тұлға, талантты қызға қай заманда да кенде болмаған. Олардың бәрі де халқымыздың тарихында өшпес із қалдырып, аспанымызда шокжұлдыздай жарқырап тұр.

Жүйрікті шабысынан, қыран болар құсты қанат қағысынан танитын қазақ болар баланы да бағдарлай білген. Өткенге ой салып, оны зердеге тоқу тарихты тірілтумен бірдей. Соңғы жиырма жылда Тәуелсіз Қазақстанның өз алдына дербес мемлекет екенін барша жұрт біледі. Еліміздің тарихи деректеріне анықталған сайын біз халқымыздың көрнекті тұлғаларын, олардың ерекшеліктері мен халыққа жасаған қызметі жайында тани түсеріміз анық. Менің бұл жұмысты бастауыма себепші болған «Балықтар өз министрін іздеп жүр» атты мақала себеп болды /№180 14.10.2009ж/

Қазіргі таңда Елбасының тікелей қолдауымен жүзеге асырылған «Сырдария арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының бірінші кезеңінде атқарылған жұмыстар нәтижесінде аймақта балық шаруашылығы қайта жандана бастады. Бір айта кетерлігі Сыр бойындағы көлдер саны 150 ге әзер жетеді. Кезінде Арал теңізі және көлдер мен дарияда балықтың 40 – тан астам түрі болды. Олар: бекіре тектес күркетұмсық, тыран, сазан, қаяз және ақбалық секілді балықтар. /№180 14.10.2009ж/. Теңіздің тартылуынан олардың түрі құрып кетті. Қаяз балығы қазір «Қызыл кітапқа» енгізілген. Ең өкініштісі бұл балыққа әлі дұрыс көңіл бөлінбей келеді дейді Құдайберген ағамыз.

Бүгінгі таңда көлдер жеке кәсіпкерлердің иелігіне берілген. Олардың басты міндеті балық қорын сақтап, оларды көбейту болуға тиіс. Кезінде еліміздің балық шаруашылығы министрі Қ. Саржановтың еңбегін айтуымызға болады. Ол кісінің Сыр өңірінде балық шаруашылығын дамыту мақсатында атқарған істері аз емес. Қ. Саржанов ағамыз балық өндірудің қыры мен сырына қанық, біте қайнасқан адам.

Арал ауданы көлеміндегі мәдениетке, тарих пен өнерге бай аймақ бұл Сырдың төменгі ағысында орналасқан Аманөткел елі.

Бұл өңірден жырауда, ақында, боксшы да шыққаны белгілі. Қазақ тарихында бірінші рет «Балық министрі» осы ауылдан шықты. Қ.Саржанов 1937 жылы Арал ауданы, Аманөткел ауылында Қарамойын - Хан (Қайықауыз деп те атайды) деген жерде дүниеге келген.

Өр пенденің алғашқы жылдарының тәжірибесі – балалық шағының ең бір әсерлі естеліктері екені анық. Балалық шақ кісінің есейе түсуіне де, кейінгі етек жауып, ер жету кезеңдеріндегі қимыл – қарекеттеріне де барынша терең із салады. Әсіресе ауыл баласы еңбекке ерте араласады. Соның бір дәлелі күллі Қазақстанға тіпті сол уақытта СССР елдеріне аты шыққан танымал тұлға Қ. Саржанов болатын. Құдайберген Саржанов қайсар, өз ісіне шебер адам болды. Әкесі Дүйсенбайұлы Саржан Балық шаруашылығының кәсіпшісі, Анасы Құлдыққызы Ұлмекен - үй шаруасында болды. Құдайберген аға өзі Алматыда тұрса да туған жеріме ештеңе жетпейді - дейді.

Оның балалық шағы қиыншылықпен өтті. Ол жастайынан жетім қалды Әкесі Дүйсенбайұлы Саржан 1941 жылы дүниеден өткен. Анасы Ұлмекен көптеген қиындықты өткерді. Әкесіз жоқшылық пен жетімдік қыстағында балалық шағы өтеді. /20 бет/. Жас кезінде аз ауыл азаматтары «Құдыш, Құдыш» деп еркелеткен. Жастайынан алдына мақсат қоя біледі. Құдайберген аға Соғыстың қиын кезеңдерінде өзінің батылдылығымен, шыдамдылығымен өзінің етінің тірлігінен шүберектен тігілген сөмкесін арқалай жүріп, оқуға барды, балықшыларға көмектесті, сырлығы сұрады әйтеуір күн көрудің қамын жасады. Оның отбасы өте нашар болды.

Құдайберген аға өзінің сабырлығымен, байсалдылығымен жастайынан өз отбасына қамқорлығымен, жігерлігімен жастайынан қайсар бала атанды, отбасын асырады. Ол министр болар алдында қаншама қиыншылық көрген. Талапты да батыр аға Құдайберген Саржанов қиыншылықтың барлығына төзіп жеңіп шықты.

Бұның барлығы ағамыздың туа біткен қабілетіне байланысты. Ағамыздың өзі айтқандай «Жылқышының баласы жылқыға қызығады, қойшының баласы қойға қызығады» демекші әкем Дүйсенбайұлы Саржан балықшы болды менде соған еліктеп балыққа қызықтым дейді.

Міне жақсы нәрселерге еліктеу осы мақсаттары арқылы үлкен жетістіктерге жетті. Қазақта «Жақсы әке баласына қырық жыл

азық» - деген аталы сөз осыдан шықса керек. Әкесінен төрт жасында айырылған жетім бала «Кекшіл бала» болып өсті. Құдайберген ағамыз жастайынан өте зерек бала яғни, ерекше болды. Ол әкесінен айырылса да өз мақсатынан таймады.

1950 жылы Аралға қоныс аударып 5,6,7 сыныпты Аралда оқиды. Бұл үлкен белеске алғаш рет қадам басуы болатын. 1952 жылы маман даярлау үшін Гурев балық техникумына оқушы алуға қағаз келеді. Тұрмыстың тауқыметін көріп өскен жас бала да оқу оқып, отбасына қолғабыс етуді көздейді. «Ол кезде небәрі 14 жаста» болатын /32- бет/. Алдына талап қойған жас балғын анасының батасымен үлкен жолға аттанады. Арал балықшыларының арасында бірінші болып бітірді. Студент кезінде көптеген үйірмелерге қатысады. «Балық аулаудың техник михаинигі» деген диплом алып техникумді бітіреді.

Құдайберген ағаны ел үшін туған ер - десекте болады емес пе... ?

1956жылы жолдамамен Арал балық тіресіне келеді. Оны «Бөген МРС-на» жібереді (МРС-дегі Моторно Рыволовное Станция мотормен балық аулайтын база). Ол кезде Арал балық тіресі бойынша 20 шақты балық колхозы болған. Ең жасы Қ. Саржанов болады /43-бет/.

1958ж. Қуандария МРС - на қарасты «Райым» колхозына нұсқаушы инструктор етіп жұмысқа жіберіледі. Ол колхозға Қарасу, Ескіұра, Қамыстыбас елді мекендері қарайды. Қамбаш көлінен 3000- 4500 центірдегі балық аулау жеке етіп белгіленген. Қамбаш көліне кемінде 35-40 - тай жылым бригадасы жиналатын болған. Онда 350-400 адам жұмыс істейді. Әр жылымда 4 - 5 түйе , 2-3 жылқы яғни, бәрін қосқанда 160 - түйе, 80-ге жуық ат болады (55бет). Уланған балықтарды Аралға түйе шанамен тартқан. Наурыз айында Нөкіс қаласында «Аралдағы балықты қорғау және ретімен аулау» жөніндегі ғылыми конференцияға қатысып баяндама оқыды. Бұл сапардың жауапкершілігі өте жоғары болатын. / 61 /. Конференцияны обкомның 1-ші хатшысы Халитов ашады. Конференцияға Қарақалпақтың өкіметінің сол кездегі басшысы Камалов қатысады. Үлкен кворумда өмірінде бірінші рет баяндама жасайды. /62/

1960 жылдары Арал балық тіресінің жылдық жоспары 200 мың центнер болды. 1961 ж. партия мүшесі және Балық өндірісі кәсіпшілер одағы орталық комитетінің қоғамдық негіздегі нұсқаушысы болып тағайындалады.

1963 ж. Ауыл балық зауытына бас инженер етіп жібереді. Өзі бас инженер бола тұра Ақбастыдағы 9-10 кластарға балық шаруашылығы практикасынан сабақ береді.

1963-65 жылдар аралығында Қасқақұпай базшында директор болады.

1965 ж. аупарткомда бөлім меңгерушісі болып тағайындалады /82/.

1965 ж. Алматыдағы жоғары партия мектебіне оқуға жіберіледі. Партия мектебінде оқу үлкен абырой және басшы қызметіне көтерілу үшін жоғары білімді болу міндетті болған. Іріктеу өте қатал, мұқият жүргізіледі. Партия мектебін 1969 ж. бітіріп, диплом алған соң ОК- тен жолдама алып Қызылорда обкомына келіп осы жақта өнеркәсіп байланыс бөлімінің нұсқаушысы болып тағайындалады.

1971ж Арал ауданының атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып өз туған жеріне оралады.

Аманөткелден Бөгенге су құбырын жүргізу жобасының бірлескен авторы, 1974 ж. Арал балық комбинатының директоры болып тағайындалады /99/. Бұл уақыт Арал теңізінің тартыла бастаған кезі Балық азаюынан жоспар орындау қиындай түссе де балықты аулау Аралға жеткізуге бар күшін салады.

1975 ж. X. Арал Балық комбинатының 50 жылдығы өткізіліп , Қазақ ССР жоғары кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталды. Бұл ең алғашқы тұңғыш наградасы болатын.

Арал балықшыларының келешегі жайлы жоғары жаққа шырылдап Арал теңізінің жағдайын айтқан алғашқы азамат болатын. Арал балықшыларының жағдайы нашарлайтынын трибунаға да шығып айтқан. Нәтижесінде бірінші рет СССР балық шаруашылығы министрі

А.А. Ишков Аралға келді. /112/. Арал балық комбинатына өңдеу үшін мұхиттан тікелей жиыны 6-7 мың тонна мұхит балығы жіберіліп тұрды. Бірінші болып мұхит балығы сол кезде сапалы өңдеуден Арал балық комбинаты ерекше көзге түсті.

Мұхиттан келген балық түрлері

1) Ставрида 2) Скумбрия 3) Сильді 4) Путасу 5) Хек

1983 ж. 10 наурызда қазақ, орыс тіліндегі газеттерде С. Ималиевтің қолымен Қазақ ССР жоғары советі Президиумының: «Саржанов Құдайберген Саржанұлы Қазақ ССР балық шаруашылығы министрі болсып тағайындалсын» деген жарлығы жарияланды.

Арал тарихында бірінші болып министірлік қызметке келген тұңғыш Қ. Саржанов болды. 1983 ж. Вьетнам мемлекетіне Қазақстан делегациясын басқарып барды. Бұл Социалистік Вьетнам

елінде Қазақстанның 10 күндігі болатын. Ол жаққа екі ел арасындағы қарым - қатнасты дамыту мәселесін жолға қойып, «Вьетнам Социалистік Республикасының құрметті азаматы» деген орденмен марапатталады. Осы елде атқарған жұмысын бағалап, елге оралған соң Қазақстан – Вьетнам достық қоғамы президиумының төрағасы етіп сайлайды /157/. Министірлікте болғанда Аманөткел елді мекеніне яғни туған жерімізге құрылыс мекемесі ПМК-4 ашып берді.» (158 бет). Осының арқасында халық жұмыс істеп, отбасын асырағаны анық. Аманөткелден тоғанды балық шаруашылығын ашып жауапкершілікті өз мойнына алады.

1986 ж. Арал теңізінің тартылуы және Арал халқының жағдайы жөнінде айтып, Арал өңіріне көмектесулерін айтып жоғары жаққа өтініш жасайды. Ең алғаш Арал - Балқаш аймағын қорғау қозғалысы құрылды. Арал мәселесі сол уақытта қолдау мен қорғауды қажет еткен болатын. Арал мәселесі көтерумен сол кезде қазіргі Елбасы Н.Ә. Назарбаев көзіне түседі.

1989ж қоғам Қазақстан – Арал - Балқаш өңірлерін апатты жағдайдан қорғау жөніндегі қоғам болып қайта құрылды. Конференция өтіп конференцияға Қ.Саржановты қоғам президентінің бірінші орынбасары етіп сайлайды.

1986ж зейнетке 59 жасында шығады. Республикалық дәрежедегі құрметті зейнеткер.

«Армансыз адам қанатсыз ұшқан құспен тең» демейме сонда да болса ағамыз көптеген мақсаттарға қол созды және сол мақсаттарына жетуге тырысты. Сол кездегі Арал тіресінің басшысы іскер де танымал, ел ағасы болған Хамит Мұсағалиевтің қарауына келді. Ол өршіл де екі көзі оттай жанып «не де болса істеймін» деп тепсініп тұрған жас жігіттің таудай талабын бірден танып, оны Арал өңіріндегі ауылдарға трестің балық аулау жөніндегі нұсқаушысы етіп тағайындады /42/. Мұнысы ел араласын, көрсін – білсін дегені еді. Ол осы қызметте жүріп, сол кездегі теңіз жағалауындағы әр рудан құралған халық тұратын «Қазақстан», «Тастүбек», «Бірлестік», «Райым», «Жамбыл» атындағы колхоздарда болды. Олардағы барлық іске тікелей арласып жүріп, үлкендерден сыйластықты, адамгершілік қарым- қатынасты, әдет- ғұрыпты, салт – дәстүрді, мінез- құлықты үйренді, жақсыдан тағлым алды, жаманнан жиренді, өмірден мол тәжірибе жинақтай бастады. Құдайберген ағамыздың алғырлығы, өз ісіне деген берілгендігі, жауаптылығы, қайсарлығы, трест басшылығы мен басқаларды да тәнтті етті. Соның негізінде қызметінен бірте - бірте жоғарылай берді. Трест инженер, балық аулау бөлімінің

бас инженері, бөлім нұсқаушысы болды. Құдайберген Саржанов ағамыз сол кездегі өзінің басшысы болған жаны жайсаң, абыройлы да беделді азамат Мырзалы Бәйімбетов ағасын ылғи да еске алып, оның аруағына бас иіп отыратындығын айтты. Құдайберген аға 1983 жылы Республиканың балық шаруашылығы министрі қызметіне тағайындалды. Әрине бұл кезең Сырдарияның суы азайып, теңіздің тартылып жатқандығынан Арал өңірі проблемасының арта түскен кезеңі болатын. Министірдің жұмыс ауқымы көбейіп мазасының кеткен шағы. Мінекей, ол жастайынан жұмыстарға арласып жанындағы адамдардың тілін таба бастады. Ол өте батыл айтқанынан қайтпайтын қайсар министр болды.

Дүниеге келген әр бір азамат өзінше қайталанбас сұлу да тамаша тұлға деп бағаласақ, онда Құдайберген ағаның еңбек жолы мен елге қызметі ешкімге ұқсамайтын өзінше бір үлкен дүниемен тең. Қ. Саржанов халықтың ахуалын жақсарту мақсатында аянбай еңбек еткен адам. Халыққа жасаған еңбегін халық аңыз етіп айтуда. Құдайберген аға Министр болған кезде өз туған жерін ешқашан ұмытпапты. Оған дәлел: Аманөткелге аурухана, мектеп және т.б мекемелер салып берді. Қ. Саржанов тағы да Мырзастағы проектке Көпір салдырмақшы және Кәрбөгетке «Шәртікен ата көпірін» салдырды. Біздің Аманөткелдің дамуына себепші болған адамдардың бірі. Арал теңізі балықшыларының мұражайын ұйымдастыру үшін бірнеше жылдан бері еңбек етіп келеді. Көптеген еңбегі мен ізденуі нәтижесінде балықшылар мұражайын ашу туралы аудан әкімінің шешімі қабылданды. Биыл 2011 жылы бұл жобаның іргесі қаланатындығын аудан әкімі Н. Мұсабаев атап айтты. Сонымен қатар ауылда салынғалы жатқан мектеп жанынан «Суреттер сыр шертеді» атты музейін ашпақшы. Бұл ұрпақтардың су асты жәндігін қорғауға және осы теңізде қиын кезендерде мемлекетке, қоғамға зор үлес қосқан азаматтарымызды кейінгі жас ұрпақтар біле жүру мақсатында ашылайын деп жатыр. Құдайберген Саржанов өзінің туған жеріне ештеңе жетпейді дегенге осылар себепші болады. Құдайберген аға өз туған жері үшін тәуекелге баратын адам. Бұндай адамдар қазір елімізде азайып бара жатыр. Құдайберген Саржанов 10 жыл министр болған. Ал қазіргі министрлер 1 жыл болмай жатып жұмысынан кетіп жатады. Яғни тұрақты қызмет етпеген соң олардың жасаған жұмыстары кең өріс алмасы анық. Құдайберген ағаның аты мәңгілік тарихта қалады деп ойлаймын.

Зерттеу жұмысымды аяқтай келе айтар ұсынысым бұрын Арал теңізінен 1939ж 538 центнер көлемінде кездесетін өте бағалы

бекіре, 1300 центнер қияз аулаған. Қазір бұлардың бірі де жоқ. Себебі азғантай қалған балықтарды көбейтудің орнына броконерлік жасаушылар көбейіп, бағалы балықтарды аулап, сыртқа сатуда.

Балықтарды қолдан ұрықтандырып өсіруге де болады. Жайылма көлдерде алаңның көлеміне қарай ұзындығы 30, ені 10, тереңдігі 3 метр апан қазу керек. Алаң арнасынан арықшалар қазып, онымен балықты апанға ағызып, қолдан жем беру керек. Балықты қыста осы апанға қыстатып, көктемде жайылмада балықты үздіксіз қайта өсіруге болады. Қоймадағы балық өнімділігі негізінен тұрған жердің топырағына, ауасына, судың тазалығына, судың тереңдігіне де байланысты. Балық уылдырық шашар кезде оны аулауға тиым салу керек.

Су асты жәндігі – табиғаттың адамға берген сыйы, қазынасы. Сондықтан әр адам балыққа деген көзқарасы, оны пайдаланудағы жауапкершілігі үлкен болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саржанов Қ. «Аралдың айтылмаған ақиқаты». – Алматы: «Издательство бастау», ЖШС. 2007. I бөлім.
2. Саржанов Қ. «Аралдың айтылмаған ақиқаты». – Алматы: «Издательство бастау», ЖШС. 2007. II бөлім.
3. «Тәуелсіздікке он жыл» Сыр бойы 2001 жыл.
4. Алаш айнасы «Балықтар министріні іздеп жүр» /№180 14.10.2009.
5. Суханбердин Хамза. Қызылорда облысында қоршаған ортаны қорғаудың кейбір мәселелері. - Қызылорда: «Тұмар», 2003.
6. Интернет материалдары.

9 Секция. Өнертану және елтану 9 Секция. Искусствоведение и краеведение

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ МУЗЫКА САБАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ

С. ӘБДИМАНАПОВА

9 сынып оқушысы, № 127 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицей,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Г.А. АЙБИЛЕТОВА

музыка пәнінің мұғалімі, № 127 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицей,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Қазіргі кезеңде мектепте жүретін оқу пәндерінің сапасын көтеру, оқу-тәрбие саласындағы негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Өйткені адамзат дамуы үшінші мың жылдыққа өтті. Ғылым мен техника дамудың жоғарғы-шыңдарына жетті.

Егеменді еліміздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың “Халыққа үндеуі” жөніндегі әлемдегі дамыған өркениетті елдердің қатарына шыққалы тұрғаны, оның дәлелі ретінде Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқының дамуы үшін істеп жатқан еңбектерін айтуымызға болады. 2030 бағдарламасы оның дәлелі екендігі хақ. Өсіресе жас буынға оқу-білім, тәрбие беру саласында, оқудың инновациялық жолдарын енгізіп, пәндік сабақтарды бүгінгі күн талаптарына сай өткізудің қажеттігі туындайды. Мектептегі музыкалық-эстетикалық тәрбие беретін музыка сабағының дұрыс жүргізілуі үшін техникалық құралдарды қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі, қазіргі қала, ауыл мектептерінде бұл пәннің өз деңгейінде өткізуге жағдайдың жоқтығы, тіпті техникалық құралдар тұрмақ, пән кабинеттері мен пән мұғалімдерінің жетіспеушілігін, өзіміз өткізген педагогикалық тәжірибе кезінде көріп жүрміз. Сондықтан осыған байланысты менің көтеріп отырған мәселенің өзекті екендігін айқын көреміз.

Мен бұл жұмысымда музыка сабақтарына және сыныптан тыс музыкалық тәрбиелік іс-шараларға техникалық құралдарды пайдалану жолдары туралы ашып көрсетемін. Бұл ғылыми жұмысымды еліміздің Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа үндеуінде шығарған жолдауына арнамақпын.

Мектеп оқушыларына тәрбие беруде, музыка сабағында техниканың соңғы жетістіктерін пайдаланып енгізу; музыка

сабағының сапасын көтеру; музыка мұғалімінің техникалық даярлығын арттыру;

Мектеп оқушыларына музыка сабағы арқылы техникалық құралдарды білуге үйрету, сабақтан тыс кездерінде музыканы техникалық құралдар арқылы тындап, талдауға тәрбиелеу;

Мектептегі музыка пәндеріне техникалық құралдарды пайдалануды енгізу арқылы музыка сабағының даму үрдісін зерттеу.

Музыка сабағы - музыкалық -эстетикалық тәрбие негізі.

Музыка сабағында балалар ән салу, балалар аспабында ойнау, музыка тындау, музыкалық сауат ашу іс-әрекеттерімен айналысады.

Музыка сабағының мектепте жүргізілетін басқа пәндік сабақтарға тән ортақ үкастықтары және өнер саласына тән ерекше айырмашылықтары бар.

1. Мектептегі барлық пәндік сабақтар сияқты музыка сабағы да педагогикалық-психологиялық заңдылықтарға сүйене отырып жоспарланады, яғни оқушылардың жас ерекшеліктері, қабылдау мүмкіндіктері, ой-санасы, қиялы т.б.

2. Жалпы дидактикалық принциптерге негізделіп құрылады: “Оқыта отырып тәрбиелеу принципі”.

Мұғалім оқушыларға білім беріп қана қоймай, сол алатын білімдері арқылы тәрбие жұмысын жүзеге асырады.

Мектептегі музыка сабағындағы әрбір іс-әрекеттерді өткізу барысында, мұғалім оның не үшін қажет екенін айқын сезініп, берілетін тапсырманың қандай маңызы бар екендігіне жауап беруі тиіс.

Мысалы, мұғалім жаттығу жасатпас бұрын нені мақсат етіп қояды? Жаттығудың не керегі бар? Оқушылар жаттығу арқылы әдемілікке, дыбыстардың, дауыстың сұлулығын бағалай білуге үйренулері керек. Жалпы сабақта қолданылатын музыкалық материалдарды таңдай білудің мәні зор, өйткені, ол шығармалар арқылы балалар өмірдің сан қилы оқиғаларынан хабардар болады, сондықтан да, музыкалық материалдар уақыт өткен сайын өзгеріп отырады, толықтырылады немесе алынып тасталады.

Аталған принцип, әсіресе, ән үйретуде өте қажет. Ән үйрену барысында кездесетін қиындықтарды балалар оны әдемі, мәнәрлі орындауға бірден-бір қажет деп түсінеді. Балалар эстетикалық сезімін қалыптастырып, әрі қарай дамытуда, музыкалық ой-өрісін кеңейтіп, талғамын тәрбиелеуде тындауға арналған репертуардың мәні зор. Музыка туралы әңгіме тындай отырып, балалар сазгердің өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат алып қана қоймай, шығарманың

сипатын, оның бейнесін ашуда қолданылған мәнәрлік құралдарын анықтап олардың шығармаға қандай әдемілік беріп тұрғанын көреді. Осылай балалардың музыкаға қызығушылықтары, музыкаға деген эмоциялық көзқарастары қалыптасады. Әр шығарманың мәнәрлік құралдары болатынын ажырата алатын болады.

Музыка сабағындағы негізгі және қосалқы іс-әрекеттер

Музыка сабағындағы негізгі іс-әрекеттерге; ән үйрету, музыка тындату, музыкалық сауат; қосалқы іс-әрекеттер; балалар музыкалық аспаптарында ойнау, музыкалық-дидактикалық ойындар, музыкалық-ырғақтық қимылдар, балалар шығармашылығы жатады. Бұл іс-әрекеттер бір-бірімен тығыз байланыста болады. Негізгі байланыстың түп тамыры музыка болып табылады.

Ән үйрену іс-әрекеті музыка пәнінің негізгі жұмыс үрдісіне жатады. Оқу бағдарламасында берілген ән репертуарлары әр сынып оқушыларының жас және физиологиялық ерекшеліктеріне қарай іріктеліп алынады.

«Музыканы қабылдауға тәрбиелеу, басқа қабілеттерді дамыту секілді белгілі бір кезеңдерден өтуі керек», - дейді белгілі Ресей ғалымы, көрнекті ұстаз О.Апраксина, сөйтіп оны шартты түрде 4 кезеңге бөледі.

Бірінші кезең - 1,2 сыныптар. Бұл кезеңде балалар музыканы жалпылама қабылдайды, мәнәрлік құралдарын әлі де анық ажырата алмайды. Тәжірибелерге қарағанда, аталған кезеңде балалар екпін, динамика, регистр, тембр деген ұғымдарды жақсы анықтай алады екен. Әйтсе де, мұғалімнің әдістемелік дайындығы күшті болса, «мажор», «минор» т.б. секілді анағұрлым қиын ұғымдарды да оңай игеруге болады.

Екінші кезең - 3,4 сыныптар. Бұл кезеңде балалар музыканы сезімталдықпен қабылдап қана қоймай, оның не туралы екендігін, мазмұнын түсінуге талаптанады. Мұнда сөздің үлкен мәні бар: шығарманың аты, ән тексті, мұғалімнің түсіндіруі. Мысалы: балалар қиялшыл келетінін ескере отырып музыка дыбыстарымен таныстырғанда оларды еліктіру үшін жоғары дыбыстарды бұлбұлдың, басқа да түрлі әнші құстардың үнімен, ал төменгі дыбыстарды аюдың, түйенің, т.б. жүрісімен салыстырып, түсіндіруге болады. Бірақ мұғалім әдетте мынандай теңеулерді орынды қолданып балалардың назарын дыбыстан тек қана белгілі бір жан-жануарлардың үнін іздеп отыруға тәрбиелеуден сақ болған жөн. Өйткені, бала бірте-бірте музыканың мазмұнын сөз арқылы жеткізгенде үйреніп, әрбір шығармадан нақтылы сюжет іздеп

отыратын болады. Бұл музыканы біржақты жеңіл-желпі қабылдауға әкеліп соқтырады.

Үшінші кезең - 5 сыныптар. Бұл кезең- музыканы қабылдауға үйретудегі ең бір қарама-қайшылығы мол кезең. Оқушылар түсінбеген музыканы назардан тыс қалдырады. Жас ерекшелігіне байланысты мінез-құлықтың өзгеруі кебінесе өзіншілдікке әкеліп соғады. Сондықтан да бұл кезеңде талантты мұғалім өте қажет.

Төртінші кезең - 6 сыныптар. Бұл сынып оқушылары музыканың ішкі жан дүниесін түсінуге септігін тигізетінін ұғады, музыкаға қызығушылығы артады. Саналылық эмоция мен ұштасып, олардың арасында тұрақты қарым-қатынас орнайды.

Әнді үйрету мына кезеңдерден тұрады. Үйретілетін әнді мұғалім өзі орындап көрсетеді немесе баспатабақтан, аудио жазбадан тыңдатушы болады. Әнді тыңдап болған соң текстімен жұмыс істелінеді, төменгі сынып оқушыларына дауыстап оқытуға болады. Әнді шумақтап /2 жолдан, немесе 4 жолдан/ үйретіп болған соң аспаптың көмегімен әнді орындайды. Әнді толық үйретіп болған соң, сынып болып немесе әр топқа бөліп орындатқан дұрыс. Үйге тапсырма берген кезде оқушыларға әнді жаттап келу керектігін ұмытпай айту қажет.

Музыка тыңдауды мынадай төрт кезеңге бөлуге болады :

- 1.Кіріспе әңгіме.
- 2.Шығарманы тыңдау
- 3.Тыңдалған шығарма туралы әңгіме
- 4.Қайталап тыңдау

Музыкалық сауат - оқушылардың музыка өнеріндегі теориялық білімдерін қалыптастырады. Музыка сабағында негізгі іс-әрекеттерімен қатар қосалқы іс-әрекеттері де бар. Оқушыларды музыкалық ырғақтың дамуын қалыптастыру үшін, ырғақтық қимылдарды жасауды үйренулері керек. Әсіресе төменгі сынып оқушыларының ағзалары нәзік болғандықтан тез шаршағыш келеді, сондықтан да музыкалық ырғақтық қимылдарды сергіту кезінде жасатудың бала дамуы үшін ролі өте зор болып табылады.

Музыкалық-дидактикалық ойындар сабаққа деген оқушының қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін өте қажетті, керек іс-әрекет. Сабақты қорыту кезінде де осылардың негізін ұлттық ойындардан алып қарауға да болады. Сабақтың тақырыбына байланысты әр түрлі ойындарды да ойнатуға болады. Бұл ойындар оқушылардың зеректігін, іскерлігін, ойлау қабілетін дамытады. Балалар музыкалық аспаптарын сабақта қолдану өте тиімді тәсіл

екендігі тәжірибе жұмыстарында дәлелденген. Себебі әр оқушы өзін кішкене сәт ішінде музыкант болғанын армандайды. Музыкалық аспаптарды пайдалану оқушылардың ырғақтығын, музыка тілін түсінуді қалыптастырады. Балалар музыкалық аспаптарының түрлері өте көп: асаяяқ, қоңырау, тұяқтас, түймелі-тілшіктіге: баян, аккордеон, гармоникалар; ұрмалы-тілшіктіге; күйсандық; ұрмалы аспаптарға: бубен, кастаньета, үшбұрыш, тарелка, барабан, металлофон, ксилофон т.б. аспаптар жатады. Балалар үшін қолданылатын музыкалық аспаптардың көлемі, салмағы жағынан ыңғайлы, құрылысы қарапайым, әрі мықты болуы қажет. Аспапта ойнаудан бұрын мұғалім оқушыларға олардың құрылысы, шығу тарихы, дыбыстануы туралы біраз мағлұматтар бере отырып, ол аспаптарды сабақта пайдаланудың тиімділігін, мақсатын және қолдану тәсілдерін түсіндіреді, Аспапта ойнау кезінде тұрып немесе отырып ойнау қалпын сақтау өте қажет. Балалар аспабында ойналатын музыкалық шығармалардың жеңіл, ыңғайлы, түсінікті болуын пән мұғалімі қадағалап отырып үйретеді.

Музыка сабағында техникалық-әдістемелік құралдарды пайдалану мүмкіндіктері

Музыка сабағында қолданылатын техникалық құралдар түрлері. Қазіргі кезеңде мектепте білім беру жүйесіне толығымен өзгертулер еніп жатыр. Оқытудың жаңа технологиясы және ақпараттық жаңа техникалық құралдарды оқу үрдісінде қолданудың өзектілігі айқындалды. Бір сарынды сабақ өткізу оқушылар білім деңгейінің сапасының төмендеуіне әкеліп соқтыратындығын мектеп сабақ жүргізу тәжірибесі көрсетіп отыр.

Жалпы білім беретін орта мектептерде жүргізілетін музыка сабақтарына оқытудың жаңа технологиясын қолдану, заман талабына және сабақ жүргізудің сапа жағынан көтеру үшін техникалық құралдарды үнемі қолдану керек екендігін қазіргі жаңа мектеп, жаңа оқушы, жаңа музыка пәні айқындаған сияқты.

Әр пән мұғалімі өз сабағының сапалы болуын және де қызықты өтіп, оқушыларға үлкен әсер қалдыруын мақсат етеді. Өйткені қазіргі оқушы тек қана мектептегі өтіп жатқан пәндерден бөлек компьютерлік ойындар, түрлі техникалық ақпараттық құралдар, электронды ойындарды меңгерген жаңа дәуір азаматы.

Күнделікті пайда болып жатқан техника жаңалықтарын қазіргі балалар тез қабылдап, үйренуге тырысады. Мұғалім музыка сабағын бір сарынды қылып өткізсе, оқушының сабаққа деген селқостығы және де немқұрайлылығы артады.

Музыка сабағы өнер сабағы болғандықтан барлық іс-әрекеттерді техникалық құралдардың көмегімен өткізу, сабақтың деңгейі мен сапасын арттырады. Қазіргі кезде көптеген мектептерде техникалық құралдардың жетіспеушілігін өз көзімізбен көріп жүрміз. Бұл сабақтың өз деңгейінде өтуіне кедергі жасайды. Мұғалім мектеп басшысының көмегі арқылы, талапқа сай техникалық құралдармен қаруланған жөн.

Музыка сабағына қолданылатын техникалық құралдар түрлері.

Қазіргі музыка сабағына негізінен қолданылатын техникалық құралдарға: фото.кино, видео аппаратура, магнитофон, магниттік жазу, грамжазба, диапроектор, диафильм, синтезатор, компьютерлік техника, ксерокшірме т.б. жатады.

1. Фотоаппаратура арқылы көрнекілік құралдар музыкалық диафильмдер, фотосуреттер /үлкен, кіші ауқымды/ өткізілетін музыкалық іс-шараларды фото бейнеге түсіріп алуға мүмкіндік туындайды. Нота материалдарын көбейту үшін, Сазгер портреттерін үлкейту, жалпы сабаққа керек кез-келген қағазға байланысты көбейту, үлкейту операцияларын орындау үшін ксерокшірме аппараттары үлкен көмек көрсете алады.

2. Проекциялық аппарат- проектор арқылы анық бейнелерді, диафильм немесе слайд арқылы сабақ кезеңінде, қараңғыланған кабинетте көрсетуге болады. Мысалы: сазгер өмірі туралы диафильм, қосымша магниттік жазу, музыка, текст /түсіндірме/ қолданса сабақ керемет өтеді.

3. Кино және видеофильмдер, теледидар және видеомангитофон, кинопроектор. Бұл аппараттар арқылы сабаққа керекті фрагмент-үзінділерді, сазгер-өмірбаяны туралы фильм, опера-фильм, балет-фильм, өткізілген музыкалық іс-шара туралы фильмдерді көрсетуге болады. Сол сияқты аспаптар туралы, тарихы, сол аспаптың дыбысталуын ойнап көрсетуіне видеокассета арқылы көрсетуге болады. Видеокамера арқылы сабақ кезеңін ән орындау, көркем өнер үйірме жұмысын, сахна қойылымдарын түсіріп балаларға көрсету арқылы оқушы жұмысын қарап, талдап ойларын білуге пайдасы өте зор. Әсіресе вокалды-хор жұмыстарында кездесетін қиыншылықтарды экран арқылы немесе аудиожазба арқылы көрсетілсе, мұғалімнің көптеген жұмысын жүргізу жеңілдетіледі.

4. Магнитофон, магнитола /баспатабақ/ сабақ кезеңінде қолдануға ыңғайлы аппарат болып табылады. Сабақ тақырыбына байланысты материалды алдын-ала магнитофон аудио кассетасына жазып алу, мұғалім уақытын үнемдеуге үлкен септігін тигізеді.

Сол сияқты ән үйрету кезеңінде әр дауыстың орындалуын жазбада тыңдатып оқушының әнді дұрыс үйренуіне мүмкіндік туады. Хор үйірмесі жұмысына осы тәсілді пайдалануға болады. Қазіргі CD - компакт дискілер де сабаққа қолдану өте тиімді. Біріншіден таза жазу, екіншіден жаңа технология.

Тақырыптың өзектілігі – айтыстың түрлерін таныту. Мұғаліммен бірге осындай мақсат қойдық: ежелгі және қазіргі айтыс түрлері туралы деректерді жинақтау; қазіргі айтыс пен бұрынғы айтыстың түрлерін зерттеу және салыстыру.

Гипотеза - оқушылар осы деректер арқылы айтыс туралы білімдерін тереңдетсе, танымдық қызығушылықтары, ой-өрістері артады.

Дайындық кезеңінде мен тақырыпты анықтадым, мұғаліммен мақсатын, гипотезасын айқындадым, зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгердім. Теориялық кезеңде мен тақырып бойынша әр түрлі ғылыми әдебиеттерді оқып талдадым, қажетті деректерді жинақтадым. Ал қорытынды кезеңінде мен алынған нәтижелерді пайдаланып, қорытынды ұсыныстарды дайындадым, ғылыми жобаны қорғауға дайындық жасадым.

Тақырыпты зерттегенде, мен осындай әдіс-тәсілдерді қолдандым: теориялық материалдарды жинақтау, тақырып бойынша материалдарды іріктеу, айтыс түрлерін жақсы білетін адамдардан сұхбат алу және ақпарат көздерінен мәлімет алу;

Менің ойымша, осы жұмыс оқушыларға, мұғалімдерге көмек көрсетеді.

Айтыс – қазақтың ауызекі әдеби – музыкалық өнерінің көлемді және аса құнды салаларының бірі. Ол – суырып салма ақындық өнерінің жемісі боп табылады. Айтыста халықтың әдет – ғұрпы, тұрмыс – салты, дүниетанымы, эстетикалық, рухани, философиялық және әлеуметтік көзқарасы, қалыптасу тарихтары байқалады.

Айтыс туралы алғашқы пікірлерді Ә. Диваев, Ш. Уәлиханов сықылды ғұламалар жазып қалдырды. Кейіннен айтыстың шығу тегі, тарихы, оның жанрлық түрлері, ерекшеліктері сияқты нағыз ғылыми сараптауларды С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Ә. Тәжібаев, Р. Бердібаев, Т. Нұртазин, Ы. Дүйсенбаев, Т. Кенжебаев, М. Жармұхамедов сықылды ақын-жазушылар, ғалымдар жасады. Осы ғалымдардың әр алуан зерттеулерінің бір арнаға тоғысатын тұсы айтыс жанрының ең биік сатысы - ақындар айтысы екендігінде.

Ең алғаш тұрмыс – салт жырлары «Жар – жар» мен «Бәдіктен» бастау алып, сан алуан асу – кезеңдерден өтіп кемелдене жетілген айтыстың алғашқы үлгілері көпке ортақ жаттанды өлеңдерден тұрса, кейінірек өз жанынан шығарып айтылатын суырыпсалмалық сипаты басым болып отырады...

Айтыстың көтерілетін тақырыптары сан алуан. Егер де айтыстың ең ежелгі түрі – «Бәдік» айтыстың негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, кейіннен айтыстың кемеліне толған ең күрделі түрі – ақындар айтысының тақырыптары әлденеше тарау болып, бұтақталып кетеді және сол бұтақтардың бәрі халықтың өмір – тұрмысын жан – жақты көрсетіп, барынша толық бейнелейді. Бәдік айтысынан басқа қайымдасу, жануарлар мен адамның айтысы, ақ айтыс, сүре айтыс, жұмбақ айтыс сияқты айтыс түрлері қалыптасты.

Айтыс қазақ даласында негізінен ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап айрықша кең өріс алып, мол серпінімен дамыды. Бұған сол тұстағы қазақтың көшпелі өмірі мен әдет – ғұрып, салт – дәстүрі басты себеп болды...» Оны тудырған да, дамытқан да ақындар болған. Бұл өнер түрі қазаққа ағайындас, тұрмыс – тіршілігі, шаруашылығы, қоғамдық өмірі ұқсас келетін қырғыз, түркмен, қарақалпақ халықтарында да кездеседі.

Айтыстың басты ерекшелігі – оның суырыпсалмалы түрде орындалуы. Айтыс қай кезеңдерде де филолог, фольклортанушы және саяхатшылардың назарынан тыс қалмады. Оның әр – түрлі үлгілерін қазақ арасынан ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап В. Радлов, Ш. Нұрмағамбетұлы, Т. Сейдалиев, С. Жантөрин, Ж. Шайхысламов, Ә. Диваев, С. Сейфуллин және т.б. жинап, жарыққа шығарса, солармен қатар, құнды ойлар мен деректер А. Васильев, А. Левшин, Ш. Уәлиханов, А. Янушкевич, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Мырзахметов, С. Қасқабасов, М. Жармұхамедұлы және т.б. жұмыстарында орын алады.

Айтыс түйіні – шындық. Қандай жүйрік, желқабыз, тапқыр ақын болса да шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, оның бәрі де тек шындықпен суарылған аталы сөзге тоқтап бас иетін болған. Бұл тартпас уәж, шындыққа құрылған бір ауыз сөздің жеме – жемде айтыс тағдырын шешіп кететіні де осыдан. Бұл сипаттарымен айтыс өзіміздегі шешендік сөздерді еске салады.

Айтыс өлеңдерін сан ғасыр өтсе де ұмытпай жадында сақтап, біздің дәуірімізге жеткізуі, біріншіден, ақындардың талантын қадір тұтуы болса, екіншіден, сол ел, ру мәртебесін қорғаған ақындардың өлең – жырларын кейінгі ұрпақтың көкейіне ұялатып, олардың патриоттық сезімін оятудың құралы деп санаған. Айтыс ақындардың тапқырлықты, білімдарлықты, өмір тануда сергек сезімталдықты және өзгеге ұқсамас өзіндік ерекшелігін талап еткен. Айтыстың шешендік сөз сайысы, тәрбие мектебі тапқырлықтың тұғыры болып ерекше бағаланады. Ертеде өткен ақындар айтысының дәлділі Біржан мен Сараны, Кемпірбай мен Шөжені, Жанау пен Орынбайды, Әсет пен Рысжанды, Жамбыл мен Құлманбетті және т.б. рулы елдің ар – намысын қорғаушылар дейді.

2. Қазақтың ауыз әдебиетінде айтыстың түрлері:

Бәдік айтысы. Айтыстың бұл түрі – айтыс жырларының көне түрі. Ол адамның табиғаттың жұмбақ сырына түсінбеген кезінде, шаманизм дін наньымына байланысты туған. Адам өзі танып-білмеген күштердің бәріне табынған, солардың бәрінің өз иесі бар деп білген, жақсылық, жамандық атаулының бәрінің өз тәңірісі бар деп ұққан. Соларға құлшылық етіп жалбарынған, солардан медет тілеген.

Атам заманғы ертегілер, мифтер, аңыздар туралы айта келіп, М.Горькийдің: “Бұлардың (ертегілердің) мағынасы ертедегі жұмыс адамының еңбегін оңайлатуға, оның өнімділігін арттыруға, төрт аяқты және екі аяқты жауларға қарсы құралдануға талпынуында және де сөз күші арқылы, “үшкіру”, “аруақты шақыру” әдісі арқылы жаратылыстың стихиялық, адамға жау құбылыстарына әсер етуде болып отыр”, – деген сөздерінің “бәдік” жырына тікелей қатысы бар.

Сонау ерте-ерте заманда адам мал ауруының да, адам дертінің де иесі бар деп ойлаған. Жұмбақ айтысы. Айтыстардың ішінде ерекше орын алатын түрі – жұмбақ айтысы. Жұмбақ айтысы халықтың өмір, табиғат құбылысын білсем деген арман-тілегінің елесі. Алуан өмір құбылыстарын түсіну, білу, білмегендерді соған жетектеу, әсіресе жастардың ойсанасын кеңейту тілегінен туады. Сондықтан ұсақ нәрселерден бастап жұмбақ етіп, қиынға көшу, өзінше сол ойсананы өрістеті, ойлауға дағдыландыруды мақсат етеді. Жұмбақтардың

өзі сияқты, жұмбақ айтысы да ұйқасқа құрылады. “Жұмбағым жұтылды, ыққа қарап құтылды”. Бұл – бастапқы қысқа түрі. Ал кілең өлеңмен келетін ұзақ түрлері – соңырақ туған әрі адам санасының марқайған кездегі түрі.

Жұмбақ айтыста кез келген ақын бел байлап айтысуға шыға алмайды. Бұл айтысқа түсу үшін, өз жанынан өлең шығара білу жеткіліксіз. Сонымен қатар ақын өмірдің барлық саласынан хабары бар, білімді адам болуы керек. Жұмбақ айтыста жұмбақ берушінің не нәрсені жұмбақ етемін десе де еркі бар. Өмірдің әр құбылысын алып, бейнелеу түрінде жұмбақ ете береді. Оны шешу үшін айтушының не нәрсені жұмбақ етіп отырғанын болжай білуі керек. Сондықтан жұмбақпен айтысушылар өте сирек кездеседі.

Салт айтысы. Салт айтысы екіге бөлінеді: қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы.

Қыз бен жігіт айтысы. Қыз бен жігіт айтысы көбіне ойын-тойда айтылады. Ойын-тойдың бір бөлімі болып кіруі оның салт өлеңі екендігін айқындайды.

Әдетте, қыз бен жігіттің айтысы ақынды талғамайды, ақындығы жоқ жігіттер де, қыздар да үйреншік, жаттамалы өлеңдермен айтыса беруі мүмкін. Бірақ кейде ақын жігіт пен ақын қыздың не әдейі кездесіп, не кездейсоқ ұшырасып айтысатыны да болады.

3. Тәжірибелік бөлімі.

3.1 Бұрынғы кездегі айтыстар.

«Айтыс жанрының тарихы» деген тарауда осы жанрдың шығу тегіне барлау жасалынып, жыр сайысының бұған ұқсас түрлері әлемнің басқадай халықтарында болғандығы жан-жақты талданды. Ғылымда белгілі болғандай Батыс Еуропаның Орта ғасырындағы келттерде – фильдердің, терістік Францияда – труверлердің, Орталық Еуропадағы – мейстензингерлердің, Скандинавия еліндегі – скальддердің, орыс еліндегі – скоморохтардың, ертедегі Иран, Үнді елдеріндегі “Мұшайра” мен Аравиядағы “Мұғаллақатқа” қатысқан ақындардың бәрінің де суырыпсалма айтысқа төселгендігі деректер арқылы дәлелдене түсті.

Соңғы деректер бойынша қазақ халқының айтыс өлеңдерін екіге бөліп, біріншісін – Тұрмыс – салт айтысы, оның ішінде а) Бәдік; ә) «Жар – жар»; б) Қыз бен жігіт айтыстары; в) Қағысулар деп сараласа, екіншісін – Ақындар айтысы деп белгілеп, оны а) Дін; ә) Жұмбақ; б) Жазба айтыс деп топтаған. Кезінде М. Әуезовтің «қазақ ауыз әдебиетінде айтыстың көне түрі бірнеше адам қосылып орындалатын ғұрыптық әндерден басталып, ақындар айтысына ұласты», - деген пікірі осыған дәлел.

Аталмыш өнер түрі халықтың жиналған жерінде өткізіліп, қандай тақырыпта болатындығы сол айтыс үстінде анықталған. Сондықтан әр айтыскер қарсыласын қалай болса жеңу, неден сүріндіру амалын ойластырып, соған шамданып келді. Әдетте, айтыста көптеген мәселелер көтеріліп, бір тақырыптан екіншісіне ауысып отырады.

Ақындар жекпе – жек ұрысқа шыққан батырлардай бір – біріне күш көрсетіп, өздерінің мықтылығын айтып, қорқыта сөйлейді. Өз жерінің, елінің шыққан ортасының кереметтігін жырлайды. Әрине, жеңу мақсатын көздеп келген ақын басқасының мінкемшіліктерін тізе жырлайды.

Бұрынғы мен осы күнгі айтыстарды салыстыру.

Ежелгі замандағы айтыс топтық түрде (хормен) айтылып, салтпен әрдайым тұтастықта болған. Кейіннен айтыс кәсіби дамып, жеке жанр ретінде нағыз қалыптаса бастағанда топтық түр біртіндеп жеке ақын тұлғасына орын берген.

Қазір бұрынғы айтыс жоқ. Қазіргі айтыс темір тұлпарды еншілеу айтысына айналған. Бұрын дегенім, мысалы дала төсінде немесе қан базарда екі ақын айтыса кетіп елді таң тамашаға қарық қылатын.

Қазіргі кездегі айтыскерлер сөз шеберлігі мен тапқырлығының арқасында көрермен қауымның көңілін көтеріп, қошеметтерге ие болады. Еліміздің жетістіктерін, жерімізді мекендеген ұлттар арасындағы достықты, қол жеткізген тәуелсіздік пен басшылардың даналығын негізгі тақырыпқа қоса жырлайды.

Осындай айтыс – думандарды сағынып, шөлдеген халық жалпы сөз өнеріне үлкен мән беріп, әр сөзді бағалай білетіні рас.

АҚ КҮРІШТІҢ АТАСЫ, ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ – ЫБЫРАЙ ЖАХАЕВ

Н.Т. МАХАНБЕТОВ

10 сынып оқушысы, № 45 «Ақ Орда» мектеп гимназиясы,
Қызылорда обласы, Шиел ауданы

Кешегі өткен ықылым заманда екі қоғамның да өміріне белсене қатынасқан, олардың ерекшеліктерін өз жанымен, тәнімен етене салыстыра білген, тек Сыр бойының, немесе Қазақстанның емес, бүкіл Кеңестер Одағына, әділдігін айтсақ бүкіл дүние жүзіне өзінің бар болмысымен, адал еңбегімен қазақ халқының атын, абыройын, даңқын кеңінен жайған дарабоз дихан, халқының бір туар перзенті, артында өшпейтін мұра қалдырған Ыбырай Жақайұлы жөнінде бір үзік ой қозғамақпын.

Ия, Ыбырай Жақайұлы кім? Қандай әулетте дүниеге келген? Әке-шешесі қандай тәрбие берген? Не оқыған-тоқығаны бар, қоғамдағы өз орнын таба білуге, өмір биігіне көтерілуіне басты себептер не болды? Адами келбеті қалай, азаматтық борышты қалай түсінді? Екі ғасырдың, екі қоғамдық құрылымның ерекшеліктеріне қандай көзқараста болды, рухани жетілудің баспалдақтарына қалай көтерілді? Сұрақ көп, жауабы да мол.

Бұл сауалдарға Ыбекеннің өз сөзімен, ойымен жауап берсек «... маған тағдыр екі ғасырдың, екі қоғамдық құрылыстың куәсі болуды жазған екен. Зейнетінен бейнеті көп зар заманды да бастан кешіруге тура келді. . . , менің балалық шағым өткен сыр алқабында осынау өңірдің өзіндей ескінің көзі-тораңғы деп аталатын ағаш өседі. Жаздың аптап ыстығында тіршілік атаулы қиналған шақта жапырағымен көлеңке түсіріп, жанға сая болады. Ал тораңғы қаусап, оның жапырақтары адамға да, өсімдіктермен малға да қажетсіз болған кезде ағашы жанып, күлі ғана жерге қорек болып қалады. Сол сияқты жарқын, адал да саналы өмір сүрген адам да өз істерімен еңбегін өзінен кейінгілерге мирас етіп қалдырып, қайта оралмас сапарға аттанады. Мен өз бақытымды, басты мақсатымды еркін еңбектен таптым. Соғыстың сұрапыл жылдарында сенім мен тірегім болған ұлымнан айырылған осынау қиын сәтте еңбектен ғана жұбаныш таптым...», - деп тебіренеді.

Ыбырай Жақаевтың бүкіл ғұмыры өзі тиянақтаған осы тұжырымның, бүкіл өмірінің өзегі болғанын сипаттайды. Бұл талассыз ақиқат.

Ыбырай Жақаев 1891 Сыр бойындағы «Қарғалы» елді мекенінде, кедей шаруаның семьясында дүниеге келді. Жастайынан әкесінің соңына еріп, диқаншылықтың қыр-сырына қанығып өсті.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясы жеңгеннен кейін қазақ ауылын советтендіру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісіне белсене қатынасты.

1929 жылы «Қызылту» колхозына мүше болып кіріп, диқаншылықты кәсіп етті. Өзінің бойындағы ерен күші мен еңбек сүйгіштігінің арқасында күріш дақылынан мол өнім алудың алғашқы үлгісін көрсетіп, 1947 жылы дүниежүзілік рекорд жасады. Ол ұзақ жылдар бойы күріштен өнімді мол ала отырып оны егу, күтудің агротехникасын жетілдіруге үлес қосты, кейінгі жастарға ақылшы-ұстаз болды.

Үкімет пен партия Ы.Жақаевтың көп жылдар бойғы жемісті еңбегін жоғары бағалап, 1946 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығының

лауреаты, 1949 жылы Социалистік Еңбек Ері атақтарын берді. Ол 1971 жылы екінші рет Орақ пен Балға алтын медалімен наградталды. Төрт Ленин, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерінің кавалері. Ол КПСС XXIII, Қазақстан Компартиясы IV, VI, VII, IX, X съездерінің делегаты, СССР Жоғарғы Советіне бір, Қазақ ССР Жоғарғы Советіне төрт рет депутат болып сайланды.

Ы. Жақаев 1958 жылы Корей Халық Демократиялық республикасында болып, тәжірибе алмасып қайтты. 1964 жылы облыс жастарын күріш егуге шақырып, үндеу хат жазды. Қазір диқанның ізбасарлары республикамыздың түпкір-түпкірінде жемісті еңбек етіп, абырой биігінен көрініп жүр.

Соғыстан кейінгі социалистік құрылыстың бүкіл қарқынды барысы, еңбекшілердің саяси саналылығы мен өндірістік белсенділігінің артуы, еңбек ұйымдастырудың жаңа түрлерінің пайда болуы, социалистік жарысты өрістетуге жақаевшылар қозғалысының өрге басуына бірден-бір себеп болды. Жақаевшылар қозғалысы ауыл шаруашылығында жаңа, қуатты техниканың пайда болуымен, оны толық, шебер игерумен, ауыл еңбеккерлерінің мәдени-техникалық білімінің артуымен, ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені кеңінен қолданды.

Еңбек адамдарының бұл патриоттық қозғалысы диқандар арасында туып, аз уақыт ішінде күріш егетін аудандарға жаппай тарап үлгерді. Жақаевшылар қатары өсіресе 1964 жылы Ы. Жақаев баспасөз беттерінде «Жас ұрпаққа сәлем хат» жолдағаннан кейін тез өсті. Хатта: «...Қымбатты жастар! Ленин комсомолының айбынды түлектері! Сыр жері – күріш өсіруде дүние жүзілік рекордтың туын тіккен жер. Біз сол туды қолдан шығармауға тиіспіз. Оны әрқашан жоғары ұстап, абыроймен алға апару - зор мәртебе. Еңбек эстафетасын біз сендерге беріп отырмыз. Келешек рекорд иесі сендер боласыздар, мен сендерді сол биіктен көргім келеді», деген болатын.

Бұл шақыруға жауап ретінде облыстың күріш өсіретін колхоз, совхоздарында Жақаевшылар қозғалысы кең қанат жайды. Бұл кезеңде күріш өндіруді молайту жолындағы күреске ат салысып, жақаевшы болуға тілек білдіргендердің қатарына партия, совет, комсомол қызметкерлері, мұғалімдер, мектеп оқушылары т.б. болды.

Сөйтіп, Жақаевшылар саны жыл сайын көбейе берді. 1964 жылы облыста 79 жақаевшы болса, 1966 жылы 244, 1967 жылы 604, ал 1972 жылы 721-ге жетті. Олардың қатарында Социалистік Еңбек Ерлері З. Ержанова, Қ. Бөдеев, Т. Елеусінов, Б. Оразов, Қ. Жүсіпова, Н. Әпрезов, Қ. Үсенбаева, Р. Жалғасбаева, Куба

Республикасында болып, Ы. Жақаевтың күріш өсіру тәжірибесін үйреткен К. Әлшоразов т.б. бар.

Жақаевшылар үнемі бас қосып, күріш егісінің көлемі мен өнімділігін арттыруда қол жеткен табыстарын ортаға салады, пікір алмасады, егіншіліктің әр қилы мәселелерін талқылайды, сол жылдары күрішшілердің жыл сайынғы облыстық слеті өткізіліп тұрған.

Колхоз орналасқан жердің ол кезде егіс егуге жарамдысы 1-2 проценттен аспайтын. Артель ұйымдасқан алғашқы жылдың өзінде-ақ мемлекет тарапынан ұзақ мерзімге қарызға берілген қаражатқа темір плуг, құрал-сайман, тұқым материалдарын, асыл тұқымды мал сатып алды. Колхозшылар қоғамдық шаруашылықты өркендетіп, оның экономикасын нығайтуға жұмыла күш салды. Колхоз өмірінің жаңа, жемісті өндірісінен Ыбырай Жақаев өзінің лайықты орнын тапты. Жаңа қадам басқан шаруашылықтың алғашқы кезінде-ақ Ыбырай бірден көзге түсті. Колхоз бірте-бірте нығая берді, село салына бастады.

Кәнігі диқаншылардан арнаулы күрішшілер звеносы құрылды. «Қызылту» колхозында алғашқы құрылған күрішшілер звеносының біреуін басқару Ыбырай Жақаевқа жүктелді.

Звено өздеріне бөліп берілген көлемі 20 гектар егістікті өңдеуге күзден бастап кірісті. Қыс бойы егістік жерін бұтадан, томардан арылып, дөңестерін тегістеді. Арбамен тасып, әр гектарға тонналап көң шашты. Звено мүшелері осы жұмыстардың барлығын кетпенмен істеді, өйткені ол кезде колхозда техника жоқ болатынды.

- 1940 жылы Жаңа Шиелі каналы салынатын жерге егін егіп Ыбекең күріштің әр гектарынан 22 центнерден өнім алды. Сол жылы күзде канал салынып бітті. Ыбекең колхозға келген жас аграрном Алтынбеков Әнеспен танысып агротехника негізін зерттей бастады. Колхозға бірнеше трактор, қуатты плугтар келді. Жақаевтың звеносы көктемде егісті жаңа плугпен терең етіп жыртты. Одан кейін звено мүшелері ол жерлерді атыздарға бөліп, су жіберді, егіске дәні ірі тазартылған тұқым себілді.

Ыбырай басқарған звено мүшелерінің егіс даласында ынтасы мен шеберлігі, тәжірибесі арта берді. Олар жылдан-жылға мол өнімнің жаңа сатысына өрлей түсті. 1941 жылы оның звеносында күріш өнімі екі есе жоғарылап, орта есеппен гектарынан 43 центнерден айналды. Мұның өзі ол кезде осы өңірдегі колхоздарда бұрын-соңды болып көрмеген мол өнім болған еді.

1942 жылы Ыбырай Жақаевтың звеносы жаңадан учасок таңдап алды. Олар бұл жерді де бұта қалдықтарынан тазартты, ой-

шұңқырын мұқият тегістеді. Күзде тереңдігін 22-25 сантиметр етіп зябь жыртты, қыстыгүні зябьқа көп етіп қызған көң төкті. Көктемде егістікті тұқым себуге жақсылап әзірледі.

Тұқымды Ыбырай Жақаев өзі қолымен септі және бұрынғыдан бір жарым есе артық септі. Тұқым себерде, одан кейін, өсімдік қияқ алған соң, барлығы екі рет минералды тыңайтқышпен үстеп қоректендірді. Арам шөпті көрінген сайын тамырымен бірге жұлып, құртып тастап отырды.

Соның нәтижесінде күріш өнімі өткен жылғыдан екі есеге жуық көбейіп, әр гектардан 84 центнерден алынды.

Сөйтіп, күріштен мол өнім алудың сыры ашыла бастады. Күріш плантациясында өнім неғұрлым арта түскен сайын Ыбырайдың өз табысына көңілі толмау сезімі күшейе түсті. Тап сол жылы өзі көп жылдардан бері еңбек етіп жүрген Сырдарияның оң жақ жағалауына егін салған қарт күрішті Ким Ман Сам өз плантациясының ішінде 4 гектар күріштің әр гектарынан 144,7 центнерден өнім жинады. Бұл - дүниежүзілік рекорд болды.

«Біз гектарынан 80 центнерден өнім алғанға тоқсынып отырмыз. Ал бізбен көршілес Ким Ман-Сам өзінің мол өнімді участогінде бізден өнімді екі есеге жуық артық алып отыр. Сондықтан мұнда біз білмей жүрген, бабын таппай жүрген бір құпия сыр болуға тиіс, осы сырды білуге тиістіміз» деген ой Ыбыкеңнің жүрегіне мықтап ұялады.

1942 жылдың күзі. Ыбырай осы ойдың үстінде жүрген кезінде Қызылорданың күрішшілері озат диханшылардың облыстық кеңесіне жиналды. Бұл кеңеске звено жетекшісі Ыбырай Жақаев та шақырылды. Кеңес елімізге, майданға астықты көп берейік деген ұранмен өтті.

Ким Ман Самнан кейін мінбеге Жақаев шықты. Ол өзінің звеносының жұмысын баяндай келіп, былай деді: «Қазір елімізге майданға күріш керек. Біз күрішті Отанымызға бұрынғыдан екі-үш есе көп беруге тиістіміз. Отанымыз бізден осыны талап етеді. Сондықтан мен диханшылардың күріштен мол өнім алу жарысын кеңінен өрістетуді ұсынамын. Ал өзім рекордтық өнім алуға серт беріп, Ким Ман Самды социалистік жарысқа шақырамын».

Кеңеске қатысушылар Ыбырайдың бұл ұсынысын бір ауыздан қабылдады. Мұны әсіресе байырғы күрішті Ким Ман Самды қызу құттықтап, онымен сол жерде жарысқа түсіп, шарт жасасты.

Мол өнім жолындағы социалистік жарыс күріш плантациясында барған сайын қыза түсті. Облыстың әрбір колхозында күрішшілердің

мол өнімші звенолары құрылды. Олар жарысты бастаушы Ыбырай Жақаев пен Ким Ман Самның тәжірибесін үйреніп, агротехниканың әрбір шараларын жеке-жеке талдап зерттеуге ұмтылды, ал жарысты бастаушылар өз шеберліктерін онан әрі жетілдіре берді.

Зейінді Ыбырай Жақаев күрішшілердің өткен кездегі тәжірибелерін және агрономдық ғылымының жетістіктерін құныға зерттеді. Ол агрономдық, ғылымның керемет жағап күшін көзімен көрді. Сол жылдан бастап Ыбырай Жақаев күріштің алдыңғы қатарлы агротехникасымен достасты.

1943 жылдың көктемінде ригадаға Шиелі аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің сол кездегі бас агрономы Әнес Алтынбеков келді. Ол звеноның күріш плантациясын аралап көріп, жұмыстарымен танысты.

Агрономның ақыл-кеңесін пайдалана отырып, Ыбырай Жақаевтың звеносы 1943 жылы күріш егісінің әр гектарынан 130 центнерден өнім жинады. Сөйте келе 1944 жылы Ким Ман Самнан да озып шықты. Өз плантациясының кейбір гектарынан 172 центнерден күріш алды. Ал жалпы участок бойынша орта есеппен әр гектардан жиналған өнім 147,8 центнерден айналды.

Тәжірибелі қарт күрішші Ким Ман Сам Ыбырайды жаңа табысымен құттықтап, күріштің түсімділігін онан әрі арттыра беруіне тілектестігін білдірді.

Бұл шақ Ыбырай Жақаевтың өз еңбегіне қоса агробиология ғылымына, техникаға сенімі күшейген, тіліне түсініп істесе жердің шексіз көп өнім беретініне көзі жеткен кезі болатын. Ол топырақ категориясы, минерал және жергілікті тыңайтқыштар, үстеп қоректендіру, зиянды жәндіктер мен арам шөпті құрту тәсілдері жайлы өз колхозының мүшелері ғана емес, аудан күрішшілеріне ақылшы, кеңесші бола бастады. Агротехниканы өзінің жұмысында шебер қолдана білді.

Қорытынды

Данышпан халқымыздың «байлықтың атасы жер болса, анасы су», - деген асыл мұрасын жаңа жағдайда, жаңа қоғамда жастарды тәрбиелеумен ел байлығын молайтудың күре тамырына айналдыруы қоғам дамуында теңдесі болмаған өзгерістердің айғағы. Ыбырай ақсақалдың жүріп өткен жолы, басып кеткен ізі, ұлан-ғайыр ісі, ұрпағына арналған қанатты сөзі адамзат тарихында алтын сиямен жазылып, қазақ халқының мәртебесін бүкіл дүниежүзі алдында ғарыш денгейіне көтере білді. Бұл ғасырда, бір-ақ туатын азаматтың ғана қолынан келетін іс.

Далалық дана ақыл-ойымен бойдағы күш жігердің жойқын қимыл жасатып, еңбектен ләззат, рахат алған, үлкен жүрегі Ел, Жер, Отан деп соққан ақиық азаматтың, туған ауылынан бастап алты Алаш баласының бақыты үшін аттандамай-ақ сабырлы, салиқалы жұмыс жасап, еңбектің құдіретін өзі ғана емес, бүкіл қалың бұқараға терең сездірген, халқын сүюдің жарқын үлгісін әр жүрекке жағып кеткені - тарихи ақиқат.

Исі қазақтың, айта берсек, түркі тектес барша мұсылман әлемінің кемеңгер қайраткері болған, солай болып қала беретін Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев ақсақалдың – «Сарыарқада сөз патшасы ұлы Абай, Сыр бойында дән патшасы Ыбырай», - деген адал бағасы ұрпақтан-ұрпаққа ұласатын ұлағат.

Қорытынды ретінде жазылған бұл қысқа ой-пікірді тұжырымдасақ - адал еңбекті жай, жадау мадақтау мен ат үсті жырлау үрдісіне бой ұрмай, осынау Ыбырай Жақайұлы және Қазақстан тарихында аттары белгілі болған «Жахаевшылар» салған үздік үрдістің тереңіне бойлап, ұғына түсу үшін, өмір талаптарына сай қазіргі тәуелсіздік тұсында ауадай керектігін сезіне түсу үшін айтқанымыз абзал. Бұл өмір талабы. Ежелгі күншығыс елдерінде аса құрмет тұратын дақыл-күрішті патшаның өзі бастап себеді екен. Сол күрішті - Сыр бойында, қазақ жерінде өсіріп, одан дүниежүзілік рекорд жасаған, кешегі қиын-қыстау кезде, қырғын соғыстың қиаметтей болған күндерінің өзінде, ел басына түскен ауыр тауқыметті жеңуге адал еңбек сіңірген Ыбырай шындығында қай патшадан кем? Ыбырай тағылымдарын білу, үйрену күнделікті күйбең өмірде басшылыққа алу Ұлы Азаматтың рухына тағзым етумен бірдей десем артық болмас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жақаев Ыбырай. Өмір жолдары. - Алматы: Жазушы, 1979. - 21 б.
2. Жақаев Ыбырай. Өмір жолдары. - Алматы: Жазушы, 1979. - 26 б.
3. Жақаев Ыбырай. Өмір жолдары. - Алматы: Жазушы, 1979. - 28 б.
4. Абдолла Дәулетұлы. «Ыбырай тағылымдары». - Қызылорда, 2002. - 9 б.
5. Мусин Ж. Ерлік дастаны. «Қазақстан» баспасы. - Алматы, 1979. 75 б.
6. Ділмұхамедов М. Ыбырай мектебі. Алматы, 1977. - 68 б.
7. Байымбетов О. Шиелі шынарлары. «Қайнар» баспасы. - Алматы, 1980. - 88 б.

8. Отарбаев А. Ақ күрішті ауыл. «Қайнар» баспасы. - Алматы: 1980. - 34 бет.
9. «Сыр елі» Қызылорда облысы энциклопедиясы. 2005.
10. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4-том. Док – Имантау. - Алматы. 1974. - 255 бет.
11. Аманжолов Қ. «Қызыл Тудын» қыраны. 1980. - 112 б.
12. Садаусов Г., Киричек Ф. Народный академик Казсельхозниц. 1963. - С.55.
13. Жакенов Е. Жомарт жердің жемісі. 1978. - 45 б.
14. «Совет Қарақалпақстаны» газеті. 5 декабрь 1978. - 2 б.
15. Абдолла Дәулетұлы. «Ыбырай тағылымдары». - Қызылорда. 2002. - 9 б.
16. Мусин Ж. Ерлік дастаны. – Алматы: «Қазақстан», 1979. - 224 б.
17. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4-том. Док – Имантау. Сурет және карталармен қоса. - Алматы, 1974. - 225 б.
18. «Қазақстан» национальная энциклопедия. - Алматы, 2006. - 506 б.
19. Ділмұхамедов М. Ыбырай мектебі. - Алматы, 1977. - 76 б.
20. Топорков Л. Ыбырайдың жұлдыздары. 1980. - 124 б.
21. Мусин Ж. Ерлік дастаны. «Қазақстан» баспасы. - Алматы, 1979. - 77 б.

ОТЫН ТҮРЛЕРІ

Ш. МОЛАЙХАНОВ

оқушы, №3 Хамза атындағы жалпы орта мектебі, ОҚО

Х. ХАЙТМЕТОВА

мұғалім, ғылыми жетекші, № 3 Хамза атындағы жалпы орта мектебі, ОҚО

«Ғылымның ролі қызмет ету,
ол игілікке жету құралы болып табылады»

Д.И. Менделеев

Жұмыс физика пәні бойынша қосымша ой-пікір қосады. Бұл жұмыстың қортындысын аймақтық компонент ретінде физика сабағында «Жылу құбылыстары» тарауында Отын энергиясы тақырыбында, сонымен қатар бұл жобадан келтірілген деректерді география сабағында да пайдалануға болады. Ғылыми жобаның қорытындысын жергілікті халық күнделікті тұрмыста қолдануға болады. Қазақстанның жер қойнауы тұнып жатқан байлық екені

баршамызға мәлім. Табиғат өз қойнауынан адамдарға қажетті заттарды аямай беріп келеді. Алайда « Судың да сұрауы бар» дегендей үнемдемей, ысырапсыз пайдалану жөн емес. Өркениетті елдерде жер қойнауындағы қазбаларын үнемді, есеппен пайдалану әлдеқашан басталып қойған. Еліміздің жер қойнауындағы қазбалар таусылып барады. Ештеңе әрекет етпей жүре беретін болсақ, пайдалы қазбаларымыз жақын арада таусылуы мүмкін. Ғалымдардың жобалауы бойынша еліміздегі көмір қоры екі жүз жылдан астам уақытқа ғана жетеді. Ал көмірсутекті шикізат қоры, яғни мұнай мен газдың қоры 100 жылға, 1 ғасырға жетерлік деп топшылануда. Бұл мәселе көптеген ғалымдарды ойландырып, толғандырып отыр. Жер қойнауымыздағы байлығымызды ұқыпты, білімді түрде пайдалану жас ұрпақтың алдында тұрған үлкен міндет.

Егер біз жалпы энергия тамырына терең бойлай көз жүгіртсек, онда ең алғаш рет пайдаланылған энергия түрінің жану энергиясы екенін, яғни, органикалық отынның жануы негізінде бөлінетін жылу энергиясы екенін байқаймыз. Алғашқыда жер бетінде жанып жатқан отқа кездескен адамдар оны күдіретті күш деп ұғынып, одан секем алса, кейіннен оны шарапатты әулие деп, оған табынатын болған. От адамды табиғат күшінен үстем етіп, хайуанаттар дүниесінен бөлді. Адам отты өмір тіршілігіне пайдалана бастағаннан-ақ көпшілік уақытын от басында, ошақ қасында өткізді. Оның жылуы мен жарығы адамдарды біріктіріп қана қоймай, оларды ұйымшылдық пен тәртіпке баулиды. Себебі, оны өшірмей сақтау – от басындағы адамдардың келісімді әрекетін қажет етті. Осыдан от бір жағынан тіршілік көзі болса, екінші жағынан алғашқы қоғамдық ұйымның қалыптасуына да зор ықпал еткен деп қорытындылауға болады.

ҚАТТЫ ОТЫН ТҮРЛЕРІ

Адамзаттың энергияға деген мұқтаждығы негізінен органикалық отынды пайдалану арқылы қанағаттандырылуына байланысты, осы органикалық отын түрлерінің жер қойнауындағы қоры, оның орналасуы, оны өндіру және пайдалану туралы мәліметтерді инженер-электриктің толығырақ білгені абзал.

Органикалық отын түрлерінің бойындағы энергия мөлшері төмендегі 1-кестеде келтірілген.

Отын түрлері Энергияның үлесті мөлшері	Шартты отын	Көмір (антрацит)	Ағаш(құрғақ)
10 Дж/кг ккал/кг	29,3 7000	33,5 8000	10,5 2500

Адамзат органикалық отын түрлерін тиімді пайдалану мақсатында әр түрлі энергия көздерін ойлап табуға. Мысалы, атом энергиясы, күн энергиясы, жел энергиясы. Қазіргі кезде сутегі атомдарының қосылуынан орасан зор энергия бөлінетіні анықталып отыр. Олар қосылғанда бөлінетін энергия мөлшері жай атом ыдырағанда бөлінетін қуаттан біршама көп. Бірақ өзінше ол әлі толық зерттеліп бітпегендіктен қазіргі қолданыста жоқ.

Жуырда аталған жел энергиясын Оңтүстік Қазақстан облысында пайдалануға онша келмейді. Ал күн энергиясын жинау үшін пайдаланылатын құралдар халықта жоқ.

Ауылдық жердің тұрғындары үйлерін жылыту үшін өздері от жағып, қыстық отындарын өздері дайындайды. Мен де ауылды жерде тұрғандықтан, өзімнің ғылыми зерттеуімді жергілікті жерде қолданатын отын түрлеріне арнадым. Қай отынның түрі жылу көп береді, ақшасы үнемді, жаққанда аз мөлшері кетеді, яғни бір сөзбен айтқанда қай отынның түрі халық тұрмысында тиімді? Осы мәселе бойынша мен еліме, халқыма аз да болса пайдам тисін деген мақсатпен, алдыма отын түрлерінің халыққа пайдалы түрін анықтауды міндет етіп қойдым.

Отын-табиғи немесе жасанды түрде алынатын, жанатын қабілеті бар, энергия көзі және химиялық өндірістерге шикізат болып есептелетін зат. Отын агрегаттық күйіне байланысты: қатты, сұйық және газ тектес болып үш топқа бөлінеді. Тегіне қарай :табиғи және жасанды болып екі түрге бөлінеді. Жасанды отын табиғи заттарды өңдеу нәтижесінде алынады[1-сызба нұсқа]



Болашаққа сутек пен метанол, этанол, өсімдік майлауы, т.б. органикалық заттар мотор және энергетикалық отын қатарына енеді. Өнеркәсіптің қай саласында болсын отынның маңызы зор. Отынның сапасы оның қызу шығару мүмкіндігімен анықталады. Отынның жану жылуы-1 кг отынды толық жаққанда бөлінетін жылу мөлшері. Отынның құрамында көміртек пен сутек неғұрлым көп болса, жылу болу қабілеті соғұрлым жоғары болады.

ТАБИҒИ ГАЗ

Табиғатта мұнай шыққан жерлерде газ да көп мөлшерде кездесіп отырады. Адамзатқа ол ертеден белгілі болғанымен, тұрмыста мұнайға қарағанда едәуір кеш қолданылды. Тарихи мәліметтерге қарағанда, 615 жылы Жапонияда алғашқы газ скважиналары бұрғыланған. Шамасы осы кезеңде Үндістан, Парсы елдері мен Баку қаласы төңірегіндегі елді мекендер газды тұрмыста, көбінесе шырақ жағу үшін пайдаланса керек.

Алғашқы газ шамдары Лондон, одан кейін Париж, Нью-Йорк, Берлин қалаларында пайда болып, 1865 жылы Москваға, да жеткен. Бұл уақытта газды көмір мен тақтатастарды жандырып алатын болғандықтан, ол кең көлемде қолдану таба қоймады.

Қазіргі уақытта табиғи газ ең арзан, әрі ең қуатты энергетикалық отын көзі болып табылады. Негізі көміртектерден тұратын табиғи газ, сонымен бірге өндіріс салалары мен химия кәсіпорындары үшін

бағалы шикізат. Мысалы, мұнай мен газдан синтетикалық каучуктар алынып, олардан автомобиль дөңгелектері, өндіріске қажетті резина бұйымдары жасалады, ал «Москвич» жеңіл машинасының дөңгелегіне 24 кг каучук, қазіргі алып БелАЗ машиналарының дөңгелегіне 2 т каучук кетеді.

Күнделікті тұрмыста кеңінен пайдаланылып жүрген ыстық пен суыққа төзімді, әрі жеңіл, тоттанбайтын, сынбайтын, әрі иілгіш бұйымдар негізі де мұнай мен газ өнімі — пластмасса. Қазіргі уақытта пластмасса материалдары самолет, тіпті ракета жасауға да кеңінен пайдаланылуда. Олардан алынатын синтетикалықталшықтар өрітөзімді, әрісәнді капрон, нейлон, лавсан сияқты материалдар алынуы негізінде тұрмыста пайдаланылса, синтетикалық заттар өндіріс пен техникада кеңінен қолданылуда. 1976 жылы Батыс Германия фирмаларының бірі синтетикалықталшықтардан «аренка» аталатын жаңа материал алды. Олежелдентаныс болаттан бес есе қатты болып шықты. Мұндай синтетикалық материалдың болашағы зор.

Орыстың ұлы оқымыстысы Д. И. Менделеев: «... мұнай мен газды жылу үшін жағу, пешке қып-қызыл ақша жаққанмен бірдей» - деген екен. Жоғарыда айтылған мұнай газ өнімдерінің қатарына синтетикалық әр түрлі кір жуатын ұнтақтар, спирттер, гербицидтер мен медициналық препараттар, аммиак және күкірт қышқылы, тағы да басқа алынатын көптеген заттарды қосатын болсақ, онда Д. И. Менделеев айтқандай, «қып-қызыл ақшаны отқа жағып» отырғанымызды мойындауға тура келеді.

Қазақстан қазіргі кезде және болашақта алғашқы энергетикалық қормен өзін-өзі қамдап сыртқа сатуға шығара алатын елдердің қатарына жатады, ондай елдер дүние жүзінде көп емес. Жердің құрғақ аумағының 1,8% алып жатқан біздің Республикада дүниежүзілік отын қорының 0,5%-тейі шоғырланған, ол 30 млрд. т. ш. о. құрайды. Одан көмір үлесіне 80%, мұнай мен газ шығына 13%, табиғи және ілеспе газға 7% келеді. Республиканың отын-энергетикалық кешенінің мүмкіншілігі әлі жеткілікті толық пайдаланылмай отыр. Мысалы, 1993 жылы өзіндік өндіру арқылы Қазақстан электр энергиямен 90%, мазутпен 87%, бензинмен 86%, дизельдік отынмен 74%, табиғи газбен 42% қана қамданды. Бұл жағдай бұрынғы ССРО-ғы Республика халық шаруашылығын сол Республика мүддесімен санаспай бір орталықтан жоспарлаудың салдары.

Отын – энергетикалық қорлар Қазақстан жерінде орналасуы біркелкі емес: көмірдің негізгі қорлары Қазақстанның Солтүстік

және Орталық бөлігінде шоғырланған, Батыс алқап мұнай мен газдың айтарлықтай қорына ие, Оңтүстік Қазақстанда өте ірі төменгі Іле қоңыр көмір кені мен бірнеше ұсақ газ және көмір кендері бар.

Негізгі суэнергетикалық қорлар Шығыс және Оңтүстік Шығыс Қазақстанда шоғырланған.

Зерттелуі және өнеркәсіптік пайдалануға дайындығы бойынша теңестік отын-энергетикалық қорларын мына категорияларға бөледі:

А – барланған және өндіруге дайындалған (өнеркәсіптік өндірілетін); В - өнеркәсіптік өндіруге дайындалған (геологиялық негізделген, салыстырмалы барланған және шекарасы белгіленген, алдын ала өндірілген); С1 – геологиялық зерттеулер негізінде анықталған (бұрғылап барланған); С2 – геологиялық болжау негізінде анықталған

Үш категорияның А+В+С, қосындысы кеннің өнеркәсіптік қоры болады, ол отын – энергетикалық кешеннің дамуын болжағанда есепке алынады. Ең алдымен біз, кеткен құнына, өз бағасына қарайтын болсақ ең арзаны-тезек. Бірақ тезектің меншікті жану жылуы төмен болғандықтан, қыстың суық күндері ол үйді жылыта алмайды. Ал жылыту үшін оны көп мөлшерде жағу қажет және де одан шығатын қалдық көп. Сондықтан да біз оны қолайлы отын түрі деп айта аламыз, бірақ халықтың жағдайы үшін тегін отын түрі.

БИ ӨНЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. МУКАНОВА

8 сынып оқушысы, № 2 жалпы орта білім беру мектебі, Ақсу қ.

Би халық өнерінен туындайды

Би өнері тек кеңес заманында ғана зерттеліп, ғылыми жағынан жүйеленген өнерге айналып, өркендеп, өсе түсті.

Әсіресе, қазақ, қырғыз, түрікмен сияқты халықтардың билері Октябрь революциясының шапағымен бірге түледі. Би күллі адамзат баласына ортақ, дүние жүзіндегі халықтардың барлығына бірдей түсінікті.

Әр халықтың ұлттық ерекшелігіне орай би өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұны да әр түрлі болып келеді. Мәдениеті өскен халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен еңбек процесін жетік дамуына байланысты, олардың ұлттық ойындары мен билері де сан түрлі сипат алып, түрлік, мазмұндық, көркемдік жағынан

кең қанат жайып, үнемі ілгерілеп отырады. Әр халықтың белгілі бір ережелерге бағындырылған әсем де сүйкімді, нәзік қимылдарынан келіп би туындайды. Сөйтіп келіп, осылардан жинақтала, уақыт таразысынан өте бүкіл жер жүзі халықтарында көркем би өнерінің белгілі бір қағидалар мен ережелерге сүйенген заңы қалыптасты. Айгөлек, ортеке, соқыр теке, түйе-түйе, алтыбақан, орамал тастау, беташар, жар-жар, шашу мерген, сайыс, көкпар, бөйге, күрес, жаяу жарыс, ат шабыс, айтыс, қыз қуу, садақ тарту ұлт ойындарын қоссақ, сондай-ақ бұлардың сыртында өрнек тоқу, кесте, текемет, сырмақ басу, түс киіз, күміспен оюлаған ер-тоқым, сандық, көбеже, саба пісу, ұршық, иіру тәрізді қазақ әйелдерінің қолөнерлеріне қатысты іс-қимылдары да бар екенін ескерсек, осылардың барлығы да музыка ырғағына тұнып тұрған қазақ биі демей не дейміз?

Би тәңірісі – Шара

Шараның есімі біздің құламызға Алатау мен Сарыарқадай, Атырау мен Алтайдай, Абай мен Махамбеттей, Жамбыл мен Кенедей, Мұхтар мен Қаныштай, Дина мен Күләштай аса ыстық естілуші еді. Оның аты аталғанда көрі-жасымыз түгел елендеп, оның ай дидарын көргенде, үлкен-кішіміз төбеміз көкке жеткендей түгел қуанып қалушы еді. Әдетте ондай сиқыр күдірет есімі өз халқының есімінің баламасына айналған аса сирек, аса саңлақ дарын иелеріне ғана тән болады ғой. Табиғат оны сондай бір туар тума талант қылып жаратады.

Өнер – махаббат! Махаббат – өнер... Қазақтың тұңғыш профессионал биші қызы – Шара Жиенқұлова барша өмірінде осы екі қасиетті бойтұмардай қастерлей білді. Би күдіреті оған бала жастан дарыған, сондықтан әкесі Баймолда сүйікті қызының бойынан алғырлықпен қатар өнер ұшқынын байқап, қытай бишісін жалдап балапанына би өнерінің алғашқы нышандарын үйретеді.

Би өнері мен Шара апаның естеліктері

Би – музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Адамдардың күнделікті еңбек процессіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім әсерлері. Би қимыл-қозғалыстары мен ишараларына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аңшылық және соғыс көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл. Бимен бейнелеу көне дәуірде өмір талабынан туды. Келе-келе би қимылдарының мәнерлеу мүмкіндігі мен тәжірибенің молаюына орай жеке би өнері қалыптасты. Қазақ би өнерінің түп тамыры ғасырлар қойнауынан нәр алатыны белгілі. Бүгінде бишілер де, би ансамбльдері де, би студиялары да жоқ емес, баршылық. Бірақ,

кәсіби жеке бишілеріміз саусақпен санарлық. Солай бола тұрса да, қазақ биі ұлттық дәстүр, салтты танытатын ең бір өнердің тиімдісі. Ол халықтың табиғатында, болмыс, тірлігінде әуелден бар. Қанымызға сіңіп қалған дүние. Сондықтан да болар би - халықтың жүрек қалауы. Ол онымен бірге жасап келеді. Әрине, тоқырау кезеңдерінде мәдениеттің басқа салалары сияқты ұлттық дәстүрлі би өнері де қиындықты бастан кешкені белгілі.

Қазақ билері – көбіне-көп нақты белгілі бір тұрмыс - тіршілікке құрылады да халықтың бейне болмысының айнасына айналады. Ол елдің сән-салтанатын, жастардың махаббатын, ерлігін, елдігін, қайғы-мұңын, әл-қуатын дәлме-дәл сан мындаған қимылмен, қозғалыспен баяндап тұратын болғандықтан, биші сахнада оны бар шеберлігімен, бар жан-тәнімен жеткізуге тырысады. Хореографиялық білім алған кәсіпқой биші де биді қойған кәсіпқой балетмейстер де жаңа дүниенің сапасына бірдей жауапты. Биші «биді әйтеуір билеп шықсам болды» деп ойламай, бидің көріністік әсерінен гөрі оның ішкі айтайын деген табиғи сұлулығына көбірек мән беріп, халықтың назарын соған аударуға ден қойса, онда ол бишінің биі көңілден шықты деген сөз. Әр бидің де адам сияқты өзіндік ерекшелігі, мінез-құлқы бар екенін биші әсте естен шығармауы керек.

Шара апамыз көздің қарашығындай сақтап, талмай, қажымай тірнектеп жинаған інжу-маржан дүниелерін қайта жаңғыртып, тәуелсіз елдің игілігіне айналдыру - бүгінгі бишілерге парыз, әрі аманат. «Қазақ биін классикалық деңгейге көтере алмадық» деп бір кездері өкінгендерге енді сол мақсатты жүзеге асырудың сәті туды. Бізді енді ешкім қолымыздан қақпайды. Әлемге қазақ биін танытатын зор мүмкіндіктерге жол ашылды. Бұған дәлел АҚШ, Қытай, Жапония, Франция, Түркия елдерінің сахналарында өнер көрсетіп, ұлттық биіміздің айшықты өрнегімен таңқалдырып жүрген таланттар. Шетелдік көрермендер «мынау нағыз классикалық би ғой» деп тамсанғандарын бишілеріміз мақтаныш етіп айтып жүргендерінің талай рет куәсі болдық. Шетелдіктердің де көңілін аулап, қазақ биін дүниежүзіне таныттық.

Осы жерде Шара апамыздың би туралы айтқан бір әңгімесін еске алудың реті келіп тұр.

«Айман-Шолпан» пьесасын қоюға дайындық жүріп жатқан шақ болатын. Бірінші күні музыкасын тындап әзірленіп жатқанбыз. Мұхаң, Мұхтар Әуезов, мені оңаша шақырып алды да: -Шара, - деді, - мынау қазақ халқы дарынды халық, өнерпаз халық, ән деген, күй

деген мұра қалған. Ал бұл қазақ халқынан қалған биден саған мұра жоқтың қасы. Сен осы биді қолыңа ал. Менің байқауымша, сенен бір нәрсе шығатын түрі бар. Ал қай өнерді алсақ та, опера болсын, мына музыка театры болсын, оның бәрі бисіз болмайды. Осы «Айман-Шолпаннан» баста. Қандай би бар? - Мұха-ау, қандай би? Менің билеп жүрген билерім әр түрлі. Бұған қандай би лайықты екенін өзіңіз айтыңыз. -Сен мынадан баста. Қазақтың мидай даласы... Көкпарды көрдің бе? Бәйгені көрдің бе? Қаражорғаны көрдің бе? - Е... көрдім... - Мына аттын жорғасы, жай жүрісі, сылбыр жүрісі, шабыс жүрісі, осының бәрі би емес пе, би. Күйді тыңдап көрдің бе? Күй, қол өнері, ағаш үйдің өзі, ою, кілем тоқу, өрмек тоқу, ши орау, осының бәрі қимыл, осының бәрін ойлап, музыкасын тауып, күйін тауып сәйкестірсең, би болып шығады. Енді «Айман-Шолпанда» сен мына «Қоян биінен» баста,-деп өтініш айтты. Сонымен екі қызбен қоян болып билеп, кейінірек «Қаражорғаны» билеп, би өнерін бастадым, - деген екен.

Бидің түрлері

«Шахтер биі» Қарағандыға келдік. Ескі қаласындағы клубында өнер көрсеттік. Жер астына, забойға да түсіп концерт қойдық. Кезекті концерт үстінде «біз туралы неге айтпайды?» деген сауал қойылды. Уәде бердім. Алматыға келісімен композитор Мұқан Төлебаевқа шахтерлер тілегін айттым. Көп кешіктірмей ол «Шахтерлер әнін» жазып берді. Биін өзім қойдым, өйткені, забойда олардың қолына қайла ұстап көмір қазғандарын көргенмін. Биіме қажырлы шахтер еңбегінің процесін бейнеледім. Менің репертуарымнан тұрақты орын алған би осылай туған.

«Айжан қыз» - жеке би. Құрманғазының музыкасына қойылған. Бірде қазақтың атақты үш халық күйшісі кездеседі. Оның бірі домбырашы Айжан қыз екен. Ол өз ортасында өжет қыз атаныпты. Дарынды, ешқандай қорлық-зорлыққа мойын ұсынып қорықпай, ескі салт- дағдыларына бағынбай тойда, жиында, сауық кештерінде домбыра шертіп, күй шығарады екен. Соған орай, оның өнерін де халық сүйсіне тыңдайды. Кезінде Құрманғазымен кездесіпті. Оның осындай ашық-жарқын алғыр мінезіне, өнеріне сүйсінген Құрманғазы «Айжан қыз» деген күй арнап шығарады. Би осы күйдің ырғағына қойылды.

«Қос алқа» - қыз бен жігіттің жұптасып билеуіне арналған би. «Қос алқа» Дәулеткерейдің күйі. Күй өзегіне дала қызғалдағындай құлпыра өскен ерке қыздың сүйген жігітімен өзен бойында кездесу сәті алынған. Ат суарған боп су басына келген жігіттің де жүрегі

лүпілдеп қызды күтіп тұрады. Ынтыққан қос жүректің мөлдір махаббатын бар аймақ құптағандай: судың ағысы да, кешкі самал желдің сыбдыры да қуаныш күйін тартқандай музыка болып естіледі. Асыға күткен қыз жүрегінің дүрсілі, құлағындағы сырғасы мен мойнындағы қос алқаның сылдыры қол ұстасқан қыз бен жігіттің би ырғағына айналады. Ал бидің негізгі мазмұнын оның музыкасы, сондай-ақ музыканың мазмұнын би арқылы толықтырып, айқындап беруге өзгеше зер салмаса, ол би «жансыз», әсерсіз, түсініксіз болып қала береді де, халық оны қабылдамай қояды.

Би ырғақтарын сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, тағы басқа ұлттық ерекшеліктеріне тән қимылдармен өрнектедім. Халық әндерінен туындаған бұл ұлттық билер өнеріміздің қорына қосылды. Әрбір әннің мазмұнын тез арада бимен бейнелеп көрермендерге жеткізу үшін талмас еңбек пен көп іздену, тынымсыз шеберлік шыңдау керек екенін өз басымнан кешірдім.

«Айгөлек» Биші әннің 4-такт кіріспе музыкасы ойналғанда, жамылған желегін екі жаққа жая аяқтарының ұштарымен кезек-кезек алға басып, «жорға» жүріспен сахнаға шығады.

«Айжан қыз» Бұл би орындаушының денесі мен қол қимылдарының иілу мүмкіндіктері мен икемділігіне ыңғайланып қойылған. Мұнда қазақ кестесінің элементтері мен әйелдің еңбек үстіндегі іс-әрекеті түрлі би қозғалыстары арқылы көрсетіледі. Бидің бірінші бөлімі баяу қалыпты екіпінде өтсе, ал екінші жартысы өте жылдам, екіпінді түрде биленіп аяқталады.

Қазақтың биі туралы айтылған пікірлер

Қазақтың халық әртісі Гүлжанат Талпақова:

Қазір ұлттық биді билейтін бишілер аз. Бұл – бір. Екішіден, бұрын бишілерді отыз сегіз жаста, ер адамдарды отыз тоғыз жаста зейнеркерлікке шығаратын. Қазір елу сегіз-алпыстар шамасында шығаратын болыпты. Бұл – мүлде дұрыс емес. Үшіншіден, біздегі жақсы бишілердің барлығы шет мемлекеттерге кетіп жатыр. Кетпес үшін талантты бишілерді мемлекет барлық жағынан қамтамасыз етіп отыруы керек. Мәселен, жақсы бишінің жалақысы да жақсы болғаны дұрыс. Бір қуанарлығы, талантты жастар көп шығып жатыр. Оның сексен пайызы – қазақ балалар. Бір ғана хореографиялық училищенің өзінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген балалар оқиды. Ендеше, теледидардан танымайтын әншілердің клиптерін көрсете бергенше, сол балалардың өнерін халыққа жеткізбей ме!

Қазір ұлттық биді билейтін биші Шұғыла Сапарғалиқызы:

Елге келгендегі мақсатым – Астана мен Алматыда би мектептерін ашу болатын. Өзім үйренген би өнерінің құпия сырларын кейінгі балаларға үйрету. Қазақ би өнерін жоғары дәрежеге көтеруге ат салыссам деген арман бар көкірегімде. Көп адамдар қазақта би болмаған деген сөздерді шығарып алған. Қазақта би болмаған деген сөзді айту – біз үшін үлкен ұят іс. Өзіміздегі бар нәрсені қалай жоққа шығарамыз. Қайта жоғалтқанымызды тауып, жарыққа шығаруымыз керек емес пе? Би – қазақтың өзімен бірге өніп-өскен бұрыннан келе жатқан өнер. Ол аспаннан салбырап түсе салған нәрсе емес. Қазақтың өзінің тұрмыс-тіршілігінен туған өнер. Ән-музыка да сондай ғой. Өмірден алған әсеріңізден, қуанышыңыздан, қайғы-күйіңізден ән немесе саз тумай ма? Композиторлар көңілінің әуенін – сазбен, ал ақын-жазушылар сөзбен білдіреді. Би де сол сияқты. Бірақ мұндағы ішкі сезімдерді бейнелеу құралы қимыл-қозғалыс. Әрине, ойды тілмен емес, қимылмен жеткізу қиын нәрсе.

Бидің пайдасы мен қасиеті

«Қара жорға» биін билегенде адамның барлық буындары қозғалысқа түседі. «Қара жорға» - асқан шеберлікті талап ететін, ептілікке баулитын би екенін білеміз. Бұл биді билегенде барлық буындар қимылдайды. Адамның екі жауырыны қатып қалмас үшін осы биді күнделікті билеп тұру қажет. Аяқ ауруларына да пайдасы мол.

«Биып биі» бұл биді билегенде де мойын көбірек қозғалысқа түседі. Мойынды біз көп қозғалта бермейміз. Мойын қозғалту арқылы остехондроз ауруының алдын алуға болады. Жалпы алғанда қазақ биінің бәрі де дене қозғалысы арқылы орындалады. Саусақтарды қимылдату, қолды неше түрлі қимылдарға келтіру, аяқтарды ілгері, артқа жүргізу арқылы да түрлі жаттығулар жасалынады.

Зерттеу нәтижесі мен қорытындысы

Қазіргі өсіп келе жатқан өзіміз сияқты жастардың барлығы денесін тік ұстамайды, жүрісін, қимылдарын да дұрыстай алмайды. Сондықтан барлығымыз биші болып кетпесек те, билеуді үйренуіміз қажет.

Бұл би қимылдарының, жаттығулардың бәрі адамның дене бітімінің түзу өсуіне, дұрыс-жүріп тұруына ықпал етеді. Тіпті тамақты шектен тыс жемеуге, өз мөлшерінде жеуге де үйретеді. Егер тамақты көп жесең, бидің қимылдарын жасау қиындық туғызады. Билеген сайын өздері қызығып, дене бітімін түзегісі келеді. Мұның өзі адамға рухани тәрбие беріп, әсемдікті сезінуге алып келеді. Семіздік ауруына шалдығудан да аулақ болады.

Бидің қолданылуы

1. Қазақ биін таңертеңгі жаттығулар арқылы келешек ұрпақты рухани тәрбиелеуде қолдануға ұсыныс беріледі.

2. Түрлі би қимылдарын жасау арқылы өзінің дене бітімі мен денсаулығын күтуге ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасқабасова С.А., Ергалиева Р.Ә. Қазақ өнерінің тарихы.- 3 томдық (XIX ғасыр және XX ғасырдың бірінші жартысы, III томдық, 1-кітап). - Алматы: «Өнер», 2008 - 608 б.

2. Жиенқұлова Шара. Сымбат: Қазақ биінің туу тарихынан.- Алматы: Өнер, 1987. - 248 б.

3. Жиенқұлова Шара. Өмірім менің – өнерім: Повесть. - Алматы: Жазушы, 1983.-216 б.

4. Шара. Құраст. К.Диярова.- Алматы: Өнер, 2005. - 160 бет, - 48 б.

5. Қуандық Көшебе. Қазақтың сәні – «Қара жорға». - Дала мен қала, 2010. №14.-16 б.

6. Әбішев Асыл, Түгелбаев Гүлжайна. «Қара жорға» болмаса тойдың сәні келе ме? –«Сарыарқа самалы», 2010. №34. -18 б.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨСІМДІК ШИКІЗАТТАРЫНАН МОНОСАХАРИДТЕРДІ СИНТЕЗДЕУ

Н. МУЛЛАШИКОВА

9 сынып оқушысы, З. Хусанов атындағы жалпы орта мектебі,
ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

С. ХАДИМЕТОВ

химия мұғалімі, ғылым жетекші, З. Хусанов атындағы жалпы орта
мектебі, ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

Көмірсутектер- органикалық заттардың үлкен тобы. Глюкоза, сахароза, крахмал және целлюлоза көмірсутектердің өкілі болып табылады. Көмірсутектер үлкен үш топқа бөлінеді: моносахаридтер және олардың өнімдері, олигосахаридтер және полисахаридтер.

Өсімдік шикізаттарында кездесетін полисахаридтерді гидролиз әдісімен моносахаридтер қоспасына айналдырады.

Полисахаридтерден моносахаридтерді алудан алдын полисахаридтердің құрамын білу керек.

Өсімдіктердегі сахарозалар резервтік полисахарид- крахмалға айналады. Сахароза дегидратация реакциясында жоғары

молекулалық заттар- полисахаридтерге айналады, құрамына целлюлоза және гемицеллюлоза кіреді.

Гидролиз өнеркәсіптерінде шикізаттардың құрамында полисахаридтердің болуы негізгі мағынаға ие. Макта және ағаш өнімдерінің қалдықтарының құрамындағы полисахаридтер бірнеше миллион тоннаны құрайды /7/.

Полисахаридтер- моносахаридтерден және олардың өнімдерінен құралған жоғары молекулалық қосылыстар.

Моносахаридтер өсімдіктерде бос күйінде және крахмал, целлюлозада, күрделі көмірсутектердің құрамында кездеседі. Моносахаридтерді медицинада, өнеркәсіптерде түрлі спирттерді алуда және фармацевтикада қолданылады.

Жұмыстың маңыздылығы

Жай көмірсутектер немесе моносахаридтер (маннозалар) гидролизге ұшырамайтын көмірсутектер. Моносахаридтерді алудың жалғыз практикалық әдісі- табиғи полисахаридтерді гидролиздеу болып табылады.

Өсімдік шикізаттарын гидролиздегенде, судың қосылуы нәтижесінде полисахаридтер ыдырап, нәтижесінде жай қанттар- моносахаридтер түзіледі. Жай қанттар кристалдық түрде бөлінеді.

Жұмыстың мақсаты: 1. Жергілікті өсімдік шикізаттарынан моносахаридтерді синтездеу.

2. Полисахаридтерден моносахаридтерді гидролиз арқылы алу.

Ғылыми жаңалығы: алғаш рет жантақ жапырағының гидролизін жасап, моносахаридтер алынды.

2. ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ

2.1. Толық және жартылай қышқылдық гидролиз

Полисахаридтердің гидролизі- бұл сумен әсер ету құбылысы, полисахаридтердің күрделі молекулалары құлап, су молекулаларының қосылуы нәтижесінде жай қанттар түзіледі. Өсімдік талшықтарындағы полисахаридтердің гидролизін бірдей жағдайда жүргізгенде процестің жылдамдығы қолданылатын қышқылдың активтілігіне байланысты.

Гидролиз реакциясының жылдамдығы температураның жоғарылауымен артып отырады. Температураның жоғарылауымен қиын гидролизденетін полисахаридтердің әсерінен қанттың шығымы жоғарлайды және гидролиз процесінің ұзақтығы қысқарады. Қышқылдық гидролизде жиі қолданылатын екі әдіс бар.

Сұйытылған қышқылмен гидролиз процесінің ұзақтығы бірнеше минут және жоғары температура мен қысымда жүргізіледі. Бұл процесті тоқтатпай жүргізуге мүмкіндік береді.

Концентрациялы қышқылмен гидролиз процесі белгілі температуралық тәртіп пен қысымда жүргізіледі.

Сұйытылған қышқылмен гидролиз процесімен салыстырғанда бұл процесің ұзақтығы аз. Целлюлозды биомассаның химиялық гидролизінде әртүрлі органикалық ерітінділер (қышқылдар, сілтілер) қолданылады /20/.


Полисахаридтерді құрайтын компоненттердің толық ыдырауы зерттеудің бірінші сатысы және олардың арасында сандық қатынас құру болып табылады. Мұндай ыдырау полисахаридтердің толық қышқылдық гидролизіне қол жеткізеді.

Полисахаридтердегі гликозидті байланыстар қышқылдық ортада өздерінің беріктігімен ерекшеленеді. Гидролиздің жағдайына жұмсалатын полисахаридтің ерігіштігі және гидролиз кезінде бөлініп шыққан моносахаридтердің қышқылдарға беріктігі әсер етеді. Сондықтан қолданылатын гидролиз жағдайлары әртүрлі болады. Мысалы: арабинандардың гидролизінде арабинофуранозды байланыстардың ыдырауы үшін 0,01 н қышқылда қыздырсақ жеткілікті. Ал, целлюлозаны гидролиздегенде 72%- тік күкірт қышқылында ерітіп, кейіннен сумен араластырады және 100°C шамалы уақыт қыздырады. Бірақ бірқатар орташа жағдайлар бар. 373К 2н күкірт қышқылымен 2-4 сағат қыздырады, нәтижесінде көп мөлшерде полисахаридтер гидролизденеді. Гидролизде басқа минералды қышқылдарға қарағанда күкірт қышқылын көп қолданады. Себебі, оны тұнба барий сульфаты түрінде реакциялық қоспадан оңай бөліп алуға болады /14/.

Кейінгі кезде жиі қолданылатын гидролиз әдістері көптеген полисахаридтерге жақсы еріткіш ретінде қолданылатын концентрленген құмырсқа қышқылымен қыздыру болып табылады. Гидролиз аяқталғаннан соң, айдау арқылы қышқылды бөліп алады.

Гидролиз процесі кезінде түзілген моносахаридтер табиғаты көмірсутексіз заттармен әрекеттеседі немесе ыдырап, фурфурол өнімдеріне айналып кетуі мүмкін. Моносахарид құрамының анализінде полисахаридтердің гидролизін максималды жұмсақ жағдайларда жүргізу керек.

Целлюлозаның толық гидролизінің реакциясы 1- теңдікпен өрнекттеледі



Бұл процесс бірден жүрмейді, аралық өнімдердің түзілуімен жайлап жүреді. Целлюлоза гидроцеллюлозаға айналады. Гидроцеллюлоза еритін полисахаридтерге ақырын айналады.

Полисахаридтердің гидролизіндегі бөлінген өнімдерді анықтау үшін алынған моносахаридті қоспаны хроматографиялық әдіс арқылы қағазда зерттейміз. Мұндай зерттеу нәтижесінде түзілген моносахаридтердің табиғаты жайында өте бағалы мәліметтер алуға болады.

Гидролизаттағы полисахарид компоненттері арасында сандық қатынасты көбінесе сандық хроматографиялық қағазда анықтайды.

Толық гидролизі полисахаридтердің сапалық және сандық мономерлік құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Полисахаридтер молекуласындағы моносахаридтердің арасындағы байланыс әдістері туралы мәліметтер бермейді.

Қышқылдық гидролиз полисахаридтердің жартылай ыдырауының керекті әдісі болып табылады. Гидролизді тек қана полисахаридтегі гликозидті байланыстың бөлігін ыдыратқанға дейін жүргізеді, нәтижесінде моносахаридтермен қатар олигосахаридті фрагменттер де түзіледі.

Олигосахаридтердің максималды шығымы полимеризацияның әртүрлі сатысына, гидролиздің әртүрлі сатысына және полисахаридтегі барлық гликозидті байланыстардың бірдей ыдырауына сәйкес келеді.

Дисахаридтердің максималды шығымын алу үшін, барлық гликозидті байланыстардың 2/3 бөлігі ыдырағаннан кейін гидролиз реакциясын тоқтату керек және бұл жағдайда шағым ~29,6 %- ті құрайды. Трисахаридтерді алуда полимердің жартысын гидролиздейді, шығымы 18,75%- тен аспайды, ал тетрасахаридтер үшін шығым ~13,8 %- тен аспайды және т.б.

Сызықты емес полисахаридтер үшін гидролиз одан да күрделі болады. Полисахарид молекуласының күрделене түсуі гидролиз өнімінде кездесетін олигосахаридтердің санын көбейтеді, ал кейіннен әрқайсысының шығымын төмендетеді.

Жартылай гидролиздегі олигосахаридтердің төмен шығымы полисахаридтердің көп мөлшерде жұмсалыуына алып келеді. Реакциялық қоспадан аз мөлшерде олигосахаридтердің бөлінуі тек полисахаридтер гидролизінің нәтижесі ғана емес, қышқылдық реверсияның нәтижесі де болады. Сондықтан, жартылай гидролизге полисахаридтердің сұйытылған ерітінділері ұшырайды және гидролиз жағдайындағы моносахаридтердің сәйкес қоспаларын бөліп, бақылау тәжірибелерін жүргізеді, бірақ бұл әдіс әрқашан да көмектесе бермейді. Крахмалдың жартылай гидролизінде

мальтозадан басқа, изомальтозалар, паноздар және мальтотриоздар түзілетіні мәлім /14/.

Жартылай қышқылдық гидролизде олигосахаридтердің шығымын арттыру үшін түзілген төмен молекулалы фрагменттерді келесі ыдыраудан қорғау керек. Оларға гидролизбен бір уақытта диализ де кіреді, нәтижесінде реакция аймағынан бөлінген олигосахаридтерді бөліп алады.

Гидролиздейтін агент ретінде суда еритіндерді қолданады. Полисахаридтерді қышқылмен бірнеше сатылы өңдеу түріндегі гидролиз, әрқайсысынан кейін төмен молекулалы фрагменттерді седафлекс хроматографиясында бөліп алуды жүргізеді. Полисахаридтерді химиялық қайта модификациялау-диэтиламиноэтил эфирін алу сатысын келесі аз концентрациялы полистиролсульфоқышқылды гидролизімен ауыстырады. Жоғары локальды концентрациялы протондар полисахаридтердің гидролизін тездетеді, ыдыраған нейтралды фрагменттер полистиролсульфоқышқылмен әрекеттеспейді және гидролизге қайтадан ұшырамайды.

Егер полисахарид әртүрлі моносахаридтерден немесе жалғыз моносахаридтен құралған болса, оның құрамына кіретін, әртүрлі байланыс түрлерін түзеді, жоғарыда көрсетілген қышқылдық гидролиз кездейсоқ ыдыраудан қатты ерекшеленіп тұрады. Гидролизге деген әртүрлі беріктіктегі гликозидті байланыстар артық көрінетін байланыстардың ыдырауына және тұрақты байланысты фрагменттердің жиналуына алып келеді. Кездейсоқ ыдырау нәтижесінде олигосахаридтердің жалпы шығымы артады, бірақ гликозидті байланыстардың ыдырауындағы бірқатар сатылар жоғалады.

Қышқылдық гидролиз полисахаридтер молекуласындағы моносахаридті бөлігіндегі урон қышқылының тотығуы және анықталған гликозидті байланыстардың беріктігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін керемет әдіс болып табылады.

2.2. Жантақ жапырағының гидролизі

Жантақ жапырағының гидролизі кезінде гликозидті байланыстар ажырайды және полимеризация сатысы төмендейді:

Жантақ жапырағы гидролизінің жылдамдығы тұрақты емес. Алдыменен полимеризация сатысы тез құлайды, ал кейіннен полимеризация сатысының құлау жылдамдығы тез төмендейді және ең ақырғы полимеризация сатысына жетеді.

Жантақ жапырағы гидролизінің жылдамдығы катализатор-қышқылдың концентрациясына тәуелді.

Практикада гидролиздеуші агент ретінде күшті минералды қышқылдарды- күкірт және тұз қышқылдарын пайдаланады. Гидролиз реакциясының жылдамдығы температураға тәуелді және жоғарылауымен тез артады /21/.

Жантақ жапырағы гидролизін сұйытылған қышқылдармен жоғарғы температурада (433-473К) және сәйкес қысымда жүргізеді. Концентрленген қышқылмен гидролизді орташа температурада және келесі сұйытылған ерітінділермен жүргізеді, қайнатады.

Концентрленген қышқылда жаңа дайындалған ерітіндіге су қосылған целлюлозаны қосамыз. Целлюлозаның қышқылмен әсер ету жағдайына байланысты гидроцеллюлоза түзілуі мүмкін. Гидроцеллюлоза- табиғи целлюлоза және гидролиздегі бастапқы өнімдердің қоспасы. Қышқылдық гидролиз кезінде түзілген ұнтақ тәрізді қалдықтарға гидроцеллюлоза терминін 1875 жылы Жирар ұсынды.

100г майдаланған жантақ жапырағын 2н. 100мл күкірт қышқылымен тығыны бар колбада 293-298К өңдейміз, 5 сағаттай араластырамыз. Гидролиз аяқталағаннан соң колбадағы қоспаны шайамыз. 250мл дистилденген су қосып, қайтымды мұздатқыш орнатылған колбада 1 сағат шамасында қайнатамыз. Ерітіндіні фильтрлейміз және күкірт қышқылын нейтралдап, түзілген глюкоза мөлшерін Бертран немесе эбулиостатикалық әдіспен анықтаймыз.

Ал жантақ жапырағындағы қалған моносахаридтер қоспасын хроматографиялық әдіспен анықтаймыз. Алынған ерітіндіні микропипетка көмегімен хроматографиялық қағазға тамызамыз. Хроматограмманы ауамен кептіріп, арнайы хроматографиялық камераға орналастырамыз.

Хроматограмма ретінде Ж (жай) және Т (тез) маркалы хроматографиялық қағазды пайдаландық. Хроматограмманы камерадан алып, сорқыш шкафта 30 минут бойы кептірдік.

2.3. Жантақ жапырағының мінездемесі

Бұл шикізаттың басты бөлігін полисахаридтер құрайды. Өртүрлі өсімдік шикізаттарында 40-80% арлығында полисахарид, лигнин 15-60% болады. Өсімдік шикізаттарындағы полисахаридтер жеңіл және қиын гидролизденетін болып екіге бөлінеді. Полисахаридтердің жеңіл гидролизденетін бөлігіне гемицеллюлоза және пектиндік заттар жатады. Олардың гидролизінде моносахаридтердің күрделі қоспасы түзіледі: глюкоза, манноза, галактоза, ксилоза, арабиноза, рамноза. Қиын гидролизденетін полисахаридтердің мөлшері 25-49% арлығында, негізінен целлюлозадан және аздаған қоспалы гемицеллюлозадан тұрады.

Жантақ жапырағында 36-48% целлюлоза, 20-31% лигнин, 21-28% пентозандар бар. Жантақ жапырағын күнделікті тұрмыста отын ретінде пайдаланады. Жантақ жапырағы жеңіл гидролизденетін полисахаридтер тобына жатады.

2.3.1 кесте

Пентозанды гидролизаттың құрамы

Шикізат	Құрғақ шикізаттан редуцирленетін заттардың шығымы, %	Гидролизаттағы моносахаридтердің құрамы, г				
		манноза	ксилоза	арабиноза	галактоза	глюкоза
Жантақ жапырағы	42	1,0	7,2	7,0	3,0	7,0

Кесте-2.3.1 жантақ жапырақтың ксилозаға бай екенін көруге болады. Бұл гидролизатта сірке қышқылы минималды мөлшерде бар /20/.

Ксилозаға бай пентозан гидролизаттарды алуда гидролиз кезінде құрамында сірке, урон және альдобиурон қышқылдары көп кездесетін өсімдік шикізаттарын пайдаланады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Бірінші рет жантақ жапырағын қолданып, гидролизін жүргізгенде, әр түрлі өндіріс салаларында көп мөлшерде қолданатын моносахаридтерді алдық.

Полисахаридтер- жантақ жапырақтың гидролизінде құрамында пентозандар бар күрделі моносахаридтер қоспасы түзілді.

ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКПЕН БҰЙЫМДАРДЫ ӘШЕКЕЙЛЕУ

Б. МҰСАҚЫЗЫ

6 сынып оқушысы, Ш. Уалиханов атындағы № 127 орта мектеп –лицейі, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

С.А. АРГИНБАЕВА

технология пәнінің мұғалімі, жетекші, Ш. Уалиханов атындағы № 127 орта мектеп –лицейі, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Қазақтың ұлттық ою-өрнек түрлерін алғашқы андронов мәдениеті мен байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінен бастап зерделеген. Шетелдік (В. Куррер), кеңестік (С.В. Иванов, В.В. Стаслов, Ф.К. Волков, С.А. Давыдов, Н.Ф. Сумцов тағы да басқа) және қазақ ғалымдары Ә. Марғұланның, Т. Бәсеновтың, Е. Масановтың, М. Мұқановтың және тағы да басқа зерттеу материалдарын айтсақ та жеткілікті. Өздерінің еңбектерінде зерттеушілер ою-өрнектерді түрлері, атаулары, шығу тарихы туралы көптеген құнды еңбектер жазып, деректер келтіреді. Зерттеушілердің көпшілігі, әсіресе Шығыс халықтарының ою-өрнектеріндегі айшықтардың, мүйізге, жапыраққа, геометриялық денелерге ұқсас өрнектердің нені бейнелейтінін және олардың атауларының қандай ұғымдар негізінде қалыптасқанын жан-жақты таратып жазады. Ал енді біреулер геометриялық түрлердің шыға бастауы өрнек жасаушылардың өнерлерінің өрістей түсуіне байланысты, олардың ой-қиялынан туған дейді. Демек ою-өрнектердің шығу тарихы, олардың сюжеттік мазмұны мен атаулары туралы мәселе әлі де көп зерттеуді талап етеді.

Оюшы (өрнекші) әртүрлі өрнек үлгілерін жасаушы, сырмақ, текемет, түскиіз, аяққап, кесеқап, төсекқап сияқты үй жиһаздарына ою оюлап, өрнек салатын шебер. Шебер ою ояр алдында жұқа матадан немесе қағаздан арнаулы үлгі жасап алады. Одан соң оюлайтын киіздің немесе матаның бетіне сол үлгіні салып, жылжып кетпеу үшін оны сиректеу етіп көктеп тігіп, өткір қайшымен айналдыра ойып шығарады. Өрнек салу оюдан басқаша. Өрнек бұйымның бетіне бөлек басылады. Текемет бояуда оның бетіне басқа түсті жүннен өрнек салынады. Ал сырмақ, аяққап, кесеқап, төсекқап сияқты бұйымдарға әр түрлі жіптерден таспалап өрнек тігіледі. Ою ою да, өрнек салу да аса шеберлікті қажет ететін өнер.

Ол бөлінеді: өсімдік тектес, жануарлар, геометриялық формада, космогендік (астрологиялық). Бұлардың әрқайсысының

өзінің белгілі бір мағынасы бар. Мүйіз - қазақ оюының негізі және ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мезгеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында пайдаланылады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. «Гүл» ою-өрнегі барлық гүл түрін түспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім-кешектердің жиегіне салынады.

Арпабас, көбелек, су өрнегі

«Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. Су өрнегі екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрыш бейнелер жасайды.

«Қошқармүйіз» ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтықтұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады. Текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрінде кездеседі.

«Ашатұяқ» өрнегі кейде «айыр» өрнегі деп те аталады. Пішен ашалайтын айырға ұқсас келеді.

«Түйетабан» -түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою-өрнек. Ол кейде «қарта», «қарға», «қызылайыр» ою-өрнегіне ұқсайды. Қатар тұрған 5 тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайтын, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келетін ою.

«Құсқанаты» ою-өрнегі мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты түспалдайды.

«Кемпірқосақ» ою-өрнегі бірнеше түстерден жолақтар жасап алма-кезек орналасады. Қазақтарда кейбір түстердің символдық мәні бар. Көк түс -аспанның, ақ түс - ақиқаттың, қуаныштың, сары түс - ақыл парасаттың, қайғы мұңның, жасыл түс - жастықтың, көктемнің символы. Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түсті белгілі тәртіппен кемпірқосақ көркіне лайықтап орналастырылады. Бұл өрнектер алаша, қоржын, басқұр тоқуда жиі пайдаланылады.

«Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмақ, текемет, тұскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен анның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.

«Құстұмсық» - бұл өрнек құстың тұмсығын түспалдаудан туған. «Құстұмсық» тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Ою-өрнекті қиғанда ою ортасында сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады. «Құстұмсық» жүзік немесе «топсалы» жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Құс бейнесі халық түсінігінде азаттықтың белгісі.

Ою-өрнектерді құрастыру үшін шеберлер өсімдіктер мен гүлдердің суреттерін қолданған. Осыдан өрнектер барлық әлем халықтарының мәдениетінде көп кездеседі. Өсімдікті оюлар қазақтың қолданбалы шығармашылығында лайықты орын алады. Олар -жапырақтар, жапырақшалар, үш жапырақты өсімдіктер, гүлдер. Шебер әйелдер киім-кешектерді әшекейлегенде өсімдік өриектерді жиі қолданады.

Күрделі композиция құрайтын ою-өрнектерінің бір түрі -табақ. Оның жиегі су ою-өрнектерден әшекейленген. Ал ортасында күлте, жапырақтар, шырмауықтар орналастырған. Табақ оюы ас үй жиһаздары мен тұскиіздерді, аяқпақтар мен дастарқандарды әшекейлеуде пайдаланады.

Кілемдер, текеметтер, алашалар өсімдікті ою-өрнекке өте бай. Кейде аралас өрнектер бұйымдарда кездеседі. Оның көрнекті үлгісі - киіз үй. Киіз үй іші ерекше құмарлықпен жасалған. Ою-өрнекпен әшекеленген жиһаз, ыдыс-аяқ, шиден жасалған өрнек тоқыма, кесте бұйымдар, тұскиіз киіз үйдің ішін жайнатып жібереді. Бұл өнер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Космогондық өрнектер ғарышпен байланысты жұлдыздарды, күнді, айды, жарты айды кемпірқосақты бейнелейді. Ұлан-ғайыр далада көшіп-қонып жүрген көшпенділерді ғарышпен әлем құпиясын үнемі қызықтырған. Өткені олардың түні бойынеше түрлі ою-өрнекті құраған жұлдыздардың ғажайып әлемі көмперіп тұрған. Шын мәнінде, табиғат аясында, онымен үйлесімді өмір сүрген көшпелі қазақтар арманшыл халық еді. Киіз үй көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан баспана. Осы жеңіл де жинақты киіз үй көшпенділерді ғарышпен байланыстырған. Бұл баспананың бұрышы жоқ, жер

шары секілді. Төбесінің дөңгелене жасалуы - аспан, ал едені - жер, шаңырақ жердің кіндігі болып қабылданған. Ою-өрнектегі осындай үйлесімдер көк төңірге сыйынанудан жалғасын тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ халқының қол өнері, С. Қасманов 1995.
2. Шеберлердің сиқырлы қаласы. М. Қазбек. 2004.
3. Сырмақ өнері. Ә. Ысқаққызы. 2007.
4. Қазақ халқының ұлттық киімдері. - Алматы кітап, 2007.
5. Сен білесің бе? Энциклопедиясы. - Алматы, 2010.
6. Мектептегі технология журналы. №6. 2010.
7. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. М. Өмірбекова. 2004.
8. Қазақтың ою-өрнектерінің жалпы жолдары. Төлөпбаев, Өмірбекова. 1993.
9. Қазақстан әйелдері журналы. №5. 1996.

ҰЛТТЫҚ КИІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. НАЛСЕЙТОВА

9 сынып оқушысы, № 244 Ы. Жахаев атындағы орта мектебі,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Н. АЛТЫНБАЕВА

технология пәнінің мұғалімі, № 244 Ы. Жахаев атындағы орта мектебі,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Ұлттық мәдени әрекет ретінде, әсіресе қыз баланың қоғамдық рөліне аса назар аударуға бетбұрыс болып отырғанда, біз оң босағаға шығару дәстүріне, оның ұлттық дүниетанымы байқатар әрекеттері мен этномәдени сипаттамаларына ерекше көңіл аударуы қажет дейміз.

Біріншіден айтарымыз, оңбосағаға шығару тойы қыз баласының мүшелі жасында аталады. Алғашқы мүшелі жас он үш жаста аталынатыны мәлім. Қоғамдық үйлесімділік пен қарым-қатынас жарасымдылығының негізгі ұйытқысы - әйел. Ұлттық эстетикалық талғам қоршаған ортасына өз қабілеті мен жүріс тұрысы, сөйлеген сөзі, түр сипаты арқылы сұлулық пен әсемділікті паш етіп, жүрген ортасын сәндікке бөлеп жүрген әйел арқылы танылатыны сөзсіз. Сонымен қатар ата салттың сақшысы, таратушысы, жаршысы да ана мен әже, ене мен келін. Зергерлермен қатар көзі барды тамсандырар қол бұйымдар

жасау арқылы елдік өнер таңбаларын жасап сақтаушылар, оларға түсірілген ою-өрнектің мән-мағынасын баяндап, қолдану тәртібінің егжей-тегжейін ұғындыратын да солар. Сонымен әйел заты - ұлттың ұлт болып сақталуына өзіндік орны бар қоғам мүшесі. Бұл қабілеттер мен бейімдердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етуші реттеушілік міндеті басым дәстүрлер мен мерекелер. Олардың ішінде оңбосағаға шығару тойындағы қазақ ұлттық киімінің рәміздік мәні анық көрсетіледі. Анасы мен әжесі қызы мен немересінің мүшел жасқа келетінін аға-жеңгелері мен әкпе-жезделеріне хабарлап, дайындалуға етініш беріледі. Ол дайындақ мүшел жасқа дейін сырт сипатты, мінез-құлқы көзге түспейтіндей, көптің назарынан тыс боларлықтай қадағаланып, көңіл аудартапқан бойжеткенге ендігі жерде арнайы киім мен әшекей бұйымдарды жабдықтауға арналады. Қуаныш пен қайғыны ортақ бөлісе білген қазақ үшін бойжеткен қыздың қатарынан қалмай өз дәрежесіне тең боларлықтай сипат алуы ата-анасы мен туғандарына парыз. Сол себептен күнделікті тұрмыстық киімдермен қатар сауықтық - салтанаттық киімдер де мүшел жасқа толған қызға сыйлықетіпұсынылған. Қыз баласы оң босағаға шығару тойын жасаған. Қыздың жеңгелері, әкпелері шақырылып «біздің үйде бойжеткен қыз бар, оң босағаға шығарылды», - деп ескертілген. Келген қызға жасау әкеледі. Қыздың өз үйінен екі ғана нәрсе қосылады, ол белбеу және қыз сәукелесі. Бойжеткенге алғашқы қос етек көйлегі мен мықынды қамзолын әпке жездесі кигізеді. Той үстінде қызға қамзол, белдеме кигізіп сәндейді. Қыздың бой жеткеніне арнайы кигізетін күмістен белбеу соғылады. Қалыптасқан дәстүр бойынша асқан ұқыптылықпен безендірілген. Қыз бала үшін белдікті жоғалту арынан айырылғанымен бірдей болған. Қыз бойжеткенде өзіне тән ерекшеліктерін көрсетіп жүруі тиіс болған. Мысалы, басы босбойжеткен қолына құстұмсық жүзік таққан, оның екі түрі болған. Құсмұрын жүзік - бақыттың, еркіндіктің белгісі секілді, негізінен өркендеу өркен жаю идеясын білдіреді. Құсмұрын жүзікті екі жаққа қаратаққан, біріншісі, ұшын саусақтың сыртына қарай тағуы басы бос, құда түспегендікті білдіреді, ішке қарай тағылуы құда түскендіктің белгісі. Сонымен қатар сәукелесіне үкі емес, үкінің қауырсыны тағылған ол қыздың басы бос екенін жігіттер алыстан көріп білетін болған.

Осы күні бойжеткен алғашқы рет шашын бұрым етіп өріп, ұшына шолпы тағып, оның сылдырымен жүрісін түзей бастаған.

Қызға осы кезден бастап әжесі шашын өріп шолпы тағады, бұл қыздың жүгірмеуіне, секірмеуіне, салмақты жүріп, биязы қозғалуына себеп болған. Бой жеткен қыз ашық-шашық жүре алмайтын болғандықтан шымылдық ішіне жатқызған. Бойжете бастағаннан қыз қымсынып бүкірейіп жүреді, оның бойы түзелуі үшін, төсегін қатты тік етіп ағаштан арнайы жасатқан. Бұның өзі қыздарға көрсетілген үлкен қамқорлық. Сөйтіп, зергерлік бұйымдардың пішіні, кескіні, өрнектері, атқаратын қызметі әдет-ғұрып, наным- сенім, киелілік, рәміздік мағыналарына ие. Қыздар басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ - жаулықтың, қара - қайғының белгісі. Шашбау, шолпы сияқты өрілген бұйымның ұшын бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар «адам жанының бір ұшы шаш арасында мекендейді» деген наным-сенімге байланысты қоңыраулы, сылдырмақты шолпыны шашқа пәле-жаланы жолатпайды деп таққан.

Алқа - омырауға тағатын, көбіне күмістен соғылатын әйелдердің сәндік, әсемдік бұйымы.

Білезік - білекке салатын, күмістен, алтыннан соғылатын бұйым. Жасалуына қарай алтын, күміс, құйма, сағат, қос, тоспалы, бұрама т.б. білезік атаулары бар.

Бес білезік - алтын, күмістен, асыл тастардан көз орнатылған, күміс шынжыр арқылы бес сақина бекітілген аса қымбат білезік.

Балдақ-алтыннан, күмістен соғылған жұмыр сақина.

Жүзік - қымбат тас орнатылған жалпақ сақина.

Моншақ-түрлі тастар мен шыныдан жасалған, жіпке тізілген, мойынға, қолға салатын, киімге тағатын сән бұйымы.

Тал моншақ-бірнеше қатар тізілетін моншақтар.

Тұмарша - сәндік үшін омырауға тағылатын үшбұрышты, салпыншақты күміс бұйым.

Маңдайша сәукеле баскиіміне маңдайына тағатын, көз орнатылған күміс бұйым.

Сақина - саусаққа салатын, әр түрлі үлгіде күмістен, алтыннан металдардан соғылатын бұйым.

Танакөз – шар тәрізді күміске тастан кез орнатылған түйме тәрізді сәндік бұйым.

Өңіржиек - салпыншақтартағып, үзбелеп жалғаған, омырауға сән беретін, түрлі-түсті тастардан көз орнатылған әсемдік алқалар тізбесі.

Қапсырма - әйел қамзолына тағылатын, түйме қызметін атқаратын жалпақ күміс бұйым.

Шекелік - сәукеле, тақия, баскиімдерге тағылатын бұйым.

Шаштеңге – қыздардың өрілген шаш ұшына тағылатын, жібек бау өткізілген күміс бұйым.

Шолпы - шашқа тағатын, қымбат бағалы, сь гдырмақты бұрым сәнін келтіретін, алтыннан, күмістен - зсалатын бұйым.

Шашбау - шашпен қоса өрілетін, моншақты, зерлі, күміс шынжырлы әсемдік бұйым.

Шашқап - шашты күннен, шаң тозаңнан қорғайтын, қымбат матадан жасалып, сырты түрлі моншақ жапсырмаларымен безендірілген бұйым.

Сырға - құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым. Оның саласына, құрамына сай көптеген түрлері болады.

Аттарак – жылқының жіліншігін жарып, жұқалап, оны егеп, тіс салып жасаған ағаш сабы бар тарак.

Үйлену тойына киілетін киімнің жөні де өз алдына ерекше. Қалыңдықтың бетін ашу және белбеуін шешу күйеуінің жұртындағы өмірдің бастамасын бейнелейтін салт-дәстүрлер.

Күйеуінің үйіне келген соң, бірінші немесе екінші күні қалыңдықтың белбеуін шешу салт-дәстүрі өткізіледі. Той белбеуіне ерекше мән беріледі, белбеуді шешкен қайын сіңілісі жеңгесіне сырлас болады. Қалыңдық қайын сіңілісіне белбеуді сыйлап достық антын алып, оны сандықта ескерткіш және тұмар ретінде сақтайды. Сонымен қатар, «көрініс» (адамдарға көріну) деген салт та орын алады, яғни қалыңдықтың белбеуінің қайтарылуы және оған сыйлықтар тартады. Белбеуді шешкен күйеуінің қарындасы қалыңдыққа сырлас, дос, кеңесші болады.

Қалыңдықтың бетін ашу - түркі тілдес халықтарының барлық тойларында орын алатын функционалдық, идеялық, тақырыптық жағынан салт-дәстүрлік іс-әрекеті. «Бет ашу» атты дәстүрі бүгінгі таңға дейін бар. Бетін ашу және белбеуін шешу әйелдің бөгде руға ұрпақ жалғастыру үшін жақындасу шегін анықтайды. Өз үйінен бетін жауып шығу және бөгде үйде оны ашу рәсімі қалыңдықтың басқа руды «тірілту, жалғастыру» мазмұнын білдіреді.

Белбеуді шешу кезінде айтылатын тілектерде бала туудың аллегориялық формалары ерекше мәнге ие: «Алдыңғы етегіңе бала толы болсын, артқы етегің малға толы болсын» деп аталады. Алдыңғы және артқы етек метафоралары қалыңдықты қоршаған кеңістік және баламен, малмен толтырылатын орта туралы ұғымды білдіреді.

Қалыңдықтың әйелдер мәртебесіне жатқызылатынын білдіретін шашты рәсімдік сәндеу - көптеген халықтарда кентаратылған құбылыс.

Шаш қою үлгісін өзгерту әлеммен жаңа қарым- қатынастарға түсетін адамның өмірлік қуатын түзетуді білдіреді, Қалындықтың шашын әпкелері, апалары, кіндік шешесі немесе әжесі өрген. Бұл үшін қалындық оларға жүзік және оқаланған лента тағуы қажет еді. Шамасы, мұнда шашқа қол сұғушылық үшін ерекше «күнәдан айырылу» орын алады. «Адам жаны шашта орналасатыны немесе жанды жері болып табылатыны және өткір көзге оңай түсетіні үшін шашқа тиісуге тыйым салынатын, әсіресе шашты ер адамдардың көздерінен қорғайтын: олардың жанында шашты жаюға немесе тарауға тыйым салынатын. Егер де әйел баласы жалаңбас немесе шашын жайса, ол дереу адамдардың сөзіне қалатын. Шашты ұстау тек анасына, әжесіне, жолдас қызына рұқсат етілетін. Шамасы, қалындықтың шашын тек туған әпкелері немесе қамқоршы әжесі өре алады деген ереже осыдан қалған шығар. Тұрмысқа шығу, еріксіз өмір сүру бейнелері тұрмысқа шыққан әйелдің шаш қою үлгісінен айқындалады: қыз бала кезінде өрілген бір бұрым шаш екі бұрымға ауыстырылады. Ерікті және еріксіз өмір бір-бірінен «шымылдық» арқылы айырылады яғни мұнда шекараны шымылдық бейнелейді.

Қалындықтың шашы аналық бақыт, сәттілік және аман саулық тілеу бұрымдарымен жасалып өрілетін. Бұл рәсім кезінде осыған қатысты тақпақтар айтылып, шүйдеге үш рет жеңіл шапалақпен ұрылатын яғни шүйдені бір жұдырықпен жауып, екінші жұдырықпен оны соғатын. Шашты дәстүрлі етіп өруде қалындықтың құрбылары оған түрлі шаш әшекейлерін, салпыншақтарды тарту ететін. Әдетінше, бұл қимыл жасау сәтінде әсем қоңырау шығаратын мол етіп тігілген тиындар. Бұл арам күштерді алыстатын әшекейлер. Онымен қатар, олардың мазмұнында махаббат сиқыры бар, идеясы бар толқыған сезімнің күйін білдіруге септігін тигізді. Зерттеушілер салпыншақтардың апотропейлық әрекет ету қызметі туралы жазған болатын. Қазақ халқында, Шығыс және Орта Азияның басқа халықтарында сияқты салпыншақтар өзінің қозғалысымен, сынғырымен және қоңыраулық дыбысымен жағымсыз арам күшті, аластатады деген түсінік туындаған болатын. Қазақ қалындығына тарту етілген тиындар, салпыншақтар, ең алдымен, қорғау құралы ретінде қолданды. Кейінгі дамуында салпыншақтар, тиындар әшекей ретінде пайдаланды.

Орамал тағу рәсімі жақсы тілек-баталарды және ән айтумен іске асырылатын қыз баланың тақия атты баскиімін әйелдердің орамалына ауыстыруы - қалындықтың келіншек дәрежесіне етуін бейнелейтін негізгі әрекет. Орамал тағу немесе баскиімді ауыстыру

секілді атрибуттар түркі тілдес халықтарды барлығына мәлім. Көпшілік алдында қалындықтың баскиімін ауыстыру рәсімінен соң ол әйелдер қатарына жатқызылады деген түсінік қалыптасады.

Осыдан кейін қалындықтың беліне белбеу байланады. Осы әрекетті жүзеге асыру барысында айтылатын сиқыр сөздерде түс сиқырының және жағымсыз күштерді аластататын іздері бар деп сенген.

Басына орамал таққан қалындықты құрбылары, жеңге, келіндері жан-жағынан қоршап күннің бағыты бойынша қалындықты ортаға алып айналдырып жүру барысында сазды әуендер орындалады.

Күн бағыты бойынша айналып жүру ең үлкен және жарық жарықтық Күнге үндеу жасаудың арнайы үлгісі болып табылады. Айналып жүру де табыну көптеген халықтардың көне мәдениетінде кездеседі. Айналыс үндеу үлгісін мәңгілікке және өмірлік күштердің сүйеушілігімен қолданатынына назар аударылады. Сөз және әуен бірлігінде айналып жүру рәсімі жаңа рухани білімдерге тартылудың құрамы және тұрақтылықты қамсыздандыру аспабы болып табылады.

Күнделікті киілетін баскиім болып желек табылатын. Осы баскиімдері әйелдің өміріндегі ауыспалы шақты бейнелеп - қыз бала кезінен ана болуға дейін - жас тұрмысқа шыққан келіншек киімінің құрамдастары болып табылатын. Жаулық-ақматадан жасалатын әйелдердің ең негізгі баскиімі. Өз әжелер, асыл аналарды ардақтап, ақ жаулықты деп атайды.

Жаулық— қазақ әйелдерінің ары ажары, беделі мен көркі. Арқа жерінде ардақты әжелер жоғары және төмен деп аталатын қос жаулық тартқан Мұндай жаулықтар биік ірі көрнекті болғандықтан, әжелер мәртебесі мен ажарын көтере түседі. Ертеде мұндай жаулықтарды кебінесе бәйбішелер киген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақ ою-өрнектері. -Алматы: Алматы кітап, 2003. -284 б.
2. Потапов. Л.П. Одежда алтэйцев//Сб. М/зая антропологии и этнографии. -М. -Л, 1951. -Xiii. -СЖәнібеков Ө. Қазақ киімі. Альбом. - Алматы: Өнер, 2005,-160 б.
3. Тохтабаева Ш.Ж. Художественный металл казахов XVIII-XX вв. 7 Историко-этнографическое исследование: Авторефераты, диссертации Доктора исторических наук: 07.00.09. - Алматы. 2005. - С.49.
4. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. - Алматы: Алматы кітап, ЖШС, 2006. -46 б.

5. Арғынбаев. Қазақ отбасы.-Алматы, 1990.-56 б.
6. Камалова Н.К. Той - мерекелік салт-дәстүрлік әрекеттер. -Астана: Парасат Әлемі, 2005 - С. 66.
7. Потапов Л.П. Очерки народного быта туницев,-М., 1969.-С. 268.
8. Захарова И.В., Ходжаева У.Д. Одежда казахов Семиречия // - Алма-Ата, 1962-Т.16 - С. 218.
9. Ибайшина Г.К. Декоративно-прикладное искусство, какотражение национальной самобытности казахской культуры: Авторефераты, диссертации кандидата философских наук: 24.00.01. -Алматы, 2005 . -25 с.
10. Малова Е.И. Материальная культура киргизов, как источник изучения их этногенеза: Труды киргизской археолого-этнографической экспедиции. - 1959. -Т. 3- С 49-52.

ТАУЛАР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

А.Т. НИКАМБАЕВА

8 «Б» сынып оқушысы, № 21 жалпы орта білім беретін мектебі, Екібастұз қ.

Б.Т. ЖАНГУРОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, ғылыми жетекші,
№ 21 жалпы орта білім беретін мектебі, Екібастұз қ.

Аңыздардың алғашқысы – осы әдеттен тыс таулардың қалай болғаны жайлы

Бірде солтүстіктен мұз көшкіні басталып, соны бөгеуге Тәңір тас толы қапты арқалап аттанады. Далада кездескен адамдар жел өтінен паналауға біраз тас қалдыруды сұраған екен, Тәңірі өтініштеріне құлақ аспапты. Сонда пысық, ақылды бозбала Асан қаптың түбін теседі, сөйтіп далада қала береді. Арада көп жыл өткен соң далада алып дәу келе жатады. Даланың киырын көрмек болып, шашылып жатқан тастарды үйе бастайды. Өзінкөтере алатындай тау қалап, шаршаған дәу соның басына шықса, даланың шет-шегі жок. Ызылаңған дәу тасқа отырып, қолымен бетін басып, жылап жіберіпті. Саусағының арасынан тамған үш тамшы жерге түсіпті. Солығын басып қарағанда қандай ғажайып жасағанын көреді. Үш тамшы жас тамған жерде үш көрікті көл пайда болған. Тастан қалаған тауларда өсімдіктер мен бұталар өсіп шыққан. Кереметті көруге жүгірген аң мен ұшқан құс жиналыпты. Дәудің өзі де Баянауыл тауларын тамашалауға мәңгілікке қалып қойған екен.

Гидрографиялық торабы Баянауыл тауларының сол түстік –шығыс, солтүстік-батыс беткейлерінен, солтүстігінде Ақбет тауларынан, батысында – Аққарағай, Шибет, Огелең, оңүстігінде – Нияз тауынан ағып шығатын көлдермен және көптеген өзендермен көрсетілген. Су жиналымының таулы бөлігінде бұлақтар бастауын реттейтін және кіші су ағындарының басында тұрақты беткейлік ағынды ұстап тұратын бұлақтар мен сарқыншалар күйінде жарықтық сулар шығып жатады. Баянауыл ұлттық парк территориясында 9 көл бар. Алты көлдің су беті айдыны 1 км² аз, және үш көл (Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр)1 ден 7,4 км² (кесте 2), барлық көлдердің жалпы қосынды акваториясы 15,3 км және ұлттық парк аумағының 3% алып жатыр. Ұсақ көлдері аласа жерлерде уақытша суайрықтарда және ірі көлдерді жағалай орналасқан. Баянауылдық көлдер тобына керемет беткейлі жағалаулар тән. Көлдердегі су ағынына жауын-шашынды көп алатын көлді қоршаған кеңістіктен көлге қарай беткейлермен су жылдам ағып жарықтар арқылы ішкерілей енетін кристаллды жыныстар көлге тұрақты жер асты ағынсуы түрінде түседі. Сондықтан суы тұщы айтарлықтай терең көлдер қапмайды. Сабындыкөл көлі Баянауыл селосында, Ақбет пен Нияз тауларын екіге бөлген орында орналасқан. Су жиналым ауданы жалпы 35,9 км², су бетінің айдыны 7,4 км². Көл қазаншұңқыры Баянауыл тауларында орналасқан. Су айрықтың абсолюттік белгілері 50-1022 м шегінде ауытқиды. Суқойманың қазаншығы ретінде ендік тектоникалық жарылыспен жасалған қазаншұңқыр болып табылады. Ағаш өсімдік түрлері су жиналым ауданының 75% алып жатыр, шамамен 4-5%батпаққа айналған. Көл жоспар бойынша қисық алмұрт тәрізді пішінге ие және жағалау сызығы қатты тілімденген. Оның батыс шегіндегі су беті мен солтүстік-батыс жағалауының уақытша суағының арнасы жағалаудан құрақпен қапталған. (ені 10-200 м). Оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағалаулары ені 5-10м және кей жерлері ірі жартасты тау беткейлерінен құралып, шығысыстағы обвалды жағалауының биіктігі 5-7 м биіктікке ие және жартасты болп келеді. Максимальды амплитудасы су деңгейінен шамамен 2,7м ауытқиды., жылдық сулы жылдар бойынша орта есеппен 0,6м. Көлдің ең терең жері 9,5м, басым тереңдігі 6м. Көлдің суы тұщы, су құрамы гидрокорбонатты натрийлі. Судың температурасы 2,8 ден 19,3 °С жетеді.

Жасыбай көлі Ақбет пен Өгелең шындары арасындағы жазық тәрізді терең өткелде орналасқан. Су беті айдыны 3,7 км², су жиналым көлемі 31,7км². Орманмен жабылуы 90%. Су қойма қазаны ретінде бөлшектенген беткейлі тауаралық ойыс болады. Көл жоспар бойынша

алмұрт пішінді жоспарға ие. Көлдің оңтүстік-батыс бөлігінде жартасы арал орналасқан (100-300м). Жағалаулары тау беткейлері граниттерден құрылған көбінде тік құзды тауаралық тектоникалық ойысты келеді. көлдің оңтүстік-батыс бөлігінде жартасы арал орналасқан (100-300м). Жағалауларын көбінде гранитоидтармен қалыптасқан тік және эрозиялық тораппен қатты тілімденген тау беткейлері құрайды. Кей жерлерде биіктігі 2,4м жайпақ жаға орналасқан. Жағалау жағажайы жіңішке келген (10-30м), құмды. Түбі тегіс, құмды әр жерде тас кесектері бар. Максималды тереңдігі 14 м, көп жерінде 9-10м. Көл суы тұщы, амиак іздері табылған.

Торайғыр көлі Баянауыл тауларының солтүстік жағалауында орналасқан. Су жиналымының жалпы ауданы 2,9км², ал су бетінің айдыны – 1,9км². Су жиналымы таулы және шоқылы бөлікке анық бөлініп жатыр; алғашқысы оңтүстікте орналасқан (Баянауыл мемлекеттік ұлттық парк аумағында), екіншісі солтүстікте (парк аумағынан тыс жерде). Таулы суайрық бөлігінде абсолютті белгілер 800-1027м жетеді (Ақбет тауы).

Су жиналымының таулы, неғұрлым активті бөлігі тік, көбінесе жартасты беткейлі жерлер аралас ормандармен, ал етектерінде өскіндер мен шіліктермен тілімденген. Алқаптың солтүстік шоқылы еніп кеткен бөлігінің тереңдігі 15-50м болатын таяз логтармен бөлшектенген. Ормандар мен бұталар 35% алып жатыр. Су қойманың қазаншығын тектоникалық түзілісті суға толы терең беткейлі ойыс құрайды. Көлдің су беті өсімдіктерден бос. Көлдің оңтүстік-батыс бөлігінде мөлшері 80х250 және 30х8 м тең болатын екі жартасты арал орналасқан. Оңтүстік және батыс жағалаулары кристалдық жыныстардан құралған тік және биік. Шығыс және батыс жайпақ жағасының беткейлері (биіктігі 4 м) көп мөлшерлі ұсақталған және кесекті ірі түйірлі құмдардан құралған. Түбі тегіс, қатты құмды-гравийлі орталыққа қарай сәл қисайған. Максималды тереңдігі 11 м, көп жерінде – 6м. Көл суы біраз тұзды, құрамы гидрокарбонатты-хлорлы натрилі.

Біржанкөл көлі Баянауыл селосынан 24 км де Жаманаула мекенінен солтүстікке қарай орналасқан. Су жиналым ауданы: жалпы 4,6 км², көлдің орташа ауданы – 3,9 км. Көлдің суы ағынсыз. Солтүстік батыстан оған ұзындығы 10 км, құяр жерінде ені 510м сайға ие. Көл суының көректену жер үсті және жер асты суларының үлесінен жүреді. Көлдің қазаншығы дөңгелек пішінге ие және су жиналымының солтүстік бөлігінде орналасқан. Көл 25% өскіндермен жабылған. Су жиналымы беткейлі шатқал

ерекшеленеді; шатқалдарының қатысты биіктігі 50-300м. Көлге жақындаған жерінде шатқалдардың биіктігі айтарлықтай төмендеп, беткейлері тегіс келеді. Алап тауаралық жерде, ОШ бағытта созыңқы және ең биігі 478,1-635,9 дан 745,5м жететін Айыртас, Қазқонған, Қойтас таулары мен шоқылар беткейлерімен қоршалған. Оңтүстігі мен солтүстігінде беткейлері тік, каранитоидтардан құралған, батысы мен шығысы тегіс, ірі кесекті құмдардан құралған. Көлге жол барлық жақтарынан бар. Түбі тегіс, орталығына қарай сәл қисықтау. Максималды тереңдігі 4,5-5,0м, басым жерде – 4м. Көлдің суы тұщы.

Сарықамыс көлі ағынсыз, Жасыбай көлінен батысқа қарай 11,5км жерде Баянауыл тауларының солтүстік-батыс негізінде орналасқан. Ол гранитті Баянауыл массиві мен шоқы эффузияларының байланысына негізделген. Көл ұзындығы 500м, ені 100 ден 250м. Жағалаулары тегіс және балшықты, саздақты, шөгінді өне ұсақ жұмыр тас құрамдас. Жағалаулары кей жерлерде қамыспен жабылған. Көлдің өзінде шөп өсімдігі бай емес. Көлдің тереңдігі 1,5м астам. Судың жалпы минерализациясы 1,1 г/л. Құрамы гидрокарбонатты магнийлі-кальций-натрилі РН=7,3. Сарықамыс көлі мен атауы жоқ бірнеше ұсақ көлдер батысқа қарай орналасқан және ендіктік бағыттағы жарыққа негізделген. Көлден оңтүске қарай Баянауыл таулары орналасқан, солтүстікке қарай шатқалды шоқылармен сипатталады. Шатқалдарының биіктігі 50м жетеді. Көлдерге жақындаған жерінде шатқалдарының биіктігі азайып 2,5м жетеді.

Құмдықөл көлі Біржанкөл ауылынан 5км қашықтықта (Баянауыл тауларының солтүстік батыс негізінде) орналасқан. Көлдің ұзындығы 500м шамасында, ені 100-150м ден 400м. Көл шоқыаралық төмендеуге бейімделген. Сужиналымы шатқалды бедермен ерекшеленеді. Шатқалдарының биіктігі солтүстік-батысқа қарай 70м жетеді. Дегенмен көлге жақындай бере шатқал биіктіктері айтарлықтай азаяды. Көлден оңтүстік пен шығысқа қарай шатқал құламасы 30-35 градусқа жетеді. Көлден солтүстікке және солтүстік батысқа қарай шатқал беткейлері айтарлықтай тегістеледі (15-20градус). Көл жағалаулары бойынша шөгінді мен гравий құрамды құмды-сазды сулар таралған. Көл қазаншұңқыры алмұрт тәрізді пішінге ие. Көл тереңдігі 1,5м жетеді. Баянауыл тауларынан солтүстікке қарай ұлттық парк аумағы көлемінде тағы да басқа көл тізбектері бар. Бірақ олар өте ұсақ және жаз мезгілінде толық кеуіп қалады. Көлдердегі мұздың орнауы көбінде қазанның

аяғында кейде қарашада бақыланады. Көлдер наурыздың соңында ери бастап, сәуірдің аяғында немесе мамырдың басында мұздан толық босайды. Қыстың соңында жағажай учаскелеріндегі мұз қалыңдығы 0,9-1,1 м; өсімді жерлерде 0,6-0,7м. Қар қалыңдығы мұз бетінде орта есеппен 5 тен 25 см жетеді. Тереңдігі шамалы болғандықтан су температурасының тік тұздануы көп болмайды. Су температурасы мұз еру кезеңінде 0-ге тең болады. Мұз қабатының қалыптасуынан кейін жазда жиналған жылудың кейбір мөлшерінен көл түбінен бастап жылиды.

Ұлттық парк аумағында 20 шақты бұлақтар мне уақытша су ағындары бар. Ең ірілері: Шетеспе, Кенді, Телеубұлақ (Малдыбұлақ), Рыбный ключ, және Баянауыл тауларының шығыс беткейінде, Жасыбай көлінің батысында орналасқан бірқатар атаусыз бұлақтар.

Баянауылдың қайталанбас жомарттығы мен сұлулығы

Баянауыл ауданының атауын жиі қазақтың тамаша Джульеттасымен байланыстырады. Тағдыры адамзаттың өмірі мен әлемдегі шығармашылыққа берілген бар уақыт бойына өмір сүретін әйгілі лирикалық поэмасының пайда болуының бастауы болған Джульеттаның атымен. 21 мың шаршы километрлі аймақ қыздың атымен аталғаны ма? Қазақстан шын мәнінде жаңаның қайнар көзі! Аталудың ендігі нұсқасы өзгеше. Озық гуманист, белгілі ағартушы Ш. Уәлиханов Баянауыл /Баян-Ола/ сөзін Аманшылық, Асқақтықтың бақытты таулары деп талдаған. Бұл жердің микроклиматы ең сұрапыл деген қыстарда малды қыстан аман-есен алып шығуға мүмкіндік қалдырады.

Баянауыл Мемлекеттік Ұлттық паркінің алғашқы әсер қалдыратын көрінісі — аласа бойлы жасыл қарағайлармен көмкерілген ашық түсті жайдары таулар. Тау мен қырат араларында дінгектері орыс орта қайындарынан кішірек, қалың өскен қайындар кемел Мадоннаның жанындағы жасөспірім қыздың пішіні тәріздес. Қанша дегенмен, күйдірерлік аңызак пен қысқы сұрапыл да суық бұрқасын борандар да болады. Олар өз дегендерін алады.

Мұнда ерекше қайың да өмір сүреді. Ондай ешқайда жоқ, тек осында ғана бар. Адамнан өзінің жұлдыздық сағатын әлі күтуде. Селекционерлерді күтуде. Майқайың - Майлы қайыңы. Оның ерекше балауыз себіндісімен көмкерілген жапырақтары оған ызалы жел мен аптап ыстықты жеңуге көмектеседі. Ал ғалым-селекционерлер назар аударар күнге жетер ме екен? Бүкіл әлемде он шақтысы ғана қалды. Бүкіл әлемде! Майқайың кенті бар емес пе? Сол қайыңның атымен аталған. Біздің арғы алыс аталарымыз аңғарымпаз болған.

Сәнді де қарапайым қайыңның сұлулығымен қатар күздігүні қызыл келбеті нұр шашып тұратын көктерек ағаштары да өсіп тұр. Сұлулығы жағынан теректер артығырақ та сияқты. Олардың қызғылт сәулесі айналаның бәрін ғажайып жылылықпен құлпыртады. Сонымен қатар қара мойыл, әр түрлі итмұрын, қарақат, танқурай бұталықтары өсіп тұр - әрине нитрат пен тағы басқа пестицидсіз.

Ал мәрмәр тау-күздар ше, олардың сұлулығы өзіндік ерекшелігімен тіпті қайталанбастай. Олардың басым көпшілігі табиғаттың ғажайып туындысы болып табылады. Олар адамға керемет әсер етеді — біреуі тамсандырады, басқасы ойға шомдырады, мүсіндік кейпінде қатал жалғандық көрінетін үшіншісі — қанағатсыздық сезімін ұялатады, көп нәрсені өзгерткің, түзеткің келеді. Ал кейбір мүсін-жартастар езу тартқызады: олардың тыныштық пен жарастық кейіптері, әзілшең де сияқты. Мұқатып, біздің адамдық осалдығымызды дәл жеткізеді, сондай ғажайыпты да күлкілі...

Павлодар облысының Алексеевка ауылынан Баянауыл аудан орталығына бар болғаны 50 шақырым. Жол топырақты болғанымен, жақсы. Бір сағат, не одан да аз уақыт ішінде баратын жеріңізге жетесіз. Егер жолыңыз аудан орталығынан басталған болса, аймақ жайлы нақты түсінік алу үшін бағдарды былай құру жеткілікті: Баянауыл — Малайқа — Торайғыр көлі — Серке-Көгерген-Тас тауы — Жасыбай көлі. Баянауыл ауданының осы бөлігінде бәрі де жеткілікті: түйе деп аталатын тастардың баттасуы да, Көгершін жартасы да, Мыстан-Кемпір мен Найзатас та. Оларды бір сөзбен аударғын келмейді. Орынсыз. Сөзбенен жеткізгісіз жердің аталу тереңдігі мен романтикасын түсініп қана сол өңірді жаныңмен сезіне аласың. Мысалы, Көгершін тасын алайық.Көгершін.

Бетінде мыңжылдықтар бұрын болған жайттар бейнеленген жартастарды көргенде толғанбайтын адам жоқ шығар. Тас дәуірі адамының қолымен майлы жылтылға дейін жылтыратылған қырғыш толқытады. Ыңғайлы қырғыш. Ұшталған тімсе ғана емес, тікшіл шошағы ұстауға сондай ыңғайлы қалақша! Оны қолыңызға алып палеоантроп жолы мен өзіңіздің жолыңыз мыңжылдықтар арқылы қиылып жатқанын сезінесіз. Ал міне, миллиметрлік белгілері бар өте мұқият жасалған ұштық. Бұл белгілерді тасқа тас аспаппен жасаған!— таңырқайсың. Палеолитикалық шебердің жұмысына: күздың бөктерінде табылған бұлақтың қоңырқай қалақшасына, әлде басқа бір бұйымға ма, көз салып неғұрлым көп түсінсен, соғұрлым көп ойға шомасың: олар бізден уақыт бойынша онша

көп ұзап кетпеген сияқты. Олар жанымызда сияқты. Бізден бірденені сұрайтындай./ Мына дақ бала саусағыныңкі сияқты? Бірақ жылтыратылған, яғни ұзақ уақыт бойы пайдаланылған, яғни ойын мен ермек үшін емес, ал ол бала тұтқын құл болғаны ғой? Ақиқатында солай болған болу керек... Өмірдің сол іздерін оқыса ғой, шіркін...

Мұнда белгілі ірі зерттеуші П.Драверт жартастағы жазуларды ашып қана қоймай, сонымен қатар менгірлердің бірқатарын сипаттаған. Тігінен қойылған тас бағаналар кейпіндегі ежелгі ескерткіштерді. Өздерінің тылсым қазынасымен тек Скандинавия, Англия, Африка ғана мақтан тұтпайды екен. Біздің данқты Қазақстан бойынша олардың қаншамасы бар! Алайда бұл қасиетті құндылықтарды, жеке белсенді адамдарды әйгілеу әлі жеткілікті қолдаудан алыс, хабардар болмаушылық себебінің басым көпшілігі осыда. Палеолитикалық адамдар Баянауыл ұлттық паркінде менгірлер мен тастағы суреттер ғана емес, сонымен қатар тақта тәріздес өте үлкен шойтастан салынған көне

1926 жылы Драверт өресі биік Атбасынан қашық емес Жасыбай көлінің жағасында үңгір ашып, суреттеген. Үңгір қазір зерттеушінің атымен аталады. Енді табылмас биіктігі он метр мүсіндер мен «Таскемпірлер» де суреттелген. Әр алуан тұрпатты және әр түрлі уақытта тұрғызылған қорғандардың көптегенін көруге болады. Ол үшін назарыңыз бен он шақты шақырым жол жеткілікті. Жолыңыз болса, бірінші болып салтанатты салт-жораны көзіңіз шалады. Үнемі қайғылы ма? Мұнда әрқашан бағалы археологиялық олжаларға тап боласың. Кейде тіпті уақыттардың өзара байланысын, біздің неандерталдықтарға тәуелділігіміз, олармен туыстығымызды сезесің. Қанша дегенмен, өткен уақыт болашақты анықтайды. Өткенсіз болашақты түсіну мүмкін емес. Қазақтың көрнекті ақыны О.Сүлейменов айтқандай, болашақты өткен шақ пен бүгінгі шақтан ажырату жиі қиынға соғады. Тегін білмейтін Ивандар мен Ахмедтердің лайықты тағдыр жасауға жарамдығы аз. Әсіресе қазір, адамзат жол айырығында тұрған кезде. Ірі философ – ойшыл Н.Рерих кеше, бүгін мен болашақтың өзара байланысы идеясын тапжылмай насихаттаған.

Өткен уақыт... Заманауи ғалымдардың бірқатары, соның ішінде белгілі профессор биолог П.Мариковский «карлы адам» - иети осы күнге дейін адам менгеріп мекендемеген, аз жүретін аймақтарда жасырын өмір сүреді деп есептейді. Өмір сүреді және көптеген ақбөкендермен бірге маусым сайын көшіп қонады. Оның

түнгі өмірі оның тірі қалуына белгілі бір мүмкіндік береді. Оның ашылуын бірінші болып аңыз-әңгімелердің ерекше, мүмкін басты бұлағын аңызға айналған Баянсұлуға қатыстырып жатады. Бұл өзінің еркіндігімен, сол уақыт жұпарымен тамаша халық біртума баға жетпес поэмасында қамтылған. Аңыз сол уақыттың қысқа энциклопедиясы болып табылады. Ән шығармашылығында философиялық-этикалық, тұрмыс мәселелері және имандық, тіпті кейбір тылсым телімдер дарынды үйлесіп жатыр. Поэмада табиғат сұлулығы да, адамның шын бақыты да, байлық пен кедейлік те, айырылудың ауыр тауқыметі де, сезімдердің құдіреті мен жараланған жүректер де, залымдық-адамгершілік те, сарандық-дүниеқорлық та, жомарттық та, жалғандық-опасыздық пен адалдық та, өшпенділік пен махаббат та бар... Сертке деген адалдық... Қалайша мұның бәрі осылай сәтті де жарқын болып құрылған?.. Бүгін де, киіз үй құрылып, ұзақ күн демалыста қыр кеңістігінде атағы шыққан ақындар қонаққа келеді. Жарыстарға қатысу үшін жиналады, әңгімелеседі, ән айтады. Күй-әңгіме неғұрлым әсем болып, тыңдаушылардың жүрегіне жетсе, соғұрлым ақынның беделі мен құрметі жоғары. Желдірме мен тарихты көркем әңгімелеуде бәсекелеседі. Сауық кейде таңсәріге дейін жалғасады: бұл 11 отызда аяқталатын ресми концерт емес. Біреулер бір өлең-ән орындаса, екінші біреу дәл соны басқаша орындауда ұсынады, ал үшінші біреу мүлде басқа нұсқамен шығады. Ел есінде көпшілікті толғандырып, көңілінен шыққан ең мықты орындаушылар қалады. Бұл бір-ақ рет болып қойған жоқ. Он жылдықтар бойы болып қойған жоқ! Осылайша, дана түйіршіктерден поэманың жақұт кристалы пайда болған. Ал алынған біртума біз әлі мағынасын түсіне қоймаған Жердің Хомо сапиенсі үшін жалпыадамдық мәдениеттің керемет бөлігі.

Баянауыл тау бөктерінде серуендеу үлкен ғанибет. Асфальттан он метрдей жер жүргеннен кейін олардың аймағына енесің. Алғашқы жартас ойықтарына өрмелеп шығасың. Күнқағардай төніп тұрған мәрмәр тымақтарға шығасың. Дәлме-дәл грузин-азербайжан қалпағы дерсің. Ал жанында, егер мәрмәр күймақтарымен баспалдақпен көтерілгендей солға жүрсеніз, жайдары иілген қас пен күле қараған еріннің кескінін көресіз. Тағы бұрылып, көтерілсеңіз, аласа жартастан төгіліп тұрған сөйлемпаз жылғаға тап боласыз. Ол алаңшаның дәл ортасында кішігірім көлшік жасап қойған. Үлкендігі үш-төрт адымдық қана, бес сантиметрлік тереңдігі бар.

Өзінің мәңгі жасыл сұлулық шатырымен жасалған Қызыл арша сауырағаш, мәңгі жасыл ағаштардың туын мақтанышпен

алып жүріп, табиғатты көркейтп, өз мекендеу қуысын қорғап қалып күшін көбейте түседі, өзі іспеттес тіршілік иелерінің жаңа буынын береді. Сонымен бірге адам баласына көп пайда әкеледі. Жергілікті тұрғындар оны ревматизмді емдеуде жетістікпен қолданады, ал егерде тіс тазалау үшін қолданса, тележарнамадағы «қантсыз орбиттен» асып түсіп, тіс жылтырын сақтауға ғана көмектесіп қоймай, тістің кызыл етін де қорғайды.

Ландшафт пен Баянауыл өсімдік пен жануарлар дүниесінің осындай бақытты үйлесімділігі жұмбақты-тылсым мумие деп аталатын шайыр тәріздес заттың жиналуына мүмкіндік туғызады. Ал оңтүстікке, Ташкентке қарай архат-тас, Байқалдың ар жағында брагшин бар, ол барлық ауру-сырқаулардан, зақымдардың бәрінен дерлік емдейтін аңызға айналған дәрі, ауруды қысқа мерзім ішінде дерт мен бейнеттен арылтып, күш-қуатпен толтырады.

ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ КОЧЕВНИКОВ НА ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Н.Б. НУРГАЗИН

ученик, областная многопрофильная школы-лицей для одаренных детей, г. Павлодар

Т.Ю. БИЧИНЕВА

руководитель, областная многопрофильная школы-лицей для одаренных детей, г. Павлодар

Казахстан в XX веке прошел сложный, трудный, наполненный различными зигзагами путь социально-политического, духовно-исторического развития, который, в конечном счете, закончился обретением независимости. Важным условием построения демократического общества с постепенным и поэтапным переходом к рыночным отношениям является духовное обновление, возрождение и совершенствование традиционной культуры. Как отмечал Н.А. Назарбаев - «Вместе с тем, культурная реальность будущего Казахстана не должна быть механическим набором различных национальных культур.... Задача состоит в освоении нового культурного опыта, национально-культурной интерпретации ежедневно возникающих артефактов.»

Сегодня остро стоит вопрос о возрождении традиционной культуры кочевников для духовного обновления в процессе

построения демократического общества в суверенном Казахстане. Изучение проблемы влияния традиционной культуры кочевников на формирование современных духовных ценностей необходимо для осмысления и понимания этнического процесса, происходящего в современном казахстанском обществе, выработки национальной идеи.

Цель исследования – изучение влияния традиционной культуры кочевников на современные духовные ценности.

Гипотеза исследования – мы полагаем, что современные духовные ценности формируются под влиянием возрождения традиционной культуры кочевников.

В связи с этим в работе решались следующие задачи:

- изучить традиционную культуру кочевников как основу формирования духовных ценностей;
- провести исследование влияния традиционной культуры кочевников на формирование духовных ценностей на современном этапе;
- предложить модель национальной идеи Казахстана.

Этой темой в свое время занимались Абаев Н.В., Абаева Л.Л., Адыгбай Ч.О., Баторова Е.Б., Барфилда Т., Крадер Л., Крадин Н.Н., Маркова Г.Е., Мартынова А.И., Рандалова Ю.Б., Санжиева Г.Л., Т Худякова Ю.С., Хазанова А.М. и др.

С. Нурмуратов отмечает, что изучение ценностного сознания, установок представителей разных слоев населения, разных этнических общностей дает важную информацию о разнообразных гранях социализации современного человека в условиях транзитного общества. Ведь резкая ломка социально-культурных, политических устоев общества отразилась в сознании людей, в поведении отдельных граждан самым противоречивым образом. Для одних это выразилось в форме оптимистических ожиданий реальных изменений в лучшую сторону, а для других все новые парадигмы принимались как своеобразное отступление от нравственных принципов, от целесообразной организации жизнедеятельности людей.

В современных условиях, когда осуществляется ускоренная адаптация к рыночным реалиям, происходят резкие изменения ценностных ориентаций. Особенно этот момент трансформации мышления и поведения характерен для молодежи, так как она является более мобильной частью населения. А во взглядах и ориентациях старшего поколения сохраняются элементы мировосприятия, традиционного для социалистического периода нашей истории. Данный факт следует воспринимать как закономерное явление, характерное для исторической преемственности.

Процессы перехода к рыночным отношениям с каждым годом углубляются и расширяются. Поэтому важна роль социальной адаптации личности, этнической общности, страты к новым условиям жизни. Она является одним из механизмов модернизации общества. В связи с этим необходимо отметить тесную взаимообусловленность изменений ценностно-нормативных установок и процессов социальной адаптации в социуме. Каждая новая ценностная система формируется в недрах старых ценностных установок, которые доминировали в обществе, регулируя разнообразные процессы в социальной макросреде.

Но именно новая конструктивная система ценностей является главной платформой для активной жизнедеятельности людей. При этом далеко не каждый конкретный способ адаптации общества к новой социальной среде является оптимальным и перспективным. Ведь в условиях транзитного общества активизируются не только позитивно настроенные члены общества, но и криминогенные элементы, процветает коррупция, что порождает дисгармонию в духовно-нравственных устоях общества.

Поскольку в обществе происходят кардинальные изменения ценностных ориентиров людей, то они трансформируются в качественно новые ценностные установки, усиливая борьбу между старым и новым. Результаты последних исследований свидетельствуют о том, что социально-стратная структура казахстанского общества все больше характеризуется формированием и дифференциацией различных больших и малых социальных групп, групповых интересов. На наш взгляд, процессы социального расслоения будут углубляться и дальше, резко поляризуя казахстанское общество.

Установки конкретного человека формулируются на основе доминирующих в социальной среде интересов, потребностей, норм и ценностей. Но нельзя исключить из вида неповторимую индивидуальность каждой личности. Ведь аксиологическая система не только определенной общности, но и отдельной личности имеет сложную структуру, имплицитно отражая всю гамму противоречий исторической эпохи. В связи с этими проблемами, для выяснения уровня самостоятельности казахстанцев, их активности в социальной сфере, был предложен следующий вопрос респондентам: Как вы принимаете решения в проблемных ситуациях? Полученные ответы имеют следующую структуру:

- принимаю решение сам после тщательного анализа проблем- 41,4%
- прислушиваюсь к советам авторитетов (коллег, друзей, родственников) – 21,0%

- в основном полагаюсь на ситуацию- 20,6%
- затрудняюсь ответить- 8,0%
- в соответствии с правовыми нормами- 3,8%
- нет ответа- 2,5%
- в соответствии с моралью современного общества- 1,9%
- другое мнение- 0,7%

В ответах респондентов доминирует рационально-аналитический подход к проблемам, и каждый индивид, в основном, полагается на свои умственные способности. Немало опрошенных (21,0%) в проблемных ситуациях ждут помощи со стороны, нуждаются в опоре и поддержке. 1/5 часть респондентов живет по велению внутреннего голоса. Около 8,0% опрошенных теряются в сложных ситуациях и поэтому ответили – Затрудняюсь ответить. Необходимо отметить один отрадный факт, что все-таки более половины респондентов высказали решимость самостоятельно принимать решения в проблемных ситуациях.

Для выяснения приоритетных ценностей в массовом сознании респондентам был предложен следующий вопрос: Какие ценности для Вас являются приоритетными? Учитывая тот факт, что ценности формируются на основе индивидуальной жизнедеятельности человека и в рамках определенных общественных отношений и форм общения людей, было разрешено выбрать 5 наиболее значимых ценностей. Классифицируя популярность разнообразных жизненных ценностей среди респондентов, отметим следующую аксиологическую картину:

- семья 18,8%
- жизнь 11,7%
- благополучие 10,3%
- деньги 8,1%
- совесть 7,4%
- труд 6,6%
- толерантность 6,4%
- свобода 6,0%
- безопасность 5,3%
- нравственность 4,9%
- законность 3,9%
- духовность 2,6%
- равенство 2,5%
- демократия 1,0%
- нет ответа 0,3%

Из ответов респондентов хорошо видно, что казахстанцы отдают предпочтение традиционным общечеловеческим, а не по-

литическим ценностям. Этот факт говорит о том, что уже пройден этап активной политизации общественного сознания. Для людей становятся важными ценности повседневной реальности. А те злободневные проблемы политической жизни общества, которые доминировали в период обретения независимости (особенно политического характера), постепенно отходят на второй план. Не случайно такие пункты, как Равенство, Демократия занимают соответственно 13, 14 позиции. Разумеется, это не означает, что процессы демократизации в Казахстане достигли своего апогея и не имеют особой значимости. Эти данные еще раз подтверждают наш общий вывод о том, что население Казахстана, независимо от того, в каком разрезе мы его рассматриваем – в стратном, этническом, региональном или ином, - разделяет в целом общую постсоветскую, патриархально-подданическую политическую культуру с характерными для нее аполитичностью и низкой политической компетентностью населения.

Таким образом, исходя из приведенных данных, мы можем сделать следующие выводы:

Во-первых, составляющие системы ценностей среднего казахстанца оказываются очень близки независимо от этнических, региональных, возрастных характеристик. Этот факт свидетельствует о единстве народа Казахстана, о социально-политической стабильности общества. Но в образе жизни, ценностных ориентациях населения Казахстана за последние 5-6 лет произошли большие изменения и многие ценности прошлого в настоящее время переосмысливаются. Если раньше коллективное решение было приоритетным, то в последнее время нарастает тенденция индивидуализации оценочного подхода, стиля поведения, т.е. происходят процессы копирования западного образа жизни, в какой-то мере противоречащего национальному менталитету казахстанцев (не только казахов).

Во-вторых, в разных регионах, стратах имеют место различные представления о ценностях, но это своеобразие ни в коей мере не исключает, а предполагает наличие в них общечеловеческих ориентации. Поддержка разнообразных политических установок (в отличие от нравственных установок) может меняться во времени весьма стремительно, в зависимости от хода политических процессов, особенностей социально-экономической ситуации и других обстоятельств. Этот факт говорит о высокой потенциальной конфликтности сознания людей, их низкой политической компетентности.

В-третьих, создание благоприятных условий для развития всех этнических групп Казахстана, усиление консолидационных тенденций

в этом процессе, сохранение и развитие культурной самобытности, прогрессивных ценностей и традиций жителей всех регионов обеспечат более полное и разнообразное приобщение населения республики к сокровищам национальной культуры кочевников.

ЛИТЕРАТУРА

1. Нурмуратов С. Изменение ценностно-нормативных установок в полиэтнической культуре современного Казахстана – CA&CC Press Швеция, 2010.
2. Андреева Г.М. Психология национального познания. - М., 1997. - 419 с.

ЗАЙСАНЫМ – КИЕЛІ МЕКЕНІМ

М.Н. НҰРПЕИСОВ

9 сынып оқушысы, Х. Мұстафина атындағы жалпы білім беретін орта мектебі, ШҚО, Зайсан қ.

Д.М. РАХЫМЖАНОВА

мұғалім, ғылыми жетекші, Х. Мұстафина атындағы жалпы білім беретін орта мектебі, ШҚО, Зайсан қ.

*Алыста жүрсем – аңсарым менің,
Шөліркеп қалсам – кәусарым менің.
Кеудемде жүрек жарыла жаздап,
Сүйемін сені Зайсаным менің!*

Әр адам өз Отанын жанындай, туған анасындай сүйеді. Маған ең ыстық, ең қасиетті жер – менің Зайсаным!

Зайсан...! Мен өзінде туып, өзінде өсіп келемін. Шағылында жалаң аяқ жүгіріп, бал бұлақ мөлдір суынды мейірім қаңғанша сіміріп, хош иісі аңқыған шөптеріңнің қасиетін денеме сіңіріп, таза ауанды жұтып өсіп келе жатқан балаңмын. Маған әрбір жотаң, сай-салаң ыстық та, қымбат.

Зайсан дегенде айдын шалқар көл, Қазақстанды күн шығыста көмкеріп тұрған әсем қала Зайсан, оның шежірелі өмірі, өр тұлғалы азаматтары ойға оралар. Шындары көкпен астасқан Сауыр, Сайқан, Алтай, Маңырақ таулары қол ұстсып «Айгөлек» биін билегендей.

Маңғаз далаға жан бітірген Үйдене, Кендірлік, Жеменей өзендері жалпақ өңірдің жылтыр моншақ тағынған еркесі, сылдыр-сылдыр күлкісі, табиғаттың тамша симфониясы дерсін.

Анау асқар тауларда, қарағайлы биіктерде аюлар асыр салып, кербез маралдар ойнақтайды. Анау күз, жартаста жоталарда ортеке, арқар, еліктер жосылады. Ормандарда бұлбұл сайрап, шындарында бүркіт ұялайды, сұңқар самғайды. Жазда гүлстан жазықтарда бүлдіргенге ат тұяғы боялады. Зәулім самырсын, ақтамақ қайың, ит тұмсығы өтпейтін тоғай, көздің жауын алатын қарақат, тошала, таңқурай, долана, мойылы, исі мұрын жаратын арша, жуа, көкбояулары, дертке шипа итмұрыны мен алтынтамыры, кайнатса үнді шайына бергісіз шөпшайы қандай десенізіші!

Түгін тартсаң майы шығатын жерін айтсаңызшы. Бізде Алматының алмасы, Кавказдың жүзімі, оңтүстіктің шиесі де өседі. Жер астынан қайнап шығып жатқан Арасан-Талдың емдік суының қасиеті, көмірі мен мұнайы, граниті мен мраморы әр халықтың қолы жетпес арманы. Өзен-көлдерде тайдай тулаған балық, қалықтап ұшқан үйрек, қаз, шағалалар, тыраулап ұшқан тырналар ерекше сән бергендей.

Бауырында Маңырақтың нулы Зайсан,
Молайған Ертіспенен сулы Зайсан.
Өрбітіп балапандай қолтығында,
Өсірген неше алуан руды Зайсан.

Зайсанның шежірелі шеруін бастамас бұрын осы «Зайсан» деген сөз қайдан шыққан, соған қысқаша тоқталайық. Көлге Зайсан атауының берілуі туралы аңыз-әңгімелер көп. Көне тарихқа көз жібертсек, көл Хут-Хуциор, Нор Зайсан, Зайсан, Жайсаң деп аталып келген /қазір Зайсан деп аталады/.

Біздің дәуірімізге дейінгі 2-ші жылдары көл Хут-хуциор деп аталған. Ол қоныраулы, даңғырлы деген мағынаны білдіреді. Ежелгі түркі тіліндегі «хут» сөзі қазақтың «құт» сөзінің арғы тегі болуы мүмкін. Демек Зайсан «Құт көл» атанған.

Жазушы Әнуар Әлімжанов Зайсан сөзін моңғолша «Құдайдың сыйы» дегенді аңғартады деп жазды. Шыңғыс хан заманында жұтқа ұшыраған жылдарда балыққа бай көл жағасын мекендеп, қырғын ажалдан құтылған. Нор-Зайсан зор, шалқыған деген моңғол сөзі деген деректер бар.

Сайып келгенде, Зайсан қазақтың нұр, жайсаң сөздерімен астарлас, төркіндес екені айқын сезіледі. Оның мындаған жылдар ата-бабаларымызды асырап, ұрпақтарын жалғастырған, сақтаған құтты көл, қасиетті мекен екенінде дау жоқ.

Ал аудан жұртшылығы еміп отырған Үйдене, Жеменей, Теректі, Аба, Қараш, Кендірлік, Алыбай өзендерінің атаулары ертедегі түркі тайпаларының тыныс-тіршілігінен туындаған деседі.

Көп іздендім, өлке өмірін шарладым,
Бабалардың ойлы сөзін қармадым.
Ардақтылар есімдерін ұлықтап,

Келер ұрпақ өздеріне арнадым, - деп Зайсандық қаламгер Қалибек Алтыбаев жырлағандай туған жеріміз, тал бесігіміз - Зайсан тарихын, жерлес ер есімдерін, еңбектерін біліп есте сақтап, өзіміздің іні-қарындастарымызға үйрету-басты парызымыз.

Зайсан өңірі бұдан 1300 жыл шамасы бұрын тарихқа ілінген екен. Бұған өлкенің қолайлылығы әсер етсе керек. Халық қашанда сулы, нулы жерге қоныстанған ғой. Айдын шалқар көлі, 7 бірдей өзені, құжынаған балық пен аң, құс, мал өсіруге өте ыңғайлы шұрайлы жер кімді болса да қызықтырмай қойсын ба? О, туған жер! Адам баласы жаралғаннан бері сенің қатпар-қатпар қойнауыңда, сай-сала, төскей бетінде, тау аңғарыңда не болмады дейсің?

Осы өңірді мекендеген ел талай зобалаңды бастан кешірді. Осы жер үшін қаншама қиян-кескі шайқас болды. Моңғол шапқыншылығы қазақ жерін қанға бояп, халықты қырғындап, мал-мүлікті тартып алған. Зайсан өңірін Шыңғыс хан ұлы Жошының иелігіне берген. Бірақ, жергілікті халық Шыңғыс ханға оңай беріле салмаған. Әсіресе, жерінің бір шеті Алтай, Сауыр, Сайқан, Маңыраққа тірелетін меркіттердің қарсыласуы ерекше ден қоярлық. Ата-бабаларымыз найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен шайқаса отырып, біздің қасиетті де ұлы жерімізді азат еткен. Мұған дәлел: Зайсан өңіріндегі ондаған обалар, мындаған тас зираттар сол ұлы шайқастан қалған белгілер.

2003 жылы Шілікті алқабындағы Жалши ауылының маңындағы Қора оба – Байгетөбені қазған археологтар үшінші «Алтын адамды» тауып, әлемдік жаңалық ашты. Бұл жерде сақтардың батыры жерленгені анықталды.

Зайсаным! Саған кімдер келіп, кімдер кетпеді, сенің төскейінде кімдер ойнақ салып тайрандамады? Талайлардың көз жасы көл болып, жазықсыз жандардың қаны судай ақты.

1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы, алапат ашаршылық, аштық пен қысымға шыдамаған халықтың шет елдерге үдере көшуі, бәрі-бәрі нақты дерек. 1937 жылғы қуғын-сүргін құрбандарын айналып өтпеген.

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді, өшті оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса, - деген Шәкәрім

Құдайбердіұлының ұлы сөзін ескере отырып, ұлы бабаларымыздың үлгі етерлік істері жайлы сыр шерткенді жөн көрдік.

Зайсан аймағын жат жұрттан қорғау қазақ елінің, оның хандары Мен батырларының қасиетті ісі, парызы саналған. Бұл өңірдің сынық сүйемін ешкімге бермеген. Зайсан жерінде болмаған қазақ батырлары мен хандары кемде-кем. Жоңғарлармен болған 2ғасырлық Зайсан жері жан алып, жан беріскен аласапыран соғыста Абылай хан бастаған Қабанбай батыр да жерімізді жаудан қорғаған. Сондықтан қаламыздағы үлкен көшенің бірі Қабанбай батырдың атымен аталады.

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді, өшті оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,

Керектісін ескеріп, ұмытпаса, - деген Шәкәрім Құдайбердіұлының ұлы сөзін ескере отырып, ұлы бабаларымыздың үлгі етерлік істері жайлы сыр шерткенді жөн көрдік.

Застава аймағына құрметпен жерлеген. Бүгінгі таңда Василий Кондюрин атында шекара заставасы бар. Зайсан қаласында бір көше аты Кондюрин есімінде 1941 жылы 22-маусымда елімізге неміс басқыншылары тұтқиылдан соғыс ашып, баса-көктеп кірді. Ұлы отан соғысына соғысқа біздің зайсандықтар да белсене қатысып ерлік көрсетті.

Ерекше ерлік көсеткен полковник Василий Головченко Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Зайсан қаласында батырға құрмет ретінде көшеге аты берілді.

Жерлесіміз Қыдырбатша Боқажанов Ұлы Отан соғысында батальон командирі болып, жауынгерлік ерлігі үшін жоғары үкімет наградасы Александр Невский орденімен ардақталды. Қыдырбатша Боқажановқа Зайсан қаласында көше атауы беріліп, мемориалдық белгі қойылған. Сергей Байтов, Ғадылбек Сәрсекеев, Манап Әубәкіров сынды ел қорғаған жерлестеріміздің атында да көшелер бар.

Зайсан біртуар азаматтары Зейнеғабден Қасейінов пен Петр Андреевич Шевченко отан үшін шайқаста кеуделерін от пен оққа төсеген жаужүрек ерлеріміз. Қаламызда бұл ер – азаматтардың атында да көшелер бар.

Жұмат Шанин-Зайсандықтар үшін қымбат та, ұмытылмас дарабоздардың бірі. Ол-актер, музыкант, театр сыншысы, қазақтың тұңғыш режиссері болған. Талай өнерпаз жастардың ұстазы болып, қазақ өнерінің алтын қорына зор үлес қосқан дара тұлға.

1922 жылдан бастап 2 жыл Зайсан ауданында басшылық қызмет атқарған. Зайсан қаласында Ж. Шанин атында да көше бар.

Қазақ халқы мақтан тұтатын, дүние жүзін тәнті еткен академик-ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Зайсан өңіріне келіп, зерттеген, кен, рухани байлығын әйгілеуге үлес қосқан. Зайсан қаласының бір көшесіне академик Сәтпаевтың аты берілуі оған деген құрмет, ілтифаттың белгілісі.

1990 жылдың 14-маусымы 19 сағат 48 мин-та Шығыс Қазақстан облысында күшті жер сілкінісі болды. Оның эпицентрі-Зайсан қаласының солтүстік жағындағы Бақасу ауылының маңы. Осы зілзаладан Зайсан ауданы көп зардап шегіп, 3147 тұрғын үй, 16 мектеп, 35 дүкен, 150 малшы үйі, 22 құдық қираған, 18 мыңнан астам адам баспанасыз қалған. 18-маусымда елбасы Н.Ә. Назарбаев Зайсанға келіп, зілзаладан қираған ауылдарды аралады. Халыққа қайрат, жігер берді. 14-маусымда болған жер сілкінісінде 1 бала апат салдарынан көз жұмды. Оның аты Біржан еді. Осы нәрестенің аты туған ауылына берілді. Қазіргі-Біржан ауылы бұрын Рожков деп аталған.

Ал, Зайсан қаласындағы бір көше 14-маусым деп аталады. Кеңестер Одағы кезінде жүздеген мың адам Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен ардақталған. Бұл ордендердің авторы кім екенімен ешкімнің жұмысы болмайтын және бұл іс мемлекеттік маңызды іс болғандықтан құпия саналатын. Кейін мәлім болғандай осы ордендердің авторы зайсандық суретші, мүсінші Владимир Владимирович Голенецкий екені анықталды. Бұл да бір құнды дерек. Өйткені оған ерекше дарындылық қажет.

«...Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан!»-деп Абай атамыз өсиет еткендей, «Біздің басты байлығымыз-еңбекқор, болашағына сенімді ұрпақ. Ел болашағы-жастардың қолында», - деп бізге ақ жол нұсқаған Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» стратегиясына қосатын үлесіміз зор болатынына кәміл сенеміз.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖАНРЛАРЫ

М. ОНДАСЫНОВА

6 «А» сынып оқушысы, № 127 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицейі,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

А.Қ. ОМАРОВА

бейнелеу пәнінің мұғалімі, жетекші, № 127 Ш. Уәлиханов атындағы орта
мектеп-лицейі, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Бейнелеу өнеріндегі адам мен оны қоршаған орта арасындағы нәзік және рухани үйлесімділікті, қазақ ұлтының табиғат – анамен, соның нәтижесінде әлеммен біртұтастығын, туыстығын көрсетуге бағытталған ұмтылысын, адамның рухани және ішкі дүниесін білуге деген қызығушылығын арттыру.

Ғылыми жұмыстың көкейкестілігі: Бейнелеу өнері сонымен қатар өсіп келе жатқан жастардың ұлттық рухының биік болуына, салт-дәстүрі мен Отанға, елге, жерге деген махаббатын оятуына үлкен үлесін айқындап беру.

Жалпы адам баласында рухани және материалды байлық деген бар. Соның ішінде адамды адам етіп, ұлтты ұлт ететін – рухани байлық. Рухани байлықтың қайнар көзі - өнерде. Соның ішінде тоқталып өтетініміз бұл – бейнелеу өнері. Бейнелеу өнерінің адамға сыйлар рухани байлығы ұлаң-ғайыр.

«Живопись, сурет, мүсін және сәулет өнердің биік шыңы, барлық ғылымның түп тамыры және живопись түрлерінің жанрлары руханиылықтың қайнар көзі» (Микеланджело).

Архитектура

Архитектура әрқашан да пластикалық өнерлердің ішінде ең бастысы болып келді. Ол дәуір идеясын мейлінше күшті білдірді және өз заманының басқа бейнелеу өнерлерінің – скульптура мен живописьтің стилін анықтап отырды. Мұның өзі әрі ұзақ жасайтын өнер: египеттік пирамидалар немесе америка үндістерінің ежелгі храмдары сан мыңдаған жылдар тұрып, бізге дейін жетті.

Сонымен бірге бізге архитектураны өнер ретінде қабылдай көбіне қиын. Біріншіден, оның скульптуралар мен картиналардан айырмашылығы өте көп – ол ештеңені бейнелемейді және ештеңені суреттемейді. Екіншіден, архитектурамен біз күн сайын және сағат сайын ұшырасамыз – архитектуралық ғимараттарда өмір сүреміз, оқимыз және жұмыс істейміз, барлық уақытта архитектура арасында жүреміз де оны біздің өміріміз өтетін үйреншікті, табиғи дерлік орта ретінде қабылдаймыз. Музыканы біз қалаған уақытта тыңдаймыз:

киноға немесе музейге керегінде барамыз. Ал архитектура онымен өнер ретінде қарым-қатынас жасауға бізде қажеттілік бар ма немесе жоқ па – оған қарамастан бізді үнемі қоршап тұрады. Архитектура – бұл адам қызметінің ерекше түрі, мұнда техника мен өнер, пайда мен әсемдік бірге өрілген. Және де архитектура тікелей ештеңені бейнелемегенімен және суреттемегенімен, ол, бәлкім, бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің ішінде мейлінше әсерлі, біздің сезімімізге әсер етуге мейлінше қабілетті өнер болып табылады.

Дарынды архитектор жасаған әрбір құрылыста, әрбір ғимаратта өзіндік бет-бейне бар, оған ерекше көңіл күй берілген.

Скульптура

Мүсін өнері – бұл еш толқымастан бейнелеу өнері деп атауға болатын өнер: ол шынында да адамдарды, хайуандарды, түрлі заттарды бейнелейді. Оның архитектурамен ортақ жайты бар: оның басты әсерлілік құралы – аумақты форма және ол да қатты әрі ұзақ сақталатын материалдардан – ағаштан, тастан, металдан жасалады. Бюст, статуя немесе бейнелер тобын жасау үшін көп уақыт және көп еңбек, әсіресе скульптураны тастан шапқан кезе, тіпті жай дене күшінің өзі көп қажет. Оның есесіне ол, архитектура сияқты, ұзақ сақталады, сондықтан көптеген скульптуралық туындылар ғасырды емес, мыңдаған жылдарды басып өтіп, мысалға, ежелгі Мысырдың патша әйелі Нефертитидің басы сияқты, күні бүгінге дейін біздерді толғандырып, тамсандырып келеді.

Скульптураның әсерлілік құралдары графикамен және әсіресе живописьпен салыстырғанда өте шектеулі: мүсінші композицияға қоршаған ортаны кіргізе алмайды, кеңістік тереңдігін бере алмайды, бәрі де фигуралардың өзімен – олардың формаларының жинақталуымен немесе өңделуімен, қимылымен, материалмен, фактурамен білдірілуі тиіс.

Живопись

Живопись дегеніміз — әр түрлі бояу түрлерімен жазықтық, бетінде орындалатын көркем шығарма. Живопись атауы орыстың «живой писать» деген сөзінен алынған, яғни көріністер мен нәрселерді өмірдің өзіндегідей жанды етіп жазу деген мағынаны білдіреді. Живопись бейнелеу өнерінің аса дамыған түрі болып табылады. Живопись суреттері қағазға, картонға, тақтайға, кеңепке, т. б. салынады. Негізінен қолданылатын бояу түрлері: акварель, гуашь, темпера, майлы бояу, пастель, сангина және т. б.

Живопись — бұл майлы бояулармен жасалған және багет рамаға салынған, біз музейлерде қызықтайтын картиналар ғана

емес. Кескіндеме ұғымы кең әрі мейлінше сан алуан техниканы қамтиды, мысалы, түрлі сулы бояулармен — темперамен, гуашьпен, акварельмен салынған ЖИВОПИСЬ болады. Тіпті аздап боялған суретке (пастель) ауысатын КЕСКІНДЕМЕ бар, жартылай гравюра кескіндеме (монотипия) бар.

Жанрлар.

Живопись – бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі толысқан түрі, онда бейнелеудің сан алуан мол құралдары қолданылады. Суретшілер өнердің ұшы-қиырсыз осы саласына көбіне өздері сүйген өуендер мен тақырыптарды тандап алады. Біреулер портреттер жазғанды ұнатса, екіншілері пейзаждарды, үшіншілері тарихи, соғыс немесе тұрмыстық көріністерді бейнелеуге құштар. Бейнелеу өнерінің бұлай сапталуы жанрларға бөлінуі деп аталады. Жанр сөзі француздың түр немесе тек сөзінен шыққан. Живописьте мынадай жанрлар бөлінеді: натюрморт, пейзаж, портрет және тақырыптық картина. Айта кету керек, соңғы жанр көбінде жанр делінеді, ал картиналар жанрлық картиналар деп аталады.

Пейзаж

Пейзаж (француз сөзіне шыққан) – бұл ландшафты, табиғатты бейнелеу. Пейзаж дербес жанр ретінде, Қытайда, Жапонияда және басқа Шығыс елдерде (VII-VIII ғасырларда) Европадағыдан ертерек қалыптасты. Европалық живописьте ол XVII ғасырда, алдымен Италияда пайда болды, ал содан кейін Голландияда ерекше жоғары дамыды. Орыс өнерлерінде пейзаждың гүлденуі XIX ғасырдың саңына түспа-түс келеді. (И.Левитан, К.Коровин, Н.Рерих және басқа да көптеген суретшілер).

Пейзаж – қайсыбір жерлерді жай айнытпай бейнелей салу емес, онда суретшінің сезімдері мен ойларын берудің үлкен мүмкіндіктері жатыр. Адым өмірімен салыстырып қарағанда табиғат өмірі мәңгілік сияқты болып көрінеді. Бұл торлаған аспан, теңіз толқындары, ормандар мен таулар жүздеген, мындаған жылдар бұрын қандай болса, сондай күйінде қалады. Бірақ осы бір өзгермейтін табиғатты алуан дәуір суретшілері түрліше көріп, түрліше бейнеледі.

Портрет.

Бұл жанр басқалардан бұрын пайда болды – үш мың жылдан астам уақыт бұрын жасалған скульптуралық египет портреттері, екі мың жыл бұрынғы мозаикалық Рим және темпералық фаюм портреттері белгілі. Адамдар әрдайым өз бейнемін көгісі келді, ал ежелгі египеттіктер тіпті қайтыс болған адамның жаны портретке көшеді екен деп есептеді. Үлкен шебердің шабытты қолымен жазылған әрбір портрет шынында

да рухтанғандай болады, портретке түсірілген бет-әлпетте ой, қайғы-күйініш, қуаныш, күрделі және кейде қиын бүкіл өмір жолының көрінісі жатады. Портреттің бірінші және қажетті сапасы – оның түпнұсқасымен ұқсастығы. Бірақ бұл, математиктер айтатындай, қажетті, бірақ жеткіліксіз шарт. Адамның сыртқы белгілерінің арғы жағынан біз бейнелеушінің ой-арманын, қуаныш-күйінішін, ішкі жан дүниесін тап басып, сезінуге тиіспіз. Біз суретшінің оған қатынасын да сезінуге тиіспіз.

Тақырыптық картина - өмірді, адамдардың өзара қарым-қатынасын көрсететін қандай да бір шын мәніндегі немесе фантастикалық көріністі бейнелейтін картинаны осылай атайды. Мұндай картиналар тарихтан бұрынғы замандардан өз бастауын алады – жартастар мен үңгірлерден алғашқы қауым адамның аң аулау сәтін және басқа да іс-әрекет түрлерін бейнелеген суреттер көптеп табылуда. Ежелгі Египет, Греция мен Рим заманына қабырғаға салынған живописьтің тамаша үлгілері бізге дейін жетіп отыр.

Бірақ станоктық тақырыптық картина (яғни архитектурамен байланысты емес картина) тек Ренессанс дәуірінде ғана пайда болып, кең өріс алды. Тақырыптық картина даму үстіндегі әрекетті көрсетеді: оған көз тастай отырып, бейнелеген сәтке дейін не болғанын және одан кейін не болатынын көрермен ойша сараптай алады немесе И. Крамской айтқандай, «холсты түсіндіру үшін екіншісінің қажеті жоқ».

Натюрморт та, пейзаж да, портреттер де тақырыптық композицияның құрамдас бөлігі болуы мүмкін.

Тақырыптық картина болмысты мейлінше толық және терең бейнелеп көрсетеді, оның мүмкіндіктері шексіз әрі әр алуан: ол тым үлкен және өте кішкентай болуы, сан қилы техникалық құралдармен жасалуы, аса ұлы әлемдік оқиғалар туралы тұлғалы баяндауы немесе тұрмыстық көріністі бейнелеуі мүмкін.

Графика.

Бұл ұғым суретшілер іс-әрекетінің өте кең және сан алуан шеңберін қамтиды. Живописьтен ерекшелігі сол, графикамен біз барлық жерде кездесеміз. Кітаптағы иллюстрациялар, газеттегі суреттемелер мен карикатуралар, түрлі товарлардың орауыштарын безендіру, көшедегі плакаттар – осының бәрі графика неғұрлым шартты, ол түстер мен формалардың бүкіл байлығын бере алмайды, графика оларды жеңілдете отырып, ең негізгісін тандап алады.

Графика өнерінің живописьпен кейбір белгілері ортақ: онда да жазықтық үстінде бейнелеу орын алады.

График, живописші сияқты, перспективаны меңгеруге, анатомияны білуге, сурет сала білуге тиіс. Бірақ егер живописьте түс және ол жасаған колорит бірінші орында тұрса, ал сурет қажетті, бірақ әйтсе де көмекші роль атқарса, графикада суреттің рөлі шешуші, мұнда ол өнердің дербес түріне айналады. Графикада сызықтар, штрихтар, ашық және қара қоңыр дақтардың ара қатынасы жетекші маңызға ие болады. Рас, графика өнерінің кейбір түрлерінде түстер де пайдаланылады, бірақ оның рөлі, әдетте, шектеулі, қызметтік дәрежеде ғана болып қалады.

Графикалық өнердің ең көп тараған түрі – плакат. Оның түрлері аз емес, бірақ олардың ішіндегі ең бастысы – қоғамдық өмірде елеулі роль атқаратын саяси, үгіт плакаты. Плакаттың аса маңызды ерекшелігі суреттің қысқаша жазумен мағыналық және композициялық жағынан бірігуі болып табылады. Сатиралық графика – карикатура да бүгінгі өмірде айтарлықтай роль атқарады. Олармен біз, газеттің немесе журналдың кезекті санын аша отырып, күн сайын ұшырасамыз.

Графика үшін тұтас алғанда қолданылған түстің шарттылығы, образдың жалпылығы, әсірелеу мен символика тән. Графика өнерінде живописьпен және скульптурамен салыстырғанда сыртқы ұқсастықтан едәуір ауытқуға жол беріледі.

Қолданбалы өнер.

Қолданбалы өнер деп эстетикалық сапарларға ие, өзінің әдемілігімен біздің көзімізді қуантатын практикалық пайдалы заттар жасауды айтады. Бұл өнер өзінің табиғаты жағынан архитектурамен туыстас: онда пайда мен әсемдік бірігіп жатады. Қолданбалы өнер халық творчествосымен ерекше тығыз байланысты. Мұндай өнер туындыларына мебель, кілемдер, ыдыс-аяқтар, үй-іші тұрмысында қолданылатын басқа да тұрмыстық заттар және ойыншықтар жатады.

Қазіргі заманғы суретшілер халық дәстүрлерін ой елегінен қайта өткізіп, творчестволықпен қайта өңдей отырып, оларды жаңа материалдарға – пластиктерге, резеңкеге бейімдейді. Резеңке ойыншықтарда да форма барынша жалпыланған, бірақ өзінің фактурасы ерекше – жұмсақ, жылтыр болып келеді. Ал оның үрлеген кезде жалпақ нәрседен аумақты нәрсеге айналуының, әдеттегі табақшадан таныс аңның томпақ формасына ауысуының өзі неге тұрады.

Дизайн.

Дизайн мейлінше сан алуан машиналарды безендірумен, оның өзінде де жасанды жолмен ойластырылған безендірумен емес, олардың конструкциясымен және атқаратын қызметімен логикалық

сабақтастықта безендірумен айналысады. Заттың техникалық жетістіктері мен атқаратын қызметін баса көрсететін сыртқы сұлулыққа инженер-конструктор мен суретшілер мен дизайнерлердің бірлескен төзімді еңбегімен қол жетеді. Мысалы, қазіргі заманғы самолеттің немесе автомобильдің тамаша формасын жасау үшін оның техникалық құрылысын ғана емес, сонымен бірге осы машина дамуының тарихи жолдарында да терең зерттеу қажет. Сырт келбетімен жайлылықты, қуаттылықты және жүріс жылдамдығын білдіретін қазіргі заманғы автомобильдердің формалары да осылай жасалған.

Қазақстанның XX ғасырдағы бейнелеушілік өнері 3-ші мыңжылдыққа парасаттылық және рухани толысқан түрде аяқ басты. Онда қазақтың көшпенділік мәдениетінің ежелгі тамырлары мәнін тапқан және түсіндірілген. Сол айтылған мәдениетке сай негізгі қаланған жалпы адамзаттық құндылықтардың заман суретшілері дүниежүзі өнеріндегі әдептер және жаңа бағыттар арқылы, XX ғасырдың философия мен мәдениетіндегі ірі ағымдары арқылы өз шығармаларында ашып көрсетеді. Соның қорытындысы ретінде, инновациялар негізінде бір ғасыр бұрын пайда болған бүгінгі қазақ өнері рухани ерекшеліктерін жоғалтпау мен қатар, соған сай қайталанбас пластикалық өнер тілін қалыптастырды. Мүмкін сол себепті болар, нақты көріністердің сан алуан қырға ие болуымен бірге, Қазақстан өнері танымал қасиеттерімен де ерекшеленеді. Олар: тұрмыстың экзистенциалдық мәселелерін қатысты мүдделер; үйлесімділіктің адам мен табиғаттың бірлесе өмір сүруінің негізі; творчестволық көзқарастардың кең ауқымды болуы; ұлттық мәдени әдет-ғұрыптар, мұраларының шектеулілігі; дүниежүзілік мәдени кеңістікке ерікті түрде өнуі. XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы және XXI ғасырдың басындағы Қазақстандағы бейнелеу өнері мен мүсіншілігін күнделікті өмірдің табиғатпен үйлесімділігі туралы асықпай айтылатын өңгіме, адам мен Универсумының үздіксіз байланысының философиялық жалпыламасының көркемсуреттік таңбаға айналуы деп түсінуге болады. Бүгінгі күн, суретшілерінің шығармаларында жұмбақтық метафоралары және мән мен толықтырылады және сол арқылы жанданады, адам мәдениетінің ежелгі ғарышын бүгінгі күндегі адам ой – санасының жаңа ағымдарымен байланыстыратын мәндер мен мазмұндар пайда болады, суретшінің өмірге деген махаббаты, оны түсінуге бағытталған мәңгілік ұмтылысы да қайталанбас түрде өмірге қайта келеді.

Классикалық академиялық халықтың көпғасырлық тарихының өзіндік жылнамасын жасайды және менің ойымша, Қазақстан өнерінде ең маңызды орынға ие болды. Тарих пен мифологиялық сюжеттер, көшпенділердің өмірінен алынған фрагменттер, далалық

және таулы пейзаждар генетикалық есті бейнелі түрде жаңғыртуға, болмыстың мызғымас категорияларын ұғынуға мүмкіндік береді. Бейнелердің байлығы, олардың мифологиялық мәні, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен салттардың тәжірибесі, дәстүрлі мәдениеттің трансляция талабына жауап береді және бейнелеу өнер құралдарымен ашып беруге мүмкіндіктер береді.

Реалдық әлемі дегеніміз? Әрине, мәдениеттігінің бәрі тұтастай алғанда адам үшін, тарихи Адамзат тарихы реализмдық әлемі рухани көзге, естуге, түйсінуге арналған баршылық қана емес, сонымен қатар ішкі әлемімен игерілетін, адамның барлық қызметін басқаратын нәрсе екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, суретші өзінің ойы мен сезімін толық таныту жолында, тек қана өзіне қажеттілерін екшеп алуда, яки толық қанды тұтас образдарды жасау жолында ұзақ дайындықтан өтті. Ол барлық бейнелеу әдіс – тәсілдерін жете меңгере отырып, кеңепке немесе ақ қағазға салған әрбір бояудың түрін жігерлендіруші қуатты күшті айналдыра білді. Ол бір мезгілде өнердің міндеті – көзге көрінген нәрсенің бәрін жазып ала бермей, ең алдымен – шындықты дұрыс және терең түсіну, зат пен құбылыстың құпия сырларын жете ұғыну, сыртқы жалған көрініске құр еліктемей, оның ішкі әлемі, сезімін, ойын көре білу және оны бейнелеу өнерінің әр уақытта қолынан түспейтін, әрқашанда құлапта сақтайтын құралдармен дәл жеткізу қажеттігін жүрегімен ұғынды. Себебі, суретші алғашқы бояу жаққаннан-ақ, одан кейінгілерінде де салған суреттерін үнемі шындыққа жанаса ма және оған өзінің көзқарасы үйлесе ме деген жалғыз дара форманы тауып алғанға дейін кедергілерге кездесе береді ғой. Әрине, бояу жағылған сайын формада жетіле береді, мазмұны да жақсара түседі. Суретшінің ойы мен сезімі заттың мәнісіне терең үңілген сайын, оның жеткен шегіне, сырт көрінісіне қанағаттануға тура келеді. Ал, егер салған туындысына көңілі толмай одан әрі іздене түссе, ілгері қарай жетілдіре берсе, тіпті жақсы, себебі іздену үстінде жоғын табады, машықтанады. Ал, болмысты творчестволық тұрғыдан меңгере берудің тіпті де шегі жоқ қой. Басқалардың творчестосынан үнемі үйреніп және қадағалап отыру суретшінің өзін-өзі сезінуіне және өз еңбегіне сырт көзбен қарай білуіне көмектеседі. Сондай-ақ, суретші өз өнерін басқалардың творчестосымен салыстыра бақылап, оны суреткердің қоғамдық міндетімен, мән-мағына туралы жалпы ұғыммен байланыстыра қарай алуы қажет /38/.

Кең мағыналы «реализм» ұғымының шексіз кеңістігінде еркін қалыптап жүрген Қазақстан өнерінің санқырлығын айқын танытатын

осы ерекшеліктер 3-ші мыңжылдықтың басындағы Қазақстанның бейнелеу өнерінің шарықтауы туралы менің сенімдімді қуаттайды. Бүгінгі таңда Қазақстан өнері бірегей өркениетті ғарыш ретіндегі қазақ мәдениетінің сақталуы мен дамуындағы ұлы жасампаз қызметі атқарады және әлемдік мәдени кеңістікке енуіне жол ашады.

Мемлекеттің негізгі мақсаты – ұлттық қауіпсіздікті сақтау дейміз. Ұлттық қауіпсіздікті сақтау – қорғаныс күштерін нығайтып, ел ішіне енген арам пиғылды адамдарды анду ғана емес, ел азаматтарының бірлігін сақтау, рухы биік, өз ұлтының барлық асыл қазынасы мен асыл қасиеттерін бойына сіңіре білген, өз дәстүрі мен салт-санасын өзгеге айырбастамайтын саналы азаматтарды тәрбиелеп, қалыптастыру /39/. Оның бірден-бір төте де сенімді жолы біреу-ақ, ол – жас ұрпақты мәдениет арқылы тәрбиелеу. Мәдениет – көптеген тоғышарлардың түсінігіндей клубтар мен дискотекалар ғана емес, мәдениет – тіл, тарих, музыка, әдебиет, экран, телеэкран, т.б. Біз көп айта беретін ұлттық идеология дегеніміздің өзі негізінен мәдениетке сүйенеді. Сондықтан біз шекараны қалай қорғасак, мәдениетті де солай қорғауға тиіспіз. Қоғам мүшелерінің парасат деңгейі мен рухани биіктігі жоғары болған сайын мемлекет негізінің іргетасы да соғұрлым берік болмақ.

Осы қағиданы анық түсінгеннен кейін мемлекеттің алдынан мәдени дамудың бағытын таңдау, оны таңдағаннан соң сол дамудың стратегиялық концепциясын жасамай тұрып, мемлекеттік идеология туралы ойлаудың өзі жалаң идея, сөз жүзіндегі игі қана боп қалары даусыз. Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты осы концепцияны жүзеге асыру үшін арнайы бөлім ашып, іске кірісіп кетті.

Қазақстан – территориялық, экономикалық және геосаяси жағынан өзге мемлекеттерге ұқсамайтын бірден-бір ерекше мемлекет. Оны қоршаған мемлекеттердің конфессиялық, экономикалық, саяси құрылымдары мүлдем әр басқа. Бұған келіп, республиканың өз ішіндегі әр түрлі ұлттыр мен ұлыстардың тілдік және ментальдық әр алуандығын қоссақ, мәдени дамудың жалпы мемлекеттік стратегиясын жасап шығу оңайға соқпасы белгілі. Ол үшін әр түрлі тілдік, діндік және тарихи-мәдени ерекшеліктерді мен заң ғылымының өкілдері де белсене араласуы қажет /40/.

Қазақстан мәдениеті деген үлкен ұғымға негізгі ұйықты болатын Қазақ мәдениеті ертең қай бағытта дамуы керек? Азиялық па, еуразиялық па, түркілік пе, әлде мұсылмандық негізде ме? Мемлекетаралық, ұлттық интеграцияға ұмтылып отырған Қазақстанның қазіргідей саяси жағдайында бір ғана ұлттық

шеңберде дамуды мақсат етіп қоюдың өзі дүние-әлемде қалыптасып отырған бүгінгі таңдағы реалды жағдайды ескермегендік боп табылар еді. Ұлттық мәдени дамудың перспективаларын негізге ала отырып, біз өзімізді қоршаған басқа да озық үлгідегі мәдени дәстүрлер мен ағымдарды есепке алуға тиіспіз.

Мәдениет ұлтты қорғайды, сол ұлттың басын құрып отырған мемлекетті қорғайды. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Демек, мемлекет те өз мәдениетін қорғауы керек, оның жаңарып, түрленіп, гүлденіп отыруына баса көңіл бөлуі қажет. Мәдениетті күнделікті болып жататын көңіл көтерер факт ретінде қабылдамай, ұлттың негізі, мемлекеттің тірегі деп қарайтын кез жетті. Олай болмаған жағдайда ұлт мәдениетінің босаған орнын басқа елдің жат өнері жайлап алады. Ол – жоңғар шапқыншылығынан әлдеқайда қауіпті.

XXI ғасырда бейнелеу өнері сияқты адам жайында айтудың осындай көне тәсілі қажет бола ма? Жердегі жаңа адамдардың суретшінің алдында ол бейнелеудің ұтымды формасын тапқанға дейін тапжылмай отырып күтуге уақыттары мен шыдамдары жете ме? Өмір сүре келе, көрерміз. Дегенмен, жақсы нәрсе текке кетпейді дегенге сенгің келеді және екі адам өмір мен өнер туралы достық рәуіштегі әңгімеде бір-біріне өздеріне сын көзбен қарауға мүмкіндік беретін де күндер туады: суретші ерекше түс белгісін табуды қажет ететін модель болса, модель суретші үшін шығармашылық пен өнердің мәнін түсіндірудің құралы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. //Егемен Қазақстан, №115, 27 мамыр, 2006.
2. Қастеев Ә. - Алматы, 1978.
3. Өнер және сән. Л. Неменская, К. Ибрагимова, К. Арғанчаева. Просвещение-Казахстан, 2008.
4. Бейнелеу өнері. Әдістемелік нұсқау. Л. Неменская, К. Ибрагимова, К. Арғанчаева. Просвещение-Казахстан, 2008.
5. Бейнелеу өнері. Қ. Жеделов, С. Шапкина, Н. Королькова. – Алматыкітап, 2009.
6. Бейнелеу өнері. Ибрагимов У., Болатбаев К., Әлмұхамбетов Б., Айдарова З., Қастеева К. - Алматы–Атамұра, 2002.
7. Бейнелеу өнері. Жұмыс дәптері. Ибрагимов У., Болатбаев К., Әлмұхамбетов Б., Айдарова З., Қастеева Г. - Алматы–тамұра, 2002.
8. Бейнелеу өнері. Әдістемелік құрал. Қ. Жеделов, С. Шапкина, Н. Королькова. – Алматыкітап, 2009.

ҚАЗАҚТЫҢ ОЮ - ӨРНЕК ӨНЕРІ

А. КЕНЖЕБЕКОВА

5 сынып оқушысы, № 127 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицейі,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Ұ.И. РАЙСОВА

бастауыш сынып мұғалімі, № 127 Ш. Уәлиханов атындағы орта
мектеп-лицейі, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

«Өнер таусылмас азық, жұтамас байлық» - дейді халық даналығы. Қазақтың қолөнері де өзінің даналығы. Қазақ қолөнері өзінің төлтума бітім қасиеттерінен, көркемдік мән – мағынасымен шын мәнінде халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы. Бабалардан қалған қандай өнер, қандай қазына бар? Оның бірі ою - өрнек. Оларды жалғалтпай, үйреніп, әрі қарай дамыту білу үшін көнекөз қариялардан сұрап білейік. Ертеде халқымыз тұтынған нәрселерінің бәрін оюмен әшекейлеп безендірген.

Ою - өрнектерде халық дүниетанымы оның өзін қоршаған орта мен сұлулық туралы түсінігі бейнеленген. Оюдың қандай да бір бейнесінің, түсінің болмасын танымдық өзіндік мәні бар. Айтайын деген ой оюмен жеткізген бабаларымыз қандай шеберлер болған десеніңші! абалардан қалған осындай сәндік қолданбалы қолөнерін қастерлеп, өзіміз үйреніп, болашақта әрі де дамыта беру біздің тікелей жалғасын табар міндетіміз.

Ою мен ой айтқан елміз.

«Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық», - дейді халық даналығы.

Қазақтың қолөнері де - өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән – мағынасымен шын мәнінде халқымыздың ғасырлар талғамын өткен асыл қазынасы. Қолөнер үлгілері ұлттық өнеріміздің аса бір құнарлы да қызықты саласы ретінде бүгінгі рухани сұранысымызға да қызмет етіп, мәдениетіміздің маңызды бір қырына айналып отыр.

Қолөнер үлгілері тек қана эстетикалық мұрағат емес. Ол сонымен бірге халықтың белгілі бір тарихи кезеңдегі таным-түсінігінен, өмір-салтынан, сұлулық туралы түйсік - талғамынан хабар береді. Әсіресе, қолөнер түрлеріне, оның жасалуына, тұтынылуына қатысты атау сөздердің мәні айрықша. Қолөнеріне байланысты терминдерді жинау, зерттеу, символикалық мәнін ашу, этимологиясын зерделеу жалпы мәдени болмысымызды тануға үлес қосатын аса мәнді мәселе.

Қазақ халқының қолөнерінің сала-саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне, әрі күрделі түрі – ою-өрнек өнері. Қазақтың

колтума сәндік өнерінің барлық түрлеріне де оюлар мен өрнектер алғашқы элемент ретінде қолданылады. Ою мен өрнек қолөнер бұйымдарының тұтынушылық және эстетикалық мәнін аша түседі. Сондықтан да қолөнер заттарының әрқайсысындағы оюлау мен өрнектеуге, әшекейлеуге жіті зер сала білу керек.

Ою-өрнек өнері ежелгі замандарда қалыптасқан, халқымыздың тарихымен, өмірімен бірге ілгерілей дамып отырған. Қазақтың байырғы ою-өрнек үлгілері тарихта «андронов мәдениеті» деген, атпен белгілі дәуірден басталады. Бұл дәуір біздің эрамызға дейінгі екі мыңыншы жылдарға тура келеді.

Жер жүзіндегі барлық халықтарда дерлік ою-өрнек өнері көне замандарда қалыптасып, дамып бүгінгі күндерге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ірі мәдениет үлгісі ретінде аталады.

Халық арасындағы шеберлер ою-өрнекпен сәулетті ғимараттар мен киім-кешектерді, қару-жарақты т.б. толып жатқан тұрмыста тұтынатын, бұйымдарды мәнерлеп, әшекейлеп отырған. Ою-өрнек өнерінің даму барысында әрбір тарихи дәуірдің өз таңбасы бар. Ою-өрнек үлгісінде әр халықтың ерекшелікт ері, халықтың келбеті айқын танылады.

Халықтың географиялық ортасына, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты, ою-өрнек үлгілері әртүрлі жағдайда дамып, түрленіп отырады.

Мәселен, ыстық аймақтарда тұратын халықтардың ою-өрнектерінде көбіне -көп жемістер мен өсімдіктер жапырағы, хайуанаттар болса, жер шарының солтүстік полюсіне жақындаған сайын ендіктерді мекендейтін халықтардың өрнек үлгісі регионалдық өзгеріске ұшырайды.

Сонымен ОЮ - ӨРНЕК дегеніміз – геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуы. Ою сөзін латынның *ornamentum* (орнамент), ал өрнек сөзін орыстың узор сөзінің баламасы ретінде қолдануға болады.

Ою-өрнектерді композициялық құрылымына қарай бір жүйеге келтіру үшін ғалымдар үш топқа бөледі:

1. Өсімдік типтес ою-өрнек. Көкөніс өрнектерінде өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, дәні т.б. негізгі элементтері көрінеді.

2. Зооморфтық ою-өрнек. Өрнектер негізінен жануарларды, яғни аң-құс, балық т.б. түрлі жәндіктерді және олардың мүшелерін бейнелейді.

3. Космогониялық өрнек. Өрнектер дөңгелек, ирек, шимай, торкөз т.б. құралады.

Жер жүзіндегі барлық халықтарда дерлік ою-өрнек өнері көне замандарда қалыптасып, дамып бүгінгі күндерге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ірі мәдениет үлгісі ретінде аталады.

Халық арасындағы шеберлер ою-өрнекпен сәулетті ғимараттар мен киім-кешектерді, қару-жарақты т.б. толып жатқан тұрмыста тұтынатын, бұйымдарды мәнерлеп, әшекейлеп отырған.

Ою-өрнек өнерінің даму барысында әрбір тарихи дәуірдің өз таңбасы бар. Ою-өрнек үлгісінде әр халықтың ерекшелікт ері, халықтың келбеті айқын танылады.

Халықтың географиялық ортасына, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты, ою-өрнек үлгілері әртүрлі жағдайда дамып, түрленіп отырады.

Мәселен, ыстық аймақтарда тұратын халықтардың ою-өрнектерінде көбіне -көп жемістер мен өсімдіктер жапырағы, хайуанаттар болса, жер шарының солтүстік полюсіне жақындаған сайын ендіктерді мекендейтін халықтардың өрнек үлгісі регионалдық өзгеріске ұшырайды.

Сонымен ОЮ - ӨРНЕК дегеніміз – геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуы. Ою сөзін латынның *ornamentum* (орнамент), ал өрнек сөзін орыстың узор сөзінің баламасы ретінде қолдануға болады.

Ою-өрнектерді композициялық құрылымына қарай бір жүйеге келтіру үшін ғалымдар үш топқа бөледі:

1. Өсімдік типтес ою-өрнек. Көкөніс өрнектерінде өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, дәні т.б. негізгі элементтері көрінеді.

2. Зооморфтық ою-өрнек. Өрнектер негізінен жануарларды, яғни аң-құс, балық т.б. түрлі жәндіктерді және олардың мүшелерін бейнелейді.

3. Космогониялық өрнек. Өрнектер дөңгелек, ирек, шимай, торкөз т.б. құралады.

Жоғарыда аталған негізгі өрнек түрлерінен бөлек қазақ шеберлері көп қолданатын ою-өрнек элементтерінің мынадай атаулары бар:

а) Аспан әлеміндегі құбылыстарға байланысты өрнектер: ай, күн, жұлдыз, айшық, аймүйіз, құс жолы, жұлдызша, кемпірқосақ, т.б.

ә) Заттардың атауына байланысты өрнектер: балға, балта, тарақ, балдақ, күмбез, табақ, қармақ, т.б.

б) Эпиграфиялық өрнектер-яғни жазуды өрнек тәріздердіріп, белгілі бір заттың бейнесіне келтіре әдемілеп, астарлап жазу.

в) Ру таңбалары мен ел таңбалары және малға салынатын ентаңбаларға байланысты ою-өрнек элементтері: тұмар, айшық, босаға, абақ, тарақ, көз, шөміш, шылбыр, көсеу, ашамай, т.б.

Халқымыздың бізге жеткен бір бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданылатын накыш, өрнек. Заттың бетін өрнектеу үшін ісмерлер әртүрлі тәсілді қолданады. Олар: оймыштау, бедерлеу, шеку, кашау, тісеу, құрау тәрізді әрекеттер арқылы жүзеге асады. Әр өрнек белгілі бір бөлшектен (элемент) құралады.

Қазақ халқының ою-өрнек өнерін кезінде В. Куррер, Ф.Т. Куглер, С.В. Иванов, В.В. Стасов, В.К. Волков, С.А. Давыдов, Н.В. Сумцов, А.Н. Бернштам және қазақ ғалымдары Ә. Марғұлан, Т. Бәсенов, Е. Масанов, М. Мұқанов, С. Қасиманов, Ө. Жәнібеков, Б. Тұяқбаева, Б. Әлмұхамбетов, Б. Ибраев, К. Ибраева, Т. Жанысбеков, Ж. Шәйкенов, Ұ.М. Әбдіғапбарова және т.б. ғалымдар зерттеген. Дей тұрғанмен, қазақ қолөнерінің осы бір күрделі саласы ою-өрнек өнерін әлі де ғылыми тұрғыдан тереңірек зерттей түсу қажет. Өйткені ою-өрнек өнері осы уақытқа шейін белгілі бір жүйеге келтірілген жоқ. Өрнектің семантикасы, даму тарихы, жасалу әдістері, қай өрнек қандай бұйымға қолданылады, т.б. көптеген сұрақтар өз жауабын күтуде. Қазақ қолөнерінде ою-өрнек өте кенінен қолданылады. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың ою-өрнекпен безендірілмегені өте аз кездеседі. Ою-өрнек қолданбалы қолөнер бұйымдарының тұтыну және эстетикалық мән-мағынасын аша түседі. Сондықтан қолөнер шеберлері жасаған заттардың әрқайсысының қалай әшекейленіп, өрнектелгеніне жіті зер салған жөн. Ою-өрнек өнері ежелгі замандарда қалыптасып, халқымыздың тарихымен, тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай дамып, түрленіп жетілдіріп отырған. Жер жүзіндегі барлық халықтарда дерлік ою-өрнек өнері көне замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күндерге дейін өз қасиетін жоймай, ірі рухани мәдениет үлгісі ретінде сақталып келеді. Халық шеберлері ою-өрнекпен, сәулетті ғимараттарымен, киім-кешек, жиһаз, қару-жарақ, ат әбзелдерін, зергерлік әшекей заттарын т.б. тұрмыста тұтынатын заттарын безендіріп отырған.

Ою-өрнек өнерінің дамуы мен қалыптасуында әрбір тарихи дәуірдің салып кеткен үлгі-таңбасы бар. Ою-өрнек үлгілерінде әр халықтың келбеті айқын танылады. Халық шеберлері өрнек үлгілерін негізінен адамды қоршаған табиғат аясынан алады.

Ою - өрнекпен көп жұмыс жасайтын тәжірбиелі ісмерлер қатар орналасқан екі түстің арасын асқан шеберлікпен үйлестіре білген. Ол үшін, қазақ ісмерлері сырмақ сырғанда, ою - өрнекпен түрлі бұйымдарды безендіргенде әр түсті матаның, немесе киіздің арасына есілген жіп салады. Сонда қатар жатқан әр түсті бұйым бір-бірімен

әдемі астасып, жарасым, үйлесім табады. Осы тәсілді ісмерлер «су жүргізу» деп атайды. Ертеректе жер бөлгенде шекараны өзен-су, тоған – арық арқылы межелейтін үрдіс болған, сондықтан «су жүргізу» сөзінің мағынасын бөлу, ажырату, анықтау, айқындау, т.с.с болады.

Қорыта келе айтарымыз, ою-өрнек үлгілерін жинау, зерттеп зерделеу, дамытып насихаттау жұмыстары әлі де кенже қалып отыр. Кезінде ою-өрнек өнерімен тікелей айналысқан Ғани Ильеяев, Сәлима Әзірбаева, Сапар Төленбаев сынды шілеңгір шеберлердің де еңбектері арнайы зерттеуді және зерделеуді қажет етеді. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясының «Сәндік өнер және дизайн» факультетінде ою-өрнек үлгілерін жинау және зерттеп зерделеу жұмыстары қолға алына бастағанын айта кетуді жөн көрдік.

Осы еңбегіміз ою - өрнек өнерімен айналысып, оның қыры мен сырын зерттеп, зерделеймін деуші жастарға септігін тигізіп жатса, нұр үстіне демекпіз.

Халық бұрын ғылым мен білімге қолы жетпесе де, сұлулық пен әсемдікті таңдай да, талғай да білген. Өз тұрмысы мен мәдениетінде қолөнерін мұрат тұтып жетілдіре білген. Шеберліктің небір сан саласын асқан ұқыптылықпен көкірегінде қастерлей сақтап, менгеріп, біздің дәуірімізге жеткізген. Ата-бабаларымыздың мол рухани қазынасын жете тануды баршамыздың борышымыз деп қараған абзал. Сол бір ойсыраған олқылықты халық қолөнері арқылы зерттеу, қалың қауымның игілігіне айналдыру, қазіргі заманымыздың бір мәселесі.

Ою-өрнек ісі ерте заманнан бастап-ақ қолөнердің барлық түріне ортақ, әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келеді.

Орнамент- әсемдеу, сәндеу деген ұғымды білдіретін латын сөзі. Қазақ тілінде бұл термин «ою-өрнек» болып алынып жүр. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластрып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағынаға жатады. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары аса көп. Ою-өрнек қолданылу орнына, заттың материалдың түр-түсуіне қарай отырады. Мысалы, басты белгісіне қарай гүлді өрнек, торлы өрнек, өрнекті таспа (лента) болып үшке бөлінеді. Бейнелік нышанына қарай геометриялық өрнек, зооморфтық өрнек, көгөріс өрнек, ұласымды өрнек, қиял-ғажайып өрнек деп беске тармақталады. Көгөріс өрнектерде гүлді өсімдіктер мен шөптесін дақылдар бейнеленеді. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің арасында «бұтақ», «бүлдірген», «гүл», «жапырақ», «жармагүл», «шырмауық», «өрік», «үшқұлақ» т.б. аталатын көгөріс өрнектерде бар. Жалпы

алғанда бес жүзге жуық аты белгілі. Мәселен, ою-өрнек үлгілерінде сол өрнекті тудырған рудың таңбалары оюдың ең негізгі құрамды бөлімі ретінде еніп отырған. Өнер зерттеуші Сейсен Мұхтарұлы: «Оюды оқуға бола ма?» атты мақаласында «Ру таңбалары ою-өрнектің көптеген айшықты үлгілерінде Дулаттың «бүтін ай» таңбасы, Жалайырдың «тарақ» таңбасы, Қоңыраттың «босаға» таңбасы, Қыпшақтың «қос әліп» таңбасы Адай мен Төленгіттің «жебе» таңбасын Найман руының «бір тармағы» Бағаналының «үш айрық алау» таңбасы ретінде суреттеледі» дей келе, сонан келіп туындайтын рулық үлгілеріне тоқталады. Ою-өрнектерді ойып, жапсырмалап сырып өрнектелетін түрімен шұғылданатын шеңберді оюшы деп, ал зер төгіп, кестелеп жаслатын нұсқалармен айналысатын ісмерлерді өрнекші деп атайды. Шындығында да ел ішінде, киіз тәрізді материалдарды ойып, тесіп, бедерлеп сүйек, металдан жасаған сәндік жосықтарды ою дейді де, ал кестелеп, термелеп, жонымалап шығарған ою ырғақтарын өрнек дейді. Ою-өрнек әшекей жасау шеберлігі бейнелеу өнерінің бір түрі. Ал, ою-өрнек үлгілерін жасаушы шеберлер өз өрнектерінде ойлаған затының не сюжетінің сыр сипатының өзінше танып, оның дәлмәдәлігінен гөрі көркем, әшекейлі болу жағына баса назар аударып отырған.

Сырмақ шерткен сыр (Өр оюдың тілі бар)

Ертеде бір әділ хан болыпты. Соның жарлығы бойынша қоластындағы елдің ою, өрнек, кесте, батырма, тоқыма, оймыш, бәдіз, тігін, шекіме, құйма өнерлерін меңгергені сонша, үйлерінің іші-сырты, киім-кешектері, жиһаздары мен бұйымдары, құрал-саймандары, қару-жарақтары түгелдей оюланған әрі өрнектелген әсем де көрікті екен. Және олар бір-бірімен ою тілінде де сөйлесе алатын болыпты. Сол себептен бұл ел басқарушысы – Ою хан аталып кетіпті.

Жылдардың бір жылында бөтен елдің ханы соғыс ашып, Ою ханды орнынан алып, билікті өзі жүргізеді. Ол ескі салт, көне дәстүр, байырғы әдет, бұрынғы әдеп, ежелгі өнер, бұған дейінгі мәдениет белгілерінің бәрін жойып, жаңаша құрмақ болыпты. Бірақ ескі оюдың орнына жаңа ою таба алмапты. Жаңа дегеннің бәрі ұзаққа бармай ұмыт бола беріпті. Бұрынғы өнердің, сол өнерді жасаушы шеберлердің көбі азайып, азы жоғалуға айналыпты.

Уа, хан-ием! Мына райыңыздан қайтыңыз, теріс жолмен кетіп бара жатырсыз, - деп жөн айтқанның да, айтпак болғанның да, тіпті ондай адамдармен сыбайлас екен дегендердің де көзін жоя беріпті.

Сондықтан да оны халық Жою хан деп атапты.

Бұл кезде зынданда жатқан Ою хан жағдайдың бәрін естіп-біліп жатады.

Бір күні Жою ханның жалғыз ұл аңға шығады. Жолындағы аң атаулыны түгел қырып, еті мен терісіне қарық болмақ ниетпен ойына алғанын істеп келе жатқанда бір үкі мұның бетіне шапшиды. Бала жанталаса ажыратып үлгергенше үкі оның екікөзін ойып жібереді.

Ешнәрсе көре алмай тентіреп келе жатып бір жардың басынан құлап, көлге батып өледі.

Бұл кезде Жою хан баласына іздеу салып жатқан еді.

«Кім де кім баламның өлімін естіртер болса, соның басын аламын», - деп жарлық берген соң ешкімнің батылы бармайды.

Мұны естіген Ою хан баланы іздеуге өзінің баратынын хабарлайды. Жою хан оны зынданнан шығарып жолға салады. Ою хан дәрі-дәрмегін, құрал-сайманын алып орманды аралап келе жатып бір тастың астынан: - Жойылсын, Жою хан! – деп қиналған дауысты естиді. Тасты көтеріп қалса, жамбасы оқ тиіп күйреген сұртышқан жатады. Ою хан дереу аяғын таңып, дәрі құйып жөніне жібереді.

Осылайша жолында кезіккен жаралы аң-құсты бәрін емдейді. Ең соңында қанаты сынған үкіні дәрілеп: - Жою ханның баласын көрдің бе? – деп сұрайды.

Қаныпезер хан баласы жолында кезіккен сұртышқанды, арқарды, бұғыны, қодасты, жолбарысты жаралап, балықты құрғаққа тастап, бәрін қайта айналып келіп сойып алмақ болғанда мен оның көзін шығардым. Өйткені ол жаралағанның бәрі Ою хан екен орманның ең соңғы аңдары еді. Хан баласы қазір көл түбінде өліп жатыр, - дейді үкі.

Болған жайдың шындығына көзі жеткен Ою хан үйіне оралып, оқиғаның желісін сырмақ бетіне түсіреді де әлгі сырмақты Жою ханға алып жүреді. Мұны көрген ашжалаңаш халық соңынан ереді. Хан Сарайына келген соң Ою хан сырмақты Жою ханның алдына жайып тастайды...

Егемен ел болғалы атадан балаға жалғасып келе жатқан өткен ғасырлар жоғалтып ала жаздаған ұлттық қолөнерімізді, өз мәдениетімізді, дәстүрімізді қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпындырып келеміз. Әрине бұл халықтың педагогика болып келеді. Ұстаздық педагогикалық тәжірбиемде, сәндік қолданбалы өнер бағдарламасының жобасында қолөнер үлгілерінің бірнеше саласы бойынша сабақ өтемін. Осы қолөнерді үйренуге

кызығушылығы арт ып, игеріп жатқан шәкіртердің саны күн санап өсуде. «Ұядан не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» демекші, осындай игілікті істер оқушыларды шығармашылыққа, салт дәстүрді сыйлауға, тәрбиелеп оларды өмір азығы болатынына көз жеткізіп отырған ата – аналарымызда қуанып алғыс білдіруде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Н.«Қазақ халқының сәндік ою-өрнек өнері» Ленинград,1970.
2. Қазақ оюы. - Алматы, 1986.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы,1987.
4. С.Толнебаев, «Ою»,1989.
5. Киіз үйдің жүннен жасалған бұйымдары.2005.
6. Текеметтің түрлері. 2005.

ИСТОРИЯ УЛИЦЫ

Е.В. РУЛЬ

ученик 5 класса, средняя общеобразовательная школа № 4
имени К. Макпалеева, г. Павлодар
К.Д. КУЛЬЖАНОВА
руководитель, средняя общеобразовательная школа № 4
имени К. Макпалеева, г. Павлодар

Улицы определяют облик города. Знать и любить свой город, в котором живешь и учишься, отдыхаешь и гуляешь по улицам и площадям – это надо быть патриотом своего края, всей своей страны. История названий улиц Павлодара необычна, как и многих других городов. История улицы – это часть истории города. В них отражена летопись народа, легенды его жителей. Актуальность выбранной темы исследования обусловлена тем, что издано малое количество книг об улицах города Павлодара, в библиотеках города существует недостаток литературы по краеведению. Объект исследования – становление и развитие улицы им. С. Торайгырова. Цель исследования – изучить историю создания улицы им. С. Торайгырова, как доказательство формирования городского центра, ее значимости и ценности. Приступая к исследованию, была выдвинута следующая гипотеза: формирование знаний об улице им. С. Торайгырова, ее историческом становлении и развитии; использование данного материала во внеклассных

мероприятиях; повышение интереса к истории своего города и к ее достопримечательностям. В начале исследования был проведен опрос среди учащихся 5-6 классов о знании истории создания улиц нашего города. Были заданы вопросы: «Какие улицы города Павлодара были переименованы за последние 20 лет?», «Знаешь ли ты историю своей улицы?», «Назови главные улицы нашего города?». Итоги опроса следующие: на первый вопрос смогли ответить 20 % учащихся, остальные путают названия улиц или не знают, где находятся переименованные улицы; на второй вопрос утвердительно ответили 25% учащихся, остальные респонденты знают лишь о названиях улиц, в честь кого они названы; на третий вопрос ответили правильно около 60% учащихся. Данные результаты позволяют сделать вывод о том, что учащиеся обладают поверхностными сведениями об истории улиц своего города. Поэтому необходимо начать знакомство с историей главных улиц нашего города, исследовать создание и пути развития улиц.

Улица – творение рук человеческих. Она как зеркало, отражает всю его жизнь и в будни, и в праздники. Что такое улица? Поясним значение слова: улица – территория в пределах населенного пункта, предназначенная для движения городского транспорта и пешеходов и ограниченная обычно рядами застройки. Улицы бывают широкие и узкие, короткие и длинные, существуют проспекты и переулки. Улица им. С. Торайгырова является одной из главных улиц нашего города, ее основной достопримечательностью. Поэтому интересно узнать, как она возникла и развивалась [5, с.16].

Улица им. Торайгырова возникла в 30-х годах XX века. Первый участок ее застройки находился в северной части города, в районе нынешней площади Конституции, между Иртышом и улицей Ленина. Она получила название в честь видного советского деятеля В. В. Куйбышева в 1936 году. Дальнейшая застройка улицы в восточном направлении велась в годы Великой Отечественной войны. Тогда же появилась группа мазанок на этой улице до района улицы Первого Мая. В годы освоения целины еще продолжалась сооружение времянок для жилья, но скоро решением городских властей дальнейшая застройка частного сектора была запрещена в связи с тем, что в январе 1955 года было принято решение о строительстве комбайного завода в Северной части города и застройки пустыря расположенного между улицами Первого Мая и Короленко. Был разработан генеральный план застройки города. Его разрабатывал Ленинградский институт во главе с инженером проекта М. А. Штипельманом [6, с.16]

Именно первые многоэтажные дома начали возводить на улице имени Торайгырова. В мае 1955 года начались работы на углу улиц Первого Мая и Куйбышева для строительства первого пятиэтажного дома. В течении двух лет с 1955 по 1956 года здесь сооружался первый городок комбайнстроителей. Затем проезжую часть улицы Куйбышева продлили от строящегося городка до нового железнодорожного вокзала [7, с. 16]. Старое здание вокзала построено в годы освоения целины (1954-1956 гг.). Новое здание железнодорожного вокзала представляло собой оригинальную конструкцию – вертикальные мраморные колонны, несущие козырьки, стеклянные проемы, подземные переходы к поездам дальнего следования, пропускная способность 1200 пассажиров в сутки. Новое здание автовокзала было построено в 1960 году, рассчитан на 320 пассажиров.

В 1957 году на этой улице построили первые пятиэтажные дома и открыли кинотеатр «Октябрь» (ныне Славянский культурный центр). Заработала средняя школа №3 в новом высотном пятиэтажном доме (потом в этом доме был пединститут). В течении конца 50-х и 60-е годы интенсивно велось строительство жилья на этой улице, одновременно строился Дом культуры железнодорожников (ныне Д.С. «Шанырак»). Здание было выстроено в 1963 году. Зрительный зал рассчитан на 650 мест, на втором этаже – малый зрительный зал. Дом культуры стал проводником внедрения в жизнь новых советских праздников [3, с.120]

Постепенно улица приобретала свои черты, началось ее бетонирование, а потом асфальтирование. Старожилы нашего города помнят, что улица имела двухстороннее движение, с зеленой полосой посередине по улице Кутузова до улицы Дзержинского (ныне Сатпаева). В целях лучшего благоустройства и очистки улицы от снега, а также вызванное интенсивное автотранспортное движение заставили отказаться от зеленой полосы. Она была убрана в начале 70-х гг., и улица стала шире после ее благоустройства [2, с. 387]. Властями города уделялось огромное внимание развитию строительства жилых домов улицы. Для этого в 1959-1960 гг. в районе улицы Короленко-Кутузова были построены 4-этажные дома для водников Затона и речников грузового порта. В 1967 г. На улице Куйбышева было построено красивое четырехэтажное здание с концертным залом на 600 мест для Павлодарского музыкального училища им. П. И. Чайковского. При училище был создан симфонический оркестр. Его воспитанники часто выступают

с концертами перед населением города и области. К 1970 году улица полностью была застроена от Привокзальной площади до нынешней улицы Сатпаева. Необходимо было благоустроить участок улицы от Сатпаева к Иртышу [4, с. 387].

Большой вклад в благоустройства улицы внес садовод-мичуринец И. Никонов, который посадил в 1950 году большой сад, переросший затем в большой зеленый массив. Рядом с никоновским садом вскоре была построена городская больница №2. Данную территорию обнесли забором. К сожалению, забора нет, и от сада остались небольшие участки деревьев с березовой рощей сегодня.

Город Павлодар одним из первых в республике в 70-е годы перешел на строительство жилых домов по усовершенствованиям сериям типовых проектов. Проект предусматривал строительство домов переменной этажности с индивидуальными элементами фасадов, со встроено-пристроенными предприятиями обслуживания. В 70-80-е годы улица полностью застроена 9-этажными домами с магазином «Океан», книжным магазином «Знание» и промтоварным «1000 мелочей». Также в 1979 году было завершено строительство 12-этажного дома, где разместились городская библиотека им. Павла Васильева и областной художественный музей, в котором стали ежегодно проводить выставки произведений художников и скульпторов, мастеров прикладного искусства[3, с.378]. В 1967-1977 гг. велось строительство Дворца культуры тракторного завода, который стал центром культурных и развлекательных мероприятий нашего города. В год принятия Конституции 1977 году и открытия Дворца культуры ПТЗ, было завершено создание площади и улица Куйбышева была проложена под углом в сторону Прибрежного микрорайона.. Таким образом, улица Куйбышева приняла вид одной из главных улиц нашего города. Были созданы высотные жилые дома, больница, школы, магазины, учебные заведения для студентов, центры культуры и досуга жителей. По этой улице проходит одна из главных магистралей, которая связывает Привокзальную площадь с другими микрорайонами города, а также по ней движется междугородний транспорт.

С обретением независимости Республики Казахстан названия многих городов, а также названия их улиц были переименованы, то есть им были возвращены исторически утраченные названия или даны новые названия в честь знаменитых земляков. Поэтому в 1993 году улица Куйбышева была переименована в улицу имени Султанмахмута Торайгырова – известного классика казахской литературы, поэта-

демократа, уроженца Павлодарской области, в год 100-летия со дня его рождения. В честь знаменательной даты была установлена на доме № 44/1 памятная доска, через 7 лет у этого дома установлен памятник поэту. В 2010 году памятник перенесли на улицу Сатпаева.

Сейчас на улице Торайгырова расположены: областной художественный музей, музыкальный колледж им. П. Васильева, центральная городская библиотека им. П. Васильева, Славянский культурный центр, школы, Школа национального возрождения, Управление миграционной полиции, телерадиокомпания «Ирбис», гостиница «Сары – Арка», редакция «Городской газеты», три ПКСК, АТС-76, торговые дома, кафе, парикмахерские, салоны красоты, магазины различного назначения, аптеки и различные предприятия быта и коммунальных услуг. На улице установлено 5 мемориальных досок: К. Камзину, Голкову Г. Я., Пешину П. В. и др. [1, с.590]. На улице Торайгырова расположено много административных и торговых зданий, но мне кажется, что на ней нет специального культурно – развлекательного комплекса для детей и юношества, в котором они могли бы провести свое свободное время. В этом комплексе необходимо предусмотреть кружки и секции по интересам, игровые площадки для малышей, дополнительные занятия по предметам, кинозал, студии театра и танца. Главная цель данного комплекса – обеспечить разнообразный досуг детей.

Исследовав и изучив историю создания улицы имени С. Торайгырова, следует сделать вывод о том, что именно улицы определяют внешний облик города, являются его визитной карточкой, неотъемлемой частью истории города и его жителей. Именно с улицами связаны воспоминания людей о родном городе, о родине. Поэтому важно знать их историю, пути формирования, памятные места. Улица им. Торайгырова является своего рода первооткрывателем в системе новостроек города в 50-70-е годы XX века, так как именно на этой улице возводились объекты городского и республиканского значения. Большое внимание уделялось строительству объектам культуры, науки, образования. Они и сейчас играют важную роль в создании облика города. Также необходимо отметить большой вклад жителей нашего города в улучшении облика улиц скверов, проспектов. В ходе работы над изучением истории улицы им. Торайгырова были исследованы источники по истории города. Все они свидетельствуют о богатейшем культурном наследии нашего города, а также о достижениях в области архитектуры и градостроительства. Улицы родного города не должны быть забыты, о них надо рассказывать в средствах массовой

информации, выпускать познавательные брошюры о каждой из них, обеспечить библиотеки школ города специальными картами и современными историко – информационными путеводителями, учитывая возраст учащихся, проводить познавательные программы по истории города Павлодар в СМИ.

ЛИТЕРАТУРА

1. Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. 2003.
2. Соколкин Э.Д. Улицы Павлодара. Словарь-справочник. 2006.
3. Соколкин Э.Д. Павлодар. Историко-информационный путеводитель. - Алма-Ата: «Казахстан», 1982.
4. «Наш Павлодар». Издательство «Казахстан», 1970.
5. Газета «Новое время». 2006. № 11.
6. Газета «Новое время». 2006. № 29.
7. Газета «Новое время». 2007. № 25.

ӨЗБЕК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ТҮР ТҮС АТАУЛАРЫ

У. САЙДАЗИМОВА

8 сынып оқушысы, З. Хусанов атындағы жалпы орта мектебі,
ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

С. СИДИКМЕТОВА

өзбек тілінің мұғалімі, ғылыми жетекші, З. Хусанов атындағы жалпы
орта мектебі, ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

Зерттеу жұмысының өзектілігі мен ғылыми жұмыста, түр - түс атауларының зерттеу пәні етіп тандаулының себебі, түр - түс әлемі халықтың этносы, оның тарихы, күнделікті тұрмысы, салт - дәстүрімен тығыз байланыста екен.

Зерттеу нысаны ретінде өзбек, казак тілдеріндегі ақ, кара, қызыл, көк, ала түстері қатысатын тұрақты тіркестер, мақал - мәтелдер.

Зерттеудің мақсаттарымен міндеттері.

Зерттеудің мақсаты - мақал - мәтел, тұрақты тіркестердегі түр - түс атауларының мағыналық ерекшеліктерін ашу, оның өзге тілдермен ұқсастығы мен айырмашылығын зерттеу, оның келіп шығу тарихын зерттеу, халықтық этносымен байланысын анықтау.

Зерттеу материалдардары ретінде түрк тілдерінің этимологиялық, фразеологиялық сөздіктері көп томдық түсіндерме сөздіктерінен, өзбек, казак халық мақал - мәтелдері, сұхбат арқылы алынған тілді деректер пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының мақсаты мен ерекшелігіне байланысты салыстырмалы-тарихи, жинақтау әдістерінен пайдаланылды. Түр - түс атауларының негізгі көпшілігі көне замандардан келе жатқан түрік тілдеріне ортақ дүние болғандықтан, тіл біліміндегі оның зерттелу тарихында да белгілі ортақтық болатыны сөзсіз. Осыған орай, түр - түс атаулары түркі тілдерінің бәрінде де лексикалық, этимологиялық тұрғыдан зерттелген, анықталған (Хыдыров, Мұсаев, Баскаков, Ибратова, Ширалиева, Покровская, т.б.) Олар өз еңбектерінде түр - түс атауларын мүлдем басқа тұрғыдан қарастырып, оның табиғатына тән ерекшеліктерін өзге қырынан көрсеткен.

Түр - түс атаулары халықтықтың ұзақ тарихымен, салт - дәстүрімен, әдет - ғұрпымен тығыз байланыста. Көне ұйғыр, араб жазуларымен жазылған бай тарихи - әдеби мұраларымыздан көптеп кездестіреміз. Мысалы, Орхон - Енисей ескерткіштеріндегі сарық, қызыл, кара бозат, көк түр - түстері бүгінгі түрлі тілдерде көп кездеседі.

Демек, түр-түс табиғатын танып, тіл арқылы белгілеу көне замандардан келе жатқан дәстүр екен. Түр - түске байланысты қоғамның-әлеуметтік символикаларды бірнеше тақырыпқа бөліп қарауға болады. Юлар: елтаңбалар, тулар, жалаулар жер бетіндегі олардың символикасы бір - біріне ұқсайды. Мысалы, жасыл түс мұсылмандардың яғни, ислам дінінің символы болып саналады.

Салт - сана, әдет - ғұрыпқ символикасы өте көп. Оның көп болуының себебі, жер бетіндегі этностық топтардың көптігіне байланысты. Түр - түстерді біз көбіне ұлттық дәстүрден, әдет-ғұрыптан, той - тамаша салтанатының, өлім - жітімге байланысты рәсім - қағидалардан, ырымшылдық, діни дүниетаным т.б. үрдістерден айқын көреміз.

Мұндай дәстүрлер, әдетте, ұрпақтан - ұрпаққа, атадан балаға ауысып, ұзақ дәуір бойы сақталып келе жатыр.

Түркі халықтарында ақ, кара қызыл түстері қазаға байланысты қолданғанын жақсы білеміз А. Диваевтың мәліметі бойынша, ертеректе түрлі халықтарда қайғы - қазаға байланысты кара, қызыл жамылу салты болған екен.

Мәселен, күйеуі немесе жақын туыстары өлген әйелдің үстіне кара орамал жамылу салтымен қатар, кей жерлерде ақ жамылу салты да болған. Қызыл түсті қызыл ауру, яғни шешек ауыруына қарсы қолданылған.

Жер - су аттарында кездестін түр - түс атаулар ақ түстің таза, мөлдір, қар суы деген ұғымдарды беруі даусыз. Мысалы Ақсу, Аққала.

Түр - түс және фразеологизмдер

Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің біразы түр-түс атауларының қатысуымен жасалған. Бұл әрине, заңды құбылыс.

Күнделікті қарым- қатынасыта біз жүздеген тұрақты сөз тіркестерін қолданып отырамыз. Түр - түс атаулары қатысқан фразеологизмдердің тағы бір ерекшелігі, олардың ауыспалы, яғни заттың абстрактылық мағынасында көбірек қолданылуы.

Мысалы: «Күзимнинг қорачиғидай» деген фразеологизм де көздің түсін айтып тұрған жоқ. Бұл жерде өте сақтықпен қарау мағынасында айтылып тұр.

Түркі, өзбек тілдерінде түр - түс атаулары ауыс мағынада қолданылған. Мысалы, көз деген сөзді алып, оған кара, қызыл, көк түстері теліп, кара көз, ақ көз, көк көз сияқты тіркестер жасалады.

Бір қарағанда осындағы түр - түс атаулары көздің неше түрлі реңкін анықтап тұрған сияқты. Себебі өмірде кара көз, көк көз, қызыл көздер бар екендігі рас. Бірақ ақ көз, қызыл көз деп дәл осылай айта алмаймыз.

Ешнәрседен таймайтын, пәлекор адамдарды «қызыл көз» деп атаймыз.

Көзге қатысты тұрақты тіркестер: күзи қорайди, күзи кұкарди, күзи қизарди.

Бұл тіркестердің жалпы ұқсастығы болмаса, жоғарыдағы ақ көз, көк көз, кара көз, қызыл көздермен мағыналық сәйкестігі жоқ. Себебі көздің қараюы, көгеруі, ағаруы, қызаруы көздің түсіне байланысты емес. Түр - түстен жасалған етістіктер «күз» қатысқан фразеологиялық тіркеске қандай ауыс мағына ұстап тұр - соны анықтайық.

«Күзини кұкартирди» ауыспалы мағынада, «төбелесті» деген ұғымды береді.

Ақ түстің мағынасы, «күту» мағынасын береді

«Күзи қизарди» - шаршады деген мағынада қолданылып тұр.

Түр-түспен келген фразеологизмдердің тағы бір ерекшелігі: әсіресе, ақ пен қызыл, ақ пен кара тәрізді түстерді карама - қарсы кою арқылы небір өмір көріністерін суреттеуде логикалық ойды әсерлі де, нақышты да етіп беруде таптырмайтын тәсіл.

«Қора коғоз» - айыпты іс болғанда.

«Қорам қолмади» - артында тұқым қалмады.

«Қора мушук ұтди» - ала ауыздық пайда болды.

«Қора терга ботди» - терледі.

«Қизил» сөзінен болған фразеологизмдер

«Қизил конға буялди» - бірін - бірі аямады.

«Бети қизил булди» - ұялды.

«Сариқ» сөзінен болған фразеологизмдер

«Сариқ тиш» - көпті көрген орта жасқа келген кісі.

«Сариқ касал» - гепатит - сары ауру.

Мақал - мәтелдердегі түр - түстер

Мақал - мәтел халық даналығы, олар белгілі бір халықтың дүниетанымын, табиғат, қоғам құбылыстарын өз тұрғысынан бағалауға, қоғамдық қарым - қатынасты, салт - сананы, әдет - ғұрыпты, наным - сенімді анықтауға арналған сан ғасырлық тәжірибенің жиынтығы.

Сондықтан да мақал - мәтелдердің мәдени, рухани өмірімізде қатысы жоқ саласы кездеспейді. Үнемі дамып отыратын мақал - мәтелдеріміз түр - түс атауларын қамтиды екен.

Мақал - мәтелдердің түр - түс әлеміне қатыстығын айтпай кетуге болмайтын жағдайлар бар.

Солардың бірі - мақал - мәтел жасаушы түр - түске қатысты тіркестердің көбі өздерінің түстік мағынасында қайта қолданылмайды.

Кез келген осындай тіркеске назар аударсақ, бірден байқап бермейтін, бірақ түп негізі дүниеге келу жолы тіпті арыдан басталатын саяси, әлеуметтік, этнографиялық салт - санамен астарлас жатқан ұғымдарға, түсініктерге барып пікірлегінін көреміз.

Біз осындай қасиетті бар мақал - мәтелдердің бойынан таппасақ та, көпшілігінен кездестіреміз.

«Оқ» түсіне байланысты мақал - мәтелдердің қазақ тіліндегі варианттары.

«Оқ ит, қора ит - бари бір ит» - ақ ит қара ит, бәрі бір ит.

«Соқолға оқ тушди - құнғилға доғ тушди».

Сақалға ақ түсті, көңілге дағ түсті.

«Оқар су даресин топади - оқ инсон ұз йулин топади».

Ағын су арнасын табады - ақ адам орынын табады.

«Оқ бұғдойнинг қадрини - оч бұлғанда биларсан»

Ақ бидайдың қадірін ашыққанда білерсін

Ағарғанның қадірін қыс шыққанда білерсін.

«Оқ кунда оқарарсан - қора кунда қораярсан».

«Оқлик бор жойда, очлик йўқ».

«Юзим оқ бұлсин десанг- ишингни туғри қил».

«Оқ деган олқиш - қора деган қарғиш».

«Гадога оқ халта хам бир, құк халта Пам бир».

«Қора» сөзінен болған мақал - мәтелдер

«Қорадан ортик оек булмас».

«Қорани ювган билан оқ булмас».

«Қозонга яқин юрсанг қораси юқади

- Ёмонга яқин юрсанг балоси».

Қазақ тіліндегі варианттары

«Қазанға жолама қарасы жұғар
Жаманға жолама, жаласы жұғар».

«Қора кунгил - яра кунгил».

Қара көңіл - жара көңіл».

«Қора итнинг уяти оқ итга тегар».

«Юзнинг қоралиги уят эмас,

Юзи қоралик уят».

Ўзганинг мис қозонидан

Ўзингинг қора қозонинг яхши.

«Қора товоқ тақиллайди

Оқ товоқ шақиллайди».

«Ёғ ичида яйрамаган қора буйрак».

«Қора сувда қаймоқ булмас».

« Қоранинг қони чикқунча

Сариқнинг жони чиқар».

«Қора булутдан тиник сув томар».

«Қора қорнинг - қора қайғинг».

«Қизил» түсіне байланысты мақал - мәтелдер

1. «Қизил этиклигидан келмайди

Кўп этиклигига бермайди».

2.«Қизил эт кетар

Қизарған бет кетар».

«Ашуы болса, жүзі қызарар».

« Юз қизили кетар

Юз хижили кетмас»

«Қизнинг қурки қизилда»

«Қыздың көркі қызылда»

«Қизли уй қизилга туймас»

«Сариқ» түсіне байланысты мақал - мәтелдер

«Сабр таги – сариқ олтин»

«Сабыр түбі - сары алтын»

«Сариқ ит - совға тилар»

«Тухумнинг оқини оқлаб е,

Сариғини сақлаб е».

«Одам оласи ичида,

Молнинг оласи сиртида»

«Адам аласы ішінде
Мал аласы сыртында».

Қорытынды

Тіл - өзін-өзі тудырушы, ұйымдастырушы, реттеуші, дамытушы қабілетке ие. Тілдің бұл сипаты кездейсоқтыққа жол бермейді. Адам санасында туындайтын тіл сана арқылы жасампаздыққа ие бола тұрып сананы құруда қатысады.

Жоғарыда біз түр-түс атауларының ана тілімізде қандай заттар мен құбылыстарды сипаттай алатынын байқадық. Тіліміздегі түр-түс атауларының қатысымен жасалған неше мың анықтауыш тіркестерден бүкіл табиғаттың тамаша көрінісін өзінің табиғи бояу-нақышымен тануға мүмкіншілік алдық. Егер осы құбылысты сөз арқылы емес, көз арқылы танып білсек, қаншама эстетикалық ләззат алған болар едік.

Осыншама көп, түрлі түсті бояудың тіршілік көркі, өмір өрнегі ретіндегі тамаша қызметі, байыптап қарасақ, тек бір затты екінші заттан, бір құбылысты екінші құбылыстан, өзімізді басқадан, өзгені-өзімізден түстерді ажырата білу үшін ғана емес, сонымен қатар олардың тылсым сырын терең аша түсуге, кез келген зат пен құбылыстың, сайып келгенде, ұлы табиғатпен тектес, ұқсас екендігін өзімізге де, өзгеге де паш етуге арналған.

Бұл - мәселенің бір-ақ жағы. Мәселенің екінші, мәнді де маңызды жағы - осыншама бай тілдік фактіні пайдалана, колдана білуімізде. Басқаша айтқанда, түрлі түсті дүниемізді өз бояу-нақышымен, әр қырынан жарқырата, мың құбылтып көрсете білуде.

Ана тіліміздің түр-түс лексикасының байлығымен біз жоғарыда таныстық. Одан аңғаратынымыз: әрбір түстің өз өрнегімен өмірде алатын орны, атқаратын қызметі бар екен. Табиғат, қоғам өмірінің әр саласына сәйкес әрбір түс пен реңктің атқаратын қызметі де, колданыс жиілігі де әр түрлі болады екен.

Жиналған материалдарға қарағанда, барлық салада ең көп колданылатын түс - қара, одан кейінгі - ақ, одан кейін - көк, төртінші орында -қызыл, бесінші орында - сары т.т. Бұл түр-түс атауларын қолданудағы объективті фактор болса, оның субъективті көріністері де жоқ емес. Мәселен, біреуге ақ түстің, екінші біреуге көк түстің, ал үшіншісіне қызыл түстің ұнауы немесе сол түстерге боялған заттардың, табиғи құбылыстардың әр түрлі әсер етіп, ұнамды, ұнамсыз болып көрінуі - өмірде кездесетін жағдай. Жеке адамның түр-түске деген «көзқарасы» тек оның физиологиялық, психологиялық, эстетикалық таным- талғамына ғана емес, сонымен қатар рухани дүниесіне, мәдени-білім дәрежесіне, мінез-құлқына,

ұлттық ерекшелігіне, тіпті жасы мен жынысына да байланысты болады екен. Мәселен, қазақта «Қыздың көзі қызылда» деген мақал бар. Бұл арадағы қызыл түске деген құмарлық, әрине, адамның жасы мен жынысына байланысты екенін аңғару қиын емес. Жас қыздардың қызылды-жасылды көйлек киіп, мойнына алқызыл моншақ тағынуы елдің бәріне аян. Сондай-ақ жас келіншектердің киген киімінің, ұстаған үй жиһаздары мен тұтынған бұйымдарының бояу-нақышы айқын, қанық, түрлі түсті болып келеді. Ал мысқал, не қарт әйелдер болса, «жасы келгек адамға қызыл-жасыл жараспайды» деп, көбіне қоныр түсті киім-кешекті қалайды.

Ал еркектер қауымы ертеректе бас киім, сырт киімдердің қоңырын, қарасы мен салғын түстілерін көбірек ұнатқан. Кейде ашық, кейде қанық түсті жақсы көруді тек адамның жасы мен жынысына ғана емес, сонымен қатар оның мінез- құлқына да (жеңілтектігіне, әлеукештігіне, есаландығына) байланыстырады (мысалы: орыс тілінде «Дурак любит красный цвет» деген сөз бар).

Сондай-ақ қара түстерді ұнатуды, керісінше, салмақтылықтың, мінезі ауырлықтың, байсалдылықтың, ойшылдықтың, кейде тіпті қаталдықтың нышаны деп тану да бар.

Түр-түске байланысты мұндай жеке адамдардың ғана басына тән қасиеттерді ескеру, оларды зерттеу медицина, психология, физиология пәндерінің міндетіне жатады. Алайда, ондай ерекшеліктердің біразын тіл мамандары да байқай алады екен. Мәселен, жеке адамның бір түсті не ұнататынын, не ұнатпайтынын білудің бір жолы - олардың жазғандарына талдау жасап, әр түрлі түстер мен реңктерді қолдануын анықтау. Ақын-жазушының қай түсті қанша рет қайталауы мен қай ынғайда көп не сирек қолдануы зерттеуші назарынан тыс қалмау керек және ол статистикалық-есептеу тәсілдерін пайдалануды талап етеді. Ақын-жазушы стиліне байланысты тұжырым жасау үшін зерттеушілердің ескеретін бір жағдайы: бірде-бір қаламгер түр-түсті алдын-ала сайлап, тандап алмайды, қолданыстың барлығы стихиялық түрде іске асады. Демек, ол түр-түстерді әдейілеп емес, жеке басының таным-талғамына сай қолданады. Міне, осыған байланысты автор тілінің ерекшелігі мен стильдік мәнері хақында тұжырым айтуға болады.

Осы мәселені арнайы зерттеген лингвист ғалымдар орыс ақын-жазушыларының ішінен, мәселен, М.Горькийдің қызыл түсті, И. Куприннің сары түсті, Паустовскийдің пейзаж бояуларына тән көк, көгілдір, жасыл түстерді елден ерекше көбірек қолданатынын анықтаған. Сол сияқты М. Шолоховтың «Көтерілген тың» атты

романының тілін арнайы зерттеген ғалым М.А.Ляпина жазушының ең көп, әрі жиі қолданатын сөз тіркестері қара түспен, одан кейін ақ түспен, үшінші орында сұр түспен келетінін дәлелдеп шыққан.

Дәл осындай жағдайды біз қазақ ақын-жазушыларының сөз қолданыстарынан да байқаймыз. Мысалы: С. Сейфуллин өз шығармаларында қызыл, І. Жансүгіров - көк, жасыл, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісовтер - қара түс атауларын көбірек те жиірек қолданатынын көреміз.

Түр-түстерді қолдану тенденциясы дегенде екі түрлі жағдайды ескерген жөн: біріншіден, бір түстің атауын қайталап, оны жиі қолдану; ол автордың белгілі түске құмарлығын, әуестігін аңғартады, оны статоллингвистикада қолданыс жиілігі дейді; екіншіден, белгілі бір түсті әр алуан сөздермен қиыннан қиыстырса, орынды да, образды тіркестіре білу; бұл арада ақын-жазушының сөз саптау тәсілін, стильдік ерекшелігін аңғарамыз. Бұл ерекшеліктермен қоса, автордың өз басына тән психологиялық, эстетикалық, шығармашылық ерекшелігі, сондай-ақ дүниетанымы, ой толғанысы, мінез-құлқы, көңіл-күйі, т.б. қасиеттері тұруы сөзсіз.

Бірақ түр-түс атауларын қолдану дегенді біз қаламгерлердің бояу-нақышқа әуестігі деп түсінбеуіміз керек. Лексикамыздың бұл байлығын жете меңгеру - табиғат құбылысын, адам мен қоғам өмірінің сан қырларын жетік білу.

Сонымен, түр-түс табиғатының өте күрделі құбылыс екенін, атап айтқанда, өмірдің өзімен өзектес жатқан, тілмен бірге туып, бірге қайнасып, сөз байлығының сан алуан саласымен мидай араласып кеткен етене құбылыс екенін байқадық. Тіліміздегі мындаған түр-түс атауы тіл байлығымыздың сүбелі саласы, көркем сөз шеберлігін шыңдай түсуге, тілдік мүкіншіліктердің өрісін кеңейте түсуге қажетті, әсерлі де әсем, бейнелі де айшықты сөз өрнегі болып саналады. Тіл - өзін-өзі тудырушы, ұйымдастырушы, реттеуші, дамытушы қабілетке ие. Тілдің бұл сипаты кездейсоқтыққа жол бермейді. Адам санасында туындайтын тіл сана арқылы жасампаздыққа ие бола тұрып сананы құруға қатысады.

Жоғарыда біз түр-түс атауларының ана тілімізде қандай заттар мен құбылыстарды сипаттай алатынын байқадық. Тіліміздегі түр-түс атауларының қатысымен жасалған неше мың анықтауыш тіректерден бүкіл табиғаттың тамаша көрінісін өзінің табиғи бояу-нақышымен.

Бүгінгі күнде пән техника дамыған дәуір. Оқушылар, жастар компьютерге қызығушылығы артқан кез. Аяныштысы,

оқушыларымыздың сөз байлығы, тіл байлығы «жоқ» десек қателеспейміз. Өйткені олар кітап оқымайды. Бұл біздің өткізген сұхбаттарымыздан көрініп тұр. Болашақта мен тіл біліміне өз жаңалығыммен кіріп, өзбек, қазақ, орыс фразеологиялық түсіндірме сөздігін жасап тіл біліміне өз үлесімді қосамын.

МАРАЛДЫ - АТАМЕКЕН, ҚҰТ МЕКЕН

Н.А. СОЛТАНОВА

9 класс оқушысы, Жылыбұлақ негізгі мектебі, Шарбақты ауданы

С.Қ. ҚАЛДЫБАЕВА

жетекші, Жылыбұлақ негізгі мектебі, Шарбақты ауданы

Атамекен - өткен дәуірлер шежіресінің куәсі, ата-бабалар өмірінің тұрмыс-тіршілігінің айнасы. Саналы да ақыл парасаты мол, ұлтжанды, рухы биік, мәдени-ғылыми өрісі кең ұрпақ тәрбиелегісі келген адам, данышпан бабаларымыздың өсиет-өнегесін, ақыл-ойын, тәжірибесін пайдалануы керек.

Шыр етіп жерге түскенде ауасын алғаш жұтқан ауылың, тәйтәй басып, табаның топырағыңның ыстығын тұңғыш сезген жерің ұмытылар ма? Сенің ауаң, сенің ыстығың басқа жерлердікіндей болмас-ақ. Осындай аяулы жер, қасиетті өлкенің бірі – Маралды өлкесі. Маралды өлкесі Павлодар облысының Шарбақты ауданында орналасқан, ол солтүстігінде Успен ауданымен, солтүстік-шығысында Алтай өлкесімен, ал батысында Павлодар ауданымен шектеседі. Өңірдің жері Ертіс жызықтығымен шектесіп, Батыс Сібір ойпатымен астасып жатыр. Ауа райында оқыс өзгерістер болып тұрады. Жазғытұры және жаз айларында болатын құрғақшылық пен жауын-шашынның аздығы, қысқы айлардың суықтығымен, жаздың аптабы, кейде құрғақшылыққа әкеліп соғады. Қырларында жидегі сыңсып, шілігінде әлі күнге қарақаты мөлдіреген Маралды, жаз болса көлдің беті құстан көрінбейді. Көлінен балалар шабақ аулайды, осыдан 50-60 жыл бұрын қара балығы бір үйді қарық қылса, шортанын жасөспірім әрең көтерсе, бұл күнде оның бөрі азайған. Маралдының балалары белбеу таққанмен белдесіп, қара сөзді қуырып, қуырдақ жасап бермесе де, қара сөзден қамыр илеп беретіндері анық. Қазақ сахарасына танымал жерлес ақын Мұзафар Әлімбаев атын алты алашқа шығарған Маралды көл де осы жерде өзінің құшағын төккен. Маралды көлінің шипа сулы екендігін жаздың үш айы бойы көлге жан-жақтан ем іздеп ағылатын

адамдар дәлелдейді. Айналасында алпыс төрт бұлақтың көзі бар Маралды көлінің маңы мен Қызылтаңның қыры сулы да, нулы да өңір. Мұнда күн көріске керекті отын, тал, қамыс, судың молдығы, балық, тұз, ақ балшық, шым, мүк, мал паналайтын қалың өскен тал-шыбық – бәрі адам үшін өте пайдалы. Байжырықтың Маралды көлімен қосылған жеріндегі жардың құламасын қарасақ, көптеген ертедегі хайуандардың сүйектері кездеседі. Бұл сүйектер туралы мәліметтерді нақты ғылыми тұрғыда зерттелген археологиялық деректерден аламыз. Павлодар өңірін көне заманнан бері бастапқы адамдар мекен еткен, бұған табылған көптеген археологиялық заттар мен ескерткіштер дәлел болады. Археологиялық кезеңдер бойынша адамзат тарихы тас, қола және темір дәуірлеріне бөлінеді. Тас дәуірі өз алдына мынадай кезеңдерге: палеолит /көне тас дәуірі/, мезолит /орта тас дәуірі/ және неолит /жаңа тас дәуірі/ болып бөлінеді. Палеолитке төменгі палеолит /2 млн.-40 мың жыл бұрын/ және жоғары палеолит /40-12 мың жыл бұрын/ кіреді. Тас дәуірінен қола дәуіріне өтпелі кезеңді энеолит немесе мыс-тас ғасыры деп те атайды. Біздің облысымызда бар материалдық мәдениеттің ескерткіштері археологиялық кезеңдендірудің барлық кезеңдеріне де қатысты. XVII ғасырға дейін қазіргі Павлодар, Қарқаралы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының далалық алқаптары Орта жүз руының атамекені, көшіп-қонатын жайлауы болған. Олардың қыстаулары қыста малға жайлы Сыр бойында, Қаратау маңында болатұғын. Ш.Уәлихановтың айтуынша XIV-XVI ғасырларда арғындардың көшіп-қонуы Сырдария бойынан көне қыпшақтардың көш жолы мен Есіл, Ертіске дейін созылған. Жалпы тарихи деректер бойынша Сырдария мен Түмен аралығын, бүкіл Батыс Сібір ойпатын негізінен арғындар мен қыпшақтар жайлағаны белгілі.

XIX ғасырда рулар болыс құрап, бірнеше болыстар уездерге айналады. Осы кезде Кереку-Ертіс өңірін Павлодар уезі жайлаған. Павлодар уезі – Дала генерал-губернаторлығындағы Семей облысының солтүстік бөлігінде орналасып, оңтүстігінде Қарқаралы уезінің шекарасынан шығысы мен солтүстік-шығыста Том губерниясына дейін созылып жатқан үлкен кең байтақ территорияны алып жатты. Батысында уезд Ақмола облысымен, оңтүстік-шығысында Семей уезімен шектес болған. Уезд аумағы 103788,2 шаршы шақырымды құрап, облыстың барлық аумағының төрттен бір бөлігіне тең келген.

1893 жылғы халық санағы мәліметтері бойынша уезде 114145 тұрғыны бар 21877 шаруашылықты біріктіретін 144 старшындық

болған. Уездің аумағын оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ағып жатқан Ертіс өзені бөліп жатты. Ертістің оң жағалауында үш болыс: Теренкөл, Ұрық және Маралды қоныстанса, сол жағалауында 13 болыс болған.

1890 жылдары қазақ сахарасында Ф. Щербина бастаған экспедиция жұмыс жүргізеді. Олар Павлодар уезіне қарасты барлық болыстарды зерттеп, аралап құнды деректер қалдырып кеткен. Сол Ф. Щербина мәліметтеріндегі Маралды болысы туралы: «Қыркүйектің 5-10 кезінде қазақтар қыстауға жинала бастайды. Қыстауға келімен олар алғашында киіз үйде тұрады, себебі қысқыға орын дайындау керек» - XIX ғасырда Сібір, Орталық Азия, Мәуреннахр, Еділ бойы сияқты өлкелерді мекендеген түркі-мұңғыл руларының терең зерттеген В.В.Радлов – «Қазақ киіз үйі ішкі құрылысы жағынан басқа көрші түркілерге қарағанда әлдеқайда көркем және кең» - деп баға берген, «Ерлер киіз үй дайындап, баспана жөндеумен айналысып жүрген кезде әйелдер де қысқыға дайындалады: тезек жинайды, қи ойып, саман соғып, оларды бір үймеге үйіп, бетін жаңбыр тимеске жауып қояды. Сонан соң жігіттер қыстауға шөптерін үйіп, орманға отынға барады. Осы уақытта қыркүйектің 15-20-сы кезінде қойлардың күзгі қыркуы да келеді, оны қазақтар күзем деп атайды. Қойшылар қазақи қайшыларымен қырқады, оны олар қырықтық деп атайды. Ал әйелдер қыркылған жүндерді жинап, ретке келтіреді. Айта кетерлік бір жағдай, күзгі қой жүні көктемдегіге қарағанды сапалы келіп, сату үшін де, тоқып-жарату үшін де өте қолайлы. Күзде қазақтардың жұмыс уақыты күннің шығуынан: құрт-ірімшік қайнатып, бауырсақ пісіруден басталады. Кейде сықпа құрт та жасап жатады. Үй иесі қойларды жайлауға жіберумен айналысады, күзем кезінде қойлар сауылмайды, тек сиырларды сауып, артынан өріске жібереді. Олардың артынан артынып-тартынып бақташы /немесе қойшы/ кетеді. Ал бұзаулар ауыл маңында қараусыз жүреді. Күзде бие сауыны тоқтатылады және олар енді күні-түні далада жылқышының бақылауымен жайылып, ауылға суарылуы үшін ғана әкелінеді. Тек кейбір байларда ғана бірнеше сауынды биелері болады. Қыстауға келімен олар қыстаудан алыс жерлерді қолдануға тырысады, себебі қар түсіп, суытқан кезде ол жерлерге қойларды жіберуге ыңғайсыз болады. Күн батысымен қойлар мен малдарды ауылға айдап әкеледі. Әйелдер кешкі сиырды сауып, кешкі асты даярлайды. Қазақтар таңғы мен түскі асқа қарағанда кешке көп тамақ ішеді. Күзде әр кеште ет асылады. Күн суытуымен олар үйшіктеріне көшеді, ал киіз

үйлерді ендігі көктемге дейін жинап тастайды. Алғашында барлық малдар бұрынғыдай жайылады, тек арықтар мен әлсіздеріне аздап өп беріледі. Осы уақытта малдың бағылуына және жалпы малдың жағдайына дұрыс қарау тиіс. Қар қалыңдамай малдарды қыстаудан алыс және қай жерде шөп сирек, тапал жерлерге бағуға тырысады, ал қалың шөпті жерлерді кейінгіге сақтайды, себебі қар қалың шөптің бауырына мол түсіп, қыста қойлардың жемтік табуына қолайлы. Қарамал қалың, құрғақ және биік шөпті қар астынан жұлып, өз қалауынша жейді. Қазанның соңына қарай, қарашаның басында қысқыға мал сойыла бастайды, яғни соғым кезеңі. Сойылған еттің жартысын қатырады, тұздайды және кептіріп қояды. Негізінде жылқы және қой етін кептіреді. Кептірілген ет, яғни «сүр» - кейбір үйлерде келесі соғымға дейін сақталады.

Қыста көбінесе піскен ет жейді. Егер өздерінде тары мен ұнның артығы болса, олардан көже жасайды, кейде ботқа пісіріп, күнде бауырсақ жейді. Қыста қазақтарда қымыз сирек кездеседі, тек байлары ғана сауынды бие ұстап, қымыз жасайды, ал орташа тұратындардың қолынан бие сауу келмейді. Сиырлар негізінен көктемде бұзаулайды және осы кезде жем-шөп азайып, сүтті аз береді. Сүті бар үйлердің қатары азаяды.

Қар қалыңдап, тұрақтанғанда малдарды шөпке қояды және тек жылы күндері ғана бос жайылуға жібереді. Түнгілікте қойларды жылы «қойқораға», сиырларды «сиыркораға» кіргізеді, яғни жабық алаңдарға, олардың қабырғалары көбінесе ескі қидан, қамыстан қатарланып тұрғызылады. Қойлардың ашық алаңын «қой-алаң», сиырлардың ашығын «сиыр-алаң» деп атайды және сонда олар мал жайлайды. Қойларға шөпті аяқтарының астына шашып, күніне екі рет жайлайды. Олардан қалған қырқындыны сиырларға береді. Қойларды күнара, ал сиырларды күнде суарады. Мінілетін немесе жұмыс аттары жеке немесе кейде шөптің өзінде тұрады. Кей жылдары шөпті аз көлемде жиып, ал қыс созылып кетіп, малдарға жем-шөп табу қиындықтары туындағанда, қойлар мен мүйізді малдар үшін орындарын кеңейтеді. Бұл жұмыс былай атқарылады: жігіттер қолдарына күректерін алып, шөптің үстінде жатқан қалың қарды тазалайды. Жердің көлемін ұлғайтудың нәтижесінде малды қыстан аман-есен алып шығады.

Көктем келіп қар ерісімен малдарды шығара бастайды. Себебі бұл уақыт /наурыз/ қойдың қоздап, сиырдың бұзаулау уақытымен тұспа-тұс келіп, туылатын төлдерді қарауды қажет етеді. Егер де жаңа туған қойлардың қозылары әлсіз болса немесе күннің суықтығы байқалса, оларды қыстаққа алады. Жер құрғасымен киіз

үйлер тұрғыза бастайды. Көктемде мүйізді қара мал ауыл маңында қараусыз жайылып, тек түс уақытында ауылға әкеліп, сауылатынын сауып, қалғандарына бұзауларын жібереді. Артынан өріске қайтадан айдалынады. Сол сияқты қойлар да түскілікте қозыларын емізуге әкелінеді. Қозылар күн жылынғанша қыстақта, ал кейде түнгі уақытқа киіз үйде де тұрады. Егер қыс жақсы өтсе, қойларды түсте де сауып, сүт алады.

Жалпы көктемнің басы қазақтар үшін ең қолайсыз уақыт, себебі көктемде қысқы азық таусылып, сүт тапшылығы орын алады. Бірақ сәуір айының аяғынан бастап сүт пен қымыз көбейіп, мейрамдар басталады.

Ерте көктемде жаңадан шыққан жасыл шөп сирек және өткен жылдан қалған қалдық тапшы болғандықтан, қазақтар бір ауыл болып емес, бір немесе екі киіз үйден тұрады. Сосын жаңа шөптің қоры молайған уақытта қайта ауыл болып бірігеді. Мамырдың басында қайта көктемгі қой қыркы уақыты келеді. Көктемгі қыркылған жүн «жабағы» деп аталады. Мұны көбінесе қысқы – күпі, шидем тігуде қолданады және бұл жүн саудада қымбат келеді. Мамырдың екінші жартысында қазақтар жайлауға кетеді. Киіз үйді жинап, табынды айдап кешкілікке дейін басқа жаңа жерге жайғасуға үлгерулері тиіс. Ақсақалдардың айтуына қарағанда, бұрын көшіп-кону кезінде жігіттер мен қыздар атқа мініп, керуенді шығарып салады. Қазіргі кезде ескі салт-дәстүрдің ішінен ерулік сақталған, бұл дегеніміз жайлауға ерте барғандар кейін келгендерді қой сойып, ет асып асқа шақырады.

Жайлауға келген соң әр ауыл өз құдығының маңына жайғасады. Осы мекендеріне келісімен ерлер құдықты тазалау ісіне кіріссе, әйелдер киіз үй тігуге кіріседі. Жазды күні жұмыс уақыты күн шығысымен басталып кетеді: бақташылар қойларды жайлауға шығарады, ал қара мал өзі қараусыз жайылады. Бұзаулар мен қозыларды балалар ауыл маңына жаяды. Сағат 9-10-ның шамасында жылқы табының ауылға айдап әкеледі. Жабағыларды нөкталап «желіге», яғни екі-үш ағашқа бекітіліп жер бетінде жатқан арқанға байлайды. Сонымен бие сауу науқаны басталып кетеді. Негізінен биені ерлер сауады, тек кедейлерде ғана әйелдер сауған. Көп жылқылы ауылда қысыр, яғни тумаған биелер жеке жүреді, олар түсте су ішіп, қайта жайлауға кетеді, ал құлынды биелер көбінесе су маңында жайылады.

Жазда биелер күніне 10 шақты рет сауылады, ал күзге таман күніне үш ретке дейін қысқарады. Қарамал түсте және кешкілікте

екі рет сауылады. Кешкілікте биелерді ақырғы рет сауып, суға келген тумаған биелерге құлындарымен қоса, түнгілікке жайылуға жіберіледі. Жазғы уақыт әйелдер үшін қысқыға азық жинау уақыты болып табылады. Жаз бойы әйелдер: күрт, ірімшік, май жинайды. Сонымен қатар сүттен қатық, айран немесе іркіт жинап, күрт қайнатады. Қазақтар майды қойдың қарнында сақтаған. Маусымда қозылардың қырқуы аяқталған соң, олардың жүнінен көшмі жасалады. Ал шілденің екінші жартысынан бастап қазақтар күзегуге орныға бастайды, себебі шөп жинау уақытымен бірге егін жинау науқаны да келеді, сондықтан күзеуге жақындай бастайды. Күзеуде қазақтар көп уақытқа жайғаспайды, сөйтіп қыркүйектің ортасында олар қыстауға қайта оралады.

Сауда. Жергілікті қазақтар мал өсіріп, мал сатумен айналысқан. Сонымен қатар бұл саудагерлер Барнауыл округінде өтетін Созын жәрмеңкесіне барып шаруалардан жылқылар сатып әкелетін. Тебіндейтін жылқыларды қыста тебінге жіберіп, ал жай жылқыларды Ертістің жағасындағы мол шөпке жайған. Сәуірге таман сатуға арналған табындарды бір жерге жинап, Ақмола және Атбасар арқылы Орынборға айдап апарып сонда сатқан. Бұрын Орынборға қара малды да апарған көрінеді, бірақ кейін қара малдарды бес жасқа дейін асырап, Томск губерниясынан келген ірі саудагерлерге сатып ақша қылған. Ал жүн, тері, майды жаз бойы жинап, ұсақ саудагерлерге ақшаға сатқан, кейде затқа айырбастаған. Кей кездерге қара малды тайша кезінен соғымы жоқ кедейлерге берген, бірақ олар келесі жылы оның орнына құнан немесе өгіз беруге тиісті болған. Қыста азықтары таусылғандарға байлар қарызға ақша берген, бірақ оның қайтарылуы үстінен 20 пайызға дейін жеткен.

Сонымен қатар мұнда егіншілікпен де айналысқан, бірақ қазақтар бас кезінде бұл істі жетік меңгермеген. Олар жерлерін орыс шаруаларына беріп, шыққан өнімді қақ бөліп алып отырған. Артынан бұл істі жетік меңгерген соң, өздерін егін еге бастады. Қазақтар жер жыртуға ойлы өсімдік жамылғысы мол, төмен жерлерді таңдаған, себебі мұндай жерлер қарашіріктілі, қаратопырақты болып келеді. Жерді 3-4 жылда бір ауыстырып отырған. Жерді өңдеу түмендік соқамен жүргізілген. Мұндай соқа сол кезде 8-10 рубль тұрған, ол соқаға екі пар жылқы немесе өгіз жегіп жер жыртқан. Негізінен жерді жырттып, егін егуді мамырдың басынан бастаған». Щербинаның бұл этнографиялық мәліметтері қазақ халқының этнографиясы үшін табылмас туындылардың бірі болып табылады. Сонымен қатар Щербина бұл еңбегінде

тек Маралды болысы ғана емес, басқа болыстар, жалпы уезд қазақтарының өмірі жайлы баяндаған.

Қазіргі күнде үлкен Маралды болысының орнында «Жылыбұлақ» атты кішкентай ауыл қалған.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙИНЫ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫ

Ә. СҮЛБАЕВА

7 сынып оқушысы, № 2 Ертіс қазақ жалпы орта білім беру мектебі,
Ертіс ауданы, Ертіс ауылы
А.А. БЕКНИЯЗОВА
математика мұғалімі, ғылыми жетекші, № 2 Ертіс қазақ жалпы орта
білім беру мектебі, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы

Менің бүгінгі ғылыми жобалар сайысына ұсынып отырған жұмысым «Тоғызқұмалақ ойыны ұлтымыздың ақыл – ойы» деп аталады.

Тоғызқұмалақ ойыны логикалық ойын, ол туралы Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз: «Логика өнері - адамның ақыл - парасатын жетілдіруге көмектесетін құрал, ал математика - барлық ғылымдардың тұңғышы және оларға пайдалы да, қажет», - деген. Бұл адамның ақыл - ойын шындап, ми қызметін жетілдіретін спорттық ойын. Сондықтан, мұның тек ұлттық бағытта емес, жалпы әлемдік деңгейде де маңызы өте зор, өйткені тоғызқұмалақ сияқты ойындарды ойнаған бала есейе келе өзінің күнделікті нақты жоспа-рын құрып, дүниеге көзқарасы молайып, жетілген тұлға болып қалыптасады. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жасөспірімдердің үлгілі, өнегелі тәрбие алуы - қазіргі міндеттердің бірі.

Менің бұл жұмысымда, тоғызқұмалақтың - әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері, зияткерлік ойын, оның адам санасын жетілдіру мен ақыл - ойын кемелден-діретін математикамен тығыз байланысты екенін көрсету болып табылады.

Бұл жұмысының тақырыбы қазіргі таңда ең өзекті болып табылады, себебі, қазақ халқының тарихи - мәдени мұраларының түрлері сан алуан, солардың қатарындағы “Тоғызқұмалақты” ойын ретінде ғана емес, зияткерлік өнер екенін, оның танымдық, тағлымдық ғылым ретіндегі ғылым салаларының бірі математикамен байланыстылығының маңызы зор екенін көрсету, сонымен қатар адамзаттық деңгейде де өзімнің үлесімзді қосу болып табылады.

Ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақтың атауынан бастап, жүрістерінің ережелері мен ойын тактикасына дейін математикамен тығыз байланысты екендігінде. Егер балалар мен жасөспірімдер тоғызқұмалақ ойынының тек ғана спорттық ойын емес, ол ой-өрісті жетілдіретін, тапқырлық қасиеттерді арттыратын, математикамен, информатикамен тығыз байланысты зияткерлік ойын екендігіне көз жеткізсе - болашақта осы төл ойынымызды жаппай меңгеріп, ұлттық құндылығымызды қызғыштай қорып, өркендей беруі үшін барын салып, Қазақстан мемлекетінің әлемге атын шығаратын азамат болып шығады.

Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта - ақ қалыптасқан.

Тоғызқұмалақ ойыны туралы ең алғашқы деректер ХІІІ ғасырдан бастап, қағаз бетіне түскен. Оны сол уақытта Жетісу мен Тарбағатайды басып өткен кезде, осы өңірді мекендеген ру тайпалардың тұрмысы, әдет - ғұрыптары, ойын-сауықтары жайлы көптеген этнографиялық материалдар жинап, Еуропа жұртшылығына таныстырған итальяндық саяхатшы Плато Карпини болды. Одан кейін де қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинаған ғалымдар бар. Соның бірі этнограф Н. Пантусов ең алғаш рет «Тоғызқұмалақ» ойынының фотосуреті мен ойнау тәртібін қағаз бетіне түсірген. 1906 жылы Н. Пантусов «Бұл ойын өте көне және кім ойлап тапқаны белгісіз. Ол қазақтың үш ордасының барлығына тегіс тараған» деп жазды. Бұл ойынды «Қойшылар алгебрасы» яғни, малшылар математикасы деп те атайды. Себебі, тоғызқұмалақты ертеректе ауыл қойшылары жайлауда бір төбенің басына жиналып, қойдың құмалағымен ойнайтын болған. Тоғызқұмалақ ойынының аса бір өзіндік ерекшелігі күрделі құрал - жабдықтарды қажет етпеген.

Одан кейін Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ғ. Мұсабаев жүргізген этнографиялық зерттеулері нәтижесінде «Тоғызқұмалақтың» тас бетінде қашалып салынған таңбалары табылған.

«Таңғажайып тоғызқұмалақ» атты кітапта оның авторлары М. Шотаев пен С. Ақназаров: «Жалпы түркілік өркениеттің қайталанбас үлгілерінің бірі – тоғызқұмалақ туралы әлі күнге толымды, танымдық еңбектер жоқтың қасы», - деп атап көрсеткен екен.

М. Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсуі қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру

тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М. Тәнекеев, Б. Төтенаев, М. Балғымбаев, Ә. Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Ұлы Абай айтқандай «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» демекші, сол пікірлер бала өмірінде ойынның маңыздылығын шешуге көп әсерін береді. Сондықтан, адам баласының дүние танымы кенейеді, сөздік қоры, ойлау қоры дамиды, білім сауаттылығы математика, физика, химия сияқты пәндерді терең меңгерулеріне көп септігін тигізеді.

Сөз өнерінің қуатын жетік түсінген бабаларымыз ұрпағының зерделі ойлы болуы үшін де көп тер төккен. Кез – келген өнер туындысы болсын, ақыл – ой шығармашылығының жемісі болсын оның атауына да ерекше мән берген. Құмалақтың (тастын) не сегіз, не жеті немесе он бір, он үш болмай дәл тоғыз болу себебі кездейсоқ емес. Қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілінде көп кездесетін сандардың бірі – тоғыз. Тоғызқұмалақ ойынының атауы осылайша пайда болған ба? Әлде тоғыз санының өзіндік арифметикалық ерекшелігі бар ма? - деген сұрақтың туындауы заңды. Мен де бұл ойын есеп ойыны болғандықтан, оның аты қалай болса солай қойыла салмауы тиіс деп ойлаймын. Жалпы «Тоғыз» саны ежелгі түркілерде көптік мағынаға ие болған.

9 – «тоғыз»: «тоғ+ ыз (ic)», «тоқ+ ыс (ic)», «тоғыс!» (icтің бітуі, аяқталуы, тоғаюуы), басқаша айтқанда, берілген пешенені толық атқарған жанға қатысты «Ісің толысты!» деген ризалық батаны білдіретін таңба. Сөйтіп, 9 цифр рухани санамақ алгоритмінің сәтті бітетін шегі болып табылады. Бұл — математика әлемінде тоғыз санынан соң бір цифрлы сандар тізбегі бітіп, қос цифрлы сандардың шебі он санынан басталады деген сөз..

Ойындардың Ықтималдық стратегияларды зерттеудің математикалық әдісі ойындар теориясы деп аталады. Жүріс дәлдігі немесе айтқанда дәлдік (атжетер) деп, отаудың ішіндегі тастардың санына байланысты соңғы тастың дәл қай отауға түсетінін алдын ала анықтауды айтамыз.

Оны математикалық амалдарымен табуға болады. Тоғызқұмалақты «шексіз қозғалыс» ойыны деп те қарастырған жөн. Өйткені осы ойындағы 162 құмалақтың ерсілі – қарсылы қозғалыстары өте көп. Сол шексіз қозғалыстардың тақтадағы түрліше өзгерістерін жадында сақтай алатын, логикасы мықты, қиялы жүйрік адам ғана бұл ойынмен тереңдеп айналыса алады.

Жүрістерді есептеу жолдары көп, солардың бірнешеуіне тоқтала кетейін:

Тоғызқұмалақ ойынын жақсы меңгеру үшін тақ, жұп сандарын үйрену тақ сандар (1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21....) ашық жұп сандар, (2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20....) жабық деп жазған жөн. Тоғызқұмалақ ойынында ескерте кететін нәрсе тақ санды құмалағы бар отаулар тоғызқұмалақ тілінде-ашық жұп санды құмалағы бар отаулар – жабық отаулар деп аталады.

Есептеу жолының бір түрі:

Бұл-жүрісті есептеудің ең жеңіл жолы. Жүріс жасалатын отаудағы соңғы құмалақ дәл қай отауға барып түсетінін табудың бұл жолы ілгері және кері есептеу болып табылады. Мұнда 10, 19, 28, 37 сандарын әрқашанда есте жақсы сақтай білу керек. Оның себебі жүріс кезінде 10 құмалақ жатқан отаудан басталған жүріс қарсыласының аттас нөмірлі отауына дәл барып түсіп жатады. Отауда 19 құмалақ болса, ол отаудан басталған жүріс құмалақтарды барлық отауға бір-бірден салып шыққанда, соңғы құмалақ қайтадан өз орнына қайтып келіп түседі. Отауда 28 құмалақ болса, екі жақтың барлық отауларын бір айналып шығып, қайтадан қарсыласының аттас нөмірлі отауына дәл барып түсіп жатады.

Отауда 37 құмалақ болса, ол барлық отауды екі айналып шығып, қайтадан өз орнына келіп түсіп жатады.

Тағы да мысалдар қарастырайық: Ойын 20 ұяшығы бар тақтадан тұрады. Оның екі ұяшығы - қазан ойынға қатыспай, тек тастарды жинау үшін қолданылады, ал тақтаның бүйір жақтарына көлемі қазан ұяшығының көлемінен кіші, әрқайсысында тоғыз ұяшықтан, барлығы -18 ұяшық орналастырылады. Ойында 162 тас қолданылады. Демек, бұл ойынға 2; 18; 162 сандары қатысады.

$$2 * 9 = 18, 18 * 9 = 162.$$

Мүшелерінің осындай қасиеті бар сан тізбегін геометриялық прогрессия дейміз.

Анықтама: Екінші мүшесінен бастап әрбір мүшесі өзінің алдындағы көршілес мүшені көбейткенде шыққан сандардың тізбегі геометриялық прогрессия деп аталады. Көбейтілетін тұрақты сан геометриялық прогрессияның еселігі деп аталады.

$B_n = b_1 * q^{n-1}$ геометриялық прогрессияның n-ші мүшесінің формуласын пайдаланамыз:

1-мысал. Берілгені: $\{b_n\}$ - геометриялық прогрессия.

$B_1 = 6, q = 1/3$ Табу керек: $b_6 = ?$

Шешуі: $B_6 = B_1 * q^{6-1} = 6 * (1/3)^5 = 6 * 1/243 = 2/81.$

Жауабы 2/81 (Тең ойын)

Тоғызқұмалақ ойынында ата - бабаларымыздың философиялық ой-түйіні, пәлсапасы жатыр деп айта аламыз. Ойынның математикамен байланысымен қоса, оның компьютердің жады ұяшықтарының жұмыс істеу принциптеріне, мәселен әр ұяда жалғыздан тас қалдырмай оны жұптап жүріп отыру екілік санау жүйесіне де қатысты екені анық. Атап айтқанда бұл, компьютердің екілік сандармен арифметикалық және логикалық операцияларды орындауға арналған арифметикалық – логикалық құрылғысының, оның жұмыс істеу принциптерінің негізі болып табылады. Тоғызқұмалақтың жөні бөлек. Жасанды интеллектінің, яғни тоғызқұмалақтың компьютерлік нұсқаларының жасалуы тоғызқұмалақшылар арасында ойынға деген қызығушылықты арттырғаны анық. Олай болса, қазіргі таңда компьютерге беріліп кеткен балалардың ойлау жүйесін дамытатын «компьютерлік тоғызқұмалақ» сияқты ойындарға бетін бұрып, қазақы дәстүрге түп - тамырға оралудың бір жолы деп қарастырған жөн.

Тоғызқұмалақтың 400-ге жуық түрін жеке - жеке зерттесек, үлкен зияткерлік ғылым, этноматематика ғылымы туындайды. Бұны қазір еуропалық ғалымдар зерттеп жүр, ал Орта Азияда, Қазақстанда жалпы алдағы уақытта зерттеледі деп ойлаймын.

Әр елдің ұлттық спорт ойындары бар. Әр ел өзінің ұлттық құндылықтарын жоғалтқысы келмейді. Қызғыштай қорып, өркендей беруі үшін барын салады. Төл спорт ойындарының арқасында мемлекеттің әлемге аты шығады. Қазір бокс десе, көз алдына Куба елі келеді. Ал футбол десе, Бразилия бірден еске түседі. Тоғызқұмалақ десе, жұмыр жердің көз алдына Қазақ елі елестейтін күнге Алла Тағала жеткізсін деп тілейік.

Тоғызқұмалақтан мемлекеттік бағдарлама қабылдау. Бұл бағдарламада ұлттық ойынды мектеп бағдарламасына енгізу, телеарналарда сабақтар жүргізу, газет және журнал ашу мәселелері қарастырылуы тиіс. Себебі, қазіргі қоғамда ең басты міндет – жасөспірімдердің зияткерлік деңгейін көтеру. Бұл – зиялы ұлт болып қалыптасудың маңызды жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақназаров С., Шотаев М. Таңғажайып тоғызқұмалақ. - Астана: «Глори» ЖШС, 2011.
2. Аманжолов. С.А. –Тоғызқұмалақ - қазақтың ұлттық ойыны. Алматы, 1936.
3. Бизақов С., Тілеубаев С. Тоғызқұмалақ әліппесі. - Алматы, 2000.

4. Жүнісбаев., Ақшораев Ә Н. - Тоғызқұмалақ” (ойынның кодексі мен классификациясы). Алматы: “Мектеп”, 1980.
5. “Қазақ халқының энциклопедиясы”. 2003.
6. Сұлтанбеков Т – Тоғызқұмалақ ойыны. - Алматы, 2001.
7. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік алфавиті және көне түрік дүниетанымы. «Түркология» журналы. – 2004. – № 1. – 32 б.
8. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: “Қайнар”, 1994. – 79 б.

ЗЕРДЕЛІ ДЕ, ЗИЯЛЫ БАБА- ҮБІС БИ

А. ТӘҢІРБЕРГЕНҚЫЗЫ

11 сынып оқушысы, №31 орта мектебі, Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы

Т.Б. ЖАЛИЕВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, №31 орта мектебі,
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы

Өткенге көз жүгіртіп, ел, жер тарихының беттерін парактап, ел аузында сақталған әңгімелерге ден қоятын болсақ, қасиетті Сыр бойы да небір ел қорғаған батырлардан, таңдайынан бал тамған жыраулардан, қисыннан қиыстырған сөз зергерлері ақындар мен шешендерден, билерден, табиғаттың таңғажайып құпияларының сырын білген көріпкел әулиелерден кенде болмағанына көзіміз жетеді. Өкінішке орай, олардың көпшілігі әлі де тарихтың төрінен өз орындарын ала алмай келеді. Кешегі кеңестік дәуірде олар туралы еркін аузын ашып айта алмадық. Әсіресе, әулие, әмбиелер туралы сөз қозғау тіпті де мүмкін емес еді.

Қасиетті Сырдың топырағында туып, өсіп өздерінің Алла берген қасиеттерінің арқасында әулие атанған бабалардың санатында біздің аталарымыз - Үбіс әулиені де атауға болады.

Үбіс Жанайұлы 1789 жылы Жалағаш ауданында Жаңадария бойында дүниеге келген. Үбіс Жанайұлы 1789-1871 жылдар шамасында өмір сүрген. Ол қарапайым, ұқыпты, жайдары мінезді, сабырлы, қарапайым, шыншыл, еңбекқор болған. Үбіс Жанайұлы – Кіші жүздің Өтебай Сарқасқа, оның ішінде Солтан деп аталатын аталықтан шыққан, дабысы алысқа кеткен әрі би, әрі батыр болған кісі.

Үбіс аса ірі бай болмағанымен, ортадан жоғары дәулеті бар, балалы-шағалы кісі екен.

Одан Мәнжан, Нөке, Тәжі, Елімбет, Шолақ (Әбдіхалық), Адамқұл туған. Ол қолда барын айналасындағы ағайын-туысқандары

мен жарлы-жақыбайларға бөліп беріп, көмектесіп отыратын көрінеді.

Үбіс бабамыз жұртшылықпен бірге болып, халық қамын жеген адам болған екен. Ол билікпен қатар батырлығы, көріпкелдігі болған адам көрінеді. Ел аузындағы әңгімелер Үбіс Жанайұлының ерлігінен, адамгершілігінен мол сыр шертеді. Бір кездері Жаңадария өзенінің бойы қалың сексеуіл, жайылымдығы мол жер болған. Жазы ыстық болғанымен қысы жылы, малға жайлы боп келген дария бірде тасып, бірде тоқтап қалған уақыттары да болған. Кейде бұл өңірді «Қызылдың жиегі» деп те атайтын бұл өңірде Сыр қазақтары көшіп-қонып жүрген.

Елдің ауызбірлігін жоғалтпай, ынтымағын ыдыратпай ұстау кезінде билер мен сұлтандардың қолынан келе бермесі ақиқат.

Үбіс Жанайұлы 1871 жылы 82 жасында қайтыс болады. Әулие атамыздың денесі өзінің атамекенінде, Жаңадарияның жағасында «Көкшүңгіл», «Ақшығанақ көпірі» тұсында жерленген. Осындай ел ағасы Үбіс атаның өмірі мен өнері ұрпаққа үлгі болып келеді. Тарих қойнауына екі жүз жылдан астам бұрын енген әділ би, ел қамқоры болған Үбіс Жанайұлының қайтыс болғанының өзіне 140 жыл толып отыр.

Үбіс бидің баласы Шолақ (Әбдіхалық) әке жолын қуып, би болған кісі. Шолақ атаның нақты өмір сүрген уақыты жөнінде дерек жоқ. Дегенмен 1850 – 1908 жылдары өмір сүрді деген болжам бар.

“Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер” – дейді дана халқымыз. Үбіс бидің өнері 6 баласының біреуіне, яғни Шолаққа (Әбдіхалық) дарыған.”Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі” – деп те жырлайды аталарымыз. Мінеки, ата жолын қуған Шолақ -әу баста әке мейірімі мен ана уызы нәр болып, жүрегіне нұр құйылған жан.

Үбістің әкесі Жанай баласы 15 жасқа келгенде, оны Үргенішке сауда жасап бара жатқан керуенге қосқан. Оның алдына 10 қой салып, сапарына оң талап тілей отырып: «Ал балам, талабың оңғарылсын, өзіңше сауда жасап, ел көріп, жер танып, үйге керекті азық-тауар аларсың» - дейді. Арада айдан астам уақыт өткен соң базаршылар елге оралады. Үш түйені жүктеген Үбіс те келеді үйіне. Туған-туыстары қуана қарсы алып, жүкті түсіріп, әкелген заттарын қараса, бір түйеге артқаны түгелдей ашы қасық екен. Оны көрген үй ішіндегілер: ««Шырағым-ау, мұның бәрін бірдей не қыласың?»» - дейді ренжіп. Сонда Үбіс: ««Саудамен айналысамын, сатамын. Сауда – адал кәсіп. Ешкімге зорлық, қысым жасамасам, ұрлық істемесем,

мұның несі айып?» - дейді. Әкесі іштей ғана «Осы баламнан бір нәрсе шығады-ау» дейді, қуанған кейіп танытып. Иә, сөйткен Үбіс саудамен қатар, егін егіп те байыған көрінеді.

Әкеден жастай жетім қалған Үбіс Шөмекейдің биі Пірәліге барып, ақыл-кеңес, батасын алды деген деректер де кездеседі. Үбіс ұрпағы Жәліулы Базарбайдың айтуы бойынша: «Үбіс әкесінен ерте айрылып, жетім өседі. Жанайдың бәйбішесінен туған Мәулім, Сәулім ағаларының қолында қойларын бағып жүреді. Бір күні қойға қасқыр тиіп, қырып кетіпті. Мал ашуымен екі ағасы Үбісті сабап жұртқа тастап кетеді. Сокқыға жығылған Үбіс екі-үш күн далада қалады. Есін жиған соң өзінің шешесінің үйіне келіп, бір жылдан кейін жұмыс іздеп, Жолайдың биі Өтетілеу, Пірәліге келіп, жалшылық жасайды. Екі жыл жүреді.

17 жасында Пірәлі биге келіп, өзінің жетім екенін айтып, егін егіп, пайда табуына көмек беруін сұрайды. Пірәлі би жас жігіттің өтінішін және тілегін орындайды».

Базарбай ағай бұл әңгімені түйеші Сәңкібай атадан естіген екен. Ал ол кісі Үбіс атаны өз көзімен көрген.

Сол жылдан бастап өзі отырған «Көкшүңгілге» суалмаға тары сеуіп, одан мол өнім алыпты. Тарыдан сөк даярлатқан. Осыдан байып, арпа, бидай, тары егуге және мал шаруашылығымен айналысқан. Айналасындағы кедей ағайындарын егін егуге үйретіп, отырықшылыққа бейімдеген.

Егіні жиналып болған күні-ақ қырман үстінен ауылдастарына бөліп бергізеді екен. «Бір мал егіз туса, бір түп жусан артық шығады, несібесіз жан жаратпайды» деп отыратын бопты би.

«Қотыр» деп аталатын жердің маңында «Үбіс көлі» қазіргі Жалағаш ауданының «Жаңаталап» совхозында, ал «Үбіс арығы» кезінде малға жайылым, арығы егін егуге көп көмегін тигізді. Ол арнаны қазудың өзіндік сыры бар. Үргеніш пен Арқа бойынан әкелген дақылдарды егейін десе, ойлаған жерге су шықпайды. Содан соң Үбіс бүкіл елді шақырып, мал сойып, өзі бас болып, сырық санап арық қаза бастайды. Елдің абыройлы адамының өзі бастаған соң, қалған халық құрал-саймандарын әзірлеп, ұзындығы 10 шақырымдай болатын «Үбіс арығын» қазған екен.

Осы атам атындағы арық,- дейді Шәріп Б, - 1931 жылдардағы ашаршылықтан құтқаруға себепші болды. Күйі барлар, егін егіп, мал бағып, аң аулады. Ал «Үбіс көлі» күні бүгінге дейін мал жайылуға таптырмайтын жер болды, су тапшылығынан бүгінде көлдің орны қалып, шабындық майсаларының мазасы кетті.

Үбістің қанатты сөзі болып кеткен: «Мал байлығы бір жұттық», «Еңбегінді жерге істе, жер көтереді назыңды, аузың толып нан жейсін», «Қабында астығың болмаса, қорадағы малыңа сенбе», «Бір мал егіз туса, бір түп жусан артық шығады, несібесіз жан жаратпайды». Үбіс – діни оқуды арнайы оқымағанымен, дін шарттарын дәл орындайтын кісі болыпты. Сондықтан болар, айналасындағы кедейлерге әр кез қарайласып, қайыр-садақасын үзбей беріп келген. Ел арасында Үбіс Жанайұлын «шүлен таратқан, қазаны берекелі, дастарханына қыдыр дарыған, киелі әулие еді» деген сөз бар. Олай дейтін себебі, ол кедейлерге үй сайын он сиырдан бөліп беріп, «сүтін іш, бір басын өзің ал, тек маған бір қарын сары май жинап берсең болды» дейді екен. Ал қымыз бен шұбат сол ауылға ортақ болған, өндіргенін өздері бөліп ішкен.

Ораза айында айналысында отырған 60-70 үйге күніне үш-төрт пұт бидайды келіге түйгізіп, арнайы бағылған бір өгіз бен бес қойды сойғызып, астырады екен. Бидай көже піскен кезде, оған бір қарын сары майды салып жібереді де, әр үйдің жанбасына қарай ауыз ашарға бөліп бергізеді. Тіпті отыз күн оразада «Үбіс таратқан шүленнен жейміз» деп алыстағы ағайындары да көшіп келіп отырған.

Соншама халыққа салып бергенде, қазаны таусылмайды, пісіп-пісіп қалғанда қымыз ашытқан сабасы, айран піскен күбісі ортаймайды екен.

Үбістің Мәнжан деген баласы бай болған. «Мен де әкемнің жолын қуып, шүлен таратамын» деп халыққа шүлен таратыпты. Бірақ оны кейін қойып кетіпті.

-«Ау, Мәнжан аға, атамның жолын жалғастырмай, неге қойып кеттіңіз?» - дегендерге ол:

-«Әкемдей бола алмадым, дайындаған шикі асымды әкем ұстаған қазанға ассам да, халыққа жеткізе алмадым, сондықтан қойдым» - депті.

Құрбан айт пен ораза айтты, жыл басы наурызды Үбіс ауылы үлкен мереке есебінде өткізеді екен. Халықтың көңілін көтеріп, түрлі-ойын сауық, алтыбақан ойнатып, жырау жырлатқан.

Үбіс үйіне келген қонағына Бұхар жидесін келіге түйіп жаншып талқанға араластырып майға былғап береді екен. Егер қонақ берген талқанды жеп қойса:

-Ә, бұл кісі ұзақ жол жүргендіктен әбден шаршап ашығып келеді екен. Бір мал сыбағасын беріп, сыйлап, шығарып салайық, - дейді екен де, ал талқанды менсінбей жемеген кісі болса:

-Оһо, мұның қарны тоқ, көңілі жәй екен, - деп басқа ештеңе бергізбейтін көрінеді. Осы мінезін білетін кісілер берген талқанды жеп қоятын көрінеді.

«Үбіс көріпкел, лепесі қабыл әулие кісі еді» деген де сөз бар. Ол кісі ұрлық, зорлыққа қарсы болған, мүмкіндігінше әділ болуға тырысқан.

Бір жолы немере інісі, Қуанның «жас баласы шетінеді» дегенді есітіп,

(1857 ж) қасында бір топ ақсақалдарымен көңіл айтуға келеді. Үйде Қуан жоқ екен, алдынан келіні шығып, иіле сәлем береді. Келген қонақтарға мал сойып, қонақасы берген келініне:

-Ешқандай қам жеме, шырағым, наннан ұлық нәрсе жоқ, жол жүріп бара жатырмыз, нан мен шәй да болады, - дейді.

Шай ішіп болған қонақтар аттанып бара жатқанда, әлгі келіні сыбаға жегізе алмағанына ұялыс тауып, тағы да иіле сәлем беріпті. Мұны көрген Үбіс ойланып: - Япырмай, жаңа келгенде де сәлем беріп еді, енді кетердегі сәлемі несі, сірә менен бірдеңе дәмепіп тұрған болар, - деп атының басын бұрып:

Келін, қолыңды жайшы, - дейді.

Келіні қолын жайып тұрып қалады. Сонда Үбіс:

Қапа болма, шырағым, Алла жарылқап қабыл қылса, келесі жылы маңдайы жарқыраған бір ұлды боласын. Айтқаным Құдайдың құлағына шалынсын.

Атын өзім қоямын. Әумин дейді.

Келіні риза болып: Айтқаныңыз келсін, қайнаға, - депті.

Айтқанындай Қуанның әйелі келесі жылы ұл туды.

Үбіске хабаршы жіберіп:

Келініңіз босанды, ұлды болдық, енді атын өзі келіп қойсын дейді. Арада бір аптадай уақыт өткенде, Үбіс келеді. Алдынан інісі мен келіні қуана шығып, құндақтаулы жас баланы ағасының қолына береді.

Сонда Үбіс баланың бетін ашып көріп, сәл кідіріп тұрады да:

Япыр-ай, менің айтқаным бұл емес еді ғой, Сырлыбай еді ғой. өзгеріп кеткен бе?

Түрі қара екен, Қара болсын дейді. Сол бала кейіннен ел билеген белгілі кісі болды. Халқымыздың аяулы ұлы, жазықсыз жаланың құрбаны болған Жүргенов Темірбектің әкесі еді. Бірде үйдің көлеңкесінде Үбіс намаз оқып отырса, көгесіндегі қойларға қасқыр шабады да, опыр-топыр үріккен қойлар бір кезде барып тынышталады. Ол сонда да намазын бұзбай оқи береді. Намаз

аяқталған соң қойларға барса, арасына кірген қасқыр айқасқан көгенге қылғынып өліп қалған екен.

Жер дауы, жесір дауы, барымта дауы, толып жатқан қазақтың тағы басқа да ерегісі көбіне Үбістің алдынан шешіліп отырған. Ол кісі «мынау жақыным» деп бұра тартпай әркез туралығы мен әділдігін айтқан.

Кіші жүздің кезекті бір үлкен асында Үбістің айтқан әр сөзін аңдып отырған бір сыншы оған:

-Үбіс, басың күміс, кеудең мыс, аяғың мырыш, өттең, басың алтын болғанда – ұрпағың түгел өзгермей кететін еді, - деп баға беріпті. Сол сыншы, берген баға әділ-ау шамасы. Өйткені Үбістен туған Шолақ қана би болады, одан кейінгі балаларының бүкіл елдің ауызына қаратқандары жоқ. Сол Үбістен тараған ұрпақтар қазіргі кезде Жалағаш, Тереңөзек, Қармақшы аудандарында және облыстың әр жерінде түрлі шаруашылық саласында еңбек етуде. Үбістің замандасы әрі қыз алыспас туысы Қызылбас батыр болған кісі. Бір күні үлкен киіз үйде сексеуілдің оты лаулап жанып жатқанда, төрде отырған Үбіс Қызылбасқа қарап:

-Жұрт сені батыр, - дейді, - сенімен екеуіміз қамал бұзған жоқпыз, елдің қорғаны ғана болдық. Қане, әкелші алақаныңды, батырлығыңды білейік деп жанып тұрған оттың шоғын салып жібереді. Намыс па, болмаса қас батырлықтың белгісі ме, Қызылбас алақаны толы шокты баршаға көрсетеді де лақтырып жібереді. Сөйтеді де қынабынан қылышын суырып алады. Ойыннан от шығады демекші. Үбістің бір ауыз сөзінен от шығып кете жаздайды.

Үбіс атының бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, оның есімінің құрметпен айтылатыны оның ел-жұртына деген қамқорлығынан туса керек. Ол мал басын өсіріп, сауда жасаса, егін егіп отырықшы болады. Екіншіден, өзі бас болып, арық қаздырып, су тұратын «өуез», «қақ» ұстаған қамқоршы. Үшіншіден, жасаққа бас болып, жауға шаппаса да, өз ауылын, аймақты қорғаған батыр да, төртіншіден, әулиелігі бар, болашақты болжай білетін қасиеттері болыпты. Осындай Үбіс би бойындағы жақсы істерді бағалағандықтан халық Үбекең не дейді деп ақыл-кеңесін алатын болған. Елге беделді, онымен Хиуа бегі Қожанияз да санасқан көрінеді.

Үбіс тірі кезінде Жаңадарияның жағасында «Көкшүңгіл», «Ақшығанақ көпірі» тұсында екі бөлмелі қоспақ ұйтам салдырған. Сол үшін Үргеніштен ұста алдырып, қыш күйдірткен. Ұйтамы - әрі бері өткен жолаушыларға баспана, қыста ық, жазда көлеңке. Керуен Сарай ретінде де пайдаланылған. Бұл Үбіс бидің сауап үшін халыққа істеген қайырының бірі еді. Үбіс жүргеншілерге

арнап қос ұйтам салдырған. Бірінші үй, жолаушылардың су болған киімін кептіріп, дем алуына, тамақтану үшін, екінші үй-там намаз оқуға, балаларды оқытуға мешіт ретінде пайдаланылған. Ауылына молданы шақырып, мұсылманша ұстаздық етіп, бала оқытуға келісім беруін өтінеді. Сол мешітте мұсылманша бала оқытып, көптеген шәкірттерді сауаттандырған. Үбістің әсерімен осы өңірден жүзден аса жырау, шайырлар арабша сауат ашқан. Біршама жарлы-жақыбай, жетім-жесір жанұяларды орналастырған.



Үбістің ұйтамы - XIX ғасырдың II жартысында Жаңадария өзенінің сол жақ бетінде, (Аққыр ауылының оңтүстік-батысында 72 км.жерде) «Шымбай жолының» бойында орналасқан архитектуралық ескерткіш. Ұйтамды өзбек ұсталарына тапсырыс беріп, өз қаржысына тұрғызған Сарғасқа тайпасының биі Үбіс Жанайұлы. Ұйтам көлемі 16,5x24x6 см және 26x12x7,5 см болатын күйдірілген қызыл кірпіштерден қаланған. Өлшемі 6,10x9,40 метр. Ұйтам бір призматикалық корпустың ішіндегі бір-бірімен есік арқылы жалғасқан екі камерадан тұрады. Камералар сфероконикалық пішіндегі күмбездермен жабылған. Ұйтамның жебе тәрізді үшкір формалы есік-қуысы солтүстік жаққа қаратылған. Бірінші және екінші камераларын да ішкі өлшемі біркелкі болып келген. (3,60x3,90м.) Ішкі интерьері ортаазиялық «ганч» ерітіндісімен салынған. Камералардың ішкі бетінде жебе тәрізді қуыс-тесіктер қалдырылған. Қабырғаның қалыңдығы 1,06 см. кесененің жалпы биіктігі 4,50 м. Қабырғасының биіктігі 1,5 м. Ұйтам ішінде қабірлердің ізі сақталмаған, соған қарағанда, бұл жолаушылар түнейтін түнеухана болған. XIX

ғасырдың орта шенінде Сыр бойы қазақтарының «ұйтам» үлгісімен күйдірілген, қызыл қыштан тұрғызылған екі камералы кесене ретінде аудан тарихы үшін маңызы орасан зор. Аталған үйлердің құландысы қазіргі кезге дейін сақталған. Үбіс қайтыс болар алдында ұрпақтарына өзін сол үй тамының маңына жерлеуді аманат етіпті. Қасындағы мазарға өзі жерленген. Үбіс бейітін жергілікті тұрғындар киелі орын ретінде қастерлейді. Үбістің жатқан жері аудан жұртшылығы мен жалпы жамағаттың мінәжат етер орнына айналмақшы. Түрлі ауру түрлерін сауықтырып отырған. Шаршап-шалдыққандар қиналған сәттерінде бабамыздың басына мінәжат етіп, жеңілдеп қалады, рухани күш алады. Адам айтса нанғысыз құбылыстар- бұлар. Үбіс Жанайұлы турасында ел арасында аңыз болып таралған сөздер көп. Жоғарыда айтқанымыздай Үбіс бірде батыр, бірде би, бірде «әулие» деп те айтылады. Біздің ел әңгімелері мен ақын-жыраулардың жырларынан білетініміз Үбістің өз заманында елдің елдігін көрсеткен, біртуар азамат болғандығы. Жақсы істерінің аз да болса, ел арасында сақталуы оның қайраткерлік биікке көтерілгенін көрсетсе керек. Інілері болып саналатын Тоғанас, Сарман батырлардың кеңесшісі болғаны аңғарылады. Үбіс ұрпақтарының ішінде Шолақ атты баласының есімі де ерекше аталады. Бүгінде де елде «Үбістің ұрпақтары», « Үбіс ауылының балалары» жеген аталы сөздер қалыптасқан. Жиырмамыншы ғасырдың елуінші жылдарында Қожахмет, Әбдірәшит, Әбдіжаппар, Әдис, Сарбала, Тұрман, бүгіндері Әлімбай, Базарбай, Бұхарбай Жәліұлы, Әбдібай, Жақсандарды (Жақсыбай) елдің сөзін ұстайтын кісілер қатарына жатқызуға болар. Алдын-ала жасалған қос үй-тамын тікелей қайырымдылыққа арнаған. Өзі сол «қайырым тамының» маңына жерлеуді ұрпақтарына тапсырыпты. Бұл да бидің биік мақсатты адам болғанын тағы да дәлелдей түседі. Зерделі де зиялы бабаның қадір-қасиетін байыптай отырып, бүгінгі ұрпақ оның халқына арнаған, жарқын істерін жете сезініп, Үбіс биге құрмет көрсетіліп, оның билік, шешендік сөздері мен басқа да тәлім болатын істері жинақталып, бүгінгі ұрпақтарға кенінен жеткізуді қолға алса, тәуелсіздігіміздің тарихына қосылар іс болмақ!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бұқарбай Жәліұлы, Тынышбек Майлыбайұлы « Үбіс би әрі әулие» «Жаңадария» газеті қазан, 1992.
2. Базарбай Жәліұлы, Тынышбек Дайрабай «Үбістің өнегелері». « Қазақ батырлары» газеті №10 қазан, 2001.

3. Тынышбек Дайрабай. Сырдың сырлы сыры. - Алматы, 2007.
4. Б.Ф.Аяған. Сыр елі. «Қазақ энциклопедиясы», 2005.
5. Жалағашым – жасыл бағым. - Алматы: «Шартарап», 1999.
6. Шежірелі Жалағаш. «Орхон» баспа үйі. - Алматы, 2009.
7. Сұлу сырдың сәулеті. Сарыарқа баспа үйі. - Астана, 2011.
8. Тынышбек Қоңыратбаев. «Ертедегі ескерткіштер». - Алматы: «Өнер», 1996.

КАЗАХСКИЕ УКРАШЕНИЯ ИЗ КОЖИ С ОРНАМЕНТОМ

К. ТОЛЕГЕНОВА
ученик 10 класса, СОШ № 24, г. Павлодар
Н.К. ШАКИРИМОВА
руководитель, СОШ № 24, г. Павлодар

В настоящее время наблюдается возросший интерес к проблеме общечеловеческих и национальных ценностей. Воспроизводство и дальнейшее развитие собственно национальной культуры диктует необходимость обращения к её истокам, базисным основаниям, как ориентирам становления национального самосознания, формирования устойчивого культурного пространства самоидентификации, субъекта нации.

В традиционной отечественной культурологической мысли анализ казахско - прикладного искусства осознанных позиций почти не предпринимался. Декоративно-прикладное искусство казахского народа, по преимуществу, было исследовано учеными-искусствоведами. Несмотря на очевидные достижения в сфере культурологии, недостаточно исследований, рассматривающих проблему и с позиций других аспектов.

Мы заметили, что структура казахского орнамента многообразна. Большое место в его создании играла схематизация тех или иных предметов или понятий быта и знаковые изображения явлений природы. Отсюда и вычислились традиционные названия отдельных мотивов. Ряд исследователей казахского орнамента изучал его именно в этом плане. Раскрытие же общего эмоционального и философского орнамента до сих пор не являлось предметом исследования. И мы решили показать некоторые части орнаментальных узоров, которые используются в украшении из кожи. На протяжении веков казахский орнамент выработал ряд четких принципов.

В этом проекте мы раскрыли особенности расшифровки значений казахского орнамента в казахских украшениях из кожи. А так же определили роль символов и знаков содержательности казахского орнамента.

В процессе исследовательской работы мною определены основные технологии обработки кожи и изготовление украшений из них являющиеся частью национальной культуры казахов. Эстетическое воздействие усиливается при возможностях приготовления украшений из кожи с орнаментом. Форма, изящность украшений способны отразить особенности эпох, самовыразиться в современное время. В работе красивой линией прослеживается мысль, что знание корней способствует сохранению национальной эдичности и самобытности.

Таким образом в данной работе освещены вопросы связанные с технологией изготовления казахских украшений из кожи с орнаментом.

Проведенная исследовательская работа позволяет сделать следующие выводы:

- во все времена, в любую эпоху присутствовало стремление к прекрасному;
- украшение из кожи это один из доступнейших способов создания красоты вокруг из имеющихся ранее использованного материала;
- приготовление украшений из кожи помогает проявить свою индивидуальность, находчивость.
- вопросы изготовления из кожи мало освещены в учебнике, данная работа поможет восполнить этот пробел.

Исследовательская часть работы:

Казахское орнаментальное искусство безгранично, многогранно, имеет свою таинственную летопись. Их резкое развитие получили условия казахского народа, его самосознание, культурно-бытовой уровень, взгляд на жизнь, творческий поиск и вдохновение.

Говоря о казахском народном прикладном искусстве, очень часто приходится обращаться к орнаменту как наиболее характерной и ясно сложившейся форме в художественном творчестве народа. Изучение его структуры, формирования и воздействие будет способствовать более глубокому пониманию прикладного искусства в целом.

Орнамент - ярчайший пример невербального языка культурного текста, носитель комплекса информации, его можно «читать» как

осмысленный текст, это основной язык декоративно-прикладного искусства, средство сжатого и краткого обозначения мира, несущий определенную информацию и выполняющий многообразные функции.

Современное содержание казахских национальных орнаментов имеет свои отличительные черты: отражение в рисунках специфики животноводства и охоты; земледелия орошения и кочевья; контуров предметов, встречающихся в повседневной жизни; эмблем и символики суверенного государства, что обогащает старые формы новыми контурами.

Обогащение этноспецифических орнаментов – один из видов совершенствования изобразительного искусства. Казахский орнамент суверенно вторгается в повседневную жизнь народа, украшая и одухотворяя его быт.

Несмотря на все многообразие и обилие орнаментальных форм, мотивов и элементов, образующих широкий спектр средств художественного выражения в народном прикладном искусстве, среди них можно выделить основные как наиболее характерные и выверенные практикой и традициями многих поколений, начиная с древнейших времен. Устойчивость этих немногочисленных компонентов можно рассматривать как закономерную и специфическую особенность казахского народного орнамента. Из числа наиболее распространенных и конструктивно устойчивых можно выделить четыре основных компонента – круг, S – образный, крестообразный и треугольный элементы. Именно при их различных сочетаниях и модификациях создается все многообразие средств художественно-композиционной выразительности в казахском народном искусстве.

Орнамент традиционен в быту казахов. Его смысловая наполненность масштабна и многокрасочна, вбирает в себя многоцветную палитру жизни, художественную фантазию мастера, создающего орнамент через призму души и окружающей природы.

Общение с орнаментом открывает его чудесный мир, открывает глаза на красоту окружающей среды, совершенствует мастерство его создателя. Красота и величие орнаментов основывается на традиционных особенностях и нововведениях, на творческой композиции, наполненной новым содержанием, на соблюдении закономерностей ритмичности и симметрии.

В орнаменте отразилось эстетическое отношение к окружающей действительности, природе и труду. Академик А. Х. Маргулан в сво-

ей книге «Казахское прикладное искусство» указывает на то «... что казахи живут как бы в мире орнамента. Окружающая действительность своеобразно опозитивирована в гамме узоров. Утварь, посуда, оружие, одежда – все любовно покрывается орнаментом, который формировался на основе искусства тюрков, отражая в своих главных чертах их художественное мышление.

Узоротворчество возникло в процессе трудовой деятельности, общения человека с окружающей средой, общения человека с окружающей средой. Кроме того, орнамент, в древности имел ритуальное значение, практически все орнаментальные узоры изучались совершенно определенным образом. Мотивы казахского орнамента чрезвычайно многочисленны и сохраняют черты разных эпох и стилей не только по форме, но и по технике выполнения. Основные узоры можно разграничить на космогонические, зооморфные, растительные, геометрические и т.д.»

К древнейшим относятся космогонические узоры. Солярный круг и вихревые розетки, которые являются символом солнца, и которому поклонялись казахи. Эти узоры встречаются на керамике и в архитектурном декоре, на коврах, женских нагрудных украшениях, браслете, чеканными серебряными дисками украшен жаглан-сундук. К космогоническим узорам относятся также «күн көзі» - глаза солнца, «ай гүлі» - лунный цветок, «айшық гүл» - полумесяц. С космогоническими узорами тесно связаны символические изображения природы, так как земля и вода – главные стихии скотоводов, которым поклонялись как священным. Звездообразными узорами «жұлдыз өрнек» - звездный узор, «топ жұлдыз» - созвездие вышивалась верхняя одежда, а в ковровых композициях использовался узор – «сегіз қырлы өрнек» - восьмиугольная розетка со звездой в центре.

Зооморфные узоры наиболее многочисленны, отражающие мир древних скотоводов и земледельцев, и связанные с древней мифологией и первобытным искусством. Узоры в виде головы, рогов, копыт животных, крыльев и лапок птиц, являются основными в казахском орнаменте, в основе которых осуществляется стилизация образов древнего «зверинного стиля».

К ним относятся варианты узора «кошқар мүйіз» - бараний рог, «қос мүйіз» - пара рогов, «сыңар мүйіз» - один рог, «сыңық мүйіз» - сломанный рог. Очень древним считается узор «бота мойын» - шея верблюжонка в виде латинской буквы S, а также «түйе табан» - верблюжий след, «түйе өркеш» - верблюжий горб. В обрамлениях различных изделий используется кривые линии: «кұс

тұмсық» - птичий клюв (мотив елочки), «күс тандай» - птичье небо, «күс мойын» - птичья шея, «каз мойын» - гусиная шея, «каз табан» - гусиная лапа.

Из зооморфных узоров составляются множество производных, на основе которых разработаны многообразные кривые и волнистые линии, спирали и завитки, характерные для казахского узоротворчества. Зооморфные орнаменты, так же и в декоративно-прикладном искусстве являются основными и широко используются в пластике.

Растительные узоры казахского орнамента, подобно другим его группам, делятся на основные и производные. К основным относятся узоры: «ағаш гүл» - дерево, «алма гүл» - яблоко, «масақ гүл» - колос, «сегіз пісте» - восемь фисташек, «бәйшешек гүл» - полевые цветы, «қызғалдақ гүл» - тюльпан с бутончиками и «бабам» - миндаль, характерные для розеток в центральном поле ковра. Широко применяются узоры орнамента «жапырақ гүл» - листья, «жапырақ ою» - цветы с листьями, «түйе жапырақ» - большой лист, «күлпынай, үш жапырақ» - трехлистник, «бес жапырақ» - пятилистник, «күлте» - бутон.

В казахском орнаменте встречаются также узоры, представляющие схематические изображения предметов, бытового обихода. Это – «сандық гүл» - цветок сундук, «қобыз гүл» - цветок кобыз, «қобыз тіл» - лады кобыза, «шәугім гүл» - цветок чайник, «есік жапқыш» - покрывало двери, «тана гүл» - цветок жемчужина, «тарак гүл» - гребень цветов, наиболее древний среди этой группы узор «өкше гүл» - каблук.

Ко второму тысячелетию до нашей эры восходят геометрические элементы казахского орнамента, которые широко используются в архитектурном декоре, ковровых изделиях, в резьбе по дереву и камню, в тиснении по коже. Это – квадрат, ромб, четырехугольник, треугольник, восьмиугольник, фигуры из квадратов и треугольников, параллелограмм, шестиугольник, составляющие половину квадрата и ромба, разделенных по диагонали. Многообразны всевозможные линии, прямые, волнистые, спиралевидные, в виде цепочки шнура.

В казахском орнаменте много производных геометрических узоров: «аралық гүл» - фигура, образованная из треугольников, «қос тұмарша» - два треугольника. Древний элемент в виде запятой называется у казахов «алшы», «алшым бар» - удача, счастье, благополучие, а так же узор, сохранившийся под названием «сіргегүл» - тип лиандра.

Развитие культуры выступает сейчас не сколько процессом сохранения прошлого и накопления культурных ценностей, а скорее

процессом открытия нового в старом. Обращение к истокам своей культуры, к традициям прошлого является важным моментом осознания казахским этносом своей национальной самобытности. Также осознание является условием вхождения в общечеловеческую цивилизацию.

Народное искусство казахов отражает смыслоязычную проблематику через контекст законов мироздания и реализует план практической, эстетической и символической гармонизации человеческого бытия. Орнаментальное и декоративное искусство как компоненты культурного достояния казахского народа способствуют реализации задачи обеспечения гражданской самоидентификации населения Казахстана, как необходимого аспекта общественной безопасности и социальной стабильности.

Кожевненное искусство. Большое и важное место в жизни казахов занимали различные предметы из кожи. Из шкур шили различную одежду, из кож - обувь, пояса, сосуды различного назначения, мастерицы конскую сбрую, колчан, создавали даже настенное панно, кожаные сундуки (жаглан -> шабадан -> чемодан) и т.д.

Обработкой шкур и кож занималась каждая семья, в основном мужчины, но помогали им и женщины, они и шили одежды. В каждом доме был тон (шуба), дакы, жакы, жаргак (тулуп). Распространенным был пошив ішік из волчьих, лисьих, хорьковых и других звериных шкур. Эти шкуры, шерстью вовнутрь, обшивались сверху плотной домотканой материей - шекпен, сукном - шуга и другими материалами. Мастерицы шили также меховые шапки - борік.

На предметы декоративно-прикладного искусства шли кожи домашних животных - лошадей, рогатого скота и верблюдов, очищенных от шерстяного покрова. Особую отрасль составляло тиснение с помощью штампов на коже, и этим занимались мужчины.

Мастера изготавливали сосуды для хранения, перевозки и изготовления молочных продуктов: торсык, саба, сүйретпе, мес. Из кож лошадей и крупного рогатого скота изготавливали ведра - шелек, посуда для дойки кобылиц и верблюдов - конек.

Было немаловажно роль сапожников - етікші. Толстая кожа, обработанная кустарным способом и шедшая на обувь, называлась - кон. А фабричные кожи, называли, былгары. Мастера шили сапоги - етік, ичиги - масі и кожаные калоши - кебіс. Сосуды и части сапог сшивались сухожильными нитями - тарамыс.

Кожаные ремни, пояса мог делать каждый взрослый мужчина, то плести плетки из ремешков мог только специалист - орімші.

Плетки - камшы сплетались из 3-4 ремешков до 24-32 ремешков. Все указанные предметы готовились путем очищения шкуры от волоса в специальном растворе (малма, ии), получаемого из перебродившего айран, іркіт (кисломолочные напитки).

Торсык - классический казахский сосуд из кожи, предназначен для хранения жидкостей, прежде всего кумыса. Отличие торсыка от бурдюка в том, что бурдюк делался из цельной шкуры и не имел жесткой формы. К сожалению, искусство изготовления водонепроницаемых торсыков уходит из нашей жизни, а ведь в нем значительное время сохранялся кумыс или шубат, при этом, не теряя своих лечебных свойств. Сейчас только сувениры в форме торсыка напоминают о древнем изобретении казахов. Тумар:

Людам, маленьким детям, животным муллы, ишаны и знахари заговаривали от сглаза и порчи амулет (тумар). «Тумар» носят на шее, на головном уборе, на воротнике. От сглаза и порчи заговаривают чистокровных скакунов, породистых животных. Такие традиции существуют поныне и от этого не страдают ни животные, ни хозяева. В связи со словом «тумар» в языке есть наименования:

«Жастык тумар»-амулет квадратной формы для украшения; из драгоценных металлов;

«Киык тумар»-блестящее украшение;

«Лагыл тумар»-амулет с рубиновым камнем;

«Сиркели колтык тумар»-вычеканенный амулет;

«Алтын тумар»-позолоченный амулет из серебра;

«Тумарша»--амулет с драгоценным камнем из серебра, в основном служит украшением для девушек;

«Тилле тумар»-один из видов позолоченного амулета.

Амулет также может быть и треугольного вида или другой геометрической формы-из дорогой ткани или кожи.

Обувь из кожи:

Во второй половине XIX — начале XX в. мужская обувь у казахов и состояла из мягких бескаблучных мәсі, на которые при выходе из дома надевали калоши (кебіс), и кожаных сапог (етік).

Наиболее характерной обувью у казахов были кожаные сапоги. Судя по описаниям XVIII — начала XIX в., до середины XIX в. бытовали сапоги на высоких острых каблуках и с заостренными, загнутыми вверх носками. Сапоги имели острый каблук, направленный косо внутрь и настолько высокий, что ступня в нем была в вертикальном положении. В подошву вплотную набивали гвозди с острыми шляпками. Такой фасон сапог был преимущественно для

верховой езды. Но существовали и другие, более удобные для ходьбы сапоги с невысоким каблуком.

Мужская обувь пожилых казахов состояла из маси — ичиг, на которые при выходе из дома надевали кебе — калоши кожаные. Взрослые мужчины все без исключения носили кожаные сапоги — коксауыр, внешне мало чем отличающиеся от обычных. Шили их обычно из шагрени зеленого цвета, которую получали, посыпая просо на размяченную кожу и притискивая ее тяжестью. Казахские сапоги старинного покроя, нередко с заостренными и загнутыми кверху носками, не различались на левый или правый, что позволяло носить их дольше, меняя периодически с одной ноги на другую. Исключение составляли инкрустированные разноцветной кожей сапоги на высоких каблуках. Наиболее примитивной обувью, которой пользовались бедняки, были шокай — кожаные сандалии, которые изготавливались из сыромятной кожи, как и ремни, а также шарык, надеваемые на сапоги для их предохранения при ходьбе по каменным осыпям.

Казахские кожаные мужские пояса

Наиболее употребляемое название казахских кожаных мужских поясов, судя по описаниям, кисе (kise). Впервые это слово как название мужского казахского кожаного пояса встречается в отчете И. Гладышева и Д. В. Муравина об их путешествии в Хиву в 1740—1741 гг. Первоначально же это слово означало кошелек, сумку, которую носят на поясе. Это находит подтверждений в работе выдающегося дореволюционного казахского ученого Ч. Ч. Валиханова, посвященной оружию и воинским доспехам у казахов, где среди доспехов, точнее, «сиарядов для ружейников» дается краткое описание такого ремня и его название — kise. В. В. Радлов сообщает, что kisa — это «кожаная сумка, носимая на поясе, в которой носят порох и патроны. . .»

Проанализированный результат:

По моему мнению знакомство с технологией изготовления казахских женских украшений из кожи их использование в современном времени различными возрастными казахстанцами, является одним из условий изучения культуры предков, приобщение к достижениям казахского народа.

Современная технология из традиционных народных приемов, в которых использовались более или менее доступные природные средства.

К некоторым из них иногда стоит обратиться и сегодняшним домашним умельцам.

Всегда славилась художественными изделиями из кожи и меха. Их многовековым опытом накоплено немало простых и доступных приемов обработки.

Для получения красивых цветовых оттенков кожи народные мастерицы обходились без химических красителей. Например, темно-коричневый, почти черный цвет получали подымливанием кожи над огнем. Для этого шкуру подвешивали на несколько дней высоко над очагом, и следили, чтобы копоть равномерно осаждалась на поверхности кожи. Важно только, чтобы кожа не подвергалась воздействию высоких температур. В приятно коричнево-оранжевый цвет они окрашивали настоем ольховой коры. Распаренную в теплой воде мокрую размельченную кору втирали в шкуру, сворачивали и выдерживали час-другой. Потом разворачивали и повторяли втирание, добавляя кору с настоем. И так, несколько раз. Работа очень долгая и утомительная. Таким способом обычно красили кожаные рукавицы, летнюю обувь, одежду для дождливой погоды.

Как и в старые времена, так и в наши времена уникальными изделиями считается то, что сделано своими руками создается то чего нет у других. Уникальные украшения из кожи в которых причудливо переплетаются традиции Востока и современности, созданные руками - эти украшения прекрасно дополняли национальные костюмы во время на праздниках Наурыз пользуются большим спросом в качестве подарка.

У кожи нет делового направления, с которым я привыкала считаться при раскрое тканей. Поэтому лекала располагаю как угодно, лишь бы полнее использовать полезную площадь кожи.

Наметочные швы в работе с кожей нежелательны, поскольку следы от стежков остаются на всегда. Лучше перед окончательным сшиванием прихватить детали резиновым клеем. Неудачно проложенный шов распаривать нельзя, ряды дырочек от иглы так и останутся на коже.

Не слишком толстую кожу будет легче сшивать иглой и даже строчить на машинке, если ее края предварительно стесать наискось или как говорят специалисты «спустить». Это делается острым сапожным ножом или бритвой. Кожа должна лежать горизонтально, а лезвие должно двигаться только «от себя». Не нужно огорчаться если это не получится за один проход ножа: можно подстругать, подровнять. Изучив ряд новых технологий обработки кожи начала создавать разнообразные казахские украшения такие как: Алка, сырға, тумар.

ЛИТЕРАТУРА

1. Задыхина К. Л., Сазонова М. В. Мужская одежда казахов//
Арх. авт. + С. 64, 65.

2. Сухарева О. А. Позднефеодальный город Бухара конца XIX—начала XX в. - Ташкент, 1962. - С. 115.
3. Задыхина К. Л., Сазонова М. В. Мужская одежда казахов... - С. 69, 71.
4. Сухарева О. А. История среднеазиатского костюма. - С. 65.
4. Беслеева Л. Я., Крестьянинова Л. Ф. Современное народное искусство. 1975.
5. Василенко В.М. Народное искусство. 1972.
6. Постникова – Лосева М.М. Казахское ювелирное искусство., Наука, 1974.
7. Шаханов Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы, 1998.
8. Масанов А. Кочевая цивилизация казахов. – Москва, 1995.
9. Маргулан А. Х. Казахское прикладное искусство. Алматы, 1986.
10. Муратаев К. Художественные традиции казахского народного искусства и их развитие в современных условиях//Декоративное и прикладное искусство 1985.
11. Шнейдер Е. Р. Казахская орнаментика 1927.
12. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов: этнографические очерки. - Алматы, 1998.
13. Омирбекова М.Ш. Традиционная культура казахов. - Алматы, 2004.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚҰРУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ӘДЕТ – ҒҰРЫП ДӘСТҮРЛЕР

Д. ТҰРЛЫХАНОВА

9 сынып оқушысы, «Болашақ» арнайы мамандандырылған орта мектебі,
Алматы қ.

М.Т. ҚҰРАҚБАЕВА, Н.А. ӘБСАТТАРОВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері,
«Болашақ» арнайы мамандандырылған орта мектебі, Алматы қ.

Салауатты өмір – денсаулық кепілі.

Салауатты деген сөздің негізгі мағынасы – парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы деген ұғымды білдіреді.

Өмір салты дегеніміз – әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалай еңбек етіп, қалай тұрмыс құрып, бос уақытында дем алатыны, қысқасы, олардың қалыптасқан өмір тіршілігі. Яғни адамның өмір салты қандай болса, өзі де сондай. Қалай болған да адам

ереке құбылыс. Әсіресе оның ақыл – есі ешбір қайталанбас дүние. Ол адамның бақыты әрі қағысы... Алайда адамдардың ауруына сыртқы әсерлер мен адам табиғатының әлсіздігінен гөрі, көбінесе, өздерінің теріс мінез – құлық себеп болады. мінез – құлық дегеніміз – істелген іс – қылықтар, әрекеттер, психика.

Іс қылық дегеніміз не? Бір жағынан ол қол, аяқ, кеңірдек бұлшықеттерінің қимылдары. Қимылдар жай және қысқа, күрделі және ұзақ болуы мүмкін. Оның мақсаттары да әрқилы, соған жету үшін іс – қылықтардың, әрекеттердің көптеген түрделі жасалады. Ертедегі ата – бабаларымыздан бізге шынығуды қажет ететін дене мен кемістікке бейім биологиялық сезімдер немесе психикалар қалды. Оған жалқаулық жатады. Адам жануарлар сияқты, ынталандыру болса ғана күш салады. Босансу әрқашан да жағымды. Тек балалар ғана ерекше: олар ешбір мұқтаждықсыз жүгіреді. Қорытып айтқанда, адам баласы ақылды, бірақ жалқау әрі қомағай. Табиғат оны тоқ және жеңіл өмір үшін жаратқан жоқ. Мол және дәмді тағам ішіп – жеп, рақаттанып, жылы жайда демалудың есесін аурумен өтеуіне тура келеді. Егер алғаншықа, яғни қанағат алуда асыра сілтесе, оның төлемі тым көбейіп кетуі ықтимал.

Зерттеу бөлімі. А) Салт – дәстүрлер мен әдет – ғұрыптардың тәрбиелік мәні.

Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы – қазақ халқының салт – дәстүрлері болып табылады. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет – ғұрыпқа, әсерлі әдет – ғұрыптар салт – дәстүрлерге, хылықтың өмірінде қалыптасқан салт – дәстүрлер салт – сана болып қалыптасқан. халықтың сат – дәстүрлері рәсімдер мен жөн – жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады. Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі – өнегелі іс – әрекеттердің көрінісі – әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықтың рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Бұл ұлт мәдениетінің ең озық көріністері. Халықтық әдеп – ұрпақ тәрбиесінің өзекті арқауы. Игі әдебіміздің өмір қолданысына айналуы – әдет- ғұрып, оның бір жола өмір заңдылығына айналуы – салт - дәстүр деп аталады. Яғни дәстүр – қолданылмалы іс- әрекет. Ол қалыптасқан іс – әрекет ешкімнің «нұсқауынсыз» еркін мәжбүрлікпен орындалады.

Өмірдің өркениетті дамуы дәстүрлердің толысып, не жаңарып отыруына себепші болады. Мысалы қыз ұзату, үйлену тойлары толысып, жаңарды да, ал «әмеңгерлік», «атастыру» салты бірте – бірте өмірге қолданылудан қалды. Этнопедагогикадағы салт – дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола зандандырылуы – салт – сана деп аталады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт – дәстүрлер сол ұлттың ой санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қоғамдаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абыраой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Сондықтан әрбір әдет – ғұрыптың, салт – дәстүрдің салт – санаға әсер ететін тәрбиелік мәні зор.

Ә) Бесік – тәрбие бастауы.

«Ел болу үшін – бесігінді түзе» (М.Әуезов) деген сөздің мән мағынасына ой – салсақ, ол – тәрбие ұрпақты дүниеге келтіруден басталады, сол тәрбиенің дәстүрлік, салт – саналық бастаулары мен бағдарларын жан – жақты пайдаланып, даналықпен дамыта білу керек деген өсиеттің мәнін ұғамыз. Нәрестелік кезінен басталған тәрбиенің қалыптасқан ұлттық рәсімдері мен тәлімдік тәсілдері ұлттық сатпен қолданылып жан жүйеге тәлім- тәрбиелік әсер етеді. Бесікке салу қазақ баласының бесігі – құс төсек, жастық, жаялық, жөргек, қол бау, тізе бау, тізе жастық, бесік көрпе, шүмегі мен түбегі тазалық үшін ынғайлы даярланған. Екі басы доғаша иіліп жасалынған, құрау шабақтары нағыз қиюластырылған екі қос аяқтары дөнес табанда, арқалығы өрнектелген жанұя. Бесікке салу рәсімі көбінесе баланы қырқынан (қырық күннен соң шілде шашын қырқып, суға күміс теңге салып шомылдыру) шыққан соң кішігірім той ретінде өтеді. Бесікке салу рәсіміне шақырылған ауыл – үйдің әйелдері шашуын, жол – жорасын ала келеді. Баланы алғаш рет бөлеу рәсімі ұрпақ өсірген үбірлі – шүбірлі әйелге тапсырылады. Бесікті жабдықтау, бесік шашуын жасау, түбек үстін отпен аластау, баланы бөлеу ырымдары мен дәстүрлерін орындау мерейлі, өнегелі түрде жүргізілуге тиіс. Баланы бесікке саушыға және оның көмектесушілеріне ата – ана атынан көйлек, жаулық сияқты сый тартылады. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне тілектестік білдіреді. Ана қуанышы, ананың мейірімі, ырымдағы имандылық пен ізеттілікте, бата беру дәстүрі аналардың аналық махабатын арттырып, мерейін тасытады.

Б) Үйлену оңай, үй болу қиын.

Отбасы – қоғамдық бірден – бір негізгісі. Ол қоғамдағы өзгерістердің әсетіне ұшырай отырып, өзі де қоғамға күшті әсер етеді, яғни отбасы әрі салдар, әрі себеп рөлін атқарады. Сондықтан

отбасыныңқожырауы етек алса, қоғам демек, мемлекет те қожырауға бет алады. Отбасына, негізінен, тәртіп пен реттік, мамыражай тіршілік тән болған қоғамды мемлекет те тәртіп пен реттілік орын теуіп, бейбіт өмір салтанат құрады. Адамзат қоғамының ұзақ та ойлы – қырлы тарихынан бұған толып жатқан мысалдар табылады. Демек, бір білімпаздың «адам бақытының төрттен үш бөлігі отбасына байланысты» деп көрсеткені негізсіз емес. Бұған адамның соры да көбінесе сол отбасылық өмірдің оңғы болмауынан туындап жатады. Дегенді қосқан жөн. Өйткені адамның басым көпшілігі үшін өмірдің мәні мен қызығы, мұраты отбасылық өмірдің ойдағыдай болып, келе – келе одан өсіп, тараған ұл – қыздың ұясы мен қиясына қонуына тірек, сүйеніш бола алуында. Ол үшін жас жұбайдың бір – біріне деген шынай сүйіспеншілігі қиса, өз беттерімен үй ұстауға, оның болмай қомайтын үлкенді – кішілі қиыншылықтарға тап келгенде, абдырап, сасып қалып, жаңадан басталып жатқан ерлі – зайыптылық өміріне сызат түсіріп зақым келтіріп, алмайтындай өзіндіктері болуға тиісті. Ол өзіндіктер, ғылым шыңына шығудан дәмелі дарынды жас оның қара жұмыстарын да істей алатын болуға тиіс деп ғалым айтқандай, ұсақ – түйек, қарабайыр, бірақ түбінде шешуші рөл атқаратын іс- қимыл түрлерінен, икемділіктерден, сабыр мен төзімнен тұрады. Үй болатын күйеулер мен қалыңдықтардың бәрі бірдей бұл айтылғанның мәнін жете түсіне бермегендерімен, оларды аталмыш талаптардан мүлде хабарсыз деуге болмайды.

Әдеби бөлім. Салауаттылық.

Салауаттылық – халықтың үлгі – өнегелік дәстүрі. Есірік туғызатын ішкіліктер, темекі тартудан аулақ болу, таза жүру, тамақты қалыппен ішу, т.б. игі іс – әрекет салауаттылықты көрсетеді. «Арақ ішу – айып, мас болу - қылмыс» дейді халық. «Арақ арыңа нұқсан, темекі тегіне нұқсан» деп, халық есірікке, ессіздікке қарсы күрес жүргізіп отырады. Қазақ халқы «Бір кесе қымыздың екі кесе желігі бар» деп, тіпті дәрі қымызды да байқап, шайқап ішуді уағыздайды. Әр астың өз қалпы бар, «Артық ішкен ас – арам» дейді халық. Өмір заңдылықтары салауатсыздықты кешірмейді. Оғаш қылықтар онық жегізеді. Ол туралы ақын Мұхтар Шаханов:

Ешбір оғаш қылығыңды ұмытпаған, кешпеген,
Ол – табиғат заңдылығы ешбір ғылым шешпеген.
Көңіліме желік кірсе, қасиетті сол заңға,

Қарсы келіп қалам ба деп, сескенем, - деп, философиялық оймен салауаттылық заңын жақсы түйіндеген. Біз ұрпағымызды өмір заңдылықтарын, салауаттылықта құрметтеуге үйретеміз.

«Физкультурамен айналысып жүрген оны тастап кетсе, ол өте азып – тозып кетеді, бойындағы күш қуаты азайып, жүруге шамасы келмей, қимылсыз нәрседен басқа адамды еш нәрсе соншалықты азып – тоздырмайды»

Аристотель

«Аз сөйле, аз же, аз ұйықта»

Ұлықпан Хакім

«Біздің бақытымыздың оннан тоғыз денсаулыққа байланысты»

Д. Рей

«Аллатағал пәк, пәктікті жақсы көреді, ол таза, тазалықты жақсы көреді, үй – жайымыз бен жүріп тұратын жолдарыңызды таза ұстаныңдар, жаһиттерге ұқсамаңыздар»

Мың бір хадис – 140

«Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі»

Т. Корлейль

4. Қорытынды бөлім А) Денсаулық – зор байлық.

«Денсаулық – зор байлық» дейді халық. Бұл мәтелде үлкен мән бар.

Адам баласы алғашқы пайда болғаннан бастап – ақ ауру – сырқаудан аман болуды көкседі. Олар өмір сүріп күнелту үшін тамақ іздеп тау тасты, орман тоғайларды, өзен, көл жағалауларын кезіп жүрді. Сол тіршілік үстіне басына төнген қауіптен сақтану жолын, денеге түскен жарақатқа шипа іздеу, аққан қанды тоқтату әдістерін табуға мәжбүр болды. Алғашқы көмек қажеттілігі жас нәрестенің дүниеге келуімен қатарласа шыққан болса керек. Жабайы аңдардан қорғану кезінде жарақат алып, қан аққанда оны тоқтату үшін дәрі – дәрмек әлі пайда болмаған кезде қан аққан жерді саусағымен басып тұрып, қан ағуын тоқтатқан.

Өлемдегі басқа халықтардан қазақтың өмірі, тұрмыс тіршілігі өзгеше жағдайларда өскен. Қалалардан, мәдени орталықтардан алыс, үнемі көшіп қонып далада жүргендіктен ауру – сырқау, қауіп – қатерге кездесе қалған жағдайларда тәуіптердің көмегіне жүгінуге мәжбүр болды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар демекші, сауатсыз болса да өмірден алған тәжерибесі бар, білікті емшілер ел арасында сирек те болса кездеседі. Ауырып азап шеккен адамдарды емдегенде олар шипалы заттарды қоршаған ортадан іздеп, тауып, пайдаға асырады. Сол қасиет ұрпақтан – ұрпаққа беріліп, өз жалғасын тауып келеді. Яғни емшілерге деген сенім халық арасында сақталған. Дене азабы өркениет игілігінен келген барлық рахатты жаққа шығаруы мүмкін. Әрине, денсаулық сақтау режимінің барлық адам қатан

ұстайды деп санауға болмайды, бірақ оған адамның көзін жеткізуге тырысу қажет: қауіпті ауруларға ұшырамас үшін, өзіне – өзі қажетті шек қоя білген кім – кімге болса да тиімді. Мұны салауатты, дұрыс мағынаға жетелейтін ғылым ғана іске асыра алады.

Сонымен, еліміздің кез келген азаматы салауатты өмір сүру үшін парасатты, зерделі және білімді болуы керек. Әсіресе денсаулық жайында білімді болғаны жөн.

Б) салауатты өмір сүру салтының болуы.

Адамның жүріс – тұрысы оның тіршілікке қажетті заттарын пайдалануға қарай дамиды. Адам өзінің жеке басының ерекшелігіне сәйкес өмір сүреді. Белгілі бір ұжымдарға қалыптасып, сол ұжым мүшесі болып сіңіп кетеді. Қызмет еткен ұжым мүшелерімен бірге өсіп, біте қайнасып кетеді. Адам бір – біріне көмекке келеді. Адамның басына түскен ауыр жағдайлармен бөліседі. Адамның жүріс- тұрысы біркелкі емес. Ол тәрбиеге байланысты болады. Тәрбиелі үйдің балалары сүйкімді, тәртіпті келеді. Үлкенді аға, кішіні іні деперекше көзге түсіп тұрады. Жақсы тәрбие көрген баларды педагогтар бірден тани кетеді. Ал тәрбиені аз көрген баларды бірден ажыратуға болады. тәжирібелі мұғалім, адам оларды бірден байқап отырады. Жалпы қазақ елін ежелден салауатты өмір сүру салтының символы есептеуге болады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп егде адамдар өзінің ұрпақтарына үйретіп отырады. Өмір сүру салты мен денсаулықтың ара қатынасына салауатты өмір сүру салты туындайды. Салауатты өмір сүру валеология ғылымының негізі болып саналады. Салауатты өмір сүру салты адамның профиссионалды іс – әрекеттерінің, қоғамдық қызметімен күнделікті тіршілік ету функциясымен дамып отырады. Бұлар денсаулықтың қалыптасуына және оның сақталуына, мықты болып бекінуіне жәрдемдеседі. Осыдан келіп қоғамдық денсаулық қалыптасады. Жалпы алғанда адам сенсаулығы бірінші орында болуы қажет. Бірақ жас жеткіншектер өзінің денсаулығына онша мән бермейді. Ол жастық өмірдің белгісі, тәрбие жұмысының әлсіздігі.

Ұсыныс:

Қазақ халқының салауатты өмір сүру салтын құрудағы әдет – ғұрыптарын одан әрі салиқалы түрде зерттеуге айналдыру.

Қазіргі қоғамның жастығына осы әдет – ғұрыптарды негіз етіп, есте сақтау немесе ұмытылмас үшін насихаттау.

Келесі оқу жылынан бастап осы салауатты өмір сүру жайлы намаса әдет – ғұрыптар жайлы түрлі тақырыптарда мектептік немесе аудандық іс – шаралар өткізілсе.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет - ғұрыптары.
2. «Инабат» (Ж. Базарбаев, Ж. Нұсқабаев, Қ. Дәулетқлы, Ұ. Әбілдәлы).
3. «Валеология журналы» №2 2005, №3-6 2007
4. «Салауатты өмір - денсаулық кепілі» (Ә. Өмешұлы)
5. «Қазақ этнопедагогикасы» (Әдібай Табылдиев)

СЫРМАҚ ӨНЕРІ

Н.И. ТЫНАРБАЙ

4 «Б» сынып оқушысы, № 127 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицей,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Қ.Е. ТАСПАНБЕТОВА

бастауыш сынып мұғалімі, № 127 Ш. Уәлиханов атындағы орта
мектеп-лицейі, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Бұл жоба – «Қазақтың қолданбалы тұрмыстық заттары» бағыты бойынша, оның ішінде сырмақ өнері, оның тарихы, жасалу технологиясы жайында жазылды. Кіріспе бөлімде қазақтың дәстүрлі колөнерінің туындау негізіне тоқталып, негізгі бөлімде сырмақ өнерінің шығу тарихы, сырмақшылық жөнінде, сырмақтың жасалу технологиясы, түрлері жайында зерттелді. Сырмақ өнері ертеден келе жатқан ата – баба өнерінің бір мұрасы. Оны қазіргі таңда жасай ма, қолданыстағы сипаты қандай, қандай әдіспен немесе жасалу технологиясындағы ерекшеліктері қандай деген сұрақтарға жауап іздеу барысында жан – жақты кеңейтілген мәліметтер толық зерттелді.

Ата – бабамыздан қалған қазақы салт – дәстүрлерімізді, қолданбалы өнерін бойымызға мықтап сіңіріп, оның кейінгіге мұра болып қалуына өз үлесімізді қосуымыз қажет. Сондықтан да қолданбалы тұрмыстық заттардың бірі – осы «Сырмақ өнері» тақырыбында ғылыми жоба жазылды.

Бұл зерттеу жұмысы «Қазақтың қолданбалы тұрмыстық заттары» бағытында, оның ішінде «Сырмақ өнері» тақырыбында жасалды. Оқушы ғылыми жоба барысында қазақтың дәстүрлі колөнерінің туындау негізіне, шығу тарихына шолу жасай отырып, сырмақ өнерінің маңыздылығын, оның жасалу технологиясын толық зерттеген. Зерттеу барысында оқушы халқымыздың ежелгі тұрмыс – тіршілігіне, мал шаруашылығымен айналысуының мәдениетпен,

өнермен байланыстылығын жазған. Сырмақтың түрлерін, оған қолданылатын қажетті құрал – жабдықтардың әрқайсысының пайдалану тәртібін нақты көрсеткен. Сырмақтың және сырмақ өнерінің қазіргі таңдағы жаңа технологиясын ертедегі тәсілмен салыстыра отырып, сырмаққа салынатын ою-өрнектердің де шығу тарихын мен сюжеттік мазмұны мен аттарына кеңінен тоқталған.

Халқымыз ата – баба өнерлерінің қай түрі болсын қасиеттеп, қадірлей тіптен пір тұтып, көзін қарашығындай аялап сақтай білген. Ата – бабаларымыз өз ұрпағын еңбексүйгіш етіп тәрбиелеуді мақсат тұтқан. Бағзы заманнан сақталып қалған дәстүрлеріміздің қазіргі кездегі жағдайын ескере отырып жазған бұл жоба зерттеудегі шеберлілігімен құнды.

Қазақтың дәстүрлі қолөнерінің туындау негізі.

Қазақтың қолөнері көне заманнан тарихымызбен біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Халқымыз ата – баба өнерлерінің қай түрі болсын қасиеттеп, қадірлей тіптен пір тұтып, көздің қарашығындай аялап сақтай білген. Ата – бабаларымыз өз ұрпағын еңбексүйгіш етіп тәрбиелеуді мақсат тұтқан. Халықтың сонау арғы кезеңдердегі мәдени өміріне ой жүгіртіп көрсек, ерте замандардан он саусағынан өнері тамған ісмер шеберлердің өнерлері шежіре болып төгіледі. Қазақ қолөнер мәдениетінің түп тамыры сонау ежелгі дәуірде жатқаны мәлім. Біздің заманымыздан бұрынғы екінші мыңжылдықта ру – тайпалар арасындағы үнемі қақтығыстар кезінде қару – жарак, батырлардың сауыты, дулығасы көптеп жасалды. Бұндай заттарды жасау кезінде зергерлер киімдерге, заттарға гаухар, жақұт, алмас, янтар, меруерт сияқты бағалы тастарды және түрлі әшекей ою-өрнектермен безендіріп жасаған. Осылайша теміршілік, құймашылық, зергелік өнері адамдарды әсемдікке, әдемілікке бағыттай бастады. Адамдар күнделікті тұрмыста қолданылатын заттардың барлығын оюлап, әшекейлеп, безендіріп жасайтын болды. Қазақ қолөнерінің туындауына, дамуына осы тұрмыс дағдысы тікелей ықпал етті. Ол қоғамдық өндіріспен қатар дамыды. Қолөнердің дамуына байланысты қолөнер өнімдері молайды. Халқымыз көшпенді және жартылай көшпенді тұрмыстың мүддесі үшін сан-салалы шаруашылықпен шұғылданды. Мәселен: малшылық, егіншілік, аңшылық, балық аулау, бағбаншылық, қолөнершілік, құрылыс салу, тасшылық. Міне соған қажетті барлық сайман – жабдықтарды, құралдарды қолдан жасап, өндіріп пайдаланды. Анықтап айтқанда, халқымыз қолөнершілік шеберлігімен өз тұрмысына қажетті киім – кешек, ішіп – жем, үй

– жай, құрал – жабдық, қару – жарак саймандарының барлығын өз қолдарымен жасады. Негізгі шикізат – мал шаруашылығы, аңшылық өнімдері болды. Халқымыздың төрт-түлік малдың бабымен көшіп – қонуы, аңшылық, саятшылық кәсібімен шұғылдануы, ру – тайпалар арасындағы қақтығыстардың толассыз болуы, тері илеу, кеншілік, етікшілік, өрімшілік, жүн мөнерлеу, киіз басу, есу, тоқу, сондай – ақ ершілік, теміршілік, қару – жарак жасау өнерінің туындауына негіз болды. Сәндеп киім тігу, үй жабдықтарын сәндеу, әшекейлеу, әсемдік түс берумен қатар заттық мәдениетке деген қажеттілік – дәстүрлі өнер түрін гүлдендірді. Бұл кезде халық ішінен небір шебер, ісмер оюшы – сызушылар, тігіншілер, кестешілер, сырмақшылар, тоқымашылар зергерлер шықты. Сөйтіп халқымыздың қолөнерін қалыптастырды. Қазақ халқының ұлттық қолөнерінің түп төркіні тым әріден бастау алып, дәстүрге айналып бүгінгі күнге дейін жетіп отыруы, қазақ халқының халық болып қалыптасуының заттық айғағы болып табылады. Қолөнер шеберлері шеберліктің кейбір сан – саналы асқақ шеберліктерін ұқыптылықпен ескере отырып, қастарлей отырып, меңгеріп біздің дәуірімізге ұштастыра білген. Халық бұрын ғылым мен білімге қолы жетпесе де сұлулық мен әсемдікті таңдап та, талғап та білген халық. Өз тұрмысы мен мәдениетінде қолөнерін мұрат тұтып жетілдіре білген. Ұлттық өнер көптеген ғасырлар бойы өзінің халықтық танымын қалыптастырып отырды. Бүгінгі таңда халық шеберлері мен ұсталар тың ойларды туғызып, оны жаңа мазмұнмен байыта отырып, халықтық өрнектеу өнерін жетілдіру мен дамытуды жалғастырып келеді. Қазақ халқында «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаса керек.

Сырмақ өнерінің шығу тарихы.

Сырмақ – халқымыздың тұрмыс тіршілігіндегі ұлттық қолөнерінен туындаған аса сәнді төсеніші, әрі өнер туындысы. Сырмақ еденге төселетін бірден – бір жарасымды жабдық.

«Сырмақ» сөзі – «Сыры» етістігіне «мақ» жалғауы жалғану арқылы «сырмақ» болып айтылып, кейін келе «ы» әріпінің түсіп қалуынан «сырмақ» болып қалыптасқан. Осы «сырмақ» сөзінің өзі – ақ, сырмақтың сыру арқылы жасалғандығын түсіндіреді, әрі осы сөзден сырмақтың алғашқы нұсқасын көз алдымызға елестету қиын емес. Кесек киіздер, текеметтер сол заманнан алғашқы қажеттікті өтегенімен, қоғамдық құрылымның біртіндеп дамуы мен тұрмыс мәдениетінің қалыптаса түсуіне сай, тазалыққа тиімсіз, тұтынуға епетеісіздігі байқалған. Адамдар санасындағы талғам – талап,

қажетсінудің қолөнерге ықпал етуімен, қолдануға ыңғайлы, жеңіл – желпі, әрі көркем төсеніштер туындады. Осылайша сырмақ пайда болды. Сырмақтың өмірге келуіне күнделікті тұрмыстағы қарапайым нәрселер себеп болды. Мәселен, көнерген киіздерді қабаттап төсену, одан соң оны қобырай бермеуі үшін қабаттап көктеу. Осыдан бара – бара қабаттауды белгілі пішінге келтіріп, ықшамды етіп төсеніп, көктеуді де бірте – бірте жиі тігістерге, одан сыруға өзгерткен. Сөйтіп алғашқы сырмақ пішіні қалыптасқан. Бұдан соң кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған. Бұл сырмақтар алғашында бүтін күйінде ығына қарай сырылуы, сондай-ақ сол кездегі таңба белгілері нанымдар бойынша түсірілді. Онда сырмақты айналдыра сыру тәсілі қолданылды. Кейін сырмақшылардың дамуына байланысты оны берік етіп жасаумен бірге көркемдеу тәсілі қолданылып, сыру өрнектеуге өзгерді. өрнектеу алғашқы кезде жиек басу арқылы орындалды. Сырмақтың нақты қашан, қай дәуірде пайда болғаны белгісіз.

Сырмақшылық жөнінде.Сырмақшылық – халқымыздың дәстүрлі қолөнерінің бірі. Ол халқымыздың тұрмыс тіршілігінің, шаруашылық ерекшелігінің қажетіне сай аналарымыз бен апаларымыздың ақыл-парасатынан, еңбекшіл- іскерлігінен, көркемдік талғамы мен әсем өнерлік шеберлігінен туындаған аса құнарлы ұлттық өнер туындысы. Бұл өнер – халқымыздың киіз үйінің еденіне төселетін алуан түрлі, аса сәнді, үлкенді – кішілі сырмақ үлгілері. Сырмақты мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандардағы күллі қазақ шаңырағы дәстүрлі жиһаз ретінде күні бүгінге дейін жасап, пайдаланып отыр.Сондықтан қазақ сырмақшылығының қыры мен сырын, кешегісі мен бүгінін кемеліне келтіріп жазып шығу бір адамның қолынан келе қоюы екі талай. Өнер дәуір ағымының ықпалына ұшырайды. Әр дәуір адамның талғамына, қажетіне қарай сапалық өзгеріске қадам басады, түрленеді, кемелденеді, дамиды. Ал сырмақ киізден жасалады. Киізді халқымыз жүннен басып шығарады. Киізді басуға арқан – жіп, сырмақ жасауға жіп, жиек сияқты қажетті материалдар да жүннен жасалады. Ал жүнді халқымыз баққан малынан күзеп алып отырады. Демек сырмақтың шикізаты – жүн. Олай болса ең алдымен жүнді пайдалану жолдарын білу қажет.

Жүн және күзем.

«Жүн» дегеніміз – жан – жануардың үстіндегі түгі, қылшығы екені баршаға белгілі. Халқымыздың ғасырлар бойына мал

шаруашылығымен шұғылдануы мал жүнін пайдалануына табиғи негізі болды. Өйткені көшпенді тұрмыс қажетіне өтейтін өнімдерге мұқтаж еді. Жүннен жасалған бұйымдар мықты, шыдамды, тұрмысқа қолайлы, денсаулыққа пайдалы (суықтан, ызғардан, күн көзінен т.б. қорғайды), алып жүруге ыңғайлы және жеңіл. Жүннен киіз басылып, үй жабылды. Текемет, сырмақ сияқты төсеніштер мен қабырғалық дорбалар, мүліктердің қабы барлығы дерлік киізден жасалды. Ол әрі берік болуы үшін кемеліне келтіріліп сырылуға тиіс. Оның үстіне, ол адамдардың талғамдық өресіне сай көркемделуі тиіс. Сырмақ көркемдеуге, үй сәндеуге алуан жіп түрі дайындалып, жиектер есілді. Осындай жамылғы, төсеніш, беріктеу, байлап – матау, сәндеу жұмыстарында жүннің рөлі ерекше болды. Ал мал шаруашылығымен шұғылданған халқымыз жүнді төрт – түлік малынан, яғни қой, ешкі, жылқы, түйе күземі арқылы жинап алып отырды. Күзем алу – дәстүрлі науқанды жұмыстардың бір түрі болып есептеледі.

Күзем алу.

Күздігүні мал қырқылатын мезгілде мал жүнінің қырқылып алынуы - күзем алу делінеді. Киіз басылатын жүн негізінен қойдан алынады. Сондықтан «күзем» сөзі күзгі мезгілді меңзейтін ұғымнан шыққан. Қой күземі 9- шы айдың ортасынан бастап 10- айға дейін алынады. Қозы күзем 7 –ші айдың ішінде, 8 айдың басында алынады. Қойдың өлі жүні 5- айда қырқылады. Ал екінші түбіті 5 – 6 айларда таралды да, қоймен бірге қырқылады. Күзем алардан бұрын қой – қозыларды ағын суға тоғытып алады. Тоғытылған қой – қозы жүні шуашынан, кірінен, шаң-топырақтан арылады. Күзем алудың дәстүрлі сайманы – қырықтық. Ол - өткір, түп жағы жалпақтау, басына қарай сүйірленіп үшкірленген, қарама – қарсы екі жақтаудан тұратын темірден жасалған сайман. Жүн қырқылу барысында ақ, кара, кер қызыл түрге айналып бөлек – бөлек жиналады. Қырқылып алынғын жүн сол қалпында киіз басуға келмейді, оның іртігін жазып, қайызғақ, шөп-шаламынан арылтып, құмалақтарын қағып алып әбден тазалап, үлпілдетіп алу керек. Бұл жұмыс «Жүн сабау» арқылы орындалады. Жүн сабау – киіз басу дайындығының үшінші басқышы. Жүн сабауға қолданылатын жабдықтар – сабау және тулақ. Сабау – ырғайдан, талдан алынатын бір жұп жіңішке таяқша. Тулақ – мал терілерінен жасалатын жүн сабағанда жерге төселетін төсеніш. Жылқы, сиыр, серкенің терісін шикілей кептіріп, көнге айналдырады.

Жүн сабау.

Жүн сабау – ертеден келе жатқан дағдылы жұмыстардың бірі.

Бір отбасы аз жүнді бір жұп сабау, бір тулақпен өздері – ақ сабап, үлпілдетіп тазалап алады. Күзем жүнін сабау ауыл болып жасалатын жұмыс. Жүн сабайтын үй алдымен үй ішін кеңітіп, жіптерді, төсектерді далаға шығарады. Үй өте кең болса, онда жабдықтардың барлығын қымтап жауып тастап, ортаға жүн сабайды. Әр отбасында жүн сабай алатын қыз – келіншек, жігіт – желендер, осы жүн сабайтын үйдің шақырылуымен сабауларын көтере келіп, топтасып, бүгін бір үйдің, келесі кезекте екінші үйдің жүнін сабап бітіреді. Жүн сабатқан отбасы бұл жұмысқа «тулақ шашу» береді. Жүн сабайтын 10 – 20 адам ортаға 2 – 3 тулақты бріктіріп салып, бір сабам жүнді қашан іртігі жазылып, үлпілдегенше көпірте сабап, болған соң жүнді ортасына қарай қайырып салып, түйдек етіп, сабаумен көтеріп алып ірге жаққа жинайды. Жүн сабау барысында ақ жүн бір бөлек, қара жүн бір бөлек сабалып, жеке – жеке жиналады. Жүн сабаудың да өзіндік бірнеше түрлі әдісі болады. Жүн сабағанда жүн сабаушылардың қолы бірдей көтеріліп, бірдей түсіп отыруы қажет. Бұл жүн сабау ырғағын қалыптастырады. Бұл ырғақ бұзылса, сабау біріне – бірі ұрылып, ағаттық туады. Ол үшін жүн сабаушылар екі қолын кезек – кезек көтеріп сабау әдісін қолданады. Бұндай жүн сабау әдісін қолданғанда барлық жүн сабаушылар алдымен оң қолындағы сабауды көтереді, бірақ сабауды орынынан тік көтеруге болмайды, сабауды суырып тартып, одан соң көтереді.

Яғни оң қолыңыздағы сабауды өзіңізге қарай жүннен суыра тартып шығарып алып, жоғары көтересіз, бұл кезде екінші қолыңыздағы (сол қолыңыздағы) сабауды жүннен суыра бастайсыз. Оң қолыңыздағы сабау артқа қайтқан тебінімен тулаққа ұрылғанда, сол қолыңыздағы сабау жаңағы әдіс бойынша жүннен суырылып алынып, артқа қарай көтеріліп қайта түскенде, оң қолыңыздағы сабау жаңағы қимылды қайталайды. Жүн сабау «есіп сабау», «көсіп сабау» болып екі түрге бөлінеді.

Жіп иіру дайындығы. Иірілетін жүндер сабаумен сабалып, іртігі жазылумен бірге, майдалары қолмен түтіледі. Түту – іртігін қолмен жазып үлпілдетіп алу. Түтілетін жүндердің ақ, қарасы, әр түске боялғандары бөлек түтіліп иіріледі. Иірілетін жүндер іртіксіз майда болуы қажет. Сол үшін жүнді түтіп, онан соң шүйкелеп алады. Шүйке екі түрлі дайындалады. Бірі – есуге арналған шүйке. Бұл алақандалып бір – екі қарыс ұзындықта ортасынан бүктеліп, ширықтырылып жуантық жасалады. Екіншісі – иірімге және ши орау үшін жүнді созбалап, домалақтап ораған шүйке. Иіруге

арналып түтілген жүнді созып, домалақтап ораған «домалақ шүйке» ілмегінен сол қолдың ортаңғы саусағына ілініп, шүйке ұшы ұршық мұрындығына бекітіліп алынып, созып иіре беруге болады.

Ұршық – аналарымыз тарихтан бері қолданып келе жатқан жіп иіру жабдығы. Қазақтың әр отбасында бір – екі ұршық болады. Ұршық үш бөлімнен – басы, сабы, мұрындығынан тұрады. «Мұрындық» деп үш жағының екі жаны жұқартылып кертіліп ортасы тесіліп көлденеңнен жіңішке (сіріңке талының жуандығындай) ағаш өткізілген бөлігін атайды. Ұршық осы мұрындығына жіп ілу арқылы иіріледі. Сондықтан мұрындық ұршықтың барлық ауырлығын көтеретіндей ағаштан жасалады. Осы бөлігінен бастап ұршық басы орналасатын жерге дейінгі ұршық мойыны 10 – 11 см, сабы 30 – 40 см болады. Жіп иіру және жіп ширату. Қолдағы шүйкенің бір ұшын ұршық мұрындығына іліп, жіптің жіңішкелігіне қарай шүйкенің бір қарыстай жерін сөзыңқырап, жүнді мұрындыққа таяу жерден сол қолдың саусақтары арасында ұстап, ұршықты осы мұрындықтағы шүйке ұшы арқылы көтеріп, оң қолмен ұршық сабын аяқ қырына алақанмен сүйкеп домалатады. Ұршық айналған сайын шүйкені қолдан бір тегіс созып сусытып отырады. Жіп иіріліп белгілі биіктікке жеткенде, ұршықты оң қолымен сабынан ұстап, иірілген жіпті ұршық басының дөңгелегінің астына орайды. Осылайша ұршық толғанда ұршық мұрындығындағы жіп ұшын шығарып, мұрындық жағынан ұршық басын шығарады да, ұршықтағы толы жіпті суырады. Тағыда бір ұршық жіп иірілген соң осы екі ұршық жіптің ұштарын қосып орап домалақтап алып, қос қабаттап ширатады.

Жиек иіру.

Жиек – үй жабдығын көркемдеуге, беріктеуге пайдаланылатын жіптің бір түрі. Жиектер сыңар жиек және қос жиек түрінде жасалғандықтан жіптерінің жуан – жіңішкелігі, дайындалу жолы әртүрлі болады. Жиек сабақ жіппен жуанырақ иіріледі. Жалаң қабат етіліп иірілген жіптерді 3 еселеп жіптің өзін - өзіне ілініп – шалынып үш қабат етіп алып, оны қайта ширық иіріп барып жиектің бір талын жасайды. Осы бір тал күйінде сырмақ жиегі үшін иірілген түрін «сыңар жиек» деп атайды.

Киіз басу.

Киіз басу өнері көне заманнан күні бүгінге дейін жетіп отыр. Киіз басу да киіз үйдің тұрмысқа пайдалануға келуімен тұстас. Киіз басуға қажетті дайындық: киіз басуға желсіз ашық күн таңдалады. Мол күзем жүн қажет 4-6 канатқа дейін ақ ши дайындалады.

Шабақтайтын сабау Қайнаған су Жүн сабақтайтын, жүн тартатын 5-6 әйел, шиге орап ыспалайтын, білектейтін 5-6 адам. Буатын арқан және тізгін жіп. Немесе бір дана бақан не сырық.. Сырмақтың жасалу технологиясы.

Сырмақ қалай жасалады. Сырмақ жасауға қажетті материалдар алуан түрлілігі, олардан түрлі сырмақтар жасауға болады.Қандай сырмақ істеу қажет болса да біріншіден,сырмақ киізі ақкиіз жене астар киіз болуы шарт.Ойыстырылатын сырмақ үшін ақ және қара киізден тыс басқа да бояулы киіздер қажет. Одан басқа қайшы, пышақ, шуда жіп(жүн жіп), тебен, «оймақ, жиек,ою сызатын бор, қарындаш,кез(өлшегіштер)қажет.

Егер ойыстыратын сырмақ көп түрлі, өңмен жасалатын болса,онда жеткілікті бояу және сырмаққа жетерлік ақ киіз қажет. Оюлы сырмақ жасалатын болса, жоғарыда айтылған дүниелерден басқа кездемелер яғни, балбарқыт, шибарқыт,шұға,т.б. кездемелер сырмаққа жетерлік етіп дайындалады.Кестелер сырмақтар үшін алуан түрлі боялған жүн жіптер, жібек жіптер,біз, кергіш,астарлық кездеме,көмкерлік кездеме дайындалады.

Сырмақтар тұтас ою арқылы ойылып жасалады. Сырмақты шебер сызушылар,оюшылар сызады,ояды. Оюлы сырмақтың құрылысы және материалы.»Оюлы сырмақ» дегеніміз- кездемеден ою ойып, оны сырмақ киізінен жапсырып жиектеу арқылы жасалатындығы айтылған болатын.Оюлы сырмақ үшін борлат, барқыт,шұға, мәуіті қатарлы кездемелреден қалаған біреуін дайындау қажет.

Оюлы сырмақ -дәстүрлі үлгідегі сырмақ түріне жататындықтан ол екі жаны, екі басы, ортасы сынды бес бөліктен жасалады.Бұндай дәстүрлі үлгідегі сырмақтардың екі жан кендігінің қосындысы ортасының кендігіне тең,екі көлденең басының жеке-жеке ұзындығы орта ұзындығының жарымына жететін болуы қажет. Мысалы:сырмақ кендігі 100 см шамасында болса, ұзындығы 200 см шамасында болады.Сырмақ екі бүктегенде барлық жағы тең куб пішініне келуі керек. Бұндай сырмақ сұлу көрінеді.

Сырмақтың түрлері

Сырмақтар алуан түрлі болып келеді. Ал ол жасалу үлгілеріне және істелу жолдарына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Ақ сырмақ – ақ сырмақты бояулы жиекпен немесе түрлі түсті матамен оюлайды. Оны тек шуда жіппен ғана оюлап сырады да, оның айналасын бірыңғай ақ жүннен тоқылған жиекпен немесе таңдап иірілген қара ала жиекпен өрнектейді.

Қара ала сырмақ – бұл сырмақты қара және ақ киізден астарлап, сырып жасайды. Оюларды құраған тегістердің үстіне бояулы жиек бастырылады. Қара ала сырмақ сән салтанатта сыйлы қонақтарға төселіп, көш жүгіне жабылатын болған. Ол боялмайды. Табиғи қара, ақ жүннен басылады.Жиекті сырмақ – мұндай сырмақты тұтас бірыңғай ақ немесе қара түсті киіздің бетіне бірнеше жиек бастыру арқылы жасайды. Мұны мүлікті тең етіп бууға, жолға алып шығуға және басқа да күнделікті тұрмыста пайдаланған.Дебіске сырмақ - дебіске (орыс халқының девочка, девичье сөзінен алынған деген пікір бар) сырмақты жасағанда тұтас киіздің бетіне әр түрлі түсті матаны оюлап бастырып, сол оюлардың шет – шетіне жінішке жиек басады.

Сырмақтың сапасын саралау

Сырмақтар алуан түрлі және олар бір адамның қолынан шықпайды. әр отбасы өзінің шама шарқына қарай сырмақ тігеді. Осылардың ішінен «мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік» дегендей нағыз шебер сырмақшылардың сырмағы көзге көрініп, өзіне ықтиярсыз мойын бұрғызады. Бірі оюмен, бірі тігісімен, бірі жиегімен, кей сырмақ бүтін тұлғасында мін болмайтын сұлу, сапасымен көз тартады. Міне, бұлар парықтай білуге де шеберлік қабілет қажет.

Қазақ халқы ерте заманнан бері басқа халықтар сияқты өз заманының куәсі ретінде қолөнердің барлық саласында алсаңыз да әрбір бұйымды жасауда қолөнер шеберлері асқан шеберлікті, өнерсүйгіштікті көрсете білген. Оларға құлпырған алқызыл қазақ кілемдерін, текемет пен сырмақтарын әртүрлі әшекейлі зергерлік жұмыстары жатады. Бұл өнердің қай қайсысы болса да өмір сүру қажеттігінен туған, оларды тек жасай білмей, әрбір заттың көркемдігін, сұлулығын, әсемдігін, көріктігін мықтылығын, беріктігін, қолайлылығын өз талғамымен жасай білген. Әрбір затты өз заманының адамдарына, олардың тұрмыс жағдайларына байланысты жасап отырған кейбір қолөнер түрлері қазіргі қоғамдағы тұрмыс – тіршіліктің қажеттіліктің талап – талғамдарына сай қолданудан қалып отырса, кейбір бұйымдар осы күнге дейін өз мағынасын жоймай күнделікті тұрмыста қолданылуда. Халық қолөнер шеберлері байлыққа байлық қосып, молшылық жасаумен қатар, сол баршылықты байыпты етуге тұрмыстық жиһаз мүліктерімізді сәндендіре түсуге үлкен үлес қосты. Қазіргі кезде қолөнер шеберлеріне көмек көрсету, оларды керекті құрал жабдықтарымен қамтамасыз ету, қолөнер мамандарын дайындайтын мамандар дайындау жұмыстары қолға алынуда.

Сонда да болса бұл істер халық талғамын, талабын қанағаттандыра алмайды. Сол себептен қазіргі қоғам жастары келешегіміздің ұлттық болмысын, ұлттың ұлттық мәдениетінен айырылып қалмау үшін, алдын – ала ойластырылып, жастарды дер кезінде ұлттық өнеріміздің өзіндік ерекшеліктерін бойына сақтай білуге тәрбиелеу ісі өзекті мәселелердің бірі болуы тиіс. Ата бабамыздан қалған салт – дәстүріміз бен ұлттық санамызды қаз – қалпында сақтап, көбейтіп, келешекке аманатпен жеткізуіміз керек.

Ауданда әсіресе бастауыш сынып оқушыларына арналған қолөнер бұйымдарының көрмесі жиі ұйымдастырылса.

2. Осындай ұлттық салт – дәстүр, қолданбалы өнер бағытындағы ғылыми жобаларға мүмкіндігінше оқушылар көбірек қатыстырылса.

3. Оқушылардың ғылыми жобалары тек ауданда ғана бағаланып қоймай, облыстық, республикалық журналдарға, балалар журналдарында жарияланса.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сырмақ өнері. (қазақ, орыс, ағылшын тілінде) Авт: Әлима Ысқаққызы. - Алматы кітап, 2007.
2. Қолөнер материалдарын технология сабақтарында оқытудың теориялық негіздері.
3. Күнпейіс Жұмахан. - Алматы, 2008.
4. Қазақтың қолөнер бұйымдары. - Алматы кітап, 2007.
5. Бастауыш мектеп журналы 2003. №2.
6. Қазақтың ою өрнектері. (оқулыққа қосымша).
7. Қазақ энциклопедиясы.
8. Қолданбалы өнер және оның салалары. Қазақстан тарихы 11 сынып. - 112 б.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Е. ХАМИТОВА

6 «Б» сынып оқушысы, № 21 жалпы орта білім беретін мектебі, Екібастұз қ.

А.Д. КАБЫШЕВА

жетекші, № 21 жалпы орта білім беретін мектебі, Екібастұз қ.

Қазақ халқының ою-өрнек өнері – байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең ежелгісі, әрі кең таралған түрі. Қазақтың сан ғасырлық тарихымен біте қайнасқан бұл өнер түрі халықтың шынайы рухани-эстетикалық

танымымен астасып, этнографиялық мәнге ие көрінісімен ерекшелене түскен. Демек, ою-өрнек – ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, халықтың өткен тарихы – рухани, мәдени-материалдық өмірінің айнасы.

Жаныңа ләззат сыйлайтын эстетикалық мәні зор бұл өнердің адам баласына берері мол. Сұлулыққа, әсемдікке, сабырлық пен төзімдікке баулитын ою-өрнек сыры тереңде жатыр. Оның мөлдір де, таза түбіне жеткен жанның қоршаған орта мен жан-дүниеден алары көп болары сөзсіз. Ою-өрнектің көне атаулары – халықтың тарихы мен мәдениетінен, ұлттық ерекшелігінен, ертедегі дүниетанымынан мол мағлұмат беретін құндылық. Өрнектегі барлық элементтер ырғаққа бағынады дегенмен, оюлардың өзіндік көркемдік мәні және сюжеті болады. Ою-өрнек элементтерінде формальді түрде бейнеленетін элемент жоқ, олардың барлығының өзіндік мазмұны бар. Бұған нақты мысал ретінде ел ауызында сақталған аңыз-ертегі «Ою хан мен Жою ханды» айта кетуге болады. Оюды сөйлеткен Ою хан Жою ханның баласының өлімін сырмақтағы оюмен жеткізген. Осыдан-ақ әр оюдың терең мағына мен мазмұнға бай екенін, әрқайсысының өзінше сөйлей алатынын аңғаруға әбден болады.

Оюдың әрқайсысы белгілі бір ұғымға немесе қандай да бір жағдайға байланысты өрнектелетіні түсінікті. Соны ескерсек, ою-өрнектердің айтар ойы мен берер тәрбиесі де мол. Осы орайда айта кетерлігі, қазақ халқы әр оюға ерекше мән беріп, оның қайда, қандай бұйымда немесе қандай киім үлгісінде қалай қолданылуы керектігіне көп көңіл бөліп, ешқандай қателіктің кетпеуін жіті қадағалаған. Өйткені оюлар атауларына, көлеміне, пішініне, түр-түсіне қарай өзіндік мағына ие. Соған қарай, бас киімдерге қолданылатын ою-өрнек түрлерін киімнің етегіне немесе шалбардың балағына қолдануға, сондай-ақ керісінше етікке, балаққа ойылатын ою түрлерін жағаға жапсыруға мүлде болмайды. Мысалы, «ит күйрық» аталатын өрнек ешқашан бас киімдерге қолданылмаған. Мұның астарында «дүшпаның кеуденнен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Бұл өрнек «дүшпаның төмен болсын» деген ниетпен көбінесе ер адамдар шалбарының жырық балағына өрнектелген. Ал мұндай қателікті жіберу – оюшы мен қолөнер шеберіне үлкен сын болары сөзсіз. Сонымен қатар ою оятын адам оюлардың тарихына, мән-мағынасына терең үніле отырып, ер адамдар мен әйел адамдардың киімдеріне ойылатын оюларды өзара ажырата білгені абзал. Қазақ халқы ұлттық киімді әшекейлеуге барынша ықылас аударған. Қыз балалардың бешпетіне, көйлегіне гүл тәрізді немесе қанатты қарлығаш секілді өрнектер бейнеленген. Ал ер баланың киіміне найзаның ұшы, бүркіт, қошқар мүйіз секілді өрнектер батыр, алғыр болсын деген ырыммен жиі қолданылатын болған. Осылайша әр ою-өрнектің астарына терең мағынаны қапсыра білген. Мысалы, «аққу қанаты» – өрнегі

бақыттың, сұлулықтың, тазалықтың, адалдықтың мағыналық белгісінде өрнектелсе, «қошқар мүйіз» ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны, «ағаш» оюы ынтымақ-бірлікті білдірсе, «ирек» оюы – адамның өмір жолы, судың белгісі, «шенбер» оюы – жарық өмір жолы дегеннен сыр шертеді. Сондай-ақ ою-өрнектің әр заттың өзіне лайықталып, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып, қабысып, шынайы көркемдік беруі қолданылған түстерге де байланысты. Ою-өрнек жасаушы шебер оюды олпы-солпы болудан сақтауы, әсемдігіне жеткізе білуі керек. Сондықтан да өрнектердің композициялық құрылымына, бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасымын дұрыс таба білуіне көп көңіл бөлген жөн. Мысалы: көк түс – аспан, жасару, өмір, өсу деген мағынаны білдіреді, қызыл түс – оттың, күннің белгісі, қара түс – жердің түсі, берекенің белгісі, сары түс – ақыл, парасат, байлықтың белгісі, ақ түс – қуаныштың, бақыттың, тазалықтың белгісі, жасыл түс – жастықтың, көктемнің белгісі. Осыларға мән бере отырып, композициялық құрылымның дұрыс болуын да қадағалай білу керек. Қазірде ою-өрнектерді композициялық құрылымына қарай бір жүйеге келтіру үшін ғалымдар ою-өрнекті төрт топқа бөледі: 1. Зооморфты (жан-жануарлардың табиғи және мифтік бейнелері); 2. Өсімдік пішіндес (жапырақ, үш жапырақ, шиыршық, ағаш); 3. Гөметриялық (бұрыш, балдақ, шынжара); 4. Космогониялық өрнек (дөңгелек, ирек, шимай, торкөз). Осындай түрлеріне бөле отырып, ою-өрнектің тұрмыста пайдалану ауқымы өте кең. Оюдың жекелеген тармақтарынан бастап үш түр, төрт түр, бес түр, алты түр, т.б. тармақтарынан әрі қарай өрбіп, кеңейе беретін күрделі оюлар да біздің ұлттық дәстүрімізде, тұрмыста үнемі қолданыс тауып келген. Халқымызда жазу болмағанда ою-өрнек болды. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды. Келешек ұрпақ мақсаты – сы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып көздің қарашығындай сақтау.

Халық мұрасындағы ұлттық өрнектердің үйлесімді рендері ата-бабаларымыздың тұрмыс, салт-дәстүрін бейнелегендей. Анықтап айтқанда, халқымыздың тарихын, шежіресін, жағрапиясын, мінезін, ерлігін дәл бейнелейтін ою-өрнектей күдіретті өнер жоқтың қасы. Бұл өнер әрбір халықтың болмысымен бірге туып, біте қайнасып келеді. Қазақ ою-өрнегінің табиғаты халық өнерінің тарихи дәстүріндегі сұлулық пен әсемдікті көре білетін, байқай алатын зерделі азамат тәрбиелеуге айрықша ықпал ететіні анық.

Жалпы қазақ ою-өрнек мәселелерін зерделеу нәтижелері ұрпақ тәрбиесінде, әсіресе, олардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттыру процестеріндегі өзіндік

маңызы мен орнының ерекше екенін көрсетіп отыр. Ұлттық ою-өрнек, терең тарих және философиялық, көркемдік эстетика тұрғысында ұрпақтың санасын ашып, оның айналаға деген көзқарасын анықтап, ой-өрісінің дамуына шынайы да ұтымды әсері бар өзіндік сыры мол әлемге еліктіретіні анық.

Қазіргі кезде зерттеуші ғалымдар қазақ ою-өрнегінің 250-дей атауларын жинақтаған. Ежелгі ою-өрнектердің атаулары мен үлгілеріне және оның өрбу тарихына талдау жасау арқасында. Ою-өрнектердің бұл тобын, қазақ халқының ою-өрнектерінің төркіні деуге болады. Өйткені барлық жаңа буындар осының негізінде жасалып, тек атаулары өзгеріп отырған. Мысалы, қошқар, арқар мүйіз, бұғы мүйіз, қырық мүйіз, қос мүйіз, сынар мүйіз, сынақ мүйіз, өркеш мүйіз, төрткүлақ, түйе табан, сынар өкше, қос алқа, құс қанаты, қаз табан тағыда басқа ою-өрнектердің негізгі арқауы. Осы элементтерден ою-өрнек композициясы жасалады. Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру мен аңшылықты, жер-су, көшіп қону көріністерін, жалпы тұрмыс-тіршілікті бейнелеген күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесінен аңғаруға болады. Дәл осы ою-өрнектер даму үрдісіне түсіп көптеген басқа, біздің заманымыздың көрінісі бола алатын ою-өрнектердің шығып жатқанын көре аламыз. Әрбір оюшы ою-өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Сондықтан қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің ең басты мәнері, ең көп түрі. Ою-өрнектерді құрастыру үшін шеберлер өсімдіктер мен гүлдердің суреттерін қолданған. Осыдан өрнектер барлық әлем халықтарының мәдениетінде көп кездеседі. Өсімдікті оюлар қазақтың қолтаңбалы шығармашылығында лайықты орын алады. Олар-жапырақтар, жапырақшалар, үш жапырақты өсімдіктер, бірегілдер, гүлдер. Мысалы, гүлдердің барлық түрінде символ-гүл ою-өрнегі. Шебер әйелдер киім кешектерде әшекейленгенде өсімдік өрнектерді жиі қолданады. Күрделі композиция құрайтын ою-өрнектерінің бір түрі-табақ. Оның жиегі су ою-өрнектерден әшекейленген. Ал ортасында гүлде, жапырақтар, шырмауықтар орналастырған. Табақ оюы ас үй жиһаздарымен түскііздерді, аяққаптар (ыдыс-аяққа арналған, уықпен керегеге ілінетін киізден жасалған дорба) мен дастархандарды әшекейлеуде пайдаланады.

Кілемдер, текеметтер, алашалар өсімдікті ою-өрнекке өте бай. Кейде аралас өрнектерге бұйымдарда кездеседі. Оның көрнекті үлгісі-киіз үй. Киіз іші ерекше құмарлықпен жасалған. Ою-өрнекпен әшекейленген жиһаз, ыдыс-аяқ, шиден жасалған өрнек тоқыма, кесте бұйымдар, түскіізде киіз үйдің ішін жайнатып жібереді. Бұл өнер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді және әр түрлі мәнер жасауда жиі қолданылады.

Қазақ ою-өрнегі қошқар мүйіз түрінен бастау алатындықтан қандай ою түрін жасағанда да осы ою түрі басты көрініс табуы қажет. Басы қошқар мүйіз оюынан бастау алған өрнек дами келе неше алуан түрге еніп, аражігі әртүрлі ою-өрнектермен толыға келе үлкен күрделі ою түрі шығады. Ою атасы қошқар мүйізі басталған өрнек түрлері бір-біріне үйлесе сән бере келе бірігіп, жымдасып, байланыс пен сәндік тауып жасалатын ою түрін әрлендіре түседі. Табиғаттағы әсем гүл шоғырындай ою-өрнекте өз шеберін тапса жарасып, құлпырып, көз тартып, көзге қуаныш, көңілге жылылық, ортаға әсемдік, сұлулық шашып тұрары анық. Біздің Ата-Бабаларымыз осындай өнер түрін өзінің шырқау шыңына жеткізе білген.

Ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, өскен арқандай бірігіп тұруы керек. Ара жігі бадырайып үйлеспей олпы-солпы болса онда ою өзінің сәнін, сұлулығын, үйлесімін тіпті мазмұнын жоғалтуы мүмкін.

Халқымыз сәндікті, сұлулықты сүйген, өнер туындыларының жетілген түрлерін өмірге енгізген, тұрмыста қолданған. Сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттаған. Сұлулықты сүйген халық жүрегі нәзік, таза, ақжарқын, қайырымды болған. Міне ғасырлар бойы Бабаларымыз ешкімнің ала жібін аттамаған, сырт елге соғыс ашпаған. Қайта басқа елге қамқор болған. Сол қамқорлық күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Басқа ұлт өкілдерін бауырымызға бастық. Халқымыз Ата-Баба дәстүріне, салтына, мәдени-мұраға адалдықпен қараған. Қаншама алапат соғыс, қуғын-сүргінді бастан өткерседе атадан қалған киелі жәдігерді шамасы келгенше тастамаған. Соның бір айғағы марқұм өз атамнан қалған Байпақпайұлы Нығметұлланың арғы бабадан мұра болып келе жатқан емен ағашынан жасалған, күміспен қаптап безендірілген үш ғасырлық тарихы бар асатаяқ қаншама қуғын-сүргін көрседе жоғалытпай аман сақтап бізге жеткізіп кетті. Осындай бабалар мұрасын қастерлеп сақтау, мәдени-мұрамызды дамыту. Егемен еліміздің әрбір азаматының басты мұрат-мақсаты екені анық.

Қазақтың ою-өрнектерін зергерлік бұйымдар жасаған шеберлер кең түрде қолданылады. Олар алтын, күміспен, алуан түрлі асыл тастармен безеп ер, жүген, үзеңгі, таралғы, құйысқан сияқты ертұмандарын және сақина, білезік, алқа, шолпы, кемер белбеу, түйреуіш, сәнді сәукеле жасады.

Кестеге меруерт моншақ, асыл тастар, күміс алтын жіптер, алтын айшық қолданылады. Оқа тағылып, жиегі зерлі оюмен кестеленеді. Орамалды ою-өрнекпен кестелеп, моншақтап аранаулы жасап сыйлау – махабатын оюмен өрнектеп білдіру жастар арасында кең тараған.

Сонымен қорыта келе ою-өрнектердің өнер зертеушілердің пайымдауынша қазақ ою-өрнегі үш ұғым негізінде туған деген қорытынды бар:

Біріншісі, қазақ халқының өзіне тән ертеден келе жатқан ұлттық оюлар;
Екіншісі, басқа халықтардың мәдениетінен ауысқан;
Үшіншісі, уақытқа қарай бейімделі;
Ертедегі қазақ ою-өрнегі мазгұны жағынан үш түрлі ұғымды бейнелейді:

- Мал өсіру мен аңшылық;
- Жер-су, көшу-қону;
- Заттардың сыртқы бейнесі.

Осылардың қайсысында да қошқар мүйіз оюы қолданылып араласып отырады. Ою, сызу, бедерлеу ру тайпалардың таңбаларында, малдың ен-таңбасында, ай жұлдыз, аспан әлемін тұспалдауда орын алады. Шеберлер сүйекті ойған, ағашты иген, тасты қашаған, мүйізді балқытқан, металды өндеген. Әсемдікті таңдайда, жасайда білген.[9]

Ғалымдардың зерттуі бойынша ою-өрнек үш топқа бөлінеді:
Өсімдік тектес (жапырақ, үш жапырақ, ағаш) Зооморфтық (жан-жануарлар)

- Космогониялық өрнек (дөңгелек, ирек, шимай, тор көз)
- Гөметриялық (үшбұрыш, төртбұрыш)
- Ою-өрнек түрлері. Қосымшаны қара [2]
- Гүл, дөңгелек, мүйіз, таңба

«Гүл» ою-өрнегі барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі колөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады

Арпабас, көбелек, су өрнегі

Көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл парасаттың, қайғы мұнның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. «Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. Су өрнегі екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрыш бейнелер жасайды.

Қошқармүйіз, ашатұяқ

«Қошқармүйіз» - ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлағанын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады.

Түйетабан

«Түйетабан» - түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою-өрнек. Ол кейде «карта», «қарға», «қызылайыр» ою-өрнегіне ұқсайды. Қатар тұрған тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайтын, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келетін ою.

Құсқанаты

«Құсқанаты» ою-өрнегі мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты түспалдайды.

Кемпірқосақ

«Кемпірқосақ» ою-өрнегі бірнеше түстерден жолақтар жасап алма-кезек орналасады. Қазақтарда кейбір түстердің символдық мәні бар. Көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл парасаттың, қайғы мұнның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түсті белгілі тәртіппен кемпірқосақ көркіне лайықтап орналастырылады. Бұл өрнектер алаша, қоржын, басқұр тоқуда жиі пайдаланылады.

Өркеш

«Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмақ, текемет, түскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, бияның қос емшегін бейнелеу береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.

Құстұмсық

«Құстұмсық» - бұл өрнек құстың тұмсығын түспалдаудан туған. «Құстұмсық» тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Ою-өрнекті қиғанда ою ортасындағы сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады. «Құстұмсық» жүзік немесе «топсалы» жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Құс бейнесі халық түсінігінде азаттықтың белгісі.

Соның дәлелі ретінде біз бірнеше ою-өрнектерді талдап көрсетеміз.

«Ғарыш» ою-өрнегі

Космогондық ою-өрнектер тобына жатқызамыз. Адам баласының ғарышқа ең алғаш қадам басқан кезеңді есте қалдыру үшін, өнертанушы адамдардың осы ою-өрнекке бейнелеп, ұлттық нышанымыз ретінде шығара білді. Симертия арқылы орындалған ғарыш ракетасының бейнесі, бірігіп тұрған қошқар мүйіз ою-өрнегін қақ жарып ұшуға аттанайын деп тұр. Бұнда техногондияның дамығанын, нақты қазіргі заманды бейнелеп тұрғаның айтқын көрінісі.

«8 наурыз» ою-өрнегі.

Халықаралық әйелдер күні деп бекітілген 8 наурыз мейрамына арналған ою-өрнек. Бұрынғы көшкелі қазақ халқында бұндай мейрам боған емес, сондықтан бұны қазіргі қолданыстағы ою-өрнек деп нақты айтуға болады. Ою-өрнекпен өрнектелген сегіз санының ішінде гүл тектес ою қыздардың гул секілді нәзіктігін білдіріп өзгеше бір композицияны құрап тұр.

«Дельфин» және «Барыс» ою-өрнегі.

Жалпы зооморфтық ою-өрнектер тобына жатқызуға болады. Бірақ бұнда қазіргі кезде сурет салу өнері бамығандықтан нақты барыс пен дельфиннің бейнесі суреттелгені көрініп тұр. Қазақ елі Қазақстан Республикасы болып орныққаннан кейін теңізге жақын шет елдермен байланыс жақсарғаны, бізде жоқ, тек теңіздерде болатын су жануары дельфинді біздің ою-өрнектерде бейнеленгені осының айғағы.

Осыдан шығатын қойтынды өткен ғасырға дейінгі қазақ халқының өмірі, тыныс тіршілігі, барша әлеуметтік жағдайы, көшпелі күн көрісі мал шаруашылығымен, мал өнімдерімен тікелей байланысты болған. Осының дәлелі археологиялық қазба жұмыстарынан табылған әртүрлі заттардың бетіне салынған ою-өрнектерді зерттей келе, оның мағынасына көз сала отырып, сол кезде болған тұрмыс-тіршілігіміз, діни-нанымдарымыз, салт-дәстүріміздің көрінісі екені анық.

Қазақ ою-өрнегінің табиғаты халық өнерінің тарихи дәстүріндегі сұлулық пен әсемдікті көре білетін, байқай алатын зерделі азамат тәрбиелуге айрықша ықпал ететіні анық.

Қазіргі заманға сай келтіріп, бұрынғы мағыналық қасиетін ескеріп ою-өрнектермен айналысатын адамдардың аздығы, біздің ата-бабаларымыздан қалған үлкен мұрағатымыздың қаншалықты қымбаттылығын түсінбеуімізде болып тұр. Міне, осыған орай ұлттық болмысымыздың нышаны ретінде табыла алатын ою-өрнектердің даңқын көрсету керек. Осыны айта отырып, мен қазіргі кезде ою-өрнекпен айналыспайды дегенді жоққа шығармаймын. Қазір өз заманына сай ою-өрнектер әр салада өзіндік қолданысын тапты, бірақ бір айта кететінім көпшілігі олардың мән-мағынасын біле қоймайды. Мысалға келтіретін болсам, стилистер, тігіншілер киім тігу жайында өз мамандарының шебері, бірақ сол шебер бола отырып, кейбіреулері ою-өрнектердің мағыналарын біле қоймайды. Қорытындылай келе менің түсінігімде ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік,

сүйкімділік, парасаттылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылығы, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, көңілді ашады, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрб

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚОҢЫР ОЮ ӨРНЕКТЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫН ҮЙРЕНУ

М. ХОЖИМЕТОВА

оқушы, З. Хусанов атындағы жалпы орта мектебі,

ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

Х. ИБРАГИМЖАНОВА

технология мұғалімі, ғылыми жетекші, З. Хусанов атындағы жалпы

орта мектебі, ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Ғылыми ізденісімнің негізгі мақсаты: қазақ халқының дәстүрлі ою - өрнектерінің бүкіл әлемге танытып, қазақ жерінде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді, салтты өркендетуші, әрі қарай жаңғыртып, байытушы азамат болу.

Бұл мақсаттарды орындау барысында шешілуі тиіс міндеттер:

Қазақ халқының ұлттық ою - өрнектерінің келіп шығу тарихын анықтау.

Қазақтың дәстүрлі ою - өрнектерінің халықтың салт – дәстүрімен байланысын анықтау.

Ұлттық ою - өрнектердің түрлерімен таныса отырып, олардың әмбебап қасиеттеріне сипаттама беру.

Зерттеу материалдары ретінде қазақ халқының тарихы, салт – дәстүрімен байланысты деректер жинап, Шымкент қаласындағы облыстық музейден жиналған мәліметтерден пайдаландық.

Зерттеудің мәні.

Егеменді ел болғалы қазақ халқы өзінің салт – дәстүрлерін, әдет – ғұрпын қайта жандандыруда.

Біз ата – бабаларымыздан қалған мәдени мұраны келесі ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз.

Келешек ұрпақтың қазақ халқының салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын, бай мәдени мұрасын үйренуде өз үлесімді қосамын деп үміттенемін.

Қазақтың дәстүрлі қоңыр ою – өрнектерінің шығу тарихин үйрену

Қазақтың дәстүрлі қоңыр ою – өрнектері - Қазақ халқының ескі заман дәуірінен сөнбес мұра болып, ұрпақтан- ұрпаққа, әкеден-балаға сабақтасып, ұзақ жылдар өзіндік тарихымен елімізді бүкіл әлемге мәдени қол өнерімен танытып келген «далалық өркениеттің» алтын бесігі Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан мұраны үйрену. Қазақ халқы мол байлығымен республика жерінде ескіден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді, салтты өркендетуші, ары қарай жаңғыртып, байытушы азаматы болу.

Елбасының «Қазақстан-2030» бағдарламасында халық ағарту ісі саласындағы күрделі мәселелердің бірі ретінде оқу-тәрбие жұмысын жетілдіре түсу керектігі атап көрсетілді. Сондықтан да, егеменді еліміздің мектептерінің алдында оқушылардың дүниеге саналы көзқарасын қалыптастыру, оларды тәуелсіз мемлекетіміздің саналы құрылысшысы етіп тәрбиелеу және алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге баулу міндеті тұр. Жалпы алғанда, сыныптан тыс жұмыс оқу-тәрбие жұмысының бір бөлігі болып табылады. Сыныптан тыс жұмыстарды ғылыми жетістіктермен, айналадағы күнделікті өмірмен байланыстыра жүргізу осы заманғы оқу үрдесінің инновациялық түрлерінің бірі. Көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі қоңыр адамзат мәдениетінің дамуын қарастыратын болсақ, мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастың, сұхбаттың үзілмей келе жатқанын көреміз. Белгілі ғалым Л.Н.Гумилев көшпелілер жайында былай дейді: «Біздің дәуірге дейінгі I ғасырдағы көшпенділер мәдениеті ерекше дараланды. Оның үстіне ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. көшпелілер мәдениетінен көп жоғары болған.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ғасырдан бастама алып, осыған орай мәдениеттің тарихи қозғалысын, заңдылықтарын біліп-танудың мәні артып отыр. Халық арасында көне мәдениет сырттан келген мәдениет ықпалымен жанарып, толыққан үстіне толыға түсті деп ойлаймыз. Өйткені қазақ халқының еңбек етуінде көптеген өзгерістер болды. Сырттан келген мәдениетті өз өмір тіршілігіне байланысты өзгерткен. ХІХ ғ. 2-ші жартысы мен ХХ ғ. басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнері ең жоғарғы даму баспалдағына көтеріліп, өмірде өз орнын ала білді. Қазіргі таңда біздің пікірімізше, қазақ қолөнерін жан-жақты этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы өте зор. Қазақтың қолөнері жалпы қазақ мұраларының даму жолындағы, мәдениеттің ішіндегі негізгі бір саласы. Біздің пайымдауымызша, бүгінгі күн талабы ұлттық мәдениетті зерттеу, танып білу. Ұлттық мәдениеттің бір саласы қолөнер, яғни ою-

өрнек болғандықтан, қолөнер шеберлерінің дәстүрлі талабын да жан-жақты зерттеу болашақ жастардың ісі. Қолөнер – баға жетпес, өшпес мұра. Оны қорғай да, қолдай да білуіміз керек.

Қазақтардың өнері дамыған сайын, тынысы кеңейіп, өнер түрлері Қазақстанның барлық жерлерінде түгелдей өрістеді. Әр өңірдегі өнердің қалыптасып, дамуына көрші халықтардың ықпалы зор.

Жалпы халықтың табиғатқа деген көркемдік сезімін, ілтипатын, қадірлеп-қасиеттеуін көрсететін деректерді тарихтан ғана емес, сонымен бірге бүгінгі өмір тағылымынан, тұрмыстың әр алуан жағдайларынан кездестіреміз. Қай қазақтың босағасына бас сұқсаңызда оюлы сырмақ, текемет, тұскиіз, айшықты ер тоқым, тұрман, ыдыс-аяқ, не болмаса өрнекті киім-кешекті кездестіреміз. Ол көзі қимай сақтаған ескінің жұрнағы емес, халық санасына терең ұялаған, туған табиғатына тән көркемдік сезімнің бүгінгі күнге қажетсізінуден туған, болашақ ұрпаққа да сол мән-мағынасымен баратын данғыл жолы бар дәстүрлі дүние.

Ата-бабамыздың қолөнер мұраларын жақсарту – қазіргі заман жастарының ісі, халықтың ертедегі істері жарасымды жалғасын тапса, өнер дамыған үстіне дами береді.

Қазақ «өнер алды-қызыл тіл» дейді. Дегенмен, сурет өнері осы тілден бұрын пайда болған тәрізді. Өйткені сонау тас ғасырынан қалған таңбалы тастарда ою-өрнектер арқылы адам баласы тым ерте-ақ өз ойын суретпен жеткізуге талпынған көрінеді.

Ою-өрнек қалай және қандай себептен пайда болды? Бұл сұрақтың дәл жауабы әлі табылған жоқ. Бір ғалымдар, атап айтқанда, Л.Я. Штернберг: «ою-өрнектің алғашқы нұсқалары діни сенімге байланысты пайда болды» десе, А.В. Филипов: «ою-өрнек ырғақ өнері мен нышандардың тұтасуынан туған дүние», - деп тұжырым жасайды. Ежелден қалған ескерткіштерде бейнеленген ою-өрнектер белгілі бір ұғымды білдіреді деген тұжырым ғылыми тұрғыдан дәлелденгенімен, олардың нышандық мәні, атаулары, нұсқалары, ортақ ою-өрнек нақыштары санаулы ғана.

Ғалымдардың пайымдауынша, ою-өрнектің пайда болуының бірнеше себебі бар. Адамзат ғасырлар бойы әсемдікке, сұлулыққа ұмтылған, сондықтан сол сұлу нұсқаны тұрмыстық заттарды безендіру үшін пайдаланған. Ою-өрнек өнерінде белгілі бір халыққа ғана тән негізгі көркемдік ерекшелер сақталады, сондықтан ол халықтың бейнелеу, сұлулықты қабылдау мәдениетінің жоғарлығымен, ұлттық қолтаңбамен тікелей сабақтасып жатады. Ғалымдар қайсы бір халықтың өнеріне салиқалы баға беру кезінде

жоғарыда аталған өлшемдерді басшылыққа алады. Қай халықтың мәдениетіне байыптап көз салсақ та, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық ұстанымына сәйкес белгілі бір өнер түрінің басым дамып отарғанына көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ою-өрнек қатыспайтын саласы жоқ деуге болады. Ою-өрнек элементтерін біз қазақтың үй жиһаздары мен киімдерінен, зергерлік бұйымдарынан, ер-тұрман әбзелдері мен қару жарактарынан да жиі кездестіреміз.

Сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезінде үңгірді мекендеген адамдар өздерінің тірлігін сурет арқылы баяндап, үңгір қабырғаларына қашап салған екен. Бұл туралы археологиялық деректер мен ғылыми еңбектерде көрсетілген. Одан бері келетін болсақ, б.д.д. V-III ғ.ғ. сақ дәуіріндегі Пазырық қорғандарынан табылған ою-өрнектер қазіргі біздің ою-өрнектерден айна қатесі жоқ дүниелер. Сондықтан біздің тегіміз тым әрі де жатқандығын, тіпті ұлт болып қалыптаспай тұрғанның өзінде ою-өрнектің тілі қазіргі біздің ою-өрнектің тілімен бірдей болып тұрғандығы. Соған қарап, бейнелеу өнерінің тарихы тіл өнері қалыптаспай тұрғаннан да бұрын басталғаны байқалады. Күні кеше Берел қорғанынан табылған зергерлік алтын бұйымдар қазақ халқының материалдық байлығының негізі екендігінде дау жоқ. Ондағы аң стилімен жасалған бұйымдарға қарап, зергерлік өнердің тым ерте дамып, биік шеберлікке жеткендігіне ғалымдар қауымы көз тектес ою-өрнек болып саналады. Қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын: өру, тігу, тоқу, құрау, еріту, балқыту, кию арқылы үй жиһаздарын, құрал-саймандарды, киіз үйлерді, зергерлік бұйымдарды, кілем, алаша, сырмақ, терме алаша, қоржын, ыдыс-аяқтарды, киім-кешектерді ою-өрнектермен әшекейлеп, безендіріп отырған. Ғалымдардың пайымдауынша қазақ ұлттық ою-өрнектерінің, әзірше 230-дай түрі ғана анықталған. Біз солардың ішіндегі халық арасында ең көп тараған «мүйіз» тектес ою-өрнек туралы сөз етпекпіз.

«Мүйіз» оюы қазақ халқының ою-өрнегінің төркіні деуге болады, өйткені барлық жана элементтер соның негізінде жасалып, тек атаулары ғана өзгеріп отырған. Мысалы: «қошқармүйіз», «арқармүйіз», «бұғымүйіз», «қырықмүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «төртқұлақ», «түйетабан», «сыңарөкше», «қосалқа», «құсқанаты», «қазтабан». Қолөнер шеберлері осы элементтердің сан түрлі композициясын жасап, бұйымдарға ұтымды пайдаланып келеді.

Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру, аңшылықты жер-су, көшіп-қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі

заттардың сыртқы бейнесін түспалдайды, бірақ қолөнер саласындағы қай бұйымды алсақ та, сол заттың бетінде түрлі нұсқада бейнеленген «мүйіз» элементін байқаймыз. Әрбір оюшы ою-өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Сондықтан қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің ең басты мәнері, әртүрлі мәнер жасауда жиі қолданылатыны «мүйіз» тектес ою-өрнектер.

Мүйіз тектес ою-өрнектер кейде өте ұсақ, кейде өте ірі болып келеді. Ұсағы зергерлік, кесте тігу, ағаш, сүйек, мүйіз ұқсату сияқты нәзік істерге қолданылса, ірісі кілем, алаша, терме алаша, текемет, сырмақ, ши орау, қоржын, киім-кешек, құрылысқа қолданылады.

Халық шеберлері мүйіз өрнегінен сан қилы мәнерлермен құбылта, бір элементке екінші, үшінші элементтерді қосып, молықтырады да, күлпырған әдемі де мазмұнды композиция жасайды. «Мүйіз» тектес ою-өрнектердің негізі қойдың, арқардың, ешкінің, сиырдың, бұланнның, бұғының, қодастың, еліктің мүйіздерін түспалдаудан пайда болған.

Шеберлер жаңа ою-өрнектерді тұрмыс тіршілігіне өз дәуіріндегі заман ағымына қарай лайықтап пайдаланып келеді.

Қошқармүйіз оюы неше түрі формалаға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Әсіресе киіз үй жасауларының барлық түріне де салып тоқуға болады. Мәселен, текеметтің ортасына “қошқармүйіз” шет-шетіне “тұмар”, “шаршы” немесе “су” оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман – тілегі, Омыртқа – мал шаруашылығымен тығыз байланысты туған, малдың дене мүшесіне қатысты өрнек. Бұл ою қайраттылықтың, ерліктің белгісі. Ер адамның, батырдың киімінің, кейде құрлардың шетіне салынады. Мұндай оюлардың формасы қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз тәрізденіп келеді де, кейде осы мүйіздің қолтығында қойдың құлағын долбарлаған шолақ мүйіз тәрізді тағы екі буын тұрады. Байқап қарағанда бұдан қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады.

«Мүйіз» — қазақ оюының ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мезгеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнек кейде ұсақ кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. Мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «өркешмүйіз», «қошқармүйіз» т.б. түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» өрнегі үй жиһаздарында (кілем, сырмақ, текемет, алаша, көрпе, түскііз, шымши) мен тұрмыстық заттарда (саба, шанаш, күбі, ожау, жүкаяқ, торсық, сандық т.б.).

Қорытынды

Қазақтың қолөнері жалпы қазақ мұраларының даму жолындағы, мәдениеттің ішіндегі негізгі бір саласы. Біздің пайымдауымызша, бүгінгі күн талабы ұлттық мәдениетті зерттеу, танып білу. Ұлттық мәдениеттің бір саласы қолөнер, яғни ою-өрнек болғандықтан, қолөнер шеберлерінің дәстүрлі талабын да жан-жақты зерттеу болашақ жастардың ісі. Қолөнер – баға жетпес, өшпес мұра. Оны қорғай да, қолдай да білуіміз керек.

Ата-бабамыздың қолөнер мұраларын жақсарту – қазіргі заман жастарының ісі, халықтың ертедегі істері жарасымды жалғасын тапса, өнер дамыған үстіне дами береді.

Қорта айтқанда ою-өрнек- дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы ою ойған адамның жүрегі жылы, жаны нәзік болады.

Бұл мындаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық қоңыр ою-өрнектерімізді, көзіргі жаһандық заманда аман сақтап қалу біздің парызымыз.

Қазіргі таңда біз жастарды еңбек тәрбиесіне баулу арқылы қазақ ұлтының қолөнерін үйрету-оқу тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Оқушыларды өнерге баулу өз елін, жерін, халқын сүюге, салт дәстүрін бағалай білуге үйретеді. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын әр түрлі материалдарды пайдаланып, олардан тоқу, өру, есу, кестелеу, сыру тәсілдері арқылы орындалатын өнер жиынтығын айтады. Қазақ халқы үй тұрмысына қажетті заттарды: ши тоқып, гоболен тоқып, құрақ құрап, кесте тігіп, кілем, сырмақ тағы басқа заттарды өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлеген. Сол дәстүрді сақтап қажетті бұйымымызды өз қолымызбен жасап алуды әдетке айналдырсақ, ұлттық өрнекті, оюды қадірлеп кез келген затымызға сала білсек деп жас ұрпақты қолөнерге деген ынтасын күшейтсек.

РАЗВИТИЕ ПРОМЫШЛЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ В 30-50 ГОДА ХХ ВЕКА

Т.Ж. ШАЛАНОВ

ученик 11 класса, Рождественская СОШ

Зарождение и развитие промышленности в Казахстане относится к периоду древности, когда осуществлялся переход к производящему хозяйству, была изобретена технология получения бронзы, осуществлялся процесс добычи и плавки руды.

Как мы знаем, долгое время основой хозяйственной жизни казахов было экстенсивное кочевое скотоводство.

С периода образования казахской народности и казахской государственности до середины XIX в. единственной формой промышленности были домашние ремесла и промыслы.

Техника домашней промышленности в течение столетий оставалась почти неизменной и характеризовалась крайне низким уровнем развития. Наличие огромного количества животноводческого сырья определяла специализацию ремесла, переработку шерсти, кожи и изготовление самых различных предметов потребления, в которых нуждалось казахское общество.

Наиболее распространенными домашними отраслями были:

- валяльное (изготовление кошм, ковров, паласов, войлоков, одежды);
- кожевенно-овчинное (изготовление кожаной одежды, обуви, сбруи, седел, кожаных емкостей, посуды и др.).

Достаточно хорошо было развито ремесло по обработке дерева, в частности, изготовление деревянных остов и юрт (кереге, уык).

В некоторых регионах плавил медь, изготавливали из железа серпы, ножи, предметы домашнего обихода.

Важное место в хозяйственной жизни казахов имели различные промыслы: соляной, рыболовный, охотничий, извозчий. Но промыслом, как правило, занималась казахская беднота.

Во второй половине XIX века, с завершением присоединения Казахстана к России, начинает появляться промышленность.

С развитием российского капитализма “вширь” Казахстан интенсивно втягивался в систему капитализма через товарно-денежные отношения, через переселенческое движение и овладение российским и иностранным капиталом местных рынков и зарождающейся промышленности. Шел интенсивный процесс разложения натурального хозяйства.

Наряду с господствующим патриархально-феодальным укладом сложился мелкотоварный и стал зарождаться капиталистический уклад. Вступление России в стадию империализма привело к ускорению промышленного развития и Казахстана, где число промышленных предприятий значительно возросло. Однако эти промышленные предприятия обеспечивали потребности капиталистической России, других империалистических государств и поэтому Казахстан выступал в качестве поставщика различного сырья, являлся рынком сбыта,

Установление колониального господства не могло не сказаться отрицательно на вопросах развития промышленности края, так как царизм не был заинтересован в создании тяжелой промышленности.

Несмотря на то, что здесь имелась богатая база для развития горнодобывающей промышленности, она развивалась крайне медленно и была оттеснена на задний план промышленностью по первичной обработке продуктов земледелия и скотоводства (мукомольни, хлебопекарни, пивоваренные, винокуренные, предприятия просорушки).

Наиболее распространенными были шерстемоечные, кожевенные, салотопленные, мыловаренные и клееваренные предприятия, скотобойни.

Однако это были сравнительно мелкие кустарные предприятия, с малым числом рабочих, незначительной суммой производства и почти полным отсутствием разделения труда. Вследствие низкой технической оснащенности эти предприятия перерабатывали не более 25 – 30% имеющегося сырья, остальное в полуобработанном или необработанном виде вывозилось в центр или продавалось за границу.

В Казахстане фабрично-заводская промышленность создана лишь в годы Советской власти. Республика была одним из наиболее отсталых районов страны основную отрасль хозяйства составляло кочевое и полукочевое скотоводство, казахский аул находился на стадии докапиталистических, патриархально-феодальных отношений, земледелие развивалось преимущественно в переселенческих хозяйствах.

Решающий шаг в развитии промышленности Казахстана был сделан в годы индустриализации. Концепция некапиталистического пути развития, то есть «сокращенного пути к социализму», для народов, не прошедших капиталистической стадии развития, нашла отражение в национальной политике, которая ставила задачу помочь ранее отсталым народам догнать в государственном, культурном и экономическом отношениях наиболее развитые районы. Основным путем решения этих задач явилась индустриализация.

Именно только на ее основе, возможно, было добиться форсированных темпов хозяйственного строительства, преодолеть огромную экономическую и культурную отсталость национальных районов, создать в них современные предприятия, города, ускорить формирование национального отряда рабочего класса и технической интеллигенции.

В политическом и социально-экономическом развитии страны индустриализация сыграла большую роль в плане того, что именно она явилась грандиозным скачком в жизни общества, способствовала превращению страны из аграрной, отсталой в индустриально-аграрную державу.

Процесс индустриализации, начатый в середине 20-х годов XX века, в исторической науке описывался как новый, социалистический метод быстрого преобразования всей экономики страны.

Процесс индустриализации управлялся из центра, и Казахстан расценивался как источник сырья, где развивалась главным образом обрабатывающая промышленность. Эту тенденцию ясно выразил секретарь ЦК ВКП (б) А. Л. Андреев в речи на 6 Казахской краевой партконференции. Андреев даже обвинил в национализме тех, кто думает, что каждая республика будет иметь «свою тяжелую индустрию»./29,с.182/

Политика «подхлестывания страны» сказалась в том, что уже через несколько недель после утверждения пятилетнего плана осуществлялся пересмотр важнейших заданий в таких ведущих отраслях, как металлургия, машиностроение и химия по принципу «лучше больше - да хуже».

Необходимость осуществления индустриализации бесспорна. Для того, чтобы в этом разобраться, следует рассмотреть, что представляла из себя страна в 20 - 30-е годы, так как именно эти годы были решающими в жизни страны и в то время сложными, поскольку зарождалась административно-командная система /25,с.148/.

Планом ГОЭЛРО отмечалась необходимость не только восстановления народного хозяйства, но и создание передовой техники того времени. Значительный шаг в социально-экономическом развитии был сделан в условиях НЭП.

К середине 20-х годов восстановление экономики страны завершилось, и первоочередной задачей стало не только переоснащение действующих заводов, шахт, нефтепромыслов, сколько строительство новых предприятий. К концу восстановительного периода страна по-прежнему оставалась преимущественно аграрной, крестьянской.

Технико-экономическая отсталость страны, прежде всего промышленности и сельского хозяйства, полное господство ручного труда диктовала необходимость реконструкции на базе новой, более высокой техники, важным звеном которой явилась социалистическая индустриализация страны. Прежде всего, необходимо было развивать тяжелую индустрию машиностроения как основу для всех других отраслей хозяйства.

Именно машиностроение должно было обеспечить быстрое развитие легкой промышленности, обеспечить реорганизацию сельского хозяйства, поднять материальное благосостояние и культурный уровень трудящихся. В годы первой пятилетки, наряду с развитием центральных районов страны значительное внимание уделялось развитию промышленности в национальных окраинах.

Необходимость индустриализации диктовалась и внешнеполитическими условиями. Страна находилась в технико-экономической зависимости от развитых капиталистических стран, важно было обеспечить ее обороноспособность.

Основные принципы и методы проведения индустриализации в Казахстане в основном были те же, что и для всей страны в целом, но осуществление ее здесь встречалось с большими трудностями, связанными с экономической и культурной отсталостью края. Наиболее сложной была проблема подготовки квалифицированных рабочих из кочевого населения. Отсталость Казахстана в промышленном отношении была обусловлена не многочисленностью рабочих кадров и почти полным отсутствием инженерно-технических работников.

Но и эти кадры рабочих не были промышленными в прямом смысле этого слова. Они были связаны с кочевым аулом и работали большей частью сезонно. Поэтому, наряду с решением задач индустриального развития, решались задачи культурного строительства в Казахстане - формировались кадры квалифицированных рабочих и инженерно-технической интеллигенции пути создания вузов, техникумов, училищ.

До Октябрьской революции на территории области промышленность была развита очень слабо, она представляла собой рынок сбыта товаров и источник сырья для российской промышленности и иностранного капитала.

Работавшие в то время промышленные предприятия были мелко-кустарными, они были заняты первичной обработкой сельскохозяйственного сырья. До 1917 года в городе Павлодаре насчитывалось всего лишь несколько предприятий промышленного

характера, из них 2 кустарных мастерских, оснащённые по одному токарному станку, 3 мукомольных мельницы, 1 мельница по переработке соли и т.д. В них были заняты в среднем по 4-5 рабочих. Эти предприятия принадлежали частным предпринимателям и промышленникам.

Огромные богатства недр области были почти не известны, только часть из этих найденных богатств хищнически эксплуатировалась иностранными капиталистами.

В годы Советской власти промышленность стала развиваться усиленными темпами.

Павлодарская область, созданная в 1938 году, оставалась сельскохозяйственной провинцией. Но в 1920-1930-е годы не только была восстановлена местная промышленность, но и сделаны итоги в её развитии.

Индустриальное развитие Казахстана такими высокими темпами стало возможным только благодаря всесторонней помощи России, Украины и других промышленно развитых республик Советского Союза. Помощь эта приняла широкий размах и разнообразные формы. В целом эвакуация предприятий с рабочими кадрами в годы войны в Казахстан позволила еще выше поднять его промышленный потенциал. Быстрый запуск этих заводов и фабрик сыграл громадную роль в обеспечении фронта вооружением, боеприпасами и другой продукцией. Важной особенностью развития промышленного производства в военные годы было то, что строились в основном предприятия среднего размера вместо промышленных гигантов, создаваемых в первые годы индустриализации. Это значительно сокращало сроки строительства и ввода в действие производственных мощностей, а также позволило более рационально разместить промышленность по различным регионам республики. Павлодарская область располагает богатейшими возможностями для развития разнообразных отраслей крупной промышленности. Мощное сельское хозяйство обеспечивает сырьевую базу для развития пищевой и легкой промышленности. Топливные и рудные ископаемые, колоссальные запасы солей и сырья для производства строительных материалов создают прочную основу для развития многих отраслей тяжелой промышленности: электроэнергетики, угольной, горнодобывающей, металлургии, строительной индустрии и химической. В 1955-1956 гг. наконец-то стала осуществляться вековая мечта павлодарцев о превращении Павлодара в промышленную столицу Прииртышья: директивами XX-го съезда КПСС здесь было решено начать сооружение крупного

территориально промышленного комплекса. Практика показала, что территориально-промышленный комплекс - наиболее прогрессивная форма территориальной организации хозяйства, позволяющая экономить большие ресурсы. Основными предпосылками для этого явились большие запасы дешевых углей Экибастуза, различных руд, солей, а также значительные водные ресурсы. Всё вместе взятое повышает их ценность и позволяет на этой основе создать комплекс взаимосвязанных производств. Важно и то, что эти ресурсы находятся вблизи энергодефицитных районов Казахстана, Сибири, Урала, а также европейской части страны. Конец 50-60 годов в истории области – период становления большой индустрии, расцвет строительства и благоустройства Павлодара. В данной работе освещены приоритеты развития промышленного производства Казахстана в 1930-1950 гг. - в недрах земли имеются огромнейшие богатства не только республиканского, но и союзного значения;

- восстановление старых, строительство новых, и техническая реконструкция предприятий;

- выдвижение на передний план наряду с цветной металлургией, нефтяной, угольной и другими в основном добывающими отраслями, тяжелой промышленности, транспорта, в особенности железнодорожного;

- превращение Казахстана из аграрного в индустриально-аграрное государство;

- рост городов и удельного веса горожан в составе населения республики;

- формирование рабочего класса, в особенности его национальных кадров.

Казахстан прошел ускоренный путь развития: от полуфеодализма 19 века до развитых общественных отношений социалистического типа в составе СССР и сегодняшнего их реформирования на рыночных основах в условиях политической независимости и государственности.

САЙРАМ АУЫЛЫНЫҢ КҮЛТӨБЕ ЖӘНЕ ЗЫНДАНДЫҚ ТӨБЕ АТТЫ ТАРИХИ ОРЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ

С. ШОСИДИКОВА

7 сынып оқушысы, З. Хусанов атындағы жалпы орта мектебі,
ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

А. ХАЙИТМЕТОВА

ғылыми жұмыс жетекші, директор орынбасары, З. Хусанов атындағы жалпы
орта мектебі, ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

Ф. САТТИЕВА

тарих мұғалімі, З. Хусанов атындағы жалпы орта мектебі,
ОҚО, Сайрам ауданы, Сайрам ауылы

«Тарих – кім кімнен де жоғары тұрған ұғым.

Жалпақ жұртыңды, ісі Алашынды құрметтеу ең алдымен өзін тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады».

Н.Ә.Назарбаев

Сайрам ауылының тарихы көне замандардан бастау алады.

Сайрам туралы алғашқы мәліметтер зардуштийлердің «Авесто» атты кітабында кездеседі. Сайып келгенде Сайрамның ежелгі қала екендігін атап көрсетуге болады. Бұл жерде адамдар ежелден өмір сүрген және адамзаттың даму орталықтарының бірі болған қала.

Сайрам тарихи тұрғыдан кең және жан-жақты зерттелген жоқ. Сайрамда зерттелмеген тарихи орындар өте көп. Кеңес одағы кезінде тарихи маңызға ие болған көптеген жәдігерлер жойылды.

Сайрамнан табылған Будда монастырі, жер асты жолы, сақ қорғаны тарихының ашылмаған парақтары көп.

Мен Сайрам ауылының осындай тарихи маңызға ие болған Күлтөбе және Зындандық төбе сияқты тарихи орындарды үйренуге және туылған жерімнің, Сайрамның зерттелмеген, көпшілікке белгісіз болған орындарды ашуға бел будым.

Күлтөбе және Зындандық төбе маңыздылығымен халық жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан тарихи орындар.

Сайрам ауылының солтүстік-батыс жағында орналасқан.

Бұл биіктіктер туралы халық ауызында бірнеше аңыздар бар. Осы халық ауызындағы аңыздардың қаншалықты шындыққа жақын және бұл орындар қай дәуірге, қандай тарихи -мәдени маңызға ие екендігін анықтауды мақсат еттім.

Халық аузында Күлтөбе атты тарихи орынның биіктігі қазіргі уақытта 30-35 метрді құрайды.

Бұл төбе ежелгі халықтардың қорғаны болғанға саяды. Күлтөбе айналасында қыштан жасалынған ыдыстардың қалдықтарын кездестіруге болады.

Халық Күлтөбенің тарихи орын екендігін әрқашан айтып жүрген.

Күлтөбе туралы тың мағлұматтар, айтылмаған сырлар әсіресе ХХ ғасырдың 80 жылдарында осы төбе жанынан темір жол құрылысы басталғаннан кейін ашыла бастады.

Бұған төбенің солтүстік-шығыс жағынан темір жол түсуі себеп болды. Төбенің жоғарғы жағынан алынған топырақтар темір жол астына төселген. Күлтөбенің топырағын алу барысында бұл жерден бірнеше адамдардың жерленген мәйіттері табылған. Бұл туралы ауыл тұрғыны Ұлы Отан соғысы ардагері, еңбек ардагері Ахмадали Юнусов сыр шертеді. Оның айтуы бойынша, »Бұл жерде 12 адамның мәйіті табылған.

Бірақ бұған назар аударылған жоқ, олардың сүйектері топырақ астында қалып қойды. Темір жол астына төселіп кеткен. Күлтөбені кең әрі жан-жақты зерттеу үшін бұл жерде археологик тексеру жүргізу қажет» деп халық жадындағы аңыздарды дәлелдермен нақтылай түсті.

Күлтөбе жайында мағлұмат жинау барысында ауылдағы ата-әжелеріміздің бұл төбе туралы көрген, білгендерін айтып беруді сұрандық.

Көп жылдар диқаншылық бригадасына басшылық жасаған еңбек ардагері Жүсіпбай Хайтметовтың айтуы бойынша Ұлы Отан Соғысы басталар кезде 1940-41 жылдарда колхоз даласында тыңайтқыш ретінде Күлтөбеден күл алып мақта егілетін жерлерге салған. Арбаларға күл салған Исқандар атаның кетпені қатты бұйымға тиеді. Күл арасынан үлкен жастағы адамның сүйектері шыққан. Осы жерден табылған адам сүйектерін басқа жерге көмген. Темір жол құрылысына Күлтөбеден топырақ алынған кезде төбеліктің шығыс жағынан кендігі 1-1,50 метр шығатын тереңдік аузы ашылып қалады. Осы төңіректе мал бағып жүрген Сефатдин Алиев досының көмегімен шұңқырға түсіп көрмекші болады.. Ол беліне ұзындығы 7-8 метрдей арқан байлап, арқанның бір ұшын досы ұстап тұрады.

Бірақ ,Сефатдин Алиев шұңқырдың түбіне дейін түсе алмаған. Себебі, біріншіден қорыққан, екіншіден арқан жетпеген. Сол себепті ауыл тұрғындары бұл тереңдікті «жер асты жолы» деп атаған.

Біз бұл төбешіктер туралы көбірек мағлұмат жинау мақсатында «Сайрам» өлкетану мұражайының бұрынғы директоры, профессор Мирахмад Мирхалдаровпен кездесіп ,одан осы жайлы деректер сұрап бардық.Ғалымның айтуынша бұл төбе біздің заманымызға

дейінгі III ғасыр және біздің заманымыздың I ғасырында мемлекет ретінде пайда болған қаңлыларға тиісті деген пікірлерді білдірді.

Тағы осындай пікірлерді аулымыздың тарихын біраздан бері жинақтап жүрген және осы тақырып бойынша ізденістер, тексерулер жүргізген ауылдасымыз, көп жылдардан бері ауыл кітапханасының меңгерушісі болған ақын Ориф Сайидикром Закирұлы өзімен болған сұхбатта да атап өтті.

Қаңлылар біздің заманымыздағы 1-4 ғасырлар Оңтүстік Қазақстанды мекендеген. Олар мәйітті жерлеп, үстіне оба үйген, сағана салған. Қабірлерге тамақ салып, су құйылған қыш ыдыстар бірге қойылған. Отырар алқабында Отырар-Қаратау мәдениетіне жататын ескерткіштер көп шоғырланған. Арыс өзенінің сол жағалауындағы Пұшық-Мардан, Қостөбе, Шаштөбе, Сейітман төбе, Ақайтөбе, Шалтөбе сияқты 20 шақты қалашықтар негізі осы қаңлылар кезінде қаланған. Күлтөбе тарихи орны қаңлылар дәуіріне тән екендігі туралы пікірге келуімізге жоғарыдағы мәліметтер себеп болды. А.Н. Подушкин Арыс жағалауындағы Күлтөбе тарихи орнын зерттеп оны қаңлылар дәуіріне жататындығын анықтады.

Қаңлылар тұрғын үйлер жанындағы зат сақтайтын орындардан қор сақтауға арналған үлкен қыш құмыралар мен ыдыстар табылды, еденнен ұра-шұңқырлар қазылған. Мәдени қабатта, тұрғын үйлердің қираған жұртында дәнүккіштер, тас диірмендер мен келілер көп. Тұрғын үйлер жанында малды қоршауда ұстауға арналған анық орындар кездеседі.

Қоныстар мен қорымдарды қазғанда керамика мейлінше көп табылды. Зерттеушілер шаруашылықта түрлі қажеттерді қамтамасыз ететін ыдыстардың ондаған түрін атайды. Металл ыдыспен бірге, керамика ыдыс тамақ дайындау үшін пайдаланылған.

Жалпы алғанда, зерттеушілер қаңлылар керамика өндірісінің әдеттен тыс қарапайымдылығын, дәстүрлілігін үнемі атап көрсетеді.

Бұл жерден табылған қыштан жасалынған ыдыстар, олардың қалдықтары, қыш ыдыстар осындай пікір білдіруге негіз болады. Күлтөбенің маңында өмір сүретін адамдардың ауласынан құрылыс жұмыстары жүргізілген кезде үлкен қыш ыдыстар табылған. Бірақ адамдардың абайсыздығынан қыш ыдыстар сынып қалған. Қаңлылар бұл ыдыстардан күнделікті тұрмыста пайдаланған, әсіресе астықтарды сақтаған.

Біз зерттеп отырған Күлтөбе сияқты төбе ауданымыздағы Манкент ауылында да бар. Бұл төбе де Күлтөбе деп аталады, бірақ бұл төбе тарихи тұрғыдан зерттелмеген. Кезінде атақты орыс

тарихшысы В.В. Бартольд зерттемек болған, бірақ төбеге шығу кезінде аяғын сындырып алған соң зерттеулер жүргізілмеді.

Зындандық төбенің биіктігі 25-27 метрді құрайды. Ені және ұзындығы 50 метрді құрайды, яғни төртбұрыш түрінде. Зындандық төбеден де Күлтөбе сияқты жан-жақтарында қыш ыдыстардың қалдықтары көптеп табылады. Төбешікте 2 тереңдік бар. Жергілікті халық бұл тереңдіктерді зындандықтардың орны деп айтады.

Міне, сол себепті бұл орынды Зындандық төбе деп атаған. Халық аузында зындан деп аталған тереңдіктің бірі солтүстік жағында, екіншісі оңтүстік батысында.

Аңыздар бойынша бұл жерде де хан ордасы болған, ал бұл тереңдіктер хан ордасының зындандары болған екен. Біз төбенің жанын жан-жақты тексеру барысында төбенің шығыс жағында жаңбыр, қар жауған кезде үсті ашылып қалған және үст-үстіне қаланған төрт-төрт бұрышты күйдірілген кірпіштер табылды.

Біз қолымыздағы кірпіштерді қай ғасырға және қай халықтың мәдениетіне тән екендігін анықтау үшін археолог ғалымдарға тапсырып, оның нәтижесін күтудеміз.

Қорытынды: Біз бұл тақырып аясындағы зерттеуімізде тоқталып қалмай, жұмысымызды ары қарай жалғастырамыз деген ойдамыз.

«Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді.

Тарихты тудырушы да мемлекеттік биліктің бірден бір бастау бұлағы да халықтың өзі.»

Н.Ә. Назарбаев.

ӨЗБЕК ХАЛЫҚЫНЫҢ КІСІ ЕСІМДЕРІН ЗЕРТТЕУ

М. ЮНУСОВА

оқушы, Х. Алимжон атындағы жалпы орта мектебі, ОҚО

М. РАШИДОВА

мұғалім, ғылыми жетекші, Х. Алимжон атындағы жалпы орта мектебі, ОҚО

Антропонимика (гр. anthropos - адам, опута ат) — адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын — антропонимді зерттейтін ономастиканың тармағы.

Антропонимика сонымен бірге әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің аттарын зерттейді.

Антропонимика халықтық және канондық есімдерді, сол сияқты бір есімнің әдеби және диалектілік, ресми және биресми түрлерін ажыратып қарастырады. Әрбір этностың әр дәуірде өзіне тән антропонимиконы (есімдер тізімі) қалыптасады.

Антропонимдердің жиынтығы антропонимия деп аталады. Жеке адам есімдері басқа көптеген жеке атаулардай өздерінің дербестігімен ерекшеленеді: әр адамның жеке есімі бар. Есімдер тізілімі шектеулі. Жеке есімдер қайталап отыратындықтан, оларға қосымша атаулар беріледі.

Дамыған қоғамда адамның ресми атауларының өзіндік жүйесі болады. Мәселен, антикалық Римдегі есімдердің тұрақты жүйесі мынадай: адамның жеке есімі + ру тегі + жалған аты + ататек есімі + қосымша аты. Үнді елінде бұл жүйе 3 құрамнан тұрады: гороскоптық есімі, жыныстық немесе діни секталық есімі, қасталық есімі. Мысалы, Рабиндранат Тагордың есімі: Рабиндра (Күн құдайы), Натх (еркек), Тхакур (жер иеленушілер қастасынан) құралымынан тұрған. Антропонимия есімге қатысты хабарларды: адамның қасиетін, әкесі, руы, отбасымен байланысы, ұлты, кәсібі, қай жерден шыққан т.б. зерттейді. Теориялық антропонимия белгілі этнос антропонимдерінің пайда болу, даму заңдылықтарын, құрылымын, жүйесін, үлгілерін, тарихи қабаттарын, тілдердің антропонимиялық өзара байланысын қарастырады. Оның зерттеу әдістері ономастиканың басқа түрлеріндегідей (адам есімінің әлеуметтік сипаты, салт-әдет, дін мен моданың ықпалы т.б.).

Қолданбалы антропонимия есімдерді нормаландыру мәселесін, есімдердің әртінде берілу тәсілдерін зерттейді. Антропонимиялық сөздіктер жасауға, азаматтық хал актілерін тіркеу (ЗАГС) орындарында ат таңдауға, есімдердің даулы құқықтық мәселелерін шешуге көмектеседі. Антропонимия ономастикадан 20 ғасырдың 60—70 жылдарында бөлініп шықты, бірақ олардың бірқатар мәселелері бірге қаралады. 60-жылдарға дейін “Антропонимия” термині орнына “ономастика” қолданылып келді.

Өзбек антропонимдерінің этнолингвистикалық сипаты

Антропонимдер ономастиканың антропонимдерді, яғни, кісі аттарын, фамилияларын, лақап аттарын және бүркеншік есімдерді зерттейтін саласы. Кісі есімдерінің жалпы жиынтығын антропонимия десе, оларды зерттейтін ғылым саласы антропонимика деп аталады.

Балаларға бүгінгі жарқын өмір, бақытты дәуір талабына сай жарасты да лайықты есім қою халық діттеп отырған мүдделі де маңызды мәселенің бірі болып саналады. Ата-ана дүниеге келген

перзентке мағынасы айқын, әдемі де, айшықты сұлу есім беруді қалайды, бірақ олар қай атты таңдауда, одан кейін оны жазуда киналысқа ұшырап отырады.

Бұл өмірлік мәселе. Сондықтан адамдарға есім беру мәселесі барлық уақытта да адамдарды толғанып келді, қазіргі кезде өзекті күйінде қалып отыр. Балаға жарасымды есім беруге ата-ана, олардың туған-туыс, жора-жолдастары ғана емес, жергілікті халық депутаттары кеңестері мен Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері де толық мүдделі. Адам есімі қоғам өмірі мен оны қоршаған ортамен тығыз байланысты.

Ұрпаққа жарасымды есім беру - ежелден келе жатқан, ізі суымаған жалпы халықтың игі дәстүрі. Есімдер де халық тіліндегі сөздер сияқты өмір сүріп, ескіріп әрі жаңарып отырады. Олар да ғасырлар үшін қарт шежіре сияқты ұрпаққа жеткізіп отырады.

Қазіргі өзбек есімдері сан жағынан көп те мол болумен қатар, құрамы мен құрылысы жағынан да әр алуан өзінше бөлек, дәстүрлі өзбек есімдері де көп алуан өзінше бөлек, дәстүрлі өзбек есімдері де көп кездеседі. Ол жөнінде жазылған еңбектер біздің өзбек тіл білімінде де аз емес. Әйткенмен, кісі есімдері жөнінде жазылған еңбектердің ішіндегі халыққа ең қажеттісі де, керегі де кісі аттары жайлы анықтама құрал. 1968 жылы белгілі ономаст ғалым Т. Жанұзақовтың қазақ есімдерінің қысқаша анықтама құралы «Қандай есімді ұнатасыз» деген атпен шығып еді. Бұл анықтама жаңа туған нәрестеге ат таңдауда жақсы және әдемі есімдерді ұсынумен қатар, қазақ есімдерінің жазылуына да біраз түзетулер енгізген. Алайда қазақ антропонимдері құрылысы мен құрамы жағынан, лексика-семантика, этнолингвистикалық тұрғыда жеке-жеке, жан-жақты қаралып бітпей жатқан мәселенің бірі болып саналады. Өзбек антропонимдері мейлінше бай әрі әр алуан, бірақ, тіліміздегі есімдердің басым көпшілігінің кірме сөздерден екендігін бүгінгі күнде тіпті ажырата да алмай жатамыз. Өзге тілдерден еніп, қазіргі тілдік қолданысымызда жүрген антропонимдердің тілімізге келіп, әдбен кірігіп, сіңісіп кетуі соншалық, бұл күнде оларды өзге тілдерден енген есімдер деп айту өте қиын. Өзбек антропонимдерін жүйелей келе тіліміздегі антропонимдердің басым көпшілігінің араб, иран тілдерінен келгендігіне көзіміз жетті.

Кісі есімдерін белгілі бір тәртіппен, жүйеге келтіріп, қатаң әліпбилік ретпен беріп, мағыналарын түсіндіретін анықтамалық кітап-антропонимиялық сөздік. Антропонимиялық сөздік жер жүзі халықтары тілдерінде ерте заманнан бар. Ол Батыс, Евразия, Арабия, Иран, Америка, Қытай, Жапония. түркі халықтарында бұрын да,

қазір де жариялануда. Оларкөлемі мен құрылысы жағынан да әр түрлі болып келеді.

Әр халықтың жалпы тіл білімінде антропонимия ғылымы жақсы әрі жан-жақты қаралған, антропонимдердің құрамы, құрылысы, лексика-семантикасы, этнолингвистикасы, тағы басқа да толып жатқан әртүрлі анықталған, антропонимдердің түсіндірме сөздіктері, этимологиялық сөздіктері, анықтама сөздіктері жасалған. Ал біздің өзбек тіл білімінде әлі толық қарастыра алмай, бір бағытта жүйелей алмай жатырмыз. Жалпы тіл біліміндегі антропонимия саласында айналысып жүрген ономаст ғалымдар – Г.В. Тропин, А.В. Суперанская, В.А. Никонов, Н.А. Баскаков, Н.М. Тупиков. Өзбек тілінде Э.А. Бегматовтың «Өзбек есімдері» татар тілінде Г.Ф. Саттаровтың «Татар есімдері», И.С. Колосов, Ш. Жапаров қырғыз тілінде шығарған «Қырғыз есімдері сөздігі», А.В. Суперанская мен Ю. М. Гусева редакциясымен жарық көрген «РСФСР халықтары есімдері» сөздігі О. Мирзаевтің «Әзербайжан есімдері», Р. Ортиков пен Я. Калонгаевтің «Тәжік есімдерінің емлесі» атты еңбектерді ерекше атауға болады. Қазақ ғалымдарынан Т. Жанұзақов пен К. Есбаеваның «Қазақ есімдері» атты қазақ тіліндегі анықтама сөздігін де осы еңбектердің қатарына қоя аламыз.

Антропонимдер тілдегі сөздік құрамның бір бөлігі болып саналады. Ол өз арнасын жалпы халық тілі қорынан алады да тіліміздің ішкі заңына сәйкес дамиды. Сөйтіп ол тілдегі сөздердің (лексиканың) барлық салаларынан жасалады. Өзбек есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандардан бастап күні бүгінге дейін мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді.

Лексикалық тұрғыдан қарағанда, олардың көне қабаттары негізгі де ұйытқы тірек боп табылып, төмендегідей лексика-семантикалық топқа жіктеледі.

Мал шаруашылығымен байланысты есімдер: Кучқор, Кузивой т.б.

Табиғат құбылысымен байланысты есімдер: Буронбой, Тулқин т.б.

Андар мен үй хайуанаттары және құстармен байланысты есімдер: Арслан, Лочин т.б.

Асыл металдар мен қымбат заттар атауларына байланысты есімдер: Пулат, Темир, Кумуш, Гавхар т.б.

Өсімдік аттарына байланысты: Лола, Райхон, Гулбахар т.б.

Жеміс-жидек атауларымен байланысты: Олмахон, Анор т.б.

Туыстық атаулармен байланысты: Отабек, Бобохон, Тоғаймурод, Бобомурод, Дадахон т.б.

Жер-су аттарына қойылған есімдер: Ташкенбай, Сайрамбай, т.б.

Түрлі тағам аттарына байланысты есімдер: Асал т.б.

Балаларға ат қоюды ертеде белгілі дәрежеде ырым мен дәстүр ерекше орын алып отырған. Олардың кейбірін сөздің киелі күшімен де байланыстырып отырушылық көне дәуірден бар құбылыс.

Балаларға жарасымды да сұлу есім беруде ешбір шек болмаған есімдер тарихында ғасырлар бойы жаңару, ескіру, архаизмге айналу процесі болып отырады. Адамға ат қоюдың себептері алуан - түрлі тілек-мақсаттармен байланысты да болып отырған. Бұл заңды құбылыс. Адамға ат қоюдың себептері алуан түрлі тілек-мақсаттармен байланысты да болып отырған.

1. Бала дәулетті де бай, ауқатты болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Давлат, Шухрат т.б.

2. Күшті де батыл, қырағы да сақ, ержүрек болсын деп қойылған есімдер: Бахадир, Батир, Арслон т.б.

3. Бала сұлу да көрікті, ажарлы да әдемі болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Ойсулув, Хуснижамол т.б.

4. Денсаулығы зор болып, ұзақ жасасын деген тілекпен қойылған есімдер: Турғун Умурзок т.б.

5. Бала ақылды да тапқыр болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Турғун, Хатам, Оқил, Доно, Фозил т.б.

6. Бала мырза да жомарт болсын деп қойылған есімдер: Мырзабек, Жасур т.б.

Көп ретте ертедегі есімдер халықтың әдет-ғұрып, салт-сана, тарихи дәстүрлерімен байланысты қойылып отырғаны белгілі. Ал балалары тұрмай өле берген үйлерде өмірге жаңа келген сәбилерге: Турсун, Турғун, Тошбуви деген есімдер қойылып отырған.

Батырлар жырларындағы халық батырлары мен тамаша, ақылды да парасатты тарихи адамдардың дәстүрлі есімдері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, күні бүгінге дейін қойылып келе жатыр.

Тіліміздегі кеңінен тараған екі не үш сөздерден құралған күрделі тұлғасы есімдердің көбірек кездесетіндері – құрамында бой, бек, султон, тура, шайх, компоненттері (сынарлары) бар есімдер. Тарихи сипаты жағынан бұл сөздер архаизм әрі историзм ретінде келмесе кеткен әлеуметтік терминдер.

Өзбек халқы тарихында феодал ақсүйектер – өздерінің әлеуметтік тегін немесе атақ дәрежесін көрсету мақсатымен бой, бек, тура сияқты сөздерді өз есімдеріне қосып, қосақтай айтып отырған еді. Бұл анықтауыш сипаттағы тұлғалар сол замандардан бастап жалпы халық есімдері құрамында да жиі кездесетін.

Бірақ біздің советтік дәуірде анықтауыштар әуелі мағыналарынан айырылса, енді біреулері жаңа мағынаға ие болды. Мәселен, мирза

қазіргі кезде «қайырымды», «жомарт», «мәрт адам», «бай», «әлді», «қуатты». Бұл күнде ата-аналар балаларына – бой, бек, султон, тура сөздері арқылы жасалған есімдерді сирек беріп, балаларға мән-мағынасы айқын да анық, сұлу да көркем есімдер береді:

Мәселен, Дилмурод, Ойбек, Дилрабо, Дилора тағы басқа.

Профессор М.М. Копыленконың пайымдауынша, «этнолингвистика» термині ғылым әлемінде ең алғаш шетел ғалымы Б. Уорфтың идеясы негізінде этнография мен социология ғылымдарының аралығынан туындаған болып табылады. Ал, бұл идея Э. Сепирдің тіл фактілерін этнос мәдениеті мен жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын теориясымен сәйкес болғандықтан, ғылымда «Сепир - Уорф болжамы» деген атпен де белгілі болып келді.

Алайда этнолингвистика идеясын әр қырынан және әр деңгейде қарастырып келе жатқан ғалымдардың (мәселен, В.Ф. Гумбольд, В. Вунт, Г. Шухард, Ф. де Соссюр, Бодуэн де Куртене т.б.). Өздері де о бастан-ақ, этнолингвистиканың «Этнос пен этнос тілі» негізінде қалыптасқан толық мойындаса да, олардың өзара қатыстылығы мен үйлесімін айқындауға келгенде бір жерден шыға алмай жүргендігі мәлім. Мәселен, этнолингвистиканың аяқ тірер бір табаны – «этность» кейде «этнос» деуден қашқақтап, сай-саққа жүгіртіп, біресе «мәдениет», біресе «тарих пен әлеуметтік жағдай» деп, оның шеңберін тарытып, бүтіннің бөлшегі ретінде көрсетулері ерекше көзге түседі.

Ал, кейінгі кезде АҚШ-та қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста этносты «Адам» деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде антропология (адам туралы ғылым) терминін пайдалану үрдісі де байқалып отыр. Тағы бір пікір: этнолингвистиканы тек «Көне дүниені зерттеуші» ғылым деп танып, оларды байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеу мұны негізінен орыс ғалымдарына (Н.Т. Толстой, В.Н. Топоров, В.В. Иванов т.б.) тән дәстүр десе болады.

Бүгінгі таңда өзбек этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес де перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі ғалым профессор М.М. Копыленко өзінің «этнолингвистиканың негіздері» деп аталатын еңбегінде айқын көрсетіп отыр.

Өзбек этнолингвистикасына қатысты мәселелермен шұғылданушылар үшін бұл еңбектің берері мол. Онда мәселен, қазақ топырағында дүниеге келген этнолингвистика ғылымының төңірегінде ғылыми мектеп қалыптасқандығы және бұл салада көп жылдар бойы

үздіксіз жүргізіліп келе жатқан ізденістердің нәтижесінде айқындала түскен.

Жоғарыда этнолингвистика о бастан-ақ екі ұдай объектінің этнос және оның тілінің – ортасынан туындаған ғылым саласы дедік. Демек, бұл этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау «этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданы нақтылап зерттеуге өзек ету деген сөз. Әдетте осы екі объектіні – «этнос» пен «тілді – біз тым еркін, кен мағынада да, тар мағынада да қолдана береміз».

Тілдік құбылысты тереңірек әрі жан-жақты түсіну үшін кейінгі кезеңдерде өзбек тіл білімінде кеңінен қолданыла бастаған зерттеудің тиімді бір саласы – этнолингвистика.

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатында туындалған лингвистиканың жаңа да дербес бір саласы.

Өзбек антропонимдері сан жағынан өте көп. Өзбек халқы басқа халықтар сияқты бір есімдерді жаңғыртып, қайталамайды. Дүниеге келген сәбиге есім беруде аса мән беріп, мәнді де мағыналы есімдер берген.

Ертеректе өзбек халқы баласына ат қоюға келгенде басқа халықтар құсап дын иелерінің атын іздеп, әуре болып жатпай-ақ, жұма күні туса-Жұмабек, ауылына, үйіне султон келсе-султоналі, кожа деп, Қазір, құдайға шүкір, ол әдеттен арылды.

VIII-ғасырдан кейін Орта Азия мемлекеттері сондықтан өзбек халқы мәдениетіне араб есімдері кіріп келді. М'әрпінен басталатын болып, жиі кездесетін есім Мухаммад, Фатима болған екен.

Мавжуда Мавлуда, Муқаддас, Мухтарам, Малохат, Матлуба, Матуна, Махбуба, сүіекілді Муаттар, Муазза, Мунаввр, Мунира, Муяссар, Мухтарам.

Шығыс елдеріндегі ерткі, аңыз кейіпкерлерінің, көрнекті тұлғалардың есімдері де көп пайдаланылған.

Рустам, Юсуф, Фарход, Ширин, Зухра, Искандар, Улуғбекб, Алишер, Бобур

Көптен ұл бала күтіп жүрген аке-шеше қызына Ұғилой, Уғилжон, (ұл болсын) деп, тілегені орындалған ата-аналар балаларына Худайберген, Аллохберган, Бердимурод, Тиломурод деп ат қойған

Баланың ерекшеліктерине қарап қолмен туған ұл балаға Холмурод, Холмат, қыздарға Холбуви, Холида, деп есім берген

Денесінде қызыл қолы бар болса Норбой, Нортोजи, Нормомин, Нортый, Анор, Норхон есімдері қойылған. Бури есімі тісімен туған ұл балдарға қоылады.

Ұл балдар есімдері бой , дос, ер, келди, султан, жон компанеттері арқалы жасалады. Шахриер, Дехконбай, Элчибой, Хайрулло, Ахматжон т.б

Өзбек халқы мәдениетіндегі кісі есімдерінің жасалуы

Қыздар есімдері гул, ой, оқ нур, хайр оим, ниса түбірінен жасалады

Гул түбірінен жасалған кісі есімдерінің барлығы қыздар есімі болып, назік,

Сұлу мағынасында қолданылады

1 Гуласал(п.т) гулдек чиройли асалдек ширин балдай тәтті , гүлдей назік ,

2 Гулжамол (п.а.т) гулдек зебо , чиройли жамоли.. сұлу жүзді.

3 Гулжахан (п.т) жахонниг гузали. яғни дүнедегі ең сұлу

4 Гулназ (п.т) гулдек нозик. Яғни гүлдей нәзік

5 Гулшан (п.т) хаети гулзордек файзли булсин яғни өмірі берекели болсын

Гул түбірінен жасалған қыздар есімі парси тілден кірген екен.

Қызықты дерек

Өзбек отбасында егіз ұлтуылса Хасан-Хусан, егіз қыз туса Фатима-Зухра деп қойылады.

Бірінші перзент қыз болса Муқаддам, төртінші перзент қыз болса Рабия, ал бесінші перзент ұл болса Панжи есімі беріледі.

Бүгінгі күнде жие қолданылатын есімдер Араб тілінен кірген ұл балалар есімі

Ахрор, Давлат, Даврон, Жавлон, Жалол, Зокир, Зойир, Камол, Сарвар, Сардор, Сирох, Тальят, Толиб, Тохир, Умид, Шавкат т.б.

Араб тілінен кірген қыздар есімі, Лобар, Малика, Ирода, Зухра, Малика, Мохинур, Назира, Назокат, Нафиса, Насима, Одила, Оқила, Одина, Раъно, Саида, Феруза, Сурайе, Табассум, Хусния т.б.

Парсы тілден кірген қыздар аттары Барно, Бахор, Гавхар, Дилафруз, Гулчехра, Зарина, Лола, Нигора, Озода, Сарвиноз, Шохидат т.б.

Ұлдар есімдері;

Бахром, Бехзод, Камрон, Жахонгир, Мирза, Равшан, Рустам, Феруз, Хурсанд, Шахзод, Шерзод т.б. парсы есімдер.

Өзбек халқының төл антропонимдері Ойбек, Ойжамал

Бүгінгі күнде Қазақстандық өзбектер антропонимиясында Нурсултан есімі жие қолданыста

Дил түбірінен жасалған кісі есімдері: Ұл балаларға

Дилмурод(а.п.т)-тілегі орындалсын мағынасында

Дилшод (п.т)-көңілі қуанышты бөлсын

Қыздарға:

Дилафруз (п.т)-кунгилни еритувчи нұрлы, нұр шалушы

Дилнавоз (п.т)-дилни эритувчи көңілді еркелейтін

Дилноз (п.т)-нозик қалб сохиби яғни нәзік көңіл иесі

Дилора (п.т)-кунгилни безовчи

Дилрабо-кунгилни жалб килувчисуюкли қиз

Нұр түбірінен жасалған есімдер

Нұрбек (а) -икболи парлок, бақытты Нұрхан, нуринса,

Нуржамол есімдері нұрлы, жарқын мағынасында қолданылады.

Ой түбірінен жасалған қыздар есімдері

Ойгул (өзб)-ойдек чиройли, ойдай сұлу

Ойжамол(өзб)-ойдек гузал әдемі, сұлу

Ойниса, Ойбек, Ойгул т.б - есімдері сұлу, әдемі мағынасында қолданылады

Султон, Хайр түбірінен жасалған кісі есімдер:

Султонкул т.б.

Абд-улла, дин компаненттері арқылы жасалған есімдер

-Абдуллох, Абдурахим, Абдурашид, Абдурахмон,

-Фотхулла, Рахматулла т.б.

-Сариддин, Нуриддин, Сайфиддин

Қорытынды

Балаларға бақытты, жарқын дәуір талабына сай жарасты да лайықты есім қою керек, бұл өмірлік мәселе. Ұрпаққа жарасымды есім берсек, олар да келешек ұрпаққа жетенді.

Меніңше, кісі есімдері жөнінде жазылған ең бектер халыққа қажет.

Өзбек халқы мәдениетіндегі кісі есімдері кірме сөздерден жасалған болып, басым көпшілігі-40% арап ислам дінін қабылдауға байланысты 25%-парсы тілдер, 5%-иран, 25%-моңғол, үнді тілдерден кіргеніне көзіміз жетті.

Демек, өзбек есімдері мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетіп төмендегідей лексика-семантикалық топқа жіктеледі.

1. Табиғат құбылысымен байланысты есімдер, ақдар және құстармен байланысты, асыл металдар мен қымбат заттар атауларына байланысты, өсімдік аттарына байланысты, туыстық атаулар мен, жер-су аттарымен байланысты қойылады екен.

Адамға ат қоюдың себептері алуан-түрлі тілек-мақсаттармен байланысты екен.

Баланың дәулетті, күшті, сұлу, көрікті, денсаулығы зор, өмірі ұзақ, ақылды, танқыр болып деген тілекпен қойылады екен.

Кісі есімдеріне қарап отырып-ақ, өзімізге дейін өмір сүрген ата-бабаларымыздың тарихы, мәдениеті, тұрмысы, әдет-ғұрыптары мен салт-санасы, дүниеге, дінге көзқарасын, неге қол созып, неден үміт күткендіктерін білуге болатын екен

Қазіргі күнде жастарымыз шетел телесерилдарындағы бас кейіпкерлердің есімдерін өз балаларына қоятын жағдайды кездестіреміз.

Меніңше, бұл дұрыс емес, әрбір ата-ана перзентіне мағыналы әрі көркем есім қойып, есімінен келіп шығу тарихын білуі қажет. Сондықтан, мен бұл тақырыпты басты мәселе деп білемін.

Әршқашан салт-сапамызға сай есімдер қоюға әрекет жасайық.

ТЕРРОРИЗМ – ГЛОБАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА СОВРЕМЕННОСТИ

Д.Ж. АБДРАХМАНОВА

ученик 10 «Б» класса, областная многопрофильная школы-лицей для одаренных детей, г. Павлодар

В настоящее время вопрос о терроризме приобретает все более глобальный характер, его рассматривают на всех уровнях политической, экономической и общественной жизни всего мира. Термин «терроризм» поначалу не был известен в современном понимании. Слово «террор» произошло из латинского языка: *terror* – страх, ужас. По сути, именно терроризм в первобытных обществах служил целям захвата скота, а позднее являлся частью военных действий или практиковался какой-либо организацией. «Такой, например, была еврейская организация «Сикарии», совершившая серию убийств, поджогов, актов насилия и вандализма против римлян в Палестине в конце I в. до н. э. Эти еврейские отряды осуществляли свою деятельность более семидесяти лет. Сюда же можно отнести практику части западных и восточных формирований, направленную против церкви, отдельных категорий мусульман, против государства и общества. Смертоносные миссии «хашишинов» (представителей ислама), которые боролись с крестоносцами, борьба суннитов в Персии и Сирии с одиннадцатого по тринадцатый века доказали, что терроризм может быть достаточно привлекательным и эффективным средством достижения поставленной цели, даже если при этом используется совершенно примитивное оружие вроде кинжалов или коротких мечей».

Террористические акты приносят массовые человеческие жертвы, оказывают сильное психологическое давление на большие массы людей, влекут разрушение материальных и духовных ценностей, не поддающихся порой восстановлению, сеют вражду между государствами, провоцируют войны, недоверие и ненависть между социальными и национальными группами, которые иногда невозможно преодолеть в течение жизни целого поколения.

Терроризм - преступление против общественной безопасности, субъектами которой является личность, общество, государство.

Терроризм возникает не на пустом месте, существуют определенные причины и условия общественной жизни, способствующие этому. Что это за люди, террористы? Что ими движет? Чтобы подготовить человека, способного спокойно воспринимать результаты совершенного теракта, у него должна быть совершенно иная система оценки этих действий. Идеология террористов такая: «Мы совершаем не теракты, а диверсию, потому что воюем любыми способами. Мы не террористы, мы бойцы». Им безразлично, кто погибнет на вражеской территории: военные или мирное население. Прежде чем допустить боевиков к оружию, в лагерях подготовки им устраивают серьезное промывание мозгов. Такие люди, действительно могут сделать всё, что угодно. Но тут возникает другой вопрос: «Каким образом возможно незаметно вовлечь многих людей в свою организацию?». Один из вариантов привлечения людей - это так называемая пропаганда «лучшей жизни», в основе которой лежит идея «плохого правительства», борясь против которого можно приблизить лучшие времена. Кроме того, в связи с агрессивной политикой некоторых стран (например, США), само собой разумеется, найдутся люди, готовые бесплатно покарать агрессоров не только за религиозные идеи, но и за погибших родственников и близких.

Основные причины обращения к террористической деятельности:

- Причины психопатологического характера. Исследователями сделаны выводы, что среди террористов преобладают люди с психическими отклонениями.
- Мотивы самоутверждения, придания своей деятельности особой значимости, преодоления отчуждения, стандартизации.
- Корыстные мотивы, которые могут вытеснять идейные или переплетаться с ними. Кроме того, кого-то просто нанимают для совершения террористических актов.
- Терроризм чаще всего является результатом абсолютного убеждения в обладании высшей, окончательной истиной, уникальным рецептом «спасения» своего народа, группы или даже всего человечества.

Террористические акты стали тщательнее готовиться, в итоге до 90% их в той или иной мере достигают своих целей. Резко возросла дисциплина внутри террористических организаций, террористические группировки разных стран сотрудничают между собой, координируют свои действия. Только за десять лет – с января 1973 г. по июль 1984 г. – во всем мире был совершен 5661 террористический акт, в результате чего погибли 4111 человек. Если брать какой-то конкретный год, например 1980-й – год московской Олимпиады, то здесь цифры будут таковы: 760 актов международного терроризма, 642 убитых.

Посмотрим теперь, как обстоит дело в отдельных странах. С 1971 по 1977 г. в ФРГ в результате террористических актов убито 30 человек, из них 10 – сами террористы. Значительное количество терактов проводят боевики Ирландской Республиканской Армии. Один из самых шумевших случаев, в результате которого была осуждена так называемая «бирмингемская шестерка», – взрыв в 1974 г. в двух бирмингемских пабах мощных зарядов динамита, в результате чего погиб 21 человек. Всего же с 1972 г., когда Великобритания ввела прямое правление в Северной Ирландии, по 1990 г. разгул насилия, спровоцированный столкновениями ИРА с пробританскими силами, привел к гибели 3 тысяч человек, включая гражданских лиц и военных. В 1991 г. терроризм как со стороны ИРА, так и ее противников унес 94 человеческие жизни. В Испании есть своя ИРА – это подпольная организация баскских террористов (ЭТА). На счету ЭТА, которая борется за независимость Страны басков насильственными методами, к 1991 г. более 700 жертв. Террор порождает ответный террор. Испанские полицейские, устав бороться с ЭТА законными методами, создали свой «эскадрон смерти», официально называющийся антитеррористической группой освобождения. В июне 1991 г., когда начался суд над двумя испанскими полицейскими – членами «эскадрона смерти», им в вину вменялось участие в шести покушениях, совершенных на территории Португалии и Франции. Утверждается, что «эскадрон смерти» с 1983 по 1987 г. уничтожил 27 человек, среди которых были и французские граждане, ошибочно принятые за боевиков ЭТА.

За период с 1986 по наше время рост количества терактов в различных регионах мира составил от 50 до 60 процентов. Вместе с тем, что количество террористических актов постоянно увеличивается, они становятся все более жестокими и все чаще объектом их становятся люди. Так: - в 70-х годах 80 % терактов были направлены против собственности и только 20 % - против людей; - в 80-х годах – соответственно 50 % и 50 %; - в 90-х годах – уже 30 % и 70 %.

В 1988 году была создана на сегодняшний день одна из самых крупных и известных международных террористических организаций ваххабитского направления ислама – «Аль-Каида». Организована в Пакистане, изначально нацеленная на борьбу с расположенными в Афганистане советскими войсками. После вывода войск из Афганистана Аль-Каида направила острие борьбы против США, стран т. н. «западного мира» и их сторонников в исламских странах. Целью организации является свержение светских режимов в исламских странах, создание «Великого исламского халифата». Основатель

организации - уроженец Саудовской Аравии, сын миллионера и сам миллионер, ветеран войны в Афганистане, Усама бен Ладен.

Главная цель «Аль-Каиды» - установление во всем мире исламского порядка, основанного на шариате. По мнению вождей организации, к числу врагов мусульман относятся не только США и весь западный мир, но и умеренные исламские режимы. В 1998 году бен Ладен объявил о формировании объединенной организации «Исламский мировой фронт борьбы против евреев и крестоносцев». В него вошли террористические группы: «Исламский джихад», «Гамаат аль-Исламия», йеменская «Исламская армия Адена», кашмирская «Лашкар-э-Тайба», Исламское движение Узбекистана, Группа Абу Сайяфа и прочие. На счету «Аль-Каиды» - планирование и осуществление целого ряда крупных террористических актов, в том числе терактов 11 сентября 2001 года. Террористический акт 11 сентября 2001 года (иногда именуемый просто 9/11) - серия четырех рдинированных самоубийственных террористических атак, произошедших в США, в результате которой погибли 2974 человека, ещё 24 пропали без вести. Большинство погибших были гражданскими лицами.

Мировое сообщество не могло оставаться равнодушным к этим процессам и в течение последних 10 лет предприняло ряд серьезных мер юридической защиты от терроризма и сепаратистов - как на уровне национальных законодательств, так и в рамках международно-правовых отношений. Во всех этих документах терроризм и агрессивный сепаратизм рассматриваются как взаимосвязанные явления, создающие угрозу суверенитету, конституционному строю и территориальной целостности. Этот подход находит отражение в целом ряде основополагающих правовых актов ООН. Декларация принципов международного права, касающихся дружеских отношений и сотрудничества между государствами, в соответствии с Уставом ООН еще раз подтверждает, что определения «территориальная целостность» и «нерушимость границ» являются основными принципами международного права, регулирующего всю систему международных отношений. Этот принцип закреплен в Декларации о мерах по ликвидации международного терроризма, принятой Генеральной ассамблеей ООН 9 декабря 1994 года, которая служит международно-правовым фундаментом для принятия последующих документов, регулирующих сотрудничество в сфере борьбы с терроризмом. В этой декларации, так же, как и в Международной конвенции о борьбе с бомбовым терроризмом и Международной конвенцией о борьбе с

финансированием терроризма, в самых первых параграфах закреплено положение о том, что члены ООН осуждают террор во всех его проявлениях, включая те, которые создают угрозу дружественным отношениям между государствами и народами, а также территориальной целостности и безопасности государств. По меньшей мере 35 тыс. человек по всему миру были осуждены как террористы за десять лет, прошедшие после терактов 11 сентября в США.

Таким образом, становится ясно, как работает терроризм в мире. А что же терроризм в Казахстане? Предпосылок для распространения терроризма внутри страны достаточно. Казахстан в 2011 году впервые увидел теракты. Они охватили семь крупных городов и областных центров Казахстана. Отсчет терактов в Казахстане эксперты американской исследовательской организации «Стратфор» начинают с 24 февраля, когда близ контрольно-пропускного пункта (КПП) тюрьмы в Актобе прогремел взрыв. К концу года взрывы гремели уже в нескольких городах, ранее невиданная волна терроризма переместилась с запада Казахстана на юг, медленно приблизившись к бизнес-столице Алматы.

Наиболее активна в республике международная религиозно-экстремистская партия «Хизб-ут-Тахрир», распространяющая среди определенной части населения идеи по построению всемирного исламского государства «Халифат». В настоящее время усиленно создаются ячейки в колониях и тюрьмах, привлекается студенческая молодежь. Имеет тесные контакты с другими организациями, такими как Акримия, Исламское Движение Узбекистана, Жамагат моджахедов Центральной Азии и другими. Таким образом, «Хизб-ут-Тахрир» постепенно становится на лидирующие позиции среди религиозно-политических организаций оппозиционно настроенных партий и движений в Казахстане и Центральной Азии.

Проявления терроризма в Казахстане серьезно не рассматривались, сейчас в связи с этим наблюдается тенденция нарастания террористической угрозы в стране.

Есть несколько видов тактик, которые могут применять террористы - дагестанская, чеченская, латиноамериканская и иракская. В Казахстане возможна больше дагестанская тактика, когда террористы убивают представителей силовых органов и чиновников. Возможен также вариант, что террористы в РК будут постепенно расти и вбирать в себе все эти тактики.

Обратимся к содержанию ст. 233 Уголовного Кодекса Республики Казахстан. Терроризм, то есть совершение взрыва, поджога

или иных действий, создающих опасность гибели людей, причинение значительного имущественного ущерба либо наступления иных общественно опасных последствий, если эти действия совершены в целях нарушения общественной безопасности, устрашения населения либо оказания воздействия на принятие решений органами власти, а также угроза совершения указанных действий в тех же целях наказываются лишением свободы на срок от четырех до десяти лет. Те же деяния, совершенные: а) неоднократно; б) с применением огнестрельного оружия наказываются лишением свободы на срок от семи до двенадцати лет. 3. Деяния, предусмотренные частями первой или второй настоящей статей, если они совершены организованной группой либо повлекли по неосторожности смерть человека или иные тяжкие последствия, а равно сопряжены с посягательством на объекты использования ядерных материалов, радиоактивных веществ или источников радиоактивного излучения наказываются лишением свободы на срок от десяти до пятнадцати лет.

Государством принимаются необходимые меры по борьбе с терроризмом и обеспечению безопасности граждан в стране. 13.07.1999 г. был принят Закон «О борьбе с терроризмом». Настоящий Закон определяет правовые и организационные основы борьбы с терроризмом в Республике Казахстан, порядок деятельности государственных органов и организаций независимо от форм собственности, а также права, обязанности и гарантии граждан в связи с осуществлением борьбы с терроризмом. В декабре 2003 года распоряжением Президента РК создан Антитеррористический центр для более эффективной работы всех силовых структур в борьбе с проявлениями терроризма и религиозного экстремизма. В 2004 году Верховный суд запретил в Казахстане 4 организации, чья причастность к террористическим актам доказана. В 2005 году этот список пополнился ещё 9 организациями («Аль-Каеда», «Асбат аль-Ансар», «Братья-мусульмане», «Боз гурд», «Жамаат моджахедов Центральной Азии», «Исламское движение Узбекистана», «Исламская партия Восточного Туркестана», «Курдский народный конгресс», «Талибан», «Лашкар-и-Тайба», «Хизб-ут-Тахрир», «Таблиги джамаат», и «Общество социальных реформ»).

Понимая, что борьба с международным терроризмом и экстремизмом требует взаимодействия государств на всех уровнях (глобальном, региональном и двустороннем), республикой подписан ряд международных и межгосударственных договоров и соглашений в данной сфере. Большое значение придается развитию

регионального сотрудничества, представленного в настоящее время деятельностью Антитеррористического центра Содружества Независимых Государств, Региональной антитеррористической структуры Шанхайской организации сотрудничества, а также в рамках предпринимаемых мер в сфере борьбы с терроризмом и экстремизмом Организации Договора о коллективной безопасности.

Принят Закон «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма», в соответствии с которым создан соответствующий уполномоченный орган – Комитет финансового мониторинга Министерства финансов.

Вступил в силу Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам информационно-коммуникационных сетей» регламентирующий механизмы пересечения и приостановления распространения в Интернете информации противоправного характера, в том числе террористического и экстремистского содержания.

8 апреля 2010 года принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия терроризму», которым корректируются 5 кодексов и 11 законов, в соответствии с международными нормами устанавливаются принципы и модель государственной системы противодействия терроризму.

Комитет уголовно-исполнительной системы (КУИС) Казахстана разработал концепцию проекта Уголовно-исправительного кодекса, в которой предусматривается отдельное содержание осужденных за терроризм. «С рациональной точки зрения создание специальных тюрем для экстремистов целесообразно. Либо мы распляемся по всей стране, либо собираемся в одном месте и работаем целенаправленно», - рассказал заместитель председателя КУИС Ескали Саламатов. Он признал, что когда «за решетку попадает один экстремист, то со временем их становится десять».

Важными аспектами в борьбе с терроризмом является демонстрация светского характера государства, сосредоточение на борьбе с ваххабитами, пассивные меры безопасности и изменение законодательства для облегчения антитеррористической деятельности.

Терроризм и международный терроризм как преступления и преступные явления, как часть организованной преступности, угрожают стать в XXI веке серьезными препятствиями на пути

решения национальных, региональных и мировых проблем. Исследование показало, что контроль над терроризмом - это научное и официальное понимание данных деяний, определение сил и обстоятельств, порождающих их, а также принятие политических, правовых и других мер по предупреждению и пресечению террористической деятельности.

ЖАС ЖЕТКІНШЕКТЕР АРАСЫНДА ҚАТЫГЕЗДІК, ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ОРЫН АЛУЫ

Б.Б. АҒДАРИЕВ, Л.А. ҚҰСАЙЫНОВА
8 сынып оқушылары, № 47 орта мектебі, Семей қ.
Ж.Қ. ҚҰРМАНБАЕВА, Ж. ҚАСЫМҚЫЗЫ
ғылыми жетекшілері, № 47 орта мектебі, Семей қ.

Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін жеткіншектердің тұлға болып қалыптасуы керек. Ал өскелең ұрпақ арқасында қатыгездік, зорлық-зомбылық мәселесі қазіргі таңда ең маңызды мәселелердің бірі. Қоғамымызда болып жатқан жәбірлеу, суицидтің өсуі сияқты әлеуметтік қауіпті құбылыстардың белен алуы қатыгездік, зорлық-зомбылық мәселесін зерттеудің негізі болып отыр. Бұл құбылыс жас жеткіншектердің арасында сапалық және сандық сипаттарға негіз болып отыр. Сондықтан өзекті мәселе ретінде қарастырамыз.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты: жас жеткіншектер арасындағы қатыгездік, зорлық-зомбылық әрекеттерінің орын алуы себептерін, дәрежесін анықтау, ұсыныстар, алдын-алу, шешу жолдарын іздестіру.

Зерттеу жұмыстарының әдістері:

- Деректерді жүйелеу, ой түйіндер жасау.
- Салыстырулар жүргізу, бір қорытынды жасау.
- Әлеуметтік сауалнама алу, болжамдарды терксеру.
- Аналитикалық кесте арқылы нәтижесін шығару.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 2030» халыққа жолдауының Қазақстан мұраты бөлімінде былай деп жазады. «Ол ұрпақ тәрбиесіне дана болады, оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарастың дамуына қамқорлық жасайды. Олар бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар әлемге әйгілі, әрі сыйлы патриоттары болады.» [1].

Елбасымыз айтқан: өз елімнің жан-жақты дамыған тұлғаларын қалыптастыру бүгінгі заман талабы. Жас жеткіншектер арасындағы

қатыгездік, зорлық-зомбылық сияқты әрекеттердің орын алуы, еліміздің басты мұратына кедергі болатыны анық, сондықтан келеңсіз оқиғамен күресіп, шешу жолдарын іздестіруіміз керек. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, жас ұрпақты қараңғы әлемге емес, білімі мен біліктілігі безбенге түскен жарқын болашаққа бағдарлауымыз керек.

Елбасымыздың 2012 жылы қаңтардағы Жолдауында «Патриотизм, моральдық құндылықтар, адамгершілік, ұлтаралық келісім, толеранттылық, рухани даму, заңға бағынушылық – бұл құндылықтар оқу орындарының барлығында, олардың қандай меншік түріне жататынына қарамастан берілуі керек»

Ең біріншіден, қатыгездік, зорлық-зомбылық жас жеткіншек сөздерінің мәнін ашып өтсек. Қатыгездік сөзін С.И. Ожеговтың сөздігінде былай деп жазған: «Крайне суровый, безжалостный, беспощадный», тағы да оны мынадай анықтамасы бар: «мейірімсіздік, мейірімсіз қылық, қайырымсыздық». «Насилие-применение физической силы кому-нибудь; принудительное воздействие на кого-что-нибудь; притеснение, беззаконие-деген зорлық-зомбылық сөзінің анықтамасы бар.

Зорлық-зомбылық-белгілі бір топтың (әлеуметтік топтың) екінші бір топты бағындыру үшін экономикалық және саяси үстемдікті қолға алып, сақтап қалу формасы. Зорлық-зомбылық-қиянат, қылмыс, зәбір- жапа.

Жеткіншек – жас өспірім, жас жігіт. Жеткіншек-10 мен 15 –тің арасындағы жасөспірім. Бұл кезеңде бала едәуір есейіп, сана-сезімі ояна түсіп, бойы, жыныс белгілері жетіледі. Жеткіншек-ер жетіп, есейіп қалған қыз-бозбала.

Жасөспірім-адамның 10-16 жас аралығындағы шағы. Жасөспірім кезеңінде адамда жан қуатының сапалық жаңа құрылымдары қалыптасады.

Қазіргі кезде жасөспірімдер қылмысы жылдан жылға өсуде. Статистикалық мәліметтер бойынша соңғы он жылда Қазақстанда қылмыстың өсу сыңайы байқалса, оның әрбір оныншысын 18 жасқа толмағандар жасауда. Соңғы жылдарда көмелетке толмағандардың зорлық-зомбылықпен жасайтын қылмыстары асқан қатыгездікпен, озбырлықпен жасалуы ерекшеленіп жүр.

Еліміз бойынша орта есеппен әрбір он екінші қылмысты жасөспірімдер жасайды. Оның ішінде 14-15 жастағылардың көрсеткіші 16-17 жастағыларға қарағанда әлдеқайда жоғары. Жасы көмелетке толмағандардың қылмысына келсек, олардың

орта есеппен 60 % ұрлық, 8-9 % тонау, 7 % бұзақылық әрекеттер. Ал қасақана кісі өлтіру, адам денесіне ауыр жарақат түсіру, зорлау сияқты өте ауыр қылыстардың көрсеткіші 1 %-дан аспайды.

Сонымен қатар адамдарды кепілге алу, қорқытып талап ету, қару-жарақ, нашакорлық заттармен алыпсатарлық жасау, ақша, бағалы қағаздарға байланысты алаяқтық, компьютерлік қылмыс және басқа түрлерімен айналысатынын тәжірибе көрсетіп отыр.

Семей қаласы бойынша мәліметтер келтірсек. Қылмыс жасау қаламызда да жасарып кетті. Қаланың полиция бөліміне 2613 кәмелетке толмаған жас өспірімдер кінә мен әкелінді. 430 қаңғыбас жасөспірім ұсталынды. Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған өрім жас, әрине, іштен қылмыскер болып тумайды. Бұған оны итермелейтін көбінесе отбасындағы жағдай. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияда өткен жылы өзінің ата – аналық парызын өтемей отырған 14 азаматтың ісі қаралды. Осы мерзімде 45 азаматты ата – аналық құқығынан айыруға шешім қабылданды. 29 бала ата – анасының тірісінде балалар үйіне жіберілді. Бұған қарап қатыгездік пен зорлық-зомбылықты тәлімсіз отбасында тәрбиеленгендер ғана жасайды деген ұғым тумайды. Мысалы, жыл бойы кәмелетке толмағандар 189 қылмыс жасаған екен. Бұл оның алдыңғы жылға қарағанда 19 % артық. Мысалы, солардың 78 оқу орнында оқитындар, 60 мектеп оқушылары, 15 колледж оқушылары. Қылмыскерлердің 57 –сі 14-15 жастағылар, 132 –сі 16-17 жастағылар. Оқушылардың қылмыстық істерге көптеп араласуын олардың бос уақыттарының көп болуынан және материалдық жағдайдың төмен болуы. Халқымыз:”Тәрбие тал бесіктен”,”Отан от басынан басталады” деп бекер айтпаған.

Қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың себептері, шешу жолдары.

Бүгінгі таңда жасөспірімдердің қылмыс жасап, теріс жолға түсуі ата-ананы, білім беру саласын қызметкерлерін ғана емес, жалпы қоғамды, тұтас ойландыратын, толғандыратын мәселе. Себебі, ұлтымыздың, мемлекетіміздің болашағы, тағдыры бүгінгі жастарда, олар тандаған өмір жолына тікелей байланысты.

«Жас жеткіншектердің қылмысына не себеп?» дегенге келсек, бұлардың көпшілігі оқуға, адал еңбекке ынта қоймайды. Бос уақыттарын көбінесе қаңғыбастық пен құмар ойындарға, ішімдік пен нашакорлыққа және басқадай есенгіртетейін заттарды пайдалануға, ойынханаларда жат музыка тыңдауға, жыныстық немесе нәпсіқұмарлық іс-әрекеттермен айналысуға арнайды.

Жасөспірім қылмыскерлерге тән қасиеттерге келсек, олар өздерінің іс-әрекетін жоғары бағалайды, жауапкершілікті сезбейді, ұят, ар-намыс дегеннен жұрдай болады. Олардың көпшілігі ызақор, кекшіл, мақтаншақ, даңққұмар болады.

Елімізде болса, зорлық әрекеттерінің орын алуы әбден үйреншікті болып барады. Зорлық-зомбылық, қатыгездік әрекеттердің және зорлық-зомбылық, қатыгездікпен жасалатын қылмыстардың алдын алу үшін қаламызда бір қатар шаралар ұйымдастырылып, жүргізілді. Осы мәселелермен күрес ретінде тек осы оқу жылында қаланың білім беру мекемелерінде құқықтық тақырыпта 1200 түрлі іс-шара, оның ішінде проблемалық тақырыптарға оқушылардың өздері жауап іздестірген интерактивті сабақтар өтті. 2428 ата-аналар шолғыны ұйымдастырылды. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің, нарколог, дәрігерлер 547 әңгіме өткізді. Сәуір-мамырда нашакорлық профилактикасы бойынша конкурс шара өткізілді.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде еліміздің президенті Н.Ә Назарбаев «Патриотизмді бүкіл қоғамның жалпы күшімен, әсіресе жастар арасында, біздің балаларымыздың бойында қалыптастыруымыз керек»-деген болатын.

Балалар бойында патриоттық қасиеттер қалыптастыру үшін, қоғамда олардың адами қасиеттерінің, психологиясы мен логикасының, мінез-құлықтарының және тұлғаларының қалыптасуына кері әсер ететін барлық факторларды шама келгенше шектеу қажет.

Елбасының қолдауымен елімізде жүргізіліп жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы да бүгінде жаһандану заманында қасиетті терең тамырымыздан айырылып қалмай, содан сусындауының қажеттігінен туындаған дүние екенін естен шығармау керек. Біз бүгін ата-баба тәрбиесінен қол үзіп барамыз. Қазіргі уақытта оқушылардың білім сапасын көтеру мәселесі маңызды болып отыр. Дүние жүзінде дамыған елдер зерттеулерінен, оқушыларға алдымен тәрбие негізінде білім беріп отырған елдердің білім сапасы көш ілгері озып отырғанын байқаймыз.

Жас жеткіншектер арасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық әрекеттерінің таралуының әлеуметтік құрамы.

Жұмыстың өзектілігін жүргізілген әлеуметтік зерттеу қорытындысынан анық көруге болады.

Біз, осы қарастырылып отырған мәселе бойынша әлеуметтік зерттеулер жұмысын 2 рет 3 мектеп арасында өткіздік.

Түрлері	Рейтинг бойынша орындар	%
Темекі шегу	1	46,0
Себепсіз сабақ босату	2	40,0
Қорқытып тартып алу	3	39,5
Зорлық-зомбылық	4*	39,0
Ұрлық	4*	39,0
Дөрекілік	5	38,5
Алдау	6	35,5
Дөрекі сөйлеу	7	34,5
Төбелес	8	34,0
Кемсіту, қорлау	9	33,5
Үлкендерге деген сыйластықтың аздығы	10	29,5
Жалқаулық	11	24,0
Жезөкшелік	12	16,0

Үлкендер арасында болатын жағымсыз құбылыстардың, қазіргі таңда жасөспірімдер арасында да белең алып отырғаны сөзсіз. Көбінесе бұл мәселелер материалдық жағдайдың жетіспеушілігінен туындайды.

2011 жылы күзде алынған сауалнамада «жас жеткіншектер өз өмірінде алаңдататын ең маңызды 3 мәселені атап көрсетіңіздер?» деген сауалға төбелес-35%, зорлық-зомбылық, қатыгездік-40%, материалдық қажеттіліктің жетіспеушілігі 25% ең көп таңдап алынса, 2011 жылғы қысында сауалнамада бұл көрсеткіш төмендегідей, яғни, төбелес -33,5% зорлық-зомбылық, қатыгездік -21 % , материалдық қажеттіліктің жетіспеушілігі -45,5% құрайды. Зерттеліп отырған тақырып бойынша жас жеткіншектер өз өмірінде осы мәселелер де орын алып отырғанын көрсетті. Қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың таралуының өз себептері бар. Мәселен, жас жеткіншектерден «бос уақытында немен айналысасың?» –деген сауалға көбі үй шаруасына көмектесетінін, қосымша жұмыс істейтінін, өз құрбыларымен қарым-қатынасты атап көрсеткен. «Өзіңіздің қызығушылығыңызды көрсетіңіз?» деген сауалға мұражайға саяхат жасауға 60 %-ы қызығушылығы жоқ екені, 54 %- теледидар хабарларын көруге қызығатынын айтады.

Күнделікті немен айналысатыны жайлы сауалдың рейтингісі (*жұлдызшамен біркелкі мәнде берілген).

Түрлері	Рейтинг бойынша алатын орны	%
Теледидар көру	1	54
Таңертенгілік жаттығу	2	31,0
Сурет салу	3	29,0
Күнделікті қажеттіліктерге табыс табу	4	26,5
Футбол	5*	24,5
Би	5*	24,5
Ән	6	17,4
Суық сумен жуыну	7	16,5
Театр мен концерттерге бару	8*	14,5
Табиғатқа шығу	8*	14,5
Музыкалық аспаптарда ойнау	9	12,5
Ойын салондарына бару	10	8,0
Жүзу	11	4,5
Теннис	12*	3,5
Дискотека	12*	3,5
Музейге бару	13	3,0

Шынында да оқушылардың көпшілігінің теледидар алдында бірнеше сағат отыруына мүмкіндігі бар. Әр түрлі үйірмелерге қатысуға, топсеруен жасауға, мұражайларға баруға немесе басқа іс-шараларға қатысуға олардың жағдайлары келе бермейді. Ал «қандай телеарналарды көресіздер?» -деген сауалға жаңалықтарды өте сирек көретінін 35% көрсетеді. Осы нәтижеге қарағанда жас жеткіншектер қызығушылығының ауқымы орта деңгейде екені көреміз. Көбінде жас жеткіншектер бос уақытын тиімді пайдаланбауы, үй шаруасынан аспауы, ал олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін қызығушылықтар ән, би, спорттық үйірмелерге қатысуға материалдық жағдайдың әсері бар екенін анықтадық.

«Жас жеткіншектер арасындағы қандай жағымсыз құбылыстарды жиі байқайсыздар?» –деген сауалға көбіне шылым шегу -46 %, дөрекі сөйлеу -34,5% , дөрекілік -35,5 %, зорлық-зомбылық -39 %, төбелес -34 % ұрлық -39% құрайды. Жас жеткіншектер өз орталарынан көбіне осындай келеңсіз құбылыстарды жиі көретінін өздері дәлелдеп берді.

Қорытындылай келе айтатынымыз, зерттеу барысында көптеген мәселелерді анықтадық. Бала қатыгездік пен зорлық жолына түсіп, бұзылмау үшін, оның ақыл-ойын, сана сезімін оята білу керек. Ең бастысы ата-ана ізгілікті бала бойына сіңіруі керек. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілерсің»-деген сөз бар. Тәлім-тәрбиенің барлығын ата-ана мойнына жүктеп қоюға болмайды. Мектепте осы мәселені назардан тыс қалдырмауы керек. Атам қазақта «Атанның ұлы болма,

адамның ұлы бол» деген мағыналы сөз бар. Егер бүгінгі ұрпағымыз ертеңгі күнгі саналы азамат болып жетсін десек, біз қазіргі уақытта оларды адамгершілік қасиеттердің бұлағынан сусындатуға тиіспіз. Сонда ғана жас ұрпақтың қатыгездігі, зорлық-зомбылық әрекеттері азаяды.

Біз зерттеу жұмыстарымызда қатыгездік, зорлық, зомбылық сөздерінің мәнін ашып көрсеттік. Жас жеткіншектердің көңіл-күйлерінің құбылмалы болуы, алаңдаушылық, қорқыныш сезімдерінің орын алуы басымдығын ашып, оқушылардың күнделікті қатыгездік, зорлық-зомбылық оқиғаларының ортасында жүргенін, әлеуметтік-материалдық жағдайлардың жасөспірімдердің қалыптасуына әсері зор екенін ашып, деректермен бекіттік.

Зерттеу жұмыстарының басты ұсыныстары:

Жасөспірімдердің бос уақыттарын өткізуіне көңіл бөлу, тегін үйірмелер ашу.

БАҚ-да қатыгездік, зорлық-зомбылық әрекеттерін көрсетуге тиым салу.

3.Қатыгездік, зорлық-зомбылық туралы антикөрнекіліктер даярлау.

4.Ұлттық тәрбие, адамгершілік тәрбие беруге назар аудару.

5.Жасөспірімдер тәрбиесіне арналған хабарларды ұйымдастыру.

6.Психологтардың жасөспірімдермен жеке жұмыстарын жүргізу.

Қорытындылай келе қоғамымыздағы орын алып отырған қатыгездік, зорлық әрекеттері мемлекетіміздің дамуын тежеп, келер ұрпақтың дұрыс ойлауына, нағыз өз елінің патриоты болып өсуіне, сана-сезімнің дұрыс дамуына кедергі болады.

Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тағдыры. Өз ұрпағының тәрбиесін өз жолына қоя алған ұлт қана өз тағдырын өзі ойдағыдай қамдай алмақ.

Егеменді еліміздің ұлы мақсаты-жас жеткіншектеріміздің бүгінгі таңда осы замандағы ақпараттар ағымын салауатты игере алатын, сол игерген білімін нақты пайдаланып, пайымдай алатын, қандай да әлеуметтік проблемалардың дұрыс жолын таба білетін, өз бетінше оқу іздену арқылы кез келген мәселенің шешімін таба алатын ұлт азаматын қалыптасты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ағыбаев А.Жасөспірімдер қылмысына не себеп? // Заң 5. 2004. - 4 б,

Бейсенбекұлы Д. Оқушы қылмысқа неге барады? // Ақиқат 6. 2007. - 11б.

3. Гузеева М. Игра со смертью //Наше дело 27.03.2008 ,9бет//

4. Дүйсембаева М.К // Ұстаз 16.08.2008. - 6б.

5. Зылғарина Г. Қоғамдағы адам агрессивісі мәселелері // Психология мектепте және ЖОО оқыту 1.2007. - 8-9 б.

6. Кәметке толмағандар ісі асқынып тұр. // Үш анық 02.2006, - 5 б.

7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. т-3, 1978. - 711 б. - А.: Полиграфия //Под.ред.// Ә. Нысанбаев.

8. Қазақ ұлттық энциклопедиясы т-3, 2001. - 601 б. - А. Атамұра.

9. Нәдірова З. Жасөспірімдер қылмысы көбейіп барады, неліктен? // Ақиқат №1. 2007. - 41 б.

10. Ожегов С.И. Словарь русского языка. 1988 ж 314 б. 20 изд.

11.Турапова Зухра Жасөспірімдер қылмысы//Семей таңы, 28.02.2008. - 9 б.

ҚАЗАҚ НЕКЕСІ МЕН ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ МЕН БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

А.М. АЛДАЖАРОВА

оқушы, №21 ЖОМ, Павлодар қ.

Е.О. НЕГМАНОВ

ғылыми жетекші, №21 ЖОМ, Павлодар қ.

Қазіргі кездегі неке және отбасылық қатынастарды зерттеу тек қана ғылыми-теориялық сипат емес, сонымен қатар тәжірибелік мазмұнға да ие болып отыр. Неке-отбасылық қатынастың нығаюы қоғамды да, мемлекетті де ойландырады. «Отан – отбасынан басталады»,- десек, неке отбасын құрудың негізі болып табылады.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі: «Бұл мәселенің шешіміне еліміздің экономикалық өсу мақсаты тұрғысынан мән беру керек. Қоғамда неке және отбасылық қарым-қатынастарды ардақтау көзқарасын қалыптастырып, бұл құндылықтарды өскелең ұрпақтың санасына ерте бастан сіңіру қажет. Отбасының, әйелдер мен балалардың заңды мүддесі мен құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың дәл осындай тетігі бұрынғы Кеңестің кеңістік аумағында жоқ деуге болады»,- деп атап өткен [1].

Жалпы өткен тарихқа жүгінсек некелесу, жанұялы болу, отбасын құрудың бастамасы сонау ерте қола дәуірінен басталады, яғни б.з.д XVIII ғасыр. Оған дейінгі тобыр, қауым, рулық құрылыста бұл үрдіс жабайылық – тағылық түрінде болған. Мал шаруашылығының егіншіліктен бөлінуі қоғамда үлкен өзгеріс

туғызды. Жанұяның классикалық қалыптасуы дәл осы аралық. Ғасырлар бойы салт-дәстүрмен, жөн-жоралғылар қалыптасып, уақыт сынынан өтіп, бір арнаға түсіп біздің күнімізге жетті. Әсіресе, көшпенділер өмірінде неке дәстүрі жақсы сақталған.

Неке – тарихи кезеңдерге сай қалыптасқан, қоғам негіздейтін және реттейтін, ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтары мен міндеттерін белгілейтін рәсім.

XX ғ. басында бүкіл қазақ халқына тән болған некелесудің ең негізгі түрі – қалыңдықты қалыңмал төлеп сатып алуға негізделген құдалық арқылы неке құру болды.

Мұнымен бірге алғашқы қауымдық қоғамда үстемдік еткен топтық некенің қалдығы ретінде қазақ арасында әменгерлік (левират) және балдыз алу (сорорат) ғұрыптары бойынша неке құру әдеті де өте жақсы сақталып келді.

Әр түрлі жағдайларға байланысты ел арасында қыз-келіншектерді алып қашып некелесу әдеті де болды [2].

Дегенмен, қазақ халқында некелесудің ең негізгі түрі – қалыңдықты қалыңмал төлеп сатып алуға негізделген құдалық арқылы неке құру болды.

Құдалық арқылы неке құру атастырудан басталды. Атастыру - қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық салты, қыз бен жігіт ата-аналарының өз балаларын бір-біріне үйлендіру жайында ақ ниет, жарқын үмітпен күні бұрын уәделесуі, жігіт атын қызға, қыз атын жігітке естіртуі. Мұндай келісім үл мен қыздың жас шағында, тіпті бесіктегі кезінде жасала берген. Егер қыздың ата-анасы ұлдың ата-анасының тілегін қабылдап, өскенде қызын беруге келіссе, қыз бен жігіт атастырылған болып саналып, алдын ала қалыңмал төленген. Атастырылған жастар есейе келе міндетті түрде қосылатын болған. Қыз айттыру - әр ата-ана өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластырады, өзінің теңін іздейді. «Анасын көріп, қызын ал» деген қағиданы қатаң ұстайды. Қалыңмал беру – қалыңдықты сатып алу, немесе, сату деген ниеттен аулақ жатқан киелі ұғым. Қыз ұзату - қызды алып қайту үшін жеті не одан да көп адам келуі мүмкін, бірақ жалпы саны тақ болуы міндет. Құда – құдағилар алдымен келеді де, күйеу мен күйеу жолдасты қыздың жеңгесінің өзі барып ертіп келеді [3].

Ұлтымыздың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов үйлену тойында отқа май құю дәстүрі туралы былай деген: «... Қазақтар отты әулие санайды, осы әулие атаулармен мұсылман тақуаларын да атайды. Сонымен бірге жана түскен келіннің жұмсақ, биязы болуын тілеп, отқа май құйып, еңкейтіп, тағзым еткізеді, жас нәресте

дүниеге келгенде, баланы отқа жақындатып, жалбарынады. Отты тазалаушылық қасиеті бар деп аластайды. Отпен анттасып, өшіп қалған от болса да, оған түкіртпейді». «Бір адамның жаққан отынан он адам жылынады» - деп, отты қастерлейтін қазақ халқы келін түсіргенде отқа май құюуы, келіннің енесі осы отқа екі алақанын қыздырып, жаңа түскен келіннің екі бетінен сипап: «От – Ана, Ұмай – Ана, жарылқай гөр!», - деп тілек айтады. Қасындағы әйелдер де: «Оттай опалы бол!», - деп қолдарын отқа қыздырып, жас келіннің маңдайына тигізеді [4].

XVIII ғасырдағы қазақтың әдеп-ғұрып нормаларын Әз Тәуке бастаған. Алты Алаштың баласы бекіткені тарихтан белгілі. Ол “Жеті Жарғы” деп аталды. Бұл нормалардың бір тарауы неке отбасы құқығына арналған. Осыған қарағанда бұл үрдіс XVIII ғасырдың өзінде шешімі өте күрделі болған Қыз дауы, жесір дауы отбасы мүшелерінің қатынастары қазақ хандығындағы элитаны осы заңды шығаруға итермелеген анық. “Жеті жарғыда” отбасы – неке құқығы, мұра алу туралы былай айтылады (қысқаша бердім). Нормада азаматтық қатынастар жеткілікті дәрежеде талданбаған. Бәлкім, бұлай болған себебі, жеті жарғының қолда бар мәтіндерінің үзік-үзік болып келетіндігінен ғана емес, тіпті адамнан гөрі азаматтар арасындағы көптеген қатынастардың әдеттегі құқық бойынша реттеліп, барша жұртқа белгілі болғандығынан, сондықтан да Тәуке хан «Ережесінің» бұл қатынастарға ғана тоқталғаны болса керек. Отбасы-неке қатынастары саласында ата – анасының өз балаларының тәрбиесінде құқығы өте жоғары, қатаң болған. “Ата-анасы өз баларын өлтіргені үшін ешқандай жазаға тартылмайды” деген заңда. Куәлік бермегені үшін зайыбы немесе баласы жазаға тартылмаған, өйткені “отбасындағы үлкеннің сыртынан сөз айтуға болмайды [5].

Әз Тәукенің заңдарында неке парызында адалдықты талап еткен.

4 – жарғысы: Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын [6].

Некеде ерлі – зайыптылардың құқықтары мен міндеттері тең, әйелдердің құқығын шектеуге жол берілмейді. Қазақстанда мемекеттік АХАТ органында тіркелген неке ғана танылады. Қазақстанда некеге тұрған кезде отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік немесе қай дінді ұстанатындығына қарай азаматтардың құқығын шектеудің кез келген түрлеріне тыйым салынады. Біздің заңымызға сәйкес неке жасы – 18 жас.

Қазіргі таңда елімізде жылына шамамен 100 мың неке қиылады. Осының 20 пайызы немесе 20 мыңы аралас неке екен. Құдай

бұйыртса, кешікпей Кеңес кезіндегі межеге жетіп жығылатын түріміз бар. Кейбір қоғамдық ұйымдардың зерттеулеріне қарағанда, 18-20 жастағы қазақ қыздарының үштен бірі шетелдік жігітке күйеуге шыққысы келеді [7].

Қазіргі таңда елімізде жылына шамамен 100 мың неке қиылады. Осының 20 пайызы немесе 20 мыңы аралас неке екен. Құдай бұйыртса, кешікпей Кеңес кезіндегі межеге жетіп жығылатын түріміз бар. Кейбір қоғамдық ұйымдардың зерттеулеріне қарағанда, 18-20 жастағы қазақ қыздарының үштен бірі шетелдік жігітке күйеуге шыққысы келеді.

2007 жылы Астана қаласында азаматтығы жоқ өзге ұлт өкілдерімен 36 неке қиылса, 2009 жылы 48 неке, 2010 жылы 55 неке тіркелген. Бұл сан жыл сайын өсу үстінде [8].

Жастар арасында ажырасу ушығып тұр. Ажырасудың себебі: бұрынғы кезде отбасында басшылық рөлді еркек адам атқарған, ер адам үнемі түзде болып, әйел адам сол үйдің түтінін түтетіп отырған. Ал қазіргі таңда әйелдеріміз көп жағдайда қоғамда болсын, үйде болсын басшылықты қолға алып жүргені белгілі. Бұл да ажырасудың бір себебі. Әйел заты басшылықты қолына алып, үстемдік жасап отырғанда ер адам абдырап, іштей қорлана бастайды. Бұл оның табиғатына қайшы. Статистикалық мәліметтер бойынша, жылдың басында он отбасы отау тіксе, соның жетеуі ажырасып үлгеріп екен. Бұған бей-жай қарауға болмайды, бір шаралар қолдану керек. Мысалы, жоғалып бара жатқан үнді тайпаларында үйленіміз деген екі жасты қолдарына азық-түлік, киім-кешек бермей, жыртқыш аңдар мекендейтін ну орманға жібереді екен. Сол жерден барлық қиындықтардан аман шыққан жағдайда ғана үлкендер келісімдерін беріп, шаңырақ көтереді [9].

Отбасындағы ажырасулар оның себептері басты себептері: тұрмыс жағдайының ауыртпалығы (материалдық қажеттіліктер, тұрғын үй қиыншылығы, т.б.); тұлғааралық келіспеушіліктер (өзара сүйіспеншілікті жоғалту, дөрекілік); ішкі жағдайлар (жаңа отбасының пайда болуы, жаңа сезімдердің пайда болуы), алкоголизм, нашақорлық, әлеуметтік жағдай, ағайын – туысқандардың араласуы, адасу, көзге шөп салу.

Көп әйел алу дұрыс па? Бұл мәселе – қазіргі таңда көп қозғалып жүрген жайттардың бірі. «Заманына қарай адамы» демекші, әркім бұл сұраққа әрқилы жауап қайтарары анық. Баяғы заманда ата-бабаларымыздың бірнеше әйелі болғандығы рас. Ол өз кезеңінің

кезекті заңы іспеттес. Мүмкін, бұл өткен ғасырларға тән құбылыс шығар? Ал бүгінгі қоғам көп әйел алушылыққа қалай қарар екен деген мақсатпен халық арасында сауалнама жүргізген едік. Нәтижесінде көпшілік қауым түбегейлі қарсылық танытты. Біздің әлеуметтанушы – демографтарымыз осыған орай халық арасында сауалнама жүргізген. Сауалнамаға қатысушылардың 56%-ы, яғни жартысынан астамы дерлік көп әйел алу туралы тіпті ойларына да кіріп шықпайтындықтарын білдірді. Келесі 18%-ы шарифат бойынша төрт әйелге дейін алуға рұқсат берілгендігін тілге тиек етсе, 14%-ы жағдайы жетіп тұрса неге алмасқа, ол әркімнің өз шаруасы деген ой айтады. Ал демографияға үлкен әсері бар деген жауапты 12%-ы ғана қолдады.

Көп әйел алу – әркімнің батылы жете бермейтін жауапкершілігі мол іс екендігі ақиқат. Себебі: ер кісінің екі отбасын бірдей басқаруға жағдайы болуы қажет. Ендеше, әр адам өз санасы мен жағдайына байланысты бұл сұраққа өзінше жауап іздеп көрсін... [10].

”Гендерлік саясат” деген түсінік бұрындары көп айтыла бермеуші еді. Уақыт өтіп, қазіргі кезде көп талқыға түсіп жүрген тартыстар мен пікір алмасулардың біріне айналды. Ол да болса демократиялық жанарудың бір көрінісі болар. ”Гендерлік саясат” деп айқай салып, биліктегі нәзік жандылардың үлесін арттырамыз дегенімізден ұтарымыз жоқ сынайлы. Неге? Себебі, біздің елімізде гендерлік саясатқа қарағанда гендерлік мәселелер күрделеніп тұр (әйелдің қасиетінің төмендеуі немесе төмендетілуі, т.б.). Ол мәселелер қайдан басталады? Әрине, отбасынан. Отбасымыздың Отанымыздың бастауы екенін ескерсек, алдымен, гендерлік саясатты емес гендерлік мәселелерді дұрыс жолға қойып алғанымыз жөн сияқты [11].

Бүгінгі Қазақстандағы үш миллионнан астам бойдақтың түбіне жеткен де осындай кемтар көзқарас. Бабаның ұрпағына мирас еткен ”бас екеу болмай, мал екеу болмас” сөзі бүгінгілердің қаперіне кіріп те шықпайды. Қазақтың ұлттық түйсігі жойылған сайын отбасы құрудың құны мен жауапкершілігі әлсіреп кетті. Карьера дегеннің артында көріліктің сығалап тұрғандығын түсініп жатқан жастар жоқ

Кеш үйленудің кеселінен бізде қазір үш құрсақтан асырып бала көтеретін әйелдердің саны тіптен некен саяқ.. Бұл біраз жылдан кейін қазақ халқының нағыз трагедиясына айналуы мүмкін. Осы он жылдың ішінде еліміздегі бала туу көрсеткіші 30 пайызға кеміген. Одан шығатын қортынды - енді бір 15-20 жылдан кейін әскерге баратындардың саны үш есеге дейін азаяды деген сөз. Мамандар бүгінгі

танда азаматтық некеден (ойнастан) туғандардың заңды некеден (адал, ақ некеден) туылатын балалардың жыл сайынғы санымен пара-пар келетіндігін, әрі ең көп ажырасатындардың дені кеш үйленгендер екендігін алға тартады. Біз бұл арада жас өскен сайын талғамның да арта беретіндігін ұмытпағанымыз жөн. Бір қызығы, Қазақстанда жай жүріп үйленген жас жұбайлардың алпыс пайызы бір жылға жетпей ажырасып кетеді екен. Алматыда тоғыз мыңға жақын шаңырақ көтерген жастардың жылға жетпей 5 мыңы ажырасып кеткен. Мәселен, Астана қаласында үш ай ішінде 500-ге жуық отау көтеріліп жатқанда, үш жүз шаңырақ шайқалып үлгерген. Қазақ халқы өзінің табиғи түрде өсіп – өну қарқыны жағынан әлем халықтарының демографиялық даму деңгейінен төмендеп барады.

Әлем бойынша орташа көрсеткіш - 1,5 пайыз болса, қазақтар 1,1 пайызды көрсетіп отыр. XXI ғасырдың соңына қарай әлем халқының саны екі есеге көбейіп 12-13 миллиардқа жетпек. БҰҰ-ның мәлімдеуінше, жер бетіндегі тұрғындарының саны жылына 80 миллионға өсетін көрінеді. Қазір халқы 100 миллионнан асқан он мемлекет бар. Енді 20-25 жылда олардың саны 18 ге жетпек. Оған дейін Қытай халқының саны 1,5 миллиардқа, Үнді елі 1,4 миллиардқа жетіп жығылмақ. Демограф ғалым Мақаш Тәтімұлының айтқанына зер салсақ, Қазақстан халқының табиғи өсімі 2015 жылға дейін 1 миллионға, ары кетсе 1,5 миллионға ғана жетеді [12].

